

Л 2008  
3599к

# Кызылжардан ескең

П е П...

Кызылжар 2003

Л 2008/3599к

# Қызылжардан ескен леп

(Солтүстік Қазақстан облысы  
қаламгерлерінің жинағы)

Қызылжар 2003 жыл

821.572.122-822

ББК 84 Каз 7-5  
К 97


**Шығарушылар алқасы:**

1. Мұтәліәп Қанғожин (төрага)
2. Болат Қожахметов
3. Зейнолла Әкімжанов
4. Асқат Сагындықов
5. Жақсыбай Самрат
6. Жанар Рамазанова
7. Шашубай Малдыбаев

К-97 Қызылжардан ескен леп. СҚЗА баспасы, 2003, б.294.

Бұл жинаққа облыс қаламгерлерінің шығармалары топтастырылып отыр. Жинақ – облыс әкімдігінің қолдауымен ұлы жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың 110 жылдығына орай шығарылды.

ISBN 5-7667-990-X



© Мұтәліәп Қанғожин



*Сагымы сайран құрады,  
Бораны ұлып тұрады,  
Қыс - ақ кебін, жаз – сары,  
Орманы жоқ, шуы жоқ,  
Тауы да жоқ, сүзы жоқ  
Мәңгі өлік сахарасты  
Сарыарқа деген жерім бар,  
Неге екенін білмеймін,  
Сол Арқамды сүйемін!*

*Магжсан*

## АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

### Құрметті оқырман!

«Жақсыдан – шарапат, жаманнан кесапат» демекші, өздеріңізге ұсынылып отырған осы кітап ақберен жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың 110 жылдық мерейтой шараларын өткізу бағдарламасының аясында жарық көріп отыр. Есіл өңірінің, қаламында желі бар, ақын-жазушыларының дәл осындай жинағы осыдан 42 жыл бұрын, «Жомарт өлкө» деген атпен 1961 жылы ғана жарық көрген екен. Ол кезде біздің облысымыздың идеология жұмыстарын халқымыздың біртуар азаматтарының бірі Илияс Омаров басқарыпты. Егер осындай өрелі азамат қамқор болмаса ақын-жазушы деген халықтың еңбегі еш, тұзы кеш болып жүре береді ғой. Арада өткен ұзақ - 40 жылда біздің өңірде сондай басшы болмаған десек қателеспейтін шығармыз. Құдайға шүкір, сол олқылықты толтырып, қазір облысымыздың идеология жұмыстарын басқарып тағы да бір өрелі азамат отыр. Ол – Куат Есімханов. Міне, сол азамат Мағжан ағамыздың мерейтойын атау шараларының ішіне осындай жинақ енгізу жөнінде ұсыныс жасап және оны іске асыра да білді.. Сондықтан, осында еңбектері енген қаламгерлердің ғана емес, исі терістік оқырмандарының атынан ол кісіге алғыс айтсақ артық болмайды деп ойлаймыз.

Бір қолдың бес саласы да бірдей болмайтыны сияқты жинаққа енген авторлардың қалам қарымы да әртүрлі. Олардың арасында кәсіпқой тарландармен қатар бұғанасы бекімеген жас талаптардың да, әуесқой қаламгерлердің де шығармалары енгізілді. Сондықтан, құрметті оқырман, қатал талабындызы бәріне бірдей қоймасаңыз екен деп тілейміз.

Айта кететін тағы бір жайт, кеше ғана арамыздан кетіп, то-пышрағының беті суып үлгірмеген, қадірлі қаламдасымыз Мәлік Мұқановтан басқа авторлардың бәрі осы күні өмірде бар, сау-сөләмматтағы азаматтар. Біздің де талабымыз кезі тірі қаламгерлердің жинағын шығару болды. Ол үшін де оқырман қауым бізді сөкпесе екен деп сүраймыз.

Сонымен... Алдарынцызда мүмкін 40, немесе одан да көп уақытта бір шығатын Есіл өңірі қаламгерлерінің бір үзік шығармалары. Олардың сапасы мен бағасын өздеріңіз сал-мақтай беріңіз, қадірлі оқырман.

«Қаламгер» клубы



### **Амантай АРЫҚБАЕВ**

1953 жылы Ленин ауданы Орталық ауылында туған. Орта мектепті осы ауданның Николаевка селосынан бітірген. 1975-ші жылы Петропавл педагогикалық институтының жаратылыстану факультетін тәмамдаған.

Облыс мектептерінде мұғалім, облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде тілші болып істеген, ал соңғы жылдары облыс өкімі аппаратында еңбек етіп келеді.

Әңгімесі республиканың жас ақын-жазушыларының 2001 жылғы ұжымдық кітабына (КР. Президенті Әкімшілігі шығарған) кірген, өлеңдері облыстық, республикалық басылымдарда жарық көріп тұрады. «Балталанған бесік» атты кітаптың авторы.

## ТЕҢДІЗ ТАМШЫСЫ

(Әңгіме)

-Кеке, келесі алтада үйде боламын. Жақсылап дайында-лындар! Мамам ренжімесін, үйге үш-төрт адам ерте келемін. Қазір мен Турцияда журмін. Қалғанын бара жата көрерсіздер. Сюрпризім бар, - деп телефон арқылы асырып-аптырып сейлемеген баласы Ернардың дауысы біргұрлі көтерінкі көрінді.

«Турциян не, сен Америкада емес пе едің? Кісілерің кім, қазақ па, басқа ма?», -деген көкейіндегі күпті сұрақтарын қоюға батылаған Сыматай:

-Жарайды, құлышым! Аман-есен тезірек кел. Мамаң аздап тымауратып қалды. Қорықпай-ақ қой, сенің келетінінді естісе, бір сәтте-ақ жазылып кетеді ғой! Өзінді қатты сағындық, күтеміз! Қонағынан қысылма, бәрі жетеді! – деп қана үлгерді.

-Қош, мен де сіздерді керемет сағындым. Мамамды мен үшін бауырыңа тастай қысып, бетінен сүй! – деп сөзін аяқтап үлгергенше байланыс үзіліп кетті.

...Жалғыз баласы Ернар орта мектепті бітірісімен Мәскеуге, Халықаралық қатынастар университетіне окуга барам, дипломат-елші болам дегенде Сыматай оған бірден қарсы болды. Әрі, жалғызы, әрі қырықтың қырқасына шыққанда құдайдан жалбaryнып тауып алған жұбаныштарын көзден таса қылғысы келмеді. Жетпістің ушеуіне шыққан шағында еркетотайын қайдагы бір қиянға асырып, кемпірімен состиып жалғыз қалғысы келмеді. «Осы қалада да оку жетеді ғой, қалаған мамандығынды таңдал ал да оқи бер. Аллаға шукір, демеу-семеу қажет бола қалса, елде таныстар да жоқ емес» деп зар иледі. Алайда жастайынын ерке өскен бірбеткей бала көнбеді. Анасының ақ батасы мен жиған-тергендерін қалтасына басып алып, бір күні ол бір жұмыспен көрші ауылға кеткенде жолдастарына еріп, Мәскеуге зытып отырыпты. «Осындағы оқулардың біріне түсіріп, бір-екі курстан соң оған бір шүйкебасты езі таңдал алғып беруді көздеген» Сыматайдың ойы болмай қалды. Ку бала, анасының аузын алып, өз дегеніне жетіп тынды.

Куанарлығы - бағына қарай оқуына түсіп, жап-жақсы студент болып кетті. Университет оқытушыларынан жылда мақтау хат келіп тұрады. Құдай қаласа енді бір жылдан соң оқуын да бітіреді. Айтпақшы, былтыр оны аса үздік оқығаны үшін Америкаға бір жыл тағызымдамаға жіберген. Бұл күні жаман бала

ағылшын, жапон тілдерін судай салырады. Өкініштісі, ана тіліне шорқақтау. Кезінде қазақ метебіне беремін дегенде, әйелі Қарлығаш болмай, жаңа ашылған ақылы орыс лицейіне берді. Рас, онда бірінші сыныптан, орыс, қазақ және ағылшын тілдері қатар оқытылды. Әу бастан-ақ оның гуманитарлық ғылымға деген бейімділігін байқаған Сыматай оның ана тілін де жете менгеріп алатынына сенімді болған. Алайда ол шет тіліне, өуестеу болып шықты. Ағылшыншаға қоса, ез бетімен түрік, жапон тілдерін үйрене бастады. Іштей назаланса да, «жә, кейін, есейген соң қазақ тілін өзі де тиянактар» деп, өзін-өзі жұбатқан Сыматай. Ал әлгінде ол қазақша сөйлескенде көрі өке қуанып қалды. Үмітінің зая кеппегеніне көзі жетті.

Міне, сөйткен бокмұрын енді Түркиядан телефон шалып түр. «Айтпақшы, ол қайдан бұл жакта жұр?!» деген сұрақ телефон арқылы баласымен жаңа ғана сөйлескен ағасының үйінен шығып келе жатқан Сыматайдың ойын мазалай берді.

...Ернар П.Лулумба атындағы Халықаралық қатынастар университетінен аса қиналмай тұсті. Қемілеттік аттестаты кілен бес, орта мектепті алтын медальға бітірген ол, бір-ақ сынақ емтихан тапсырды. Мәскеуге бірге келген екі досы конкурстан өте алмай қалды. Сосын олардың бірі – Саша елге кетті де, екіншісі -Егор жұмыс істеуге қалды. Кейін, ол Петропавлдағы ата-әжесі қайтқан соң, яғни бір жылдан соң Америкадағы өке-шешесіне көшіп кетті. Он жыл бірге оқыған сыныптас досын Ернар қимастықпен шығарып салды. Обалы не керек, ол Ернарга аратура хат жазып тұрды. Елде жүргендіктен бе, Ернар жауап жазуды онша құннтамады. Сондықтан болар біраздан кейін олардың арасындағы байланыс үзіліп қалды. Білетіні – ол әрі оқу оқиды, әрі әкесі жұмыс істейтін түріктердің бір ірі фирмасында көмекші компютерші болып қызмет етеді. Сыныптас досын ол төртінші курсқа көшкенде, Америкаға тағылымдамаға жолдама бергенде барып қайта еске алды.

...Зухра бұл жолы қайткенде де онымен кездесіп, істің басын ашып алуға бел байлады. Мектеп директорына ауданға аурұханага көрінем деп сұлтау айтып, аудан орталығы Мусінге бірақ тартты. Ойы – Сыматаймен кезедесіп, көңіл кірін шаю. Реті келсе, мәселені төтесінен қою. Бірақ сырын ашық жайып салуға дәті бармайтынын іші сезеді. Әрі намыс, әрі қорлану бар ол қатты қиналды. Тіпті өзінің осыдан бір жыл бұрын онымен кездескеніне қапаланды.

...30-шы тамыз. Жаңалық мектебінің мұғалімдер бөлмесінің іші абыр-сабыр. Әсіреле, ертеңгі оқу жылының басталу салтана-тына дайындалып жатқан жас мамандар жағы қызу қарбалас. Жоғары оқу орнын жаңа ғана бітіріп келген өрімдей жастар өздерінің алғашқы оқу жылын қызықты да сәтті бастауға күш салып жатыр. «Мұғалім – алғашқы үш жыл бойы өзі үйренеді» деген афоризімді еске алсак, олардың алғашқы сабактарын тар-тыымды еткізуге тырысып жатқандарын түсіну аса қыын емес. Карт үстаздар жағында еш әбігерлік байқалмайды. Олар ертеңгі сабактан гөрі, тіршіліктің маңызды мәселелері туралы әңгіме-дүкен құрып, еркін отыр. Жас дегенде, жиырма бестің ол жақ бұл жағындағы директрдың мектептің оқу жөніндегі орынбаса-ры мен химия пәннің мұғалімі ғана ертеңгі оқу күнін сабырлы сөз етіп отыр. Алғашқысының есімі Жарасбай, екіншісі - Сыматай. Жарасбай жергілікті жігіт. Үйлі-баранды, математика пәннің мұғалімі. Сыматай үш жыл мұғалемдік тәжірибесі бар білікті маман. Ол басқа мектептен жаңа ғана осы ұжымға ауы-сып келген, салт басты жігіт. Сондықтан болар ол досынан гөрі шеттеу отырған қара торы, жүзі жылы, келісті киінген, дөңгелек бет қызға жиі көз тастап қояды....

...Сыматай оқу жылы аяқталысымен кезекті еңбек демалы-сын алып, ертедер үйіне кетем деп жүрген. Жалақысын алуға барғалы жатқанда ол пәтеріне ертелетіп келген Зухраны көргенде таңданып қалды.

-Уа, қара қыз, сен қайдан жүрсің?- деп баяғыша еркелете сөз бастаған ол Зухраны қолынан тартып, бетінен ақырын сүйді.

-Сағынғаның осы- ақ па?-деп қашанғы ерке қылықты мінезіне басқан қыз, жігітін қолынан тартып, мойнына асылып, ернінен өзі қатты сүйді.

-Койши, осы сен-ақ өліп-өшіп тұрады екенсің. Онан да елде, мектепте қандай жаңалық бар? Қыз-жігіттер аман ба?- деп бауырынан ақырын ысырған жігітінен іштей тіксініп қалаған Зухра сыр берместен өзіліне басты.

-Неге жүйкен босал қалған, әлде бізден мұндағы сұлулар тәтті ме екен,- деп қағытты. Әзіл жарыстыруға онша зауықы жоқ Сыматай:

-Жақсы келдің. Мен түстен кейін жалақымды аламын. Әзірше, шай-пай ішіп алалық, - деп, дастархан қамына кіріскең оған шаршаган кейіп танытып, Зухра селсоқтау күйде оң жақтағы кереуетке отыра кетті. Бойдақ жігіттің мәзірі тез дайын

болып, екеуі көңілсіздеу ас ішті. Болғасын Сыматай «дастарханды өзің жинарсың» деп жылдам жұмысына кетіп қалды.

Сүйгенін көруге қызы басымен асығып келген Зухраның ызадан қаны басына шапты. Тұрып, дереу үйіне кетіп қалғысы келді. Тұскі автобусқа дейін әлі 3-4 сағат уақыт бар болғандықтан ол аз-мыз мызғып алмақ болып, дастарханды да жинамастан, бойдақ жігіттің сымдай жинап қойған жеңіл төсегіне қисая кетті. Көзін жұмып еді, миын неше түрлі ой торлады. Өзінің осында келгеніне өкінді. Жастықты басына көтерінкіреп салмақ болып қолын созған оның алақанына жастық астында жатқан қалың дәптер ілікті. Құлықсыздай оны қолына алып орта тұсынан ашып, ақырын көз тастады. Сыматайдың мәнерлі жазуын бірден танып, қатар екі беттегі сөздерге еріксіз көз жүгіртті.

«Жоқ, мен сені сүймедім, деп айта алмаймын. Алғашында саған деген сезімімнің кіршіксіз болғаны шын. Бірақ, кешір, қазір мен басқа адамды кездестірдім. Соңғы кезде оған ойым жиі кетіп жүр. Тағдырдың бұлай болатынын кім білген. Өзіңмен таныс болған не бар орнынан, Еңбек деген ауылда жап-жақсы еңбек етіп жүрген жерімнен тап оку жылы басталар тұста неге жаңа мектепке қашып кеткенімді білмейсің фой! Мені бұған мәжбүр еткен 3 жыл қатар жұмыс ісетті, жанымдай жақсы көрген сүйіктімнің тап тамыз конференциясы алдында басқа жігітке тұрмысқа қашып кетуі екенін білсең фой. Сондағы менің жүргегімнің езілгенін көрсөң фой! Өлмек болып, Есілге суға батпақ болып жүгіргенде, оның әкесі, мектептес әріптесім Оразымбетов Мүкіжан ағай өзөр ұстап қалды фой. Сол күннің ертеңінде ақ менің насырға шапқан жағдайымды, қызының опасыздығын түсінген Мүкең мектеп директоры Байғожин Ақай ағамен келісіп, жұмыстан кетуіме рұқсат алып бергенін, сейтіл, ойла маған жерден мен сен істейтін мектептен бірақ шыққанымды қайдан білесің. Шынын айтсам, мен алғашында сенімен сол жүрек шерін басу үшін ғана жүре бастадым фой.»... деген жолдарды оқығанда Зухраның жүрегі ерекпіл аузына тығылды. Ол жазбаның алғашқы бетін асыға аударды. Бәрі дұрыс. Хат өзіне арналыпты. Сүйіктім, мен бар шындықты жайып салғалы отырмын. Қалай түсінсөң де өз еркің! Сүйемеймін деуге арым бармайды. Қимаймын, бірақ қоштаспай болмайды...» деп басталған 5 беттік үшбу хатты аяғына дейін әрең оқып шыққан Зухра аңтарылып отырып қалды...

...Сөйтіп, Ернар ата-анасын бір қуантып, бір ренжітіп келесі жылы Америкаға кете барды. Алғашқы айлары оқудан бас көтермеген ол алып елдің таңсық өміріне біраз бойы үйренгесін досы Егорды іздей бастады. Анығында ол онша қындық тудырмады. Ол сол хатында жазған баяғы түрік фирмасында істейді екен. Тек мекен-жайлары, корпорациясының атауы өзгеріпті. Өзі де, сөзі де салмақтана түсіпті. Кездескен сәтте екеуі қайта-қайта құшақтасып, бір-бірін ұзақ қызықтай қарады. Бос уақыты аз ол Ернарды жексенбіде үйіне шакырды. Жалғыз тұрамын деген оның үйіне Ернар келіскең уақыттан кешікпей барды. Бостон қаласының бас айналдыратын көп фирмаларды мен зәулім үйлері арасынан оның пәтерін әрең тапты. Қызықты еткен ол кеште Ернарга арнаған досының сюрпризі де бар екен.

Егор американ-түрік бірлескен мұнай компаниясында істейді екен. Бір қызығы түріктік бизнесменінің мұддесін мұнда Ернур деген уыздай жас түрік жігіті басқарады екен. Басында Егор ағаңмен таныстырым дегендегенде, оның түріктің ағайындығын мензейді екен деп, танысуға аса елл етпеген. Тіпті, Егордың «досымның аты да, заты да саған көп үқсас дегеніне» құлақ түре қоймаған.

...Сол жолы Зухра ұзақ жылады. Хатты оқып болғанда мәнгіріп қалды. Тіпті демі таусылып, қылқынып кеткендей сезінді езін. Имандай сенген адамының асыл сезімін таптағанына ызасы келді. Не істерін, одан қалай өш аларын білмей амалы таусылды. Кенет іші бүріп кетті. Селк ете түскен ол мұнда неге келгені енді ғана есіне түсті. Ол жайлап, тұрып, оку столының үстінде жатқан қаламды алап, қолындағы дәптердің бос бетін ашты...

...Тоғжан Қостанай қаласындағы түрік-қазақ мектебіне тоғызыншы сыныпта ауысқан еді. Он бірінші сыныпты ол жақсы бағамен тәмамдап шықты. Сол қаладағы университеттің тіл беліміне түскен ол Шығыс халықтары тілі факультетінде оқыды. Ушінші курсты бітірген жылы жазда, каникул кезінде ол түріктің мұнай тасымалдаумен айналысатын бір дедалдық фирмасына аудармашы болып орналасты. Өзінен кейін екі тете інілері мектепте оқитын олардың үй-тұрмысы онша мәз емес – тін. Анасы университетте аға оқытушы. Экесі жұмыстан қысқарып, әр істің басын бір шалып жүрген кез. Соңғы уақытта азы суға деген өүестігі де байқалып жүр. Щешесі мен бала-ларға, әйтеуір нағашылары жақсы көмектесіп тұрады. Тоғжан есейе келе әкесінің өзін аса жақсы көрмейтінін, қызға тән жүрек

көзімен байқап қалған. Оның жайы туралы мектептің соңғы сыйныбында анасынан сұрап, жылап та алаған. Қашан болсын аузы өзілден тынбайтын, мұңдайып-кеюді білмейтін, сайқымазақтау анасы:

-Айналайын, жасыратьын несі бар, сен көңілім сүйген бір жігітten бойға біткен олжабайсың,- деп ойын-шыны аралас сырын бірақ ақтарған. Бұл туралы ол алғаш рет Солтүстік Қазақстандағы нағшыларына барғанда, анасымен мектепте біраз жыл бірге істеген Сабира деген тәтейден естіген. Бірде қонаққа келген мұны бетінен сүйіп тұрып ол:«Айналайын әкеңнен аумай қалған екенсің. Асылдың сынығындай аман-есен бол!» деп әлде бір жұмбақ сөздің шетін шығарған. Әу баста терен көніл бөлмеген. Тек мектепті бітіру кешінде бір дос қызының Тоғжанға тиісе берген жігітін қызғанып, бұған: «Жатырыңнан бұзылған бейбақ, алдымен әкеңді танып алсайшы!» деген кекті сөзі жанына мірдің оғынданай батқан.

Сол кезден бастап ол да әкем деп жүрген шаңырақ иесіне сұық көңілмен қарай бастады. Оның ойын: « Менін нақты әкем кім, ол қайда, неге мені тастанап кетті?» - деген сұрақтар жің түмшалай бастады. Тіпті мұны ойлап, ұзақты тұн жылаған күндері де болды. Анасын бірде мазалағанда: «уақыт келе бәрі де белгілі болар. Әзірше, алаң болмай сабағыңды оқы!» - деп мойнынан қатты қысып, кезіне жас алған. Міне, содан да бері біраз жыл өтті...

Тоғжан өзінің түрік жігітін қатты сүйетінін, тіпті онымен өзінің көңілдес де болып қалғанын анасына қалай айтарын білмей, өзіне-өзі қатты назаланды. Биыл ерте туган көктем Тоғжанның жүрегін тіпті жүдете түсті. Себебі құзге қарай сүйіктісі - Реджеп (Ережеп) еліне, Түркияға кетеді. Ол Тоғжанға: «қосылайық, мен сені қатты сүйемін!» - дегелі қашан. Әттең, Тоғжан әкесінен қорқады. Іші сезеді, анасы қарсы болмайды. Өйткені бірде ол:: «Айналайын, ботам, қайда және кіммен кетем десен де еркің, тек сүйегініңе қосыл. Әйтпесе өмірің менікі сияқты өксүмен өтеді!»- деп көзіне келіп қалған жасты жасырып теріс айналған. Кейін екеуара жалғыз отырғанда, мұңдайып өзінің бар сырын жайып салған.

...Бірде Ернұр анасы Тоғжанның жүрегін түсіре жаздады. Америкадағы әріптестерінің тығызы бір тапсырмасымен Түркияға, үйіне келген ол есіктен аттар-аттамастан:

-Абай апа, мен келдім. Саған Қазақстаннан, ініңнен сөлем әкелдім,-деп қуанышты әкпінмен кірген.

Ернүр өкесі сияқты анасын кішкентайынан «Тоғжан» демей, осылай атап кеткен. Бірде ол өкесінен мұның сырын сұрағанда: түрік тіліне қазақ сөзін араластыра сөйлейтін өкесі оған - қазақта кім көп, Тоғжан атты қызы көп, ал Абай - ақын, дана Абай біреу-ақ. Сондықтан мен Абай дегенде, оның Тоғжанын елестетемін. Сонда өзімнің Тоғжаным да көз алдымға келеді деген еді. Содан бері бала Ернүр да оны осылай атап кеткен.

-Ойынды қойшы күнім, алдымен өзіңде деген маұқымды басайын, келші бері,- деп, еңгезердей жігітті еңкейтіп мандайынан сүйген. Ол өкесі жұмыстан келгенше анына жұмбағын жайып салуға асыққандай, өзінің амандығы мен жұмыс жағдайын қысқа ғана қайырды.

-Басты жаңалық мынау,- деп, қойын қалтасынан түрлі түсті сурет алып шықты. Славян тұрпатты алып денелі жігітті екі қанаттан құшақтаған өз ұлы мен оған үқсас, бірақ ашық өнді, әдемше жас жігітке көзі түсті.

-Жақсы жігіттер екен, жаңа достарың ба, - деп онша таңдана қоймаған анына ол риза болмай қарады.

-Апа, мынау сенің бауырың, қазақ жігіті! Ең қызығы, оның аты маған үйқас - Ернар, - деп кулана миғынын күлді. Ойында түк жоқ Абай ала қапелімде аузына түскен сөзі «Қазақстанның қазағы ол жақта қайдан жүр?» болды. Жауабын күтпестен ол:

-Карындастыңың жағдайы қалай? Соңғы кездे телефон да шалмай кетті,- деп кейістік көңіл танытты. -Бәрің адам болып, есіп-өніп кеттіңдер, енді елді, ата-ананы қайтесіңдер? Нагашыларыңда да бармағалы үш жылдың жүзі болды. Неге екенін қайдам, соңғы кезде Зухра мамам түсіме жиі еніп жүр,- деп көзіне жас алды Тоғжан.

-Ой, апа, балаң келгенде қуанғаның осы ма? Жылағаны несі. Құдай қаласа жақында төркініңе барып та қалармыз. Қарындастың мен өзінді Сарыарқана апарып аунатып-қунатып әкелемін. Папам, бара алмас, менің орныма өзі жүре тұрап,- деп, нанар-нанбасын білмей қуанып, аузын ашып қалған анының тік көтеріп алып, шыр көбелек айналдырып, бетінен сүйді Ернүр.

-Үйге қазақстанның қектемі келгендей болды ғой қозым! Әкең де соңғы кезде жуденкіреп жүр. Жұмысы да кібіртіктей беріп тұр. Орныңа сенімді басқа беруеді қойып, елге қайтсайшы. Әкең баламның келін әкелетін уақыты жетті деп жүр, - деп орамалымен көзінің шетін сүртті аласы.

-Саспа апа! Құдай қаласа, Қазақстанның бір сұлуын әкеліп, әкеммен бажа боламын,-деп өзілмен аяқтады сөзін Ернүр.

-Иә, айтпақшы, келесі айда замандастым, досым Ернүр қонаққа келеді. Ол биыл оқын бітіріп еліне қайтады. Жолай бізге соғып, Түркияны көре кеткісі келеді. Әзірше әкеме айтпа, ол біздің қызды – Гүлшатты сүйіп қалды. Екеуі сондай жақсы жарасады, - деп, бұл төтенше жаңалықты бос үйде өлде біреу естіп қоятындай анасының құлағына сыйбырлай айтты.

-Не дейді?- деп шошып кеткен анасының бет әлпеті өзгеріп, манағы қуанышының лебі де қалмады. -Қойшы жаным, ананды қорқытпай,- деп ол қолында манадан жүрген суретке қайта үңілді де, аңтарылып қалды. Дереу қөзілдірігін сұрап, оған шүкшія түсті. Енді Ернүр таңырқай бастады. Анасы бейтаныс қазак жігітінің сурет артындағы «Ернар Атымтаев» Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы деген жазуды оқып, қасындағы орындаққа сылқия кетті...

Айтқандайын, бір айдан соң Америкадағы Ернүр мен Гүлшат және Ернар келді. Үй иелері алдымен қазақстандық ба-ла - Ернүрдың бетінен сүйді. Соңан соң барып, ез балаларын бауырларына қызып, маңдайларынан иіскеді.

Досының үйінде бір апта емен-еркін дем алғып, түріктедің қонақжайлылығына риза болған, ол үй иелеріне өзінің қайтпақ ойын білдіре тұрып, оларды түгел Қазақстанға, үйіне қонаққа шақырды. Ата-анасына телефонмен ол туралы хабарлап та қойғанын айтты. Жас жігіттің пейіліне риза болған Демерал мырза оны арқасынан қаға тұрып, «жаман идея емес, Абай апа да елін сағынып жүр еді, мүмкін сөті түсіп те қалар, әзірше тағы екі-үш күн жата тұр» - деді. Досы Ернүр қуаныш сезімін жасырмай, бірден «алақайға!» басса, Гүлшат пен Абай апа бұл хабарды ізетпен, жымияғана тыңдады.

...Сыматай мен Қарлығаш Ернар келетін күнді асыға күтті. «Жалғыз келмеймін, қонақтарым болады» дегесін ол екеуі күрак үшты. Аз-мұз жиган тергендерін шығарып, семіз қой, бір табақ сүр, бір табақ жас жылқы етін сатып алды. Базардан жеміс-жидек, ағасының балаларының кенесімен ең жақсы арак-шарап, қадірлі қонаққа сыйлар ырым-жырымына дейін дайын етті. Қарлығыш бірде шалына «менің ішім бірдене сезсе, осы бала келін алғып келмесін?!» деп қайдығы жоқ ойдың үшін шығарды. Мұны естіген үй иесі тіпті де жомарттанып кетті. Көрші әйелді жалдап, үй-ішін боятып, тазалатты. Өзіне де, кемпіріне де бір сыйдырға, «жая» қозілік киім-кешек сатып әкеліп шала бұлінді. Рас, алғашында кемпіріне келін дегенде: «Оттапсың! Америкада

қазақ қаптап жүр дейсің бе? Мен білетін бала болса, әкесін сыйлайды, басқа ұлттың қызын алмайды» деген.

-Негір болмаса, түрік қызы шығар, әйтпесе қайдағы Түрік еліне ат басын бұратын онда оның қай нағашысы құтіп жүр еді,- деп кемпірі оның өзі де құпті қөңлін өдейі шаптай түсті.

—Сен ондай қыңыр сөзді қой! Не болса да тағдырын җазғанын көрерміз, бірақ келін әкелетіні рас болса, өз басым, балам мені жерге қаратпайтынына сенемін. Бұл сырды өзірше жұртқа дабыра қылмай ас-суынды, бауырсақ-нанынды мықта,- деп қоқилана Қарлығашқа әмір берді.

«Қарсы алындар, келе жатырмызы»-деген жеделхат алысымен Сыматай екі аяқтарын бір етікке тыққан ағасының балалары дәл түн ортасында Ернар мен үш қонақты ұшақтан қарсы алып, жейделеріне шаң жүқтүрмай машинамен зырлатып алып келді.

Терезеден қарап, қонақтарын тағатсыз тосып отырған үй иелері мен шақтап шақырган ағайын-тұғандары машина аулаға тоқтаған дыбысын естіп, «Күлніңм келді!» деп, естері кете есікке жүгірді. Алдымен машинадан шыққан Ернар әкесі-мен анасын беттерінен сүйіп, туыстарына тез-тез қол берді де, машинадан енді ғана түсे берген қонақтарға жүгірді. Ол қара топы, мұртты, бүйра шашты қонқақ мұрынды жас жігітке: Міне біздің үй, - деп тіл қатты да, оның соңынан шығып келе жатқан орта жастағы акқуба, өнді әйелге қол созды. «Абай апа, міне менің ата-анам»- деп, түркиялық қонақтың ұлкенин әкесіне жақыннатып таныстырыды. «Ой, айналайын, жолдарың болсын! Қош келдіндер!» деп, бейтаныс, әрі басқа ұлттың адамын қалай құрметтеп, амандасарын білмеген Сыматай, әдеттегіше «здравый» деп қала жаздады. «Амансыздар ма? Есенсіз бе, ата-апа»- деп, қазақша сөйлеген қонақ даусын естігенде Қарлығаш тақысылып қалды. «Ойбай, өзіміздің қазақтар ғой!»-деген сөздің аузынан қалай шығып кеткенін байқамай қалған, Ернардың анасы оны жарыққа қарай қолынан тартып, буырнына тартып, бетінен сүйді. «Саламатсыздар ма!» деген жас бала мен балалан қыздың дауыстары бұлардың тіпті есін шығарды. Үй иелерінен кейін қол алысқан басқалардың Ернардан гөрі қонақтарға деген тандастыры басым.

Түн ішінде қонақтардың тұншын алмау мақсатымен оларға бәрәміш, қуырдақ қана қойып, жеңіл шай берілді. Ашы су жайын баласымен ақылдасып үлгерген ағалары шараппен ғана тыйылды. Таныстық дәмінен соң қонақтарға демалыс бөлмесіне төсек салынды.

Оңаша қалаған баласынан әкесі мен анасының алғашқы сұрағы қонақтарың қанша жатады. Ас-су беру жайы болды. Көзі жасқа толған анасы Ернарды қайта-қайта бауырына қысып сүйе берді.

-Емшегің езілмей тоқтай түршы, істің жайын анықтап алайық,- деген жолдасының зілсіз сөзінен кейін ғана ол баласын босатып, оны әкесіне қарай итерді. Сыматай да оны бауырына тартып, мәндайынан іскеді де қонақтар туралы сыр тартты.

Түсінгені – «Абай апасының» шын аты – Тоғжан екен. Осы есім айтылғанда әлде неге жүргегі дір етті. Бірақ баланың сөзін бөліп, ойлануға мұршасы келмеді. Қостанай қаласына, төркініне бара жатса керек. Күйеуі түрік өзінің түбі осы жақ көрінеді. Қызының аты Гүлшат, баласының аты Ернұр екенін айтқанда таңданысы есе түсті. Олармен Америкада танысқанын жайлап айтып берді. Қайтар жолында «Анкара арқылы кетсейші, біздің елде қонақта бол. Әке-шешем қатты қуанады» деп болмағасын, әрі ...деп сөзінің соңын жұтқан Ернар шаршаған кейіп танытып орынан тұрды.

Мұны байқаған анасы Қарлығаш баласының аңыздай әңгімесіне таңданып та, қызығып та отырса да «жарайды шал, бала дем алысын» - деп оның төсек-орнын дайындауға кетті.

Жаздың қамшының сабындағы қысқа таңы сіберлеп атып та келеді. Сыматай болса, көзін іле алар емес. Бұл түннің қуанышынан жұмбағы көп сияқты көрінді. Оның ойына түріктік Ернұрдың анасы – Тоғжан, сосын оның шешесі Зухра орала берді. Бұған сенерін де сенбесін де білмеді. Әйтеуір жүргегі сыйздалап бірдеңеден сезіктене түсті.

Кенет, оның ойына баяғыда өзінің Зухра атты сүйіктісімен соңғы қоштасқан сәті кез алдына келді. Алғашында Айтуарға мұғалім болып келген ол, не бары 5 айдан соң аудан оратылғына оқу бөлімінің инспекторы болып ауысып кетті. Кетер алдында ол осы қысқа мерзімде бір-бірімен жарасып үлгерген Зухараны қимай жылап, айрылысты.

-Қам жеме, ел арасы жақын өзім апта сайын келіп тұрам,- деп ол Зухраны да, өзін де алдақсырратты. Алайда жаңа қызметкесін, оның қыры-мен сырын игерем деп жаңын сала жүріп, ол сүйіктісін ойынан шығарып алды. Шыдамы таусылған қыз бір күні өзі телефон шалғанда барып, етек-жеңін жиып, одан кешірім сұрап, жұмысбастылығын сұлтау етіп ақталды. Ал шындығында, ұмытшақтығының себебі - жаңа қызметте жүріп, ол бір кеште көрші бір мекемеде бухгалтер болып істейтін

Сәуле деген қызбен таныстыры екенін бүгіп қалды. Алғашында әуестікпен басталған бұл таныстық уақыт өткен сайын Зухраның сұлабасын көмекшілендіре берді. Сондай алакөңілденіп жүрген құндердің бірінде ол өзінің бұрынғы ғашығына «Кешір, қоштасалық. Мен сені шын сүймейді екем» деген мағынадағы 5 беттік хат сыйдыртып тастаған. Бірақ екі-үш ай өтсе де оны, әлде неге Зухраға жібермей қалған. Сол жазылған күйінде ол құнделік дәптерінің ішінде жата беретін. Зухра оқу жылы аяқталар тұста күтпеген жерден өзі келді. Алайда бұл жолы онымен еркін сейлесу сәті тұспеді. Сол күні демалысқысын алған ол жаңа достарын шақырып, мейрамханада шағын той жасады. Содан соң, Зухраның кетем дегеніне қоймай барлық достарымен тұні бойы орманда алқапта қыдырып, от жақты, ән айтты. Арақ-шарап көл болып ағылды. Сол кеште Зухра мен бірге Сәуле де болды. Сыматай екі қызды да кезек-кезек сүйіп, оларды мезі етті. Таң атқанда ғана тарқасқан олардан Зухра Сыматайды бөліп, өрең пәтеріне өкелді. Бірақ, үйге келісімен, шай ішуге де шамасы келмеген ол қонағына неге «келдің?» деге шамасы жетпей үйіктап кетті.

...Түстен аса оянса, Зухра жок. Зухраның бұл қылышына танданып қалды. Алайда ол уақыттың Петропавлға автобус кететін кезі жақындаған қалғанын көріп, жинаулы тұрган чемоданын қолға ала салып, мең-зең күйінде автовокзалға келді. Қолындағы билетін көрсетіп, жүргелі тұрган автобусқа бірақ отырды.

Ол кезде, балалардың үш айлық каникулы кезінде мұғалімдердің ұзақтау дем алатынын меңзейтін «жазда мұғалім бол, қыста аграном бол!» деген афоризм болатын. Сыматай да үйіне келгесін белсенді дем алып, жап-жақсы тыңайып қалды. Тек, анасының «Балам-ау, қашан үйленесің 27-ге келіп қалдың. Сүр бойдақ болып журе бересің бе?!» деген ойынды-шын әңгімесі көңілін бұзатын. бБр ай өтуге жақындағанда Қостанайдан «Сыматай ертең сағат 19-да телефонмен сейлесуге шақырамын» деген жеделхат келді

Зухраның бұл талабын неменеге жорырын білмеген ол айтқан уақытында байланыс бөлімшесінің сейлесу пунктіне келді. Күткен сағатта Қостанайды қосқан телефоннан Зухраның даусы саңқ етті. Көңіл-күйі жаман емес сияқты. Қашанғы әдеттіндегі өзілмен біссімелласын бастаған ол әңгімесінің соңында біртүрлі даусы жарықшақтанып, Сыматай сен бір-екі үш күнге маған келіп кетші,- деді. Қырсыға қалатын мінезіне

басқан Сыматай «Сағынып қалсаң, енді аз күнде оқу жылы да басталады, жай да кездесеміз»-деп қития қалды. Жалпы ол Зухраны ашық мінезі, таусылмайтын өзілі, мұңдауды білмейтін кіршікісіз көңілі үшін үнататын. Шынын айтса, Сыматай емес, Зухраның өзі мұны «айналдырып» алған. Рас, оның осы мінезін пайдаланып, оған жақын тұруға үмтүлattyн жігіттер дे аз болмайтын. Мүмкін солардан қызғандықтан болар, Сыматай Зухраны шын сүйеттін байқатпауға, қызғанаттынын білдірмеуге тырысатын. Ол бұл ретте Зухраны тым өбектемейтін. Көңілі қаласа баратын да, ол шақырса әдейі қытығып қалатын қыңыр мінезі бар-тын. Ал Зухра болса, мұның сол қырық та қыңыр мінезін лезде үмитын, қашан келсе де Сыматайды ақжарқын күйде қабылдайтын. Мүмкін ол сүйгені де шығар. Ал, Сыматай болса, алғашқы бақытсыз махаббатынан соң, қыз атаулыға сенуден қалған сияқты. Құні кеше ғана анасы «үйлен» дегенде, өзінің іс жүзінде шын сүйеттін адамының бар-жоғын ойланып қалған. Сөule мен Зухраны салыстырудан жалығып, ақыры осы жылы не болса да Зухраға «жүрген» салмаққа бекіген.

Жаңа оқу жылы басталардан бір апта бұрын ескі пәтеріне келген ол бірден ойна алған үйлену мәселесен мақтауға тырысты. Алдымен оқу бөлімінің бастығына кіріп, сұртпақтап ойын айтты.

-Жолын, болар, айналайын! Бүгін ғана көптен пәтер сұрап жүрген бір қызметкерге бір бөлмелі пәтер берді. Қызығы, ол кеше ғана есеп-айырысып, қалаға көшіп кетті. Ендеше ертең келіп кілтінді ал, - деп оны аяқ астынан қуантып таstadtы бастығы. Көңілі алтып-ұшып пәтеріне келген ол бірден дүниезаттарын жинастыра бастады. Нәрсе дегенде бір құшақ кітап-дәптерлерін қоғамдауға кіріскең оның күнделігі арасынан бір бүктеулі қағаз сырғып түсті. Сыртында «Сыматай - сұмырай!» деп баттита жазылған жазбахатты ол таңдана ашты.

«Мына хатынды маған салмай-ақ қой! Бәрін түсіндім. Өзім де осылай болар деп қорқып жүр едім. Сүймейтінің, үйленбейтінің бар несіне мені мазақ етті? Сенің мұндай тасбауыр да жәллап екенінді мен білмеген екем. Анығында ғашықтың көзі соқыр деген ғой! Сенің жеңілтектігің туралы кезінде маған сыйырлағандар аз болмап еді. Бірақ бәрін «қызығаныш» деп түсініппін, ақымақ басым. Сенің арыңа шаң жуытпаймын деп алданыптын. Өзіме де осы керек!

Екіншіден, менің аяғым ауыр, яғни сәбилі болуым мүмкін. Неге мүмкін?! Сенің мына опасыздығынан кейін оны дүниеге

әкелу, әкелмеуім екіталай. Тумай жатып, жетім болған бұл сормандаидың обалы сені де құр жібермес. Көп асқанға бір тосқан. Зауал оғы сені де алып жығар. Сені шексіз сүйгендігімнің белгісі ретінде оны тууым да мүмкін. Бірақ оны қайда және қалай асырарымды білмеймін. Тап қазір ұяттан, масқараадан өліп отырмын. Мүмкін әкелік арың оянса, балалар үйінен тауып аларсың, асырарсың... Сені көргім де, естігім де келмейді. Мүмкін қайтар жолда әлдеқалай шейт кетермін...

Әттең саған сенген асыл сезім! Бейкунә сәби тағдыры жаңымды жегідей жейді. Рас, саған жолықтырған құдайға лағынет айтпаймын. Талай түн жыласам да, өзімен өткізген күндерім өмірімдегі ен есте қаларлық кезеңім екенін жасыра алмаймын» деп аяқсыз қалған хаттың кімдікі екенін бірден ұқса да Сыматай оның теменгі жағына көз жүгіртті. «Бұл қашан жазылған, қайдан мұнда жүр» деген ацы сұрақ қолын дірілдettі. Кенет, оның есіне Зухраның өзіне соңғы келуі, демалыс кезінде телефонмен Қостанайға келіп кетуін өтінгені есіне түсті. Ол жерге түсіп кеткен дәлтерді көтеріп алып парактап, ондағы өзінің Зухраға 3 ай бұрын жазған, бірақ жолданбаған баяғы хатын көзі шалып, санын соқты...

... «Алыстан алтыдағы бала келсе, алпыстағы шал алдынан шығар» дегендейін ертеңіне көрші-қолаң, алыс-жақындағы туған-туыстар Ернардың келгеннін естіп, Сыматай үйіне ертелеп келе бастады. Жабдығын ерте дайындал қойған бұл үй лездे той-домалақ рәсімін қызырып жіберді. «Ернарың жігіт болып қалыпты», «Америкада оқып келген батырыңың жолы құтты болсын», «Түрік келінің мен құдағиыңың жолдары оң болғай» деген құттықтаулар бұл күні үй иелерін бір куантып, бір ашуландырыды. Қайсысының аузына қақпақ болсын! Келушілердің көбіне сұқтанаң қарайтындары түрікше киінген бейтаныс әйел мен оның өрімдей балалары. Сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр өсек сездер олардың да құлақтарына шалынып жатқаны сезсіз. Той еткен күннің ертеңіне қонақтардың көздеулі жерлеріне - Қостанайға кетеміз деп ерте қамдануы да соның кесірі. Аласытан келген құрметті қонақтарымен еркін сөйлесіп, көсіле сырласа алмаған үй иелері оларды өз беттерімен қоя беруді ұят санауды. «Апарып тастаймыз» деп тағы бір күн өрен қондырған Сыматай рафик автобусы бар ағасының балаларына Қостанайға қамдануды бүйира сөйледі. Баласының досы мен оның анасының «ендеше бірге жүріп сүйіншімізді алыңыздар, әйтпесе өүре

болманыздар өзіміз кетеміз» деп болмағасын, Сыматай өзі Қостанайға бірге еріп баруға келісті.

Жаңа машина, шебер жүргізуіші бұларды Қостанайға жылдам жеткізді. Алдын ала жеделхатпен қулақтандырылған үй иелері де бұларды тағатсыз күтіп отыр екен. Қөтпен көрмеген қызы мен немерелерін ақ жаулықты орта бойлы қара кемпір қазақ дәстүрімен «Ой бауырымдап» көріспін қарсы алды. Алдымен балаларымен қозайым болсын деп, машинада сәл әдел сақтап отырып қалған Сыматай, сағыныш сәті саябырысған тұста машинадан түсіп, көпшілікке қарай аяндады. Балаларына естері шығып қуанып жатқан көпшілік, өу баста машина ішіндегі қартты байқамаса керек, олар енді ғана оған назар аударды. Сол сәтте құшақтардан босаған Ернұр досының әкесіне қарсы жүгірді.

Іші құрғыр сезген екен! Қапері алдамапты. Мына қатқан қара кемпірдің баяғы өзі сүйіп, алдаң кететін Зухра екенін бірден танып, жүрісінен жаңылып, сәл тоқтап қалды. Шіркіннің көзі! Баяғы ойнақы сыйқырлы көзі өзгерменті. Ол да мұны бірден таныды. «Ойбай, көтек, мында тағы қонақ бар екен ғой!» деп, тез есін жиған Зухра Сыматайға қарсы шығып, «Есенсіз бе! Ертерек түсіп, сүйіншіңізді алмайтын ба едіңіз!»-деп, басқаларға сыр алдырмай қонағын қағыта сәлем берді. «Алтын табақтың сырьы кетсе де сыны кетпес деген осы екен-ау!» деп ойлап үлгерді Сыматай.

Сол күні бұл жақта да мәре-сәре той болғандықтан балалардың анасымен сейлесудің реті келмеді. Анығында Сыматайдың оған жүргегі дуламады. Өзіне салса, қашшама жыл өткен ескі шерді қозғағысы жоқ. Бірақ, дәм жазып келгесін жұмбақ түйінін шешпей кету де қыын. Оның үстіне, елде, әйелі Қарлығаш бір сезінде қонақтардың арасындағы уыздай қызды болашақ келін екен деп мұның қулағына сыйырлап үлгерген. Бұл сапарға еріп келуінің бір сырьы да осы. Балалардың анасы да бірдене сезетін сияқты. Бұрын көрмеген үлкен кісіге, сырын ашу, одан қазбалап есетелік сұрау, әрине әдепсіздік. Сондықтан да болар ол Сыматайға өзіңіз еріп, сүйіншіңізді алыңыз деген шығар. Істің мәнін шешесі ашсын деген әйел қулығы болуы мүмкін. Қалай десен де Сыматай сол тұнді үйқысыз атырды.

Ертеңіне қайтпақ болған оларды Зухра мен туғандары «қонақсыңызды ішіп-жеп кетіңіз» деп жібермеді. Сол күні кешке таман Зухра екеуі бірер сағат жеке қалды. Аз-кем үнсіз

қалған сәтте, уақыттың тығыздығын және ерекеге ретінде сезді езі бастау қажет екенін үққан Сыматай:

-Иә, Зухра, міне кездестік тағы да! Аттай 50 жыл болып қалыпты көрмегеніме. Жағдай тұрмысынды қөзім көріп отыр. Дүшпаның кемітпесе, құдайға шүкір, бір кісі қызығарлық үй-жайын, бала шағаң бар екен. жаңым сүйсініп отыр. Саған деген көңілім теңіз, ниетім қашан да ак- деп ауыр күрсініп, тоқтап қалды ол.

-Шүкір, Аллаға өклем жоқ,-деп, қонағының қинальсын байқаған Зухра көкейіндегі жасырын ойларын айтып үлгерейін дегені шығар, әңгіме тізгінін тезірек өз қолына алды.

-Айыптасып жатуға уақыт жоқ, әрі болары болды бояуы сінді. Тағдырың жазғанын татып келемін. Мүмкін тәттісінен ашысы басымдау да болған шығар. Дей тұрғанмен, осы күнге жеткізген өміріме ризамын. Кетем деп асығып отырғанынды білемін, сондықтан төтесін айтайын. Енді қайтіп көрісеміз бе, жоқ па?- деп жылдам сейлейтін баяғы әдетімен ол басын салбыратып жерге қарап отырған қүшиған қонағына кезін бір аударып, әңгімесін жалғастыра тусты. -Білмеймін, біліп, сезіп келдің бе, әлде жоқ па, алып келген қонағың өзінің қызың және немерелерін! Бейнелеп айтқанда, өзің айтқан теңіз көңілдің тамшылары - деп, ол шерменде күйде отырған алдындағы бұрынғы сүйіктісін шымши да мұсіркей қарады. Ол көзінің шетін қиялай аққан жасты жеңінің үшімен сүртіп жатыр екен. Өзінің де көңілі босап кеткен Зухра, бойын тез жинал, сырын жая тусты.

-Иә, солай. Аса таңданып отырған жоқ шығарсың? Себебі кезінде мен саған ол туралы хат қалдырғанмын. Екіншіден, жаңа сезінде кездеспегелі 50 жыл болыпты деп қате айттың. Осы қызыым мектеп бітіретін жылы мен саған, Петропавлыца бардым ғой. Әлде үміттың ба? Бір түн досыңың үйінде бірге болғанымыз есінде шығар. Бірақ сен ертеңіне шығарып салуға келмедін. Тағы да керегінді алдың да, қызығынды бастың да жасырынып қалдың. Сол жолы саған айтам-ау деп барған көп сезім аузымда кетті. Осы қыз оку бітіріп, Алматыға журналистикалық оқуға барам деп лаң салған. Елдегі оку да жетер деңгеге көнбей, жылап-сықтап үй-ішін мезі етті. «Болды, енді! Айттым бітті! Тұрмыстың ауырлығын, тұракты жұмысынмың жоқтығын көріп отырың ғой. Шешенің жалақысы қайсыңа жетеді? Осындағы оқулардың біріне бармасаң, мұлдем оқытпаймын!» -деп ыза болып дауыс көтерген өкесіне ол:

-Білемін, білемін сен менің әкем емессің! Сосын маған жаңың ашымайды!-деп, өкіре жылап, үйден қаша жөнелді. Несін айтасың, өзі де жаны қажып жүрген күйеуіммен содан кейін тіл табысу қынға айналды. Анығырақ айтсам, арамызға жарықшақ тусти.

Ол жиі ішіп келетінді шығарды. Иә, ол байгұс бұл мәселені ертеден іштей сезетін. Оның еліндегі «достары» бұл қызы туғанда-ақ құлағын өсектеп сарсытқан. Менің оны әкешешесінен айырып, төркініме, яғни осы Қостанайға алып кетуімнің бір себебі де сол әңгіме болатын.

-Айналайын қара қызы, кешір мені. Мен итпін. Сенің тырнағыңа, көз жасыңа тұрмайтын бейшарамын,- деп, кенет тізесіне жығылып, қолын сүйген жетпістің желкесінен асқан бұрынғы сылықм-серіні Зухра басынан сипап орнын тұрғызды.

-Сабыр ет, Сыматай! Түгел айтпасам, ішім құса болар. Әрі келісіп-пішетін жағдайлар бар... Сондықтан соңына дейін тында,-деп аңы запыран тығылып, жарықшақтанған дауысын түзей ол ойын сабактай берді.

-Содан, ақыры Тоғжанды сол жылы осындағы өзім жұмыс істейтін институттың тіл факультетін тусірдім. Оның Батырбек, Ақылбек деген інілері мектептің 9-шы және 10-шы сыныптарына барды. Күйеуім болса, жұмыстан шығып қалды. Бұрынғы ішу ішу ме, енді күн құрғатпай мас болатын болды. Екі-үш күнде, үйге қонбай, әлдебір әйелдерге кетіп қалатынды шығарды. Ал маскүнем, қыдырымпаз тұратын үйде ырыс бола ма? Балалардың да менің де берекем кете бастанды. Бір жыл өрең шыдадым. Сосын, оған: «Не менімен болып, арағынды тиясың, не қайда барсаң, онда бар» деген шарт қоюға тұра келді. Ол жазған соңғысын қалады. Әлде бір жас келіншектің қолына кіріп алып, бізге ат-ізін салуды қойды.

Иә, айтпақшы сен еліңе соңғы іздел барғанда мен осындағы екіушты күйде едім. Сенің үйің-күйің барлығын және қайда істейтініңді ұзын құлақтан білетінмін. Сол жолы мен беттің ұтының басып қойып, сенен қарызға болсын, қызынды Алматығы оқуға жіберу үшін ақша сұрауға барған едім. Бірақ жеме-жемге келгенде арымның да аса мәз емес екенін біліп, қанықтым. Қоштасарда: «Мынау, менің қазіргі бар байлығым» - деп ұсынған, қазақтың белгілі жазушысы Шерхан Мұртаза өзіңе ескерткішке сыйлаған алтын үшты қаламсабынды қызыңа «ырым етейін» деп ұнсіз алып, келу себебімді ашпай кете бардым.

-Уақыт, шіркін, зымыран ғой. Байсыз өлгем жок. Полицияда жұмыс істейтін інім мен нағашы жүртym көп көмектесті. Өзің білетін, кезінде талай дәмін ішіп-жеген Зәуреш апам мен Өли жездем көп атсалысты. Әсіресе Тоғжанның оқуын бітіруіне, тұрмысқа шыққанда оның той-домалағын өткізісуге қолдарынан келгендерін жасады.

Рас, күдайдың маған деген сынағы мол екен. Институттың 2-ші курсында оқып жүрген кезінде үлкен балам Батырбек бұзық топқа түсіп, «рэкет» деген пәлемен айналысып, 7 жылға сотталып кетті. Кенже балам – Ақылбек шынында ақылды болып шықты. Қазір астық сатумен айналысатын бір ірі фирманиң бастығы. Келінді-балалы жағдайым бар. Қартайған шағымда еңбегімді ақтап, қолымды солар жылы суга салып отыр,- деп күрсіне әңгімеін аяқтаған ол ақырын қонағының бетіне жүзін бұрды. Түрі түтігіп, күп-күрең болып отырған оған «не дейсің» деген сыйнай таныта қарады.

Біраз күйбіжіктеп, үнсіз отырған, Сыматай әлқиссасын кешірім сұраудан бастайын деді де, оның енді ретсіз екенін түсініп:

-Иә, қара қыз, нар жігітті қайыстыратын бұраланды да бұдырылы өмір кешіп келеді екенсің. Ең өкініштісі, сенің шашындағы ақ қыраудың арасында менің де айып нысанамның жатқаны. Дәтін мықты, сүйегің асыл екен. Тұқымындағы тәрбиен тамаша адамсын-ау! Әйтпесе, басқа біреу болса, мені төріне шалқайтып қонак қылмақ тұрсын, кеше-ақ сүмірейтіп қайтарып жіберер еді ғой. Бағаламаптын, түсінбеппін, өкініштен өзегім өртенеді. Бірақ «жазмыштан озмыш жоқ» деген ғой. Пешенеме жазғылған өмір сыйы әу бастан осылай шығар. Қайтейік, арты қайырлы болсын!- деп ухілеп бір қеріле ауа жұтып, деміге бастаған көкірегін бір жазған ол өз хикаясының бір түйінін тарқатады.

-Мен сені тастап кетем, алдақ кетем деген ой басыма келген жоқ еді десем мұмкін сенерсің, мұмкін сенбессің. Алайды шынын сол. Бар пәле күнделігімде өлдекалай жазылған хат екенін кеш үктym. Сол хатты оқығаннан кейін, арада екі ай өтпесте, сен аяқ астынан күйеуге қашып кеттің. Ол - күз, 1977 жылғы оку жылы басталар сөт болатын. Күтпеген жерден пәтер алып, енді сені шақырып, «қолыңды сұраймый деп» қуанып жүрген бақытты күнімде төбемнен жай түскендей шатасып қалдым. Жаңа үйге көшіп, жолдасыммен асханаға барып түстеніп отыр едім, сен жұмыс істейтін ауылдың бір жігіті келіп

амандасты. «Ауыл аман ба, не жаңалық бар?» деген сұрағыма ол:

-Қатқанский жаңалық бар. Сізбен мектепте қызмет еткен Зухра кеше түнде, клубтағы биден соң көрші ауылдың Мұрат деген бір әдемі жас жігітіне қүйеуге қашып кетті,-деп мысқылдай қарап тұр.

-Қалай?-деппін мен сасқанымнан.

-Молча, әпке-жездесіне де айтпастан тайып тұрыпты,- деп, өңсіз-түссіз болып кеткен қып-ку түріме жасқана қарап, ол жөніне кете барды. Содан асханадан қалай атып шыққанымды білмеймін, жынды адам сияқты тәлтіректеп әрең үйге жеттім. Қас қылғандай, ал-ашық күнде төбеден кенет құя салған сел жауын да есімді шығара тұсті. Келе төсекке құлап ұзақ жыладым. Қызығаныштан, намыстан не істерімді білмедім. Қуып барып, алып та қашпақ болдым, бірақ, сен ермей қалар деген күдік жігерімді тежеді. Өле де салмақ болдым, бірақ жан тәтті екен! Жаңа оку жылында саған сюрприз жасаймын, алған пәтеріме мақтанаңып, өзіңе құдай тусуғе туғандарымды жіберемін деген неше күнгі алтын арманым быт-шыт болды. Енді маған бұл елде қалудың еш реті қалған жоқ болып көрінді.

Ертеңіне, янғни, тап 29-ші шілде, мұғалімдердің жаңа оку жылы кеңесін еткізе салып, өзім істейтін оку бөлімінің менгерушісі Е.Сәрсенбаевқа «жұмыстан босатыңыз» деген өтінішімді алдына тастай салдым. Осыдан екі-үш күн бұрын ғана маған үй алып беріп қуантқан ағайым, менің мына қиястығыма таңданы да ренжи қарады. себебін сұрап, мән-жайды түсіндір деген оның сөзіне құлақ қоймай, бұрылдым да кете бардым. Сол күні дүние-мұлкімді жинап, үйдің кілтін апартып тапсырдым да, қала қайдастың деп Петропавлиға бірақ тарттым.

Солай, қара қызы саған үй алып сюрприз жасап барып, үйленем деп жүргенде сен мені естен тандыратын қызық ұсындың. Нәтижесінде мен басқа облыстан бірақ шықтыйм. Сені қайтіп көруге жүрегім шыдамаған мен солай бұрын-сонды түсіме кірмеген Көзашар деген ауылдың дәмін татуға мәжбүр болдым.

-Білем, білем. Біз әйелдер қулағымыз түрік жүретін халықпаз ғой! Әрі сенің елден кетіп қалғаныды естіген кезде мен де өз кінәмді жете түсіндім. Асығыстық жасағанымды, тым құрса тағы бір рет өзіңмен көзбе-көз арыздаспағанымға қатты өкіндім. Содан бері сыртыңнан болсын, сені көзден тасы қылғам

жок. Үйленген әйелің кп үзамай, аяқ астынан автомобиль апа-тына үшырап, қайтыс болғанынан да хабардармын. Қайда журсең де мен сені еш қарғаған емеспін, керісінше, Алламнан сенің жолынды ондауын тіледім.

-Рахмет, айналайын, қара қыз! Сенің жаның жомарт, көңілің мәрт екенін мен ең алғаш кездескенде-ак үққанмын және соның үшін де мен сені сүйген едім. Сен өлі сол қалпында екенсін. Жалғыздықта, жаным күйзелгенде мен ылғи сені текке еске алмайды екемнін.

-Қайран, жастық! Қайран өмір! Енді айттың не, айтпадың не, жақсысы да жаманы етіп жатыр ғой. Уақыт болып қалды-ау деймін. қазір балар келіп қалар, сосын жолдарынан қалмауға болады. Ендігі айтарым, балардың жайы. Балаң айтты ма, айтпады, білмеймін. Маған тұнде қызыым Тоғжан, сенің балаң Ернардың біздің Гүлшатты сүйеттінін айтып жылады. Бізді айналдырыған тағдыр шіркінді қойсайыш! Олар өлі күнге дейін Тоғжанның, біздің мән-жайды білмейді ғой.

-Қып-қызыл шырғалаң! Әнеу күні баламмен еріп келгенде-ақ қонағымның Тоғжан және Ернүр деген аттарын естігендегі-ак жүргегім сыйздал кетіп еді. Не қуанарымды, не жыларымды білмей, қарадай қысылып едім. Кемпірім де өлде бір сырды үққандай, маған сезіктене қарай берді. Осы қонақты біле тұра өзім үйимдастырып, жүргендей қуыстандым,- деп Сыматай тағы да көзінің үшын сұртті.

-Кой езің жылауық болып кеткенбісің! Жасықтанба, балалар көрсе үят-ты! Түркияға көшіп кеткелі жатқанда туған алғашқы немеремнің атын қойған өзім едім. Ал оны Ернүр деп атауым – кезінде сенің, балаң Ернар туғанда шығарған өлеңінді газеттен оқыған едім. Соған үйқас болсын дегенім ғой. Онда бұл алтындарымның, күндердің-күнінде сонау Америка төріндегі кездесіп, дос, бауыр болатындарын кім болжаған,-деп, адам сеніп болмас өңгімесін аяқтай берген кезде, Ернүр мен Гүлшат келіп өжелерін бетінен сүйді.

-Ал, замандастар, мен машинаның жағдайын біле берейін, асынды тездетерсің,-деп Сыматай дала жаққа шыға берді...

## **Әскер ӘБІЛҚАЙЫРОВ**

1942 жылы Жамбыл ауданындағы Баян ауылында туған. 1970 жылы ҚазПИдің филология факультетін бітірген. Алғашқы өлеңдері облыстық газетке мектеп қабырғасында жүргендे жарияланған.

Ұзақ жылдардан бері «Солтүстік Қазақстан» (бұрынғы «Ленин туы») облыстық газетінде шығармашылық жұмыспен айналысып келеді. Сонымен қатар республикалық «Заң газетінің» біздің облыстағы меншікті тілшісі қызметін де атқаруда.

## АУЫЛЫМ ӘНІМ (ән өуенімен айтылады)

Ауылым ақ қайындар арасында,  
Атақты Маса көлдің жағасында  
Баянға қанша барсам сағынамын  
Ауылдың ақсақалын, баласын да.  
Әр талы, әр бұтасы таныс маған,  
Қай бала таяқты ат қып жарыспаған.  
Өзінде туып, өсіп ержетсем де,  
Қалалық бір баланмын алыстаған.  
Қайырмасы:  
Ай, Баяным-ай, Баяным-ай,  
Өзінді сағынамын баяғыдай.

Табиғат мың түрленіп боянасын,  
Бүгінде өзгеріпті Бойағашым.  
Балалық кездерімнің сенде өткізген  
таба алмай қиналамын баламасын.

О, менің кіндік кескен туған жерім,  
Жасымда ойын-сауық құрган жерім.  
Көліңде суға түсіп, рахаттанып  
Гүл теріп, көбелек те қуған жерім.

Қайырмасы.  
Көліңде балық шоршып, сұылдаған,  
Қамысың – құс базары шуылдаған  
Қыста да қызықтарым толып жатыр,  
Мұзында коңықи теуіп зуылдағам.

Демеймін: туған ауыл, алыстадың,  
Қашанда жүрегімде таныс бағың.  
Шалғайда, бір қыырда журсем-дағы  
Өзідемен бірге ылғи тыныстадым.

Қайырмасы.  
Сүйемін ауылымды, дала таңын,  
Мен-дағы бауырынды өскен балапаның.  
Туған жер, сенен ыстық үя таппан,  
Қалсам да мекен қылып қала маңын.

## АҚЫН

Ақын деген – ғажайып асқақ адам,  
Жаны жайсан, өзгеше басқалардан.  
Алтын тағың, тәжің дे керек емес,  
Ақын сөзі өтімді тас қамалдан.

Ақын деген – құдірет, тәңірімдей,  
Бір елдің, бір халықтың өміріндей  
Өзі өлсе де, өлеңі өмір сүріп,  
Жалғасатын үрпакқа кәдімгідей.

Ақындарын сыйлаған халқым менің,  
Жыр-тұғырда биіктер даңқың сенің.  
Мың әкімін көзге ілмей жүрсе-дағы,  
Бір ақынын дәріптеу – салты елімнің.

Ақын деген - өжет те батыл адам,  
Сөзі мірдің оғындағы батыр адам.  
Қанжар ұстап, дулыға кимесе де,  
Сөзі семсер, қылыштай жарқыраған.

Дәл осындай ақын гой Қасым ағам,  
Әр жырымен алаулап, жалындаған.  
От пен оқça оранып жүрсе-дағы,  
Ешкімнен қаймықтаған, жасымаған.

Қайсар ақын, ақиық Қасым ақын,  
Бүгінде көбінен ол басым ақын.  
Тірі болса жүрер ед ортамызда  
Ән мен жырын селдетіп, тасып ақын.

## АЙДЫНДАҒЫ АРУ

Мұз айдыны қандай ғажап, тамаша!  
Жалтырайды, жарқырайды жараса,  
Сол айдында сен келесің сырғанап,  
Ақкудайын еркін жүзген оңаша.  
Мұз аланда дөңгеленіп билейсің,  
Шалдығуды, жалығуды білмейсің.

Қымылыңа қайран қалам, өзгені –  
Осы кезде көзіңе де ілмейсің.

Сырғанайсың тым әдемі мәнерлеп,  
Айт осыны сұлулық деп, өнер деп.  
Мың бүралып, билегенде айдында  
Көңіл құсы құйқылжиды, ән өрлеп.  
Мүмкін емес, берілмеуің сезімге,  
Қанша мықты болсаң дағы төзімге.  
Жүрттың бәрін құмар қылыш қойғандай  
Бір керемет нүр ойнайды көзінде.

## САҚАЛ ТУРАЛЫ СЫР

Келе жатқан бәз заманнан, өріден,  
Жақсы дәстүр үлкен сыйлау бәрінен.  
Қанға сіңген қасиетті қастерлеп,  
Бата алу үлкендерден, кәріден.

Сақалдысын сыйлап өткен халықпыш  
Кеп дәстүрде бүгін артта қалыптыз.  
Мәңгүрт болып кеткеніміз шындық қой,  
Жаңа ғана салт-дәстүрді таныппыз.

Мен ешкімге еліктеген емеспін  
Келген де жоқ біреулерге теңескім.  
Ата салтын сақтап қойсам сақалды  
Мұны дұрыс, иғі дәстүр демес кім.

Таңырқанды кейбіреулер танымай,  
Тосырқай бір қараудан да жаңылмай.  
«Мұрт жетеді, керегі не сақалдын?»  
Деген сауал қойғандар да табылды-ай.

Осы күні мұртты да көп, сақалды,  
Тану қыын жігіт түгіл, атанды.  
Сақал-мұртты имандылық деп ұғам,  
Жақсы керем дәстүр жайлы мақалды.

Сондықтан да сақалдыны сыйлайық,  
Жамандыққа әсте оны қимайық.

Эрқашан да аман болсын салт-дәстүр,  
Үлкендердің ұлағатын тыңдайық.

## КӨКТЕМ КЕЛГЕНДЕ

Шуақты көктем айында  
Жырлаймын өңір жайында.  
Айналам бәрі түрленіп,  
Жасарған терек, қайың да.

Өзгеріп өзен, көлдер де,  
Тербелді қалың сендер де.  
Нұры жауып көктемнің  
Жайнады қырқа, белдер де.

Көктемде көңіл көктеген  
Ойға да шомам көптеген.  
Шабыттың шалқар шағында  
Самғап та кетем көкке мен.

Жырым да бүршік жарады,  
Сезім де билеп барады.  
Көтеріп көңіл құсымды  
Жаным бір рақат табады.

Көктем осы, көктем ғой,  
Аямай нұрын тәккен ғой.  
Жұпарын жұтып келемін,  
Мезгіл үні өктем ғой.

Көктем осы, көктем ғой,  
Мазалап мені көптенгі ой  
Самалы желліп жүзімді  
Құшырлана өпкендей.

## АҚ ТИІН

Ақ тиін-ау, ақ тиін,  
Қашан кидің ақ киім?  
Жаздағыдай жайраңдап  
Ойнасаңшы, ақ күнім.

Аяз ата қолынан  
Дәм-түз татшы ақ тиін.  
Қарлы ханым тоқынан  
Сипасыншы, ақ күнім.

Жаңа жылыш сенің де  
Күттү болсын ақ тиін!  
Куанышым менің де  
Шарықтасын, ақ күнім.

Жаңғағыңды жарып жеп,  
Ойландаңың ба, ақ тиін.  
Үйшігіңе барып кеп  
Тойладың ба, ақ күнім.

Күн ұзаққа зыр қағып  
Жүргіресің, ақ тиін.  
Бүршіктермен сырласып  
Жымындаіссың, ақ күнім.

Ақ тиін-ая, ақ тиін,  
Жарасады ақ киім.  
Көнілімді көтеріп  
Жайрандашы, ақ күнім!

Ақ тиін-ая, ақ тиін  
Сауықандай сақ тиін.  
Жарасады өзіңе  
Ақ мамықтай ақ киім.

Ақ тиін-ая, ақ тиін  
Күлімдесін бақ күнің.  
Сайрандай бер орманда  
Сағындырған, ақ күнім.

## КӨҢІЛДІҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Көнілім жүдеп, кейде қамығады,  
Қан қысымы қүшейіп ауырады.  
Жүректің емін таппай қиналамын,  
Білмеймін, қашан енді сауығады.

Жүрегім кейде қатты дұрсілдейді,  
Жыласын оған біреу, күлсін мейлі.  
Өмірдің қындығы аз емес қой,  
Біреулер оның өзін түсінбейді.

Көп шығар көргеннен де көрмегенім,  
Өмірде бергеннен де бермегенім.  
Әйтеуір, келем ылға алға асығып,  
Көңілдің ерттеп мініп көк дөненін.

Адамға өмір сұру міндет пе екен?  
Ал өлім тосын келген індет пе екен?  
Тұған соң қазадан да құтылмайсың  
Өмірге кімдер келіп, кім кетпеген.

\*\*\*

Жүрек шіркін, кейде неге сыйздайды  
Кейде ысынып, кейде, тіпті, мұздайды.  
Табиғатта таусылмаған жұмбақ көп  
Жазды ойласам, болад кейде күз қайғы.

Бар ғой менің көктемім де күзім де  
Сөулеленген бәрі менің жүзімде.  
Қатуланып, қаһарлансаным қыс болам  
Бәрі менің айғақталған ізімде.

\*\*\*

Өмірде көп сүріндім, құламадым  
Сөз қылман тағдырымының бұраланын.  
Көре алмай күнде мейімін бәз біреудей,  
Досымның табысына қуанамын.

\*\*\*

Бір күні қайран жүрек тоқтар ма екен  
Біреулер мені іздел жоқтар ма екен?  
Қастарым қуанып өлгеніме,  
Ауыздарына келгенін «оттар» ма екен...?

## **Қабдір-Рашид қажы ӘБІШҮЛЫ**

Қабдір-Рашид қажы Әбішұлы 1936 жылы 1 ақпанды Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданы «Жаңаталап» аулында туды.

1954 жылы осы аудандағы Ленин орта мектебін оқып бітірді.

1961-1966 жылдары Новосибирск совет сауда кооператив институтын сырттай оқып бітіреді.

«Сауда қызметінің үздігі» және «Енбек ардагері» деген құрметті атағы бар. 1996 жылы «Аңсаймын аулымды» атты елеңдер жинағы жарық көрді.

1999 жылы Облысымызда үшінші болып қажылық парызын атқарып қайтты.

Қазір тахуалық жолға толық түскен, тіл мен діннің үлкен жанашыры.

## ӘЖЕМЕ

Мәпеледің, еркелеттің- өсірдің  
Сездірмедің қындығын өмірдің.  
Жоқтатпадың жоқтығын да әкенің  
Тәрбиелеп өнер – білім өпердің.

Ардақтаймын аруағынды жан әже,  
Разымын әрқашанда мен әже.

Зарлап өттің, аңсап өттің балаңды,  
Болушы едің меніменен алан алаңда  
Сезбеппін ғой жас кезімде жан әже  
Ауырлығын өмір салған жарапды.

Ардақтаймын аруағынды жан әже,  
Разымын әрқашанда мен әже.


Көріп өстім, сезіп өстім – сезіммен,  
Әділдік пен ададықты өзіңнен.  
Көріп өстім ата- баба салтымен  
Ардақтауды үлкендерді өзіңнен

Ардақтаймын аруағынды жан әже,  
Разымын әрқашанда мен әже.

## СЫҢАР АҚҚУ

Зар қақты сыңар Аққу күйінштен,  
Айырылып сыңарынан – сүйінштен.  
Қайғысы ғашығының шыдатсын ба,  
Адасып, сандалып жүр танып естен.

Тағдыры Сыңар Аққу аянышты,  
Зарлаған жүрегіне қайғы түсті.  
Сұлуға аянышпен қараңдаршы  
Өмірде махаббаттың зары күшті.



Мелдіреп жаутандайды екі көзі,  
Қалған соң жетімсіреп жалғыз өзі.  
Аруды колға ұстап мәпелеңдер,  
Қайғының айығатын болар кезі.

Кіршіксіз Сыңар Аққу ары таза,  
Айрылып косағынан болған аза.  
Тәкаппар, таза жандар - Әулиесі,  
Кететін сүйгені үшін болып қаза.

Қыйналып сорлы Аққу жаутандайды,  
Сырын да ешбір жанға айта алмайды.  
Өмірін арашалап қалсандаршы,  
Еліне сорлап жүріп кайта алмайды.

Аққулар жалғыздыққа көне алмайды,  
Серіксіз қосақталмай жүре алмайды.  
Кіршіксіз адал ғашық құрбаны боп,  
Басқаға ғашық отын жаға алмайды.

Өмірде адамдардан бар ма күшті,  
Себепсіз махаббаттар оттай өшті.  
Қосылмай сүйгенге де, жүргенге де,  
Есейіп, жалғыз журу салтқа көшті.

Аққулар жаратылған сұлулыққа,  
Кіршіксіз, тазалыққа – адалдыққа.  
Құрбылар әрқашанда Аққулардай,  
Ғашықтық – махаббаттың туын жықпа.

Тағдыры сыңар Аққу үлгі болар,  
Адалдық – сыйластыққа көңіл толар.  
Достық пен ғашықтықты құрметтендер  
Өлмestей махаббаттан белгі қалар.

## ӘКЕГЕ АРНАУ

Ұлы Отан соғысында қаза балған  
әкем Әбіш Мақайұлына арнаймын.

Жан әке, ақ жүзінді көре алмадым,  
Ұлынның қабыл алғай сен арнауын.  
Өмірден зарлап еткен туған анаң  
Жылаумен өткізген ол көп арманын.

Көрмедім алақанды аймалаған,  
«Құлыным»! - бұл сөзді есту қайда маған?!  
Балалық, балдырыған шақ өксіп өтті,  
Сені іздең күнім болмай зарламаған.

Әскерге аттанып ең отыз үште,  
Ажалдан арашалау келмес күшке.  
Қалдым ғой шыр-шыр етіп төрт-бесімде  
Дидарың ойлағанмен түспей еске.

Жастықта көрдік талай қызындықты,  
Кім менің зарым менен күйімді үқтый?!

Ұлы анам зарлап жүріп ер жеткізді  
Сүм соғыс талқан қылып туырлықты.

Жан әке, дидарыңды сан ойладым,  
Жолыңда сағынышпен қарайлладым.  
Үмітім үзілген бір шақтарда да,  
Көрінер деп өзінді абайладым.

Жан әкем, өмір берген жан ырысым,  
Өшпеген саған деген сағынышым.  
Өмірде әке жоғын сезу керек,  
Өмірдің өктемдігін тану үшін.

Өмірдің маған берген сыйы бөтен,  
Асуы адам жетпес биік екен.  
Адам боп туғаннан сон, бұл фөниде  
Әкенді көре алмаған қыын екен.

Жарасы тағдыр салған кетпейді екен,  
Сағыныш сарғаймастан көктейді екен.  
Өзіміз ата болып, қалсақ тағы  
Асқар тау әкеге жан жетпейді екен!

## ҚҰМЫРСҚАЛАР ТІРШІЛГІ (Баллада)

Әркімдер құмырсқаны біле ме екен  
Сары даала, ормандарды қылған мекен.  
Әмірі құмырсқаның адамға үқсас  
Тіршіліктің аянбай қамын жеген.

Құмырсқа жәндіктердің ең мықтысы,  
Еңбекпен жарасатын бар тұрмысы.  
Ынтымақпен тұрады бір мекенде,  
Бірлікпен атқарылып бар жұмысы.

Оларда еңбек ету қатаң тәртіп  
Жүрмейді өрбіреуі бөлек тартып  
Қатаң жаза қолданады еріншекке  
Коректену оларда жоқ тегін жатып

Құмырсқалар бөлінеді неше топқа  
Уақыттарын өткізбейді текке босқа  
Бақташы, асыраушы, жұмыскерлер  
Жортады қорек жинап шартарапка

Қайнаган қызы енбек илеуінде  
Бағынад бір орталық билеуіне  
Дамылсыз қор жинаиды күн көріске  
Сенеді тегін тاماқ келмеуіне

Үлгі алар құмырсқада жағдайлар көп  
Етсөң еңбек аянбай тіршілік деп.  
Ынтымақ, үқыптылық тату өмір,  
Қатаң тәртіп, әділдік орнаған кеп.

Тіршілігі құмырсқаның қызығылықты,  
Олардың барлық ісі ізгілікті,  
Қазақта дәл осындағы бірлік болса  
Дәүлетте орнар еді тыңғылықты.

Уа, адамзат құмырсқадай тірлік жаса  
Ала ауыздық, жауыздықтың бәрін таста.  
Аянбай тіршіліктеге адал еңбек етсөң  
Ырыздықты бір АЛЛАҢ береді барлық басқа.

## БАЙҒЫЗ ҚҰС

(Баллада)

Сүлеймен Дәуіттің бел баласы  
Болады АЛЛАҢ ісіне кім таласы.  
Отыз ұлын Пайғамбардың бір күн де алып,  
Ұл берген жазылғандай жан жарасы.

АЛЛАҢтың құдіретімен туған ұлға,  
Беріпті таң қалардай өзге тұлға,  
Тұыпты бар Ғаламның тілін біліп  
Жазбаған ондай білім басқа құлға.

Сүлеймен патша болған бар ғаламға,  
Бағынған барша ғалам бұл адамға,  
Көктег күс, суда балық, жерде жәндік,  
Жасаған тіршілікті қай заманда.

Патшаларда әйелдің тілін алған,  
Әйел жоққой дүниеге көзі тойған.  
Сүйегінен құстардың сарай сал деп  
Сүлейменге әйелі қолқа салған.

Сүлеймен әйелінің тілін алып,  
Жинайды күс біткендей жарлық салып  
Келгенде барлық құстар байғыз келмей,  
Бағынбай бұл жарлыққа қалып қалып.

Патша бұл іске болды қайран,  
Табу керек жүрсе де оны қайдан.  
Ұшырды лашын құсты іздетуге  
Тауыпты іздеғенін ескі мекен жайдан.

Іздесе мен патшага өзім барам  
Барадаған күнәмді мойынға алам.  
Деп-байғыз күс сарайға өзі келген  
Сәлем беріп патшага, басып қадам.

Айтайын себебін өзіңзге патша ием  
Күнәмді көтерейін басқа тиғен.

Не үшін келемін мен айтыңызы  
Табиғаттың залалы жоқ менен көрер.

Нәр татпай отырамын ертелі-кеш  
Тамақта қанағатшыл мендей болмас.  
Қорғаймын амандығын бір басымның  
Аллаhtан ажал келмей, жанын бермес.

Тиіспеймін тіршілікте маңдайыма,  
Комагайлық жазбаған маңдайыма.  
Қыл тістеп отырамын қорек етіп,  
Қызықпаймын жемістің қандайына.

Сонда айтты Сүлеймен: – жарайды еken  
Мен сені жазаламай, азат етем.  
Босатамын аман жур, ерік өзінде  
Адалдығың бір басына жетеді еken

Құс та болса Байғызың адал еken  
Адалдықтан ғасырлап бізге жеткен  
Кездеседі өмірде әр қыйлы қатыгездік  
Адамзат қатаң едің мұнша неткен?

## НЕ ЖАҚСЫ (Өсиет-терме)

Байқасаң бұл өмірде бірлік жақсы,  
Ағайын ынтымақты тірлік жақсы.  
Сағыныш сыйластықпен жүздесетін  
Куда-жекжат туысындаі ілік жақсы.

Өмірді шын мәнінде сүйген жақсы.  
Бойыңа өнер-білім түйген жақсы.  
Өмірде айтарлықтай із қалдырып  
Адал дос, жолдас үшін күйген жақсы.

Байқасаң бұл өмірде шындық жақсы,  
Үлгілі жақсы өдеге ынтық жақсы.  
Күншілдік, өтірік-өсек өрістеппей,  
Өзіміз осы айтқандай болсақ жақсы.

Байқасақ бұл өмірде саулық жақсы,  
Пейіл мен тәубашылдық барлық жақсы.  
Кісінің шығаратын атақ данқын  
Адамға жарасымды арлық жақсы.

## FҰМЫР

Ізденип оқығанның пайдасы көп,  
Білімді екі дүние айнасы деп.  
Тірлігін бұл ғұмырдың ойласаңыз,  
Аңыздай біліп алар сарасы көп.

Осындай бір аңызды өлең қылдым,  
Ертеден аңыз-жырға мойын бұрдым.  
Аллаһтың құдіретіне сенім артып,  
Адалдық имандылық жолын қудым.

Тәнірім жаратыпты жер мен кекті,  
Тіршілікке құн мен жерді нәсіп етті  
Он сегіз мың Фаламға жан бітіріп,  
Адамзатты өзгеден ақылды етті.

Үңыштың жер жаһанға Аллаһ берген,  
Бұйрықпен барша жәндік құнін көрген.  
Осынша тіршілікке ғұмыр беріп,  
Қоныс алған баршасы жұмыр жерден.

Жараткан адамзатқа ғұмыр берді,  
Бір басыңа отыз жыл жетер-деді  
Парасат ақылынды артық еттім,  
Үңыштың мол, ағызысаң қара терді.

Адамзат бұл ғұмырға өкпе еткен,  
Тұбіне бұл өмірдің кімдер жеткен.  
Сұрапты іш тарлықпен қосар жылды  
Кү бейнетпен ол жылдар босқа өткен.

Екінші: жыл алуға есек жеткен,  
Кү бейнеттен жапа шегіп есі кеткен.  
Жаратқан не жазды деп, түрді байғұс  
Үразы боп бүйрыққа осы беттен.

Тәңірім: елу жыл сенің жасын деген,  
Талай бейнет көрерсің басың деген.  
Жейтін жем шебінді дәмсіз еттім,  
Сондықтан етің арам, күшің тегін.

Соны естіп есектің басы салбырады.  
Елу жасты бұл байғұс не қылады.  
Азабымды тым болмаса азайтайын  
Бер адамға жыйырмасын деп, жалынады.

Есектің безген жасын адам сұрап,  
Қосып алды өзіне қөнілі құлап.  
Қу бейнетті өзіне тілеп алғып,  
Тартып жүр ғой адамдар соры қайнап.

Одан кейін кезекпен ит келеді,  
Қалдырмай оған да ырыздық-жас береді.  
Міндетің –деді, дүние-мұлік, үй күзету,  
Онына жуынды, сүйек-саяқ ас береді.

Жазы-қысы жатасың далада сен,  
Берсем саған қырық жыл аламысың.  
Бейнетің бір басыңа жетер еттім,  
Өлмессің деген екен, боктық жесен.

Дүниеден ит айтты қорлық көрсем,  
Еңбегіме жуынды, боктық жесем.  
Қорлық көрер өмірімді азайтыңыз,  
Дұрыс болар жарымын бұған берсең.

Байғыс адам бұл жасқада бас салады,  
Қостырып тағы жиырма жас алады.  
Мал мұліктің үйдегі күзетшісі  
Ит өмір қартайғанда солай басталады.

Кезек содан маймылға тап келеді,  
Қылышы бұл маймылдың жат келеді.  
Тәңірім алпыс жасты берген кездे  
Көзіне сорлы маймыл жас келеді.

Адамға Тәңір айтты қылдым үқсас,  
Бірақта кейпің төмен, боласың ақыл үқлас

Не істесенде басың бос, тал ішінде  
Өзіңе тіршілікте жиіркеніп жан жуымас.

Соны естіп маймыл сорлы назаланды,  
Бұтын тырнап, шыңғырып ызаланды.  
Тіршілікте мазақ үшін жаратсаңыз  
Алыңыз-деп, жарты жасты арызданды.

Отыз жылды маймылдан тағы алды,  
Таппассың адамнан артық іші тарды.  
Содан шығар бұзылып кескін-кейіп  
Күлкі болмай көрінің несі қалды.

Өмірдің ең қызығы жастық дер ек,  
Не таптық жасағанмен елден ерек.  
Қауқарсыз қу көрілікке қор болғанша  
Бір күндік жастықшақты көрсет дер ек.

## АДАЛ МЕН ҺАРАМ ТУРАСЫНДА

Тәңірім пендесіне көрсетіп жол,  
Оларға таратыпты ырыздық мол.  
Пендереге ішіп-жеуге нәсіп етіп,  
Атаған оның бәрін-бұйырған жол.

Мұсылмандар адал жолдын бұрылмаган,  
Харамдық іске өсте ұрынбаған.  
Харам-макруһ тыйылған жол,  
Бұл жолға көпір барған бұрынғыдан.

Парыз, уажіп, сұннет, мусахабтар,  
Пендені Аллаh ісіне жақындар.  
Бұл жолды адалдықпен ұстағанның,  
Жәнненнан о дүние орны болар.

Харам-маруһ адамның пиғылынан,  
Жейтін ас, іс өрекет қыймылынан.  
Дене бітім, тазалық, киім келбет  
Адамның пейілі, ішкі сезім, үғымынан.

Көк нәр, апийын, арақ-харам,  
Бауыздалмаса мал да болар нарам  
Өлексі, доңыз, бүйірмаған нәрселерді  
Үстасаң кешірлмес сениң жазаң.

Уа, халқым, сақтанайық харам жолдан,  
Адал болсақ ырыздық болар молдан.  
Дінін сатып тыйым жолға тұскендердің  
Ежелден үрпақтары қарғыс алған.

## ТҰРАДЫ АДАЛ ЖАНДАР СОНДА ҚАЙДА?

Көп жасаған болыпты бір данышпан,  
Атағы естіліпті тіпті алыстан.  
Айтылған сездерінің бәрі нақыл,  
Болмапты онымен сөз жарысқан.

Сынауға данышпанды жігіт келген  
Өзінше, таба алмастай сұрақ берген.  
Үш дәуір көрдіңіз бе көрегенім,  
Тыйымды қайсысы соның елге жақын.

Феодалдық, социалдық, капиталдық,  
Осыларды шала-шарпы көріп қалдық.  
Қайсысында өмір сүрген жақсы дейсіз,  
Жауабыңа данышпаным құлақ салдық.

Сонда данышпан былай деп сөз арналты:  
Бай болсаң қалаңыз тек феодалдыкты  
Кедей болсаң жарайды социалың  
Үры болсаң капитализм сондай жақсы.

Бұл айтқаны данышпанның нақыл сездей,  
Көпшілік журген жоқ қой түкті сезбей.  
Тұрады адап жандар сонда қайда?  
Айтындаршы білгендерің бәрің безбей.



### **Зейнолла ӘКІМЖАНОВ**

1951 жылы Жамбыл ауданындағы Амангелді ауылында туған. Қазақтың әл-Фараби атындағы Үлгітүрк университетін 1974 жылы бітірген.

1975 жылдан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде қызмет істейді.

Зейнолла – айттыскер, аудармашы ақын. Оның «Жерқүйрық», «Мизамишуақ» атты жыр жинақтары бар. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

## ТҮН СӨЗІ

Мен – түнмін, мен – түнекпін,  
Түнек жырын жыр еттім.  
Қаранғыны қару ғып,  
Сүм ойларды түлеттім,  
Мен – мәңгілік тылмысың,  
Тыншығын, жаным, тыншығын!  
Мен – итүнмін, мен – жым-жыртпыш.  
Қырыннан Күнді сырғыттым.  
Тірлікті келер қылғытқым,  
Мен – жым-жыртпыш, жым-жыртпыш,  
Мен – мәңгілік тылсымың,  
Тыншығын, жаным, тыншығын!  
Несіне Күнге құмарсың,  
Сен-дағы бір күн синарсың.  
Тірлікке бейім, дүние,  
Туларсың-дағы тынарсың,  
Мен – мәңгілік тылсымың,  
Тыншығын, жаным, тыншығын!  
Мен келсем, дүние, өлгейсің,  
Маған да көңіл бөлгейсің.  
Күніңде қалай қуансаң –  
Мені де бөтен көрмейсің!  
Мен – мәңгілік тылмысың,  
Тыншығын, жаным, тыншығын!  
Айналдым, сенен алтыным,  
Құшағыма ел де ал тыним.  
Жаныңды салып табага  
Куырсын Мәңкүр, Мәңкүрім!  
Мен – мәңгілік тылмысың,  
Тыншығын, жаным, тыншығын!  
Тында-мақшардың күнінде,  
Табарсың мені түбінде.  
Қара күн деген – қара жер,  
Қамыға берме, түнділме.  
Мен – мәңгілік тылмысың,  
Тыншығын, жаным, тыншығын...

## АҚЫННЫҢ ЖАНЫ ҚҰС ЕКЕН!

Асылдардан ардақты боп баға алған,  
Айналайын ұлы Мағжан бабамнан.  
Айналып кеп кешегі кер-заманнан  
Ақиқатым өзі емес пе жоғалған.

Сол асылын қайта тауып ел, міне,  
Ақиқаттың жеңгеніне сенді де.  
Ақын сөзі тасты жарған қуат қой,  
Ақын жыры тірі екен-ая, өлді ме?

Ақын жаны мәңгілік қой, неге өлсін,  
Ақын жаны құс екен ғой көгершін.  
Басына кеп қонады екен бақ болып,  
Ақын баға жанбай неге бөгелсін?

Қола мұсін тауып елден қонысын,  
Жүртyn таптты асқақ ақын жолы шын.  
Тағзым етіп ұлы Мағжан ақынға  
Басына кеп тізе бүктік сол үшін.

Жүрт жиылды қола мұсін қасына,  
Сезім отын түрған жан жоқ жасыра.  
Қос қанатын қомдап алып көгершін  
Қонды сол сәт ұлы ақынның басына.

«Міне келді ұлы Мағжан бағы!» деп,  
Жүреңжарды лебіз шықты сан рет.  
Тұла бойым толқып кетті теңіздей –  
Тапқыр сөздер жүргегіме жағып от.

Қола мұсін – еді бағзы бір үміт,  
Болмасын деп Мағжан менен жыры ұмыт.  
Кек көгершін келді сонда ақынның  
Өлмес жаны секілденіп, тіріліп.

Мүмкін емес қас ақынның өлмегі,  
Өлтірмейді жүртты менен жөргегі.  
Жырдың пірін құсы болып оралған  
Фанибет-ая үрпағының көргені....

## ЖИЕН ЖЕТЕГІНДЕГІ БАС

Бұл фәнидің жүзінде  
Махамбеттей зарығып,  
Мұнды болған қайда бар?  
Махамбет.  
Желдіңің жесір айында,  
Жан баслаған маңайда,  
Зарыққан ақын уайымда  
Тарыққан көңіл сан ойда.

Шертумен нала-өкпесін,  
Ортеген уайым өзегін.  
Исатай батыр өткесін  
Тосар ма ол да кезегін?

Құралай туып, қар үшқан,  
«Жегі!» де жедді айын дәл.  
Исатай еді-ау арыстан,  
Арыстан одан қай үл бар?!

Жар асты жау көп, бар дүшпан,  
Отырды ақын қам ойда.  
Жабайы сайда қар құшқан  
Жалғыз үй отыр Қаройда.

Бозағаш биік сен едің  
Болғанмен сол сәт шерменде.  
«Жар асты жау бар!» демедің  
Ықылас жиен келгенде.

«Нагашы,- деді, - нагашы!» –  
Жиенді құшып, көрістің.  
Өсірген қыздың баласы  
Жиені сол ғой Беріштің.

Атадан ер боп тумаған,  
Жатыры оңбай қағынды үл.  
Жиен де болса – бір балаң,  
Жауыздық қылды дәм үрғы!

Боранға беккен сол бесін  
Секемі бойдан қашырды.  
Аңқылдап жиен келгесін  
Алдына тостың асынды.

...Қантөгіс Қаройдағы  
Тудырды бүгін шерлі өлең.  
Желкендे қылыш ойнады  
Жиеннің қолы сермеген.

Ағайын емес, албасты,  
Опасыз итте кетті кек.  
Қоржынға салған сол басты  
Тұяғы аттың тепкілеп....

## КІНДІК ҚАНЫ ТАМҒАН ЖЕР

Бесігім – қыр,  
Қырға құмар адаммын,  
Ауылды ансан, ауылымға адалмын.  
Тас-қаланың тұрғынына айналып,  
Тас құрсаулы қабырғаға қамалдым.

Бесігім – қыр,  
Қырға біткен гүлмін мен,  
Туған жерім, өз ордаңа туды ілгем.  
Таңдайына сағынышы татымай,  
Ордасының қасиетін кім білген?

Көретінім тас көше мен  
Тас-қамал,  
Таба алмаймын тас-қамалдан басқа амал.  
Алаңдаймын, ауылымды аңсаймын,  
Тас-қамалға неге құмар басқалар?!

Бейлімін мен туған жерде өлуге,  
Шыным осы, сол ынтық қой көңілге.  
Туған жерде таусылсыншы демім де,  
Сырттап өлген өмір өзі өмір ме?!

## АЙШУАҚ

Сен менің жылы тұнім – Айшуағым,  
Жырымның сен тұтаттың шамшырағын.  
Жұлдызды аспаныңа ғашық болып,  
Ізdedім сенен өмір сан сұрағын.

Тұргандай өзің маған жол сап алға,  
Ізdedім сенен жауап мол сауалға.  
Айшуақ арманым деп тілеп едім  
Шамшырақ тірліктері болсаң алда.

Есімде, жаздың жылы жайлауында,  
Жанымды байлал қоймаған ой-қауымға.  
Естігем өүпілдектің өуенін де,  
Сызылған байғыздардың сайрауын да,  
Жатып ап қалың арман қойнауында.

Сен сондай сүттей жарық қанатынмен,  
Алыстың албастыдай қара тұнмен.  
Жарыққа ұмытылатын көбелектей  
Бала едім жетім қалған жаратумен.

Жүректе – жалғыз жырым жолдасым да,  
Жарайтын сырласуға, толғасуға.  
Өупілдек ауыр жүгін көтере алмай,  
Әуре боп жатар еді көл басында.

Көрі ағам, кішкене бір бала мен де,  
Елтуші ек өстіп жатқан сол өуенге.  
Маған да қуат пенен қанат бітсе –  
Аспанның асқарына қонар ем де.

Айшуақ, еліктірген тәлімің не,  
Өзгерді өмірімнің сәні мүлде.  
Кешегі бала күнім еске түссө,  
Сағынам сол жайлауды әлі күнге....

\* \* \*

Қыр баласы қырға сәлем бермей ме,  
(Қасиетін елемейді ел кейде).

Асығымды ауыл алышы түрғызып,  
Көтөреді ғой ақын деген деңгейге.

Ауыл - өнім, көкейімде ауыл-жыр,  
Ауылымда өтіп еді ауыр жыл.  
Жүргегімде ыстық сезім тамылжыр  
Тұған жерде ажырамас бауыр жүр.

Мен ауылдан тосам,  
Тосам жақсылық,  
Ауыл – менің зор ардағым, жақсы үміт.  
Ата-анамды қөзі көрген жақсылар  
Кейінгіге кеткен мені тапсырып.

Ауыл барда менде – шаттық, менде – бақ,  
Келкім әман сағынышпен шөлдел-ақ.  
Тас-қалада талқандалған еңсемді  
Ораламын осы ордамда емдеп ап.

## АТЫЛҒАН ЕЛҚ

Жастық шақ қой,  
Аңға шықтық, желіктік,  
(Жастық шақта нені білдік, нені үқтық?)  
Ойға салар ақыл-кеңес қайда бар,  
Сол желікті берсе тәңір серік қып.

Осы айтқанға кім иланар, сенер кім,  
Соны бүгін толғантады кемел күн.  
Қос жанар жәудірекен елік кеп,  
Тап алдыма тұра қалып, бөгелдім.

Еліктірекен жастық күннің өуені,  
Жүргіме желік кірген өуелі.  
Ақыл келмей, алақанға түкірғен  
Аңшылықтың құмары да бар еді...

Ата алмадым сол елікті, атпадым,  
Десемдағы қаруымды октадым.

Бір зауалға бір кемел кеп басу ғып,  
Келе алмады адаідықтан аттағым.

Жатты өзгелер желігіне кенеліп,  
Ханұлына, патшаға да теңеліп.  
Мен атпадым, қалдым бір сәт бөгеліп,  
Кете берді тап алдыннан сол елік.

Естігендей бір алғысты ол менен,  
Келді, кетті жолды кесіп көлденең.  
Өзгелерге айта алмадым «күнөмді» –  
Сұлулықты оққа қиғым келмеген...

## КӨҢІЛСІЗ КӨКТЕМ

Қырға шығып, кеуде тосып самалға,  
Көктемеде көңіл хошын табар ма?  
Көк жүзіне көзді салам қобалжып,  
Құлақ түріп құстар берер хабарға.

Қайран аспан, өні сұлық, ол үнсіз,  
Көктің жүзі - өлі дуние, өмірсіз.  
Тірі жанды танымастай бұл тірлік,  
Тебірентпес түйсігімен көңілсіз.

Сараң қысты шығып едік өткере,  
Жарылқамай жатырсың-ау, көктеме.  
Жер самауыр секілденіп көк шықпай,  
Жылап жатыр жетім-сай мен көктебе.

Кезім едің сағынышты тербеткен,  
Ғашық қылған жасыл нұрлы келбетпен.  
Құлықсызыдау келіп қалған қонақтай  
Қонақтамай қайда жүрсің, беу, көктем?

Мыстан кемпір секілденген ана ағаш,  
Жапырақсыз, желегі жоқ жалаңаш.  
Көктеменің келбетінен безінген  
Кері кеткен кәрі дүние – бәрі оғаш.

Мамыржай мамыр келмей есіне,  
Жалаңаш қыр жатыр жалғыз көсле.  
Күн сәулемесі қара бұлтқа қамалып,  
Қырқалардың қона алмай жүр төсіне.

Қауыша алмай атойлаған сезіммен,  
Көңілімде сағынышым көз ілген.  
Қарадүрсін қырға қарап мен тұрмын  
Күлімдеген көктемесі безінген....

## ТАМЫЗ ӨТІП КЕТІПТІ

Сары бояу,  
Сұргылт бояу,  
Қай... бояу,  
Тамыз өтіп кетіпті ғой, ойбай-ау!  
Сағынышты сарғайтатын өмір ғой –  
Көңіл ояу, жан лұпілді, ой да ояу.  
Күн жылыстап,  
Зымыраумен жатыр ай,  
Тамыз өтіп кетіпті ғой, апыр-ай!  
Кетіп пе едім құр үмітті қуалап,  
Күндер қайда асықтындар, татымай?

Сары күз кеп  
Сүйіп жатыр әлемді,  
Жүргіце дәру болар тап емді.  
Кек жүзінде тырналардың қикуы  
Барады айтып ақтық демі – сәлемді.

Күйрек болып кеттім бе еken  
Сонша мен,  
Жақсылықты жылы күннен аңсал ем,  
Сол құстармен үнделскендей ән сап ем,  
Жүргіме қонып алды сол сәлем...

\* \* \*

Шалды да қырсық келіп тірсегімді,  
Менің аспан-көңіліме су себілді.

Дулатып ана жерде отырғандар  
Шіркін-ай, жүректегі білсе мұнды.

Шарасыз, бір отырып,  
Бір тұрамын,  
Атар-ау аспанымда, мүмкін, айым.  
Құлындај желідегі шүрқырайын,  
Көңілдің кешегі ізден «шіркін-айын».

Апыр-ай,  
Өмір сондай тебеген бе,  
Наламды шашайынышы, тегі, өлеңге.  
Налуын көңілімнің ақтарғанда  
Не дермін – «Өмір – тентек» демеген де?

Жолымды кес-кестейді әлден інім,  
Шығады ағасынып әлдекімін.  
Осылай болуы өзі сән бе бүгін,  
Әйтеуір құлазыдың, хан-көңілім...?

Әйтеуір теке-тірес заманында,  
Мүйізге бейім еken адамың да...  
Қайтемін, хан-көңілім бәсек тартса –  
Жүректі сілкіп-сілкіп аламын да...

## **Асыл ӘКІМЖАНОВА**

Асыл Зейноллақызы 1984 жылы Петропавл қаласында туған.  
М.Жұмабев атындағы колледждің 3 курсында оқиды.  
Өлеңдерін орыс тілінде жазады.

О стих мой, ты мне лишь улада,  
Когда просветов в жизни нет.  
Когда за жизнь бороться надо,  
Но так, как борется поэт.

То век долиной был печали,  
Страна глухих, слепых, немых.  
Молчали люди – все молчали,  
Слова лишали жизни их.

Замолк поэт, замолкло слово,  
Замолкло правда в мрак ночи.  
Шныряю ложь и сумрак снова,  
Ты хочешь жить, поэт ? Молчи!

Молчи для радости, горя,  
Пусть голос правды не звучит.  
Их всех постигла эта доля,  
И если жизнь важна – молчи.

И вдруг сквозь твердь земли пробился,  
Красивый, неземной цветок.  
Он в этот мир творить явился  
И был один среди сорняков.

И вот поэт запел, как птица,  
запел, как гордый соловей.  
Он знал, что с ним не сравнится,  
Никто из этих нелюдей.

Поэт был гордым и упрямым,  
Правдивым был в своих стихах.  
И церберу сказал он прямо,  
«Я буду жить в людских сердцах»

Упал сраженный пулей дерзкой,  
Он не боялся вражьих стрел.  
И долго-долго цербер мерзкий,  
В упор на юношу смотрел.

Талантлив был Магжан – поэт:  
Стихи, поэмы и рассказы.

Писал о жизни он тех лет,  
Крылаты стал его фразы.

И среди нас ему нет равных,  
Его победы нам счастье.  
И пал поэт, пал смертью храбрых,  
За доблесть, мужество и честь.

И в страшный день Армагеддона,  
Сквозь пыль и прах глубоких ран,  
Те люди, что его любили,  
Из камня высекут: «Магжан».

**Д.Г.БАЙРОН**

О, солнце ночи, мрачная Луна,  
Твой робкий, слезный луч всего светлей.  
И в темной мгле мелькает темнота  
Как проблеск прошлого, оттенок бывших дней.  
Ты озаряешь темноту во мрак ночи,  
Особый, но далекий дивный свет.  
Сияют, но нагреют нас лучи  
Есть красота, тепла в них только нет.

*перевод с английского.*

\*\*\*

Ведь в жизни многое бывает,  
Проблемы в жизни и в душе.  
Меня все это угнетает,  
Ну почему я не как все?

Но боль пройдет, наступить радость,  
Своим пойдет все чередом.  
Не проявляй в проблемах слабость  
И счастье вновь вернется в дом.

Да, в жизни многое бывает,  
Пройдут проблемы, грусть, тоска.  
И человек не унывает  
Ведь цель, воистину близка.



### **Кәмилә ӘЛІБАЕВА**

Кәмилә Қайыргелдіқызы 22.04.1957 жылы Булаев ауданына қарасты Арал ағаш ауылында дүниеге келген. Қарақоға орта мектебінің түлөгі. 1977-78 жылдары халық әртісі F.Құрманғалиевтің алдынан тәлім алған. Кейін облыстық филормонияның әртісі, 1990 жылдан облыстық телерадиокомпанияда дыбыс режиссері болып қызмет етіп келеді.

## АҢСАЙМЫН АУЫЛЫМДЫ

Ауылым Келтесордың жағасында  
Сөз етсем маған кінә тағасың ба?  
Қосылып жырлайсың ба, ауылдасым,  
Жок, өлде қолымды кеп қағасың ба...

Көз тігіп айналана барлап қараш,  
Ойлаймын айтқан сөзім болмас оғаш  
Қолыма қалам алдым сағынып мен  
Атыңнан айналайын, Арал ағаш.

Талай жас білім алып ер жеттін,  
Қарамай алды-артыңа елден кеттің.  
Бүгінде ауылым түр тұнжыраумен,  
Дегендей «мені тастап неге кеттің».

Құшағын жаюышы едің Өндірбайым,  
Жайқалып шие-жидек онда әрдайым.  
Маңында теріп жейтін тірі жан жок,  
Тұрғандай басып-жанышп қайғы-уайым!

Елі ғой бабамыз бер ата-ана  
Жанына, малына да болған пана.  
Бұл күні мойнын бұрып қарағанға  
Көрінер анадайдан орыны ғана.

Не пайда жоғары білім алғаныңнан,  
Басқа елге бастық болып барғаныңнан?  
Шашылып халқың кетіп жан-жаққа  
Өз елің адыра болып қалғанында.

Шетінен жастарымыз өнерлі едік,  
Ақылмен сәл кішкене бөгелмедік.  
Отырсақ тарамай-ақ бірлік жасап,  
Оты өшіп ауылымның сөнер ме еді?

Айтамын көңілдегі ойдың берін,  
Өн-күймен келтіруші едік тойдың сөнін.  
Ел жиып таң атқанша ойнаушы едік,  
Ақ сүйек, алтыбақан ойындарын.

Сылдырап ағаштардың жапырағы,  
Кел-кел деп бізді өзіне шақырады.  
Әр жерден қалып жатыр қарттарымыз  
Бүйірмай өз елінің топырағы.

Әлі де талай таңдар атар еді,  
Ауылдың талай дәмін татар едік.  
Орнында тұрса, егер Арал ағаш  
Ата-анам бір зиратта жатар еді.

Тағы айтам, мейлі келіс, иә, келіспе,  
Басымды кесседағы мен келіспейім.  
Ауылды тұп орнымен құртқыздындар  
Тізгінді беріп қойып бір неміске.

Әнімді ауылымға арнал өтем  
Зарла десен өмірден зарлаг өтем.  
Ауылды тұп орнымен құртқан жанды  
Өмірден өле-өлгенше қарғап өтем.

Мен болдым талай-талай жиын-топта  
Халық жүр батыры мен ханын жоқтап.  
Тірілтіп жатқанында өлгендерін  
Ауылды тірілту қын боп па?!

## НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВҚА АРНАУ (1991 жылы Қызылжарға Президенттік сайлауга орай келгенде)

Алғашқы сөзді халқым берді маған,  
Әніммен баршаңызға алқа тағам.  
Өлеңді бүгін айтпай қайда айтамын,  
Келгенде Нұрсұлтандай асыл ағам.

Күрметтеп қарсы алды жасы-көрім,  
Батасын беріп жатыр кемпір-шалым.  
Деп жүр ғой қызылжарда мұсылман жоқ  
Білгейсіз бүл жақта да қазақ барын.

Жағдайы жаман емес елдің жалпы,  
Тұрамыз татар, орыс, неміс халқы.  
Тұрсақ та түрлі ұлтпен араласып,  
Қазағым ұмытқан жоқ ата салтын.

Бірігіп күрып жүрміз сауық-ойын,  
Дәстүрді алған жоқпыш өзір жойып.  
Сен неміс, сен орыс деп жатқан жоқпыш  
Қосылып тойлап жүрміз Наурыз тойын.

Жанып түр жүлдізының Еншалла,  
Қадамының құтты болсын басқан алға.  
Фарыщқа інінізді ұшырдының,  
Қайырлы болсын дейміз Сізге, аға!

Елімді әнге қостым біраз мақтап,  
Қолдарын соғып жатыр халқым жақтап.  
Нұр-аға, сағындырымай жарты жылда  
Ат ізін сап түрғайсыз біздің жаққа.

Тілейміз - өміріңіз болсын жарқын,  
Араға ешқашан да түспей салқын.  
Дауысын Сізге арнап береміз деп,  
Бірінде желтоқсанның дайын халқым.

Аяқтап сөздерімді бас иейін  
Бұл күнді мәңгі еске мен түйейін.  
Атынан Қызылжардың қыз-келіншек  
Күшақтап өзінізді бір сүйейін.

## ҚАБАНБАЙ БАТЫРДЫҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАУ

Жерінен Қызылжардың келіп тұрмыз,  
Бас иіп Сізге сөлем беріп тұрмыз.  
Тойлары тойға ұласқан тойлы елдің,  
Халқының қүшағына еніп тұрмыз.

Бұл тойды тойлап жатыр кәрі-жасың,  
Ел-елден бауырлардың қосып басын.

Еске алып жатырсыздар бабаңызды  
Ағайын, қабыл болсын берген асын.

Мағжан, Фабит, Сәбит бәріне аян,  
Атынан Солтүстік құшақ жаям.  
Тойы деп келіп қалдық Қабанбайдың  
Үрпағы біз боламыз батыр Баян.

Жиын-той еліңізде бола берсін,  
Ортаңда батырларың тола берсін.  
Қаймағы бұзылмасын еліңіздің,  
Басына бақыт құсы қона берсін.



### **Нұрлан ЭЛІБАЕВ**

1939 жылы Омбы облысында туған. Алғашқы өлеңі 1957 жылдан жарық көре бастаған.

1961 жылы облыстың ақын-жазушыларының «Жомарт өлкө» кітабына бір топ өлеңдері енгізілген.

1969 жылы Бүкілодактың комсомолдың 50 жылдығына арналған ақындар мұшайрасының жүлдегері. Сол жылдан бері баспасөз беттерінің жиі көрініп келеді.

## **АЛТЫБАҚАН**

Күйге бөлеп жұлдыз шашақан көгімді,  
Абай әні қандай әсем өмірлі.  
Ай астында алтыбақан тербеліп,  
Шат думанға бөлегендей көңілді.

Құйқылжиды, ән аспанға қалқиды,  
Жасай берсін аталардың салты иғі.  
Думанды түн, сергек көңіл толқыған,  
Сезімдерді бөлей түсер өрқилы.

Алтыбақан ай астында тербеле,  
Жұзіп бара жатқандай бір жер – кеме.  
Жұрек тулас тұла бойда осы сәт,  
сырлы өуендер толар сезім – пернеге.

## **БОРАН**

Ашу қысып шайқалтқандай бесікті,  
Жұлқылайды терезені, есікті.  
Мал қораны төніректеп ақсақал,  
Жамап-жасқап, тығындайды тесікті.

Бұрқырады қыстың дауыл-бораны,  
Көтеріп ап әкете ме қораны?  
Қарды әкеліп үйіп жатыр  
үсті-үсті  
Откел бермей тоғыз жолдың торабы.

Әр-бір үйді  
байытқандай мақтаға,  
Үлпа қардан түрғызады аққала.  
Төркін берген ақ көрпесін жамылған  
Келіншектей  
қуанып жүр бақ қона.  
Барлық ағаш билеп жатыр  
ырғалып,  
Алай-дүлей боран есіп бүрқанып.

Мал қоралап,  
Үйге кірді ақсақал,  
өзіне тән мінезі ғой бірқалып  
Өткіздің ғой  
бастан сен жыл ауыр,  
Қайдан қазір одан шығар жаңа қыр  
Екі иықтан бу бүркырап, демігіп,  
Тосып тұр ғой үйде сары самауыр.

Соғыста ғой бас сұғатын тұрактап,  
жер таба алмай,  
ок атысушы-ек қораптап.  
Ол бораннан,  
мына боран зор бақыт,

Шайынды құй,  
аспай-саспай, ішейікші сораптап.

## ӨМІРДІҢ ШЫРМАУЫНА ҚҰНДАҚТАЛЫП

Пенденін тағдырыма басымды ұрған,  
Арманға дақ түсірмей асыл қылған.  
Кішілік бойға біткен дертім бе ішкі,  
Кезім жоқ тәkkәпарсып басым тұрған.

Өмірге – саф сұлуға ғашық тұлғам,  
Жетелеп қияға да асықтырған.  
Рухани байлығымның кепілі ме,  
Еңсемді пандандырмай басып тұрған.

Аңсаған арман құсы өділеттік,  
Қылғам жоқ ешкімге де әлім жеттік.  
Кішіге аға болсам, қол қусырып,  
Алдында қарияның тағзым еттім.

Алтынның шаңын қағып, құмды ақтарып,  
Жұргенде бітпейтіндей жылды аптағып.  
Көріліктे келіп қалты бүгін міне,  
Өмірдің шырмауына құндақталып.



### **Гүлсім ӘУБӘКІР**

1960 жылы ақпранда Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Қаратал ауылында туған Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің химия факультетін, 1990 жылы Қазақстан Фылым академиясының Химия ғылымдары институтында аспирантураны тәмамдаған. Химия ғылымдарының кандидаты. «Жас қалам» жинағына өлеңдер топтамасы енгізілген.

## **СЫР – ШУМАҚТАР**

Жолымды нұрландырып, шапақ атып,  
Тірліктің бар мәнісін үғындырып.  
Мендеңі бір іңкөрлік – Махаббатым  
Көнілімнің көгінде тұр Құнім болып.  
Сүрінсем, сәулеңді ұстап түрегелем,  
Жып-жылы жүргегімде жүреді өлең.  
Мендеңі ізгіліктің көзісің Сен,  
Мен де бәрін қайтарып Саған берем.  
Ортаймашы!  
Қорқамын көлеңкеден...

\*\*\*\*\*

Тыныштық-тұнмін Ай-алқа таққан,  
Ойларым - жарық жүлдышдар жаққан.  
Үмітім болып үлбірек жалқан,  
Атады ақ таң.  
Көзімді алмай шұғыла жақтан,  
Жоғалып барам...  
Ақ сәуле – арман!  
... Тоғыспас тағдыр көп,  
Қоштасып қалдым тек.

\*\*\*\*\*

Қопарып қалсам, кеудемде толған сағыныш,  
Нәзік бір жіпке байланып тұр ғой бар тұлғам.  
Көзімнен сүйші, тұзды көлімнен қанып іш,  
Ағыл-тегілмін, алдында сенің тартылман.

Қауырсын қанат өлі де менің талабым,  
Сағыныш – көлде желкенсіз жүзіп барамын.  
Үміттің жібі үзілмесін деп бір сөтке  
Өзіңе келіп тығылам, жұмак-аралым.

## **ДАЛАММЕН СЫРЛАСУ**

Есіңе алшы, паң далам!  
Көңілі шерлі боздаған,  
Сөздері мірдің оғындей

Халқының мұнын қозғаған,  
Жарқылдап наизагайындей  
Өтіпті сенде өз бабам!  
Ол кездер қазір сағымдай,  
Алдамышы болған бір заман.  
Тарихты түгел тыңдаған,  
Тіршілік үні тыңбаған,  
Есінде сенің, паң далам,  
Сырғанап кеткен сүр заман.  
Айналған жылдар сағымға  
Із-түзсіз, сірә, қалмаған.  
Тұяғы болып тозбаған,  
Жырлары болып жазбаған,  
Ұшқыны қалып қанымда  
Өлеңнің оты маздаған,  
Бағынан ұшып самғаған,  
Шал ақынның оралған  
Өзіңе бүгін, паң далам,  
Бір үрпағы мен болам!  
Бүгінде халқы бақытты,  
Байлықты өлкे жайнаған,  
Есілдің бойын жайланаған.  
Думанға толы айналам  
Тоқшылық тойын тойлаған.  
Жаныңа жара салмаған  
Салған ән еркін самғаған,  
Болды ма сондай бір заман,  
Мақтаныш етер, паң далам?  
Еркіндік алған бүгінде ел,  
Қырандай қанат қомдаған,  
Қырағы көзбен шолғанын  
Фасырға жана жолдаған.  
Тар заман емес – бар заман,  
Күесің соған, паң далам!  
Жырлауға осы заманды  
Аманат еткен өз бабам.  
Тесіңнен кім бар озбаған  
Тек сенсің асыл тозбаған.  
Көсіліп жатқан көне көз,  
Табынып келем, паң далам,  
Қолдаушым өзің бол маған!

## ӘСЕР

### A.C.Пушкинге

Тұнып тұрған сұлулық –  
Жыр маржаны төгілген!  
Талай тұндер селт етпестен  
Отырдым мен өзінмен.  
Тереземнен қарайған түн  
Алпақ нұрдай сезілген.  
Күй кештім де жылап, куліп –  
Лықсып кетті сезімдер.  
Тұнығыңа бойладым да,  
Ойларыңды  
Қанбай шөлім  
Жұта бердім.  
Алмай демім,  
Тағы дедім...  
Еріп кеттің өзің де!  
Жыр-әлемнің ауасына  
Шомылдарып демімді,  
Қайта тұдым,  
Қайта талтый  
Ақ періште кезімді.  
Мына өмірге пәк көзіммен,  
Іңкәрлікпен қарадым.  
Жаным, тәнім  
Таза қандай!  
Жаңардым.  
Тұнып тұрған сыр – сұлулық –  
Сенейін бе, адам жазды дегенге?!

Адам болсан,  
Адам болсан...  
Болдың, сірә, Кеменгер!  
Жүргімді жалын еттің,  
Көңіліме лағыл септің,  
Сусынымды басып өттің,  
Аяладың, сүйіп - өптің,  
Мәңгі мені ғашық еттің,

## **КЕМЕНГЕР**

Жоқ, жоқ. Ақын!  
 Ақынсың сен жанып өткен.  
 Ал өзіңе ғашық еткен –  
 Қысқа өмірде жазып кеткен  
 Өлмес- өшпес өлеңдер!!!

## **ҚАР ЖАУҒАН КЕШ**

Кітапхана. Сергітелі сананы,  
 Кеп отырып, шаршал шықтым шамалы.  
 ... Міне, ғажап! Ыргағымен вальстің  
 Көшедегі өмір шалқып барады.  
 Ақ перденің ар жағынан жанады,  
 Қала оттары – қалыңдықтың жанары.  
 Қалықтап кеп иығыма қонғанша  
 Ақ қаршалар билеп-билеп алады.  
 Кешкі қала,  
 Жапалақ қар,  
 Тазалық -  
 Сезім қалды тазарып.

Аппақ әлем көңіл қылын шерткендей,  
 Аспанда акқу ақ малмығын төккендей.  
 Қалам мениң, көшем мениң қымбатты  
 Кеңістікпен бір тұтасып кеткендей.  
 Қимай қарал дүниеге билеген,  
 Өзім де бір шалқып-тасқан күйге енем.  
 Сүлулықтан арашалап тастайтын,  
 Кеп жүремін кіргім келмей үйге мен.  
 Кешкі қала,  
 Жапалақ қар,  
 Жылылық -  
 Сезім қалды жылынып.

## **K...-Fa**

Көрген сайын қызғанатын жан жарын,  
 Қорландайын алтын жүзік салмадым.

Жылдан-жылға бара жатыр алыстап,  
Сеніменен жылап кеткен арманым.  
...Оның жасын сүрте алмады басқалар.  
Не бір жанның жанаң оты жасқанар,  
Жүрек мұзы ерігенде жас тамар.  
Тайыздау ғой сезім көлі тұрмыстың,  
Шөгүлер мен қайырлаулар басталар.  
...Оның жасын сүрте алмады басқалар.  
Бастап едің ғашық әнін жастайың,  
Әлі айтып келе жатсың, Естәйім!  
Сеніменен жете алмаған арманым,  
Мұңым болып мазалайды кеш сайын.  
...Оның жасын сүрте алмады басқалар.

## БЕТХОВЕН: «АЙЛЫ СОНАТА»

«Айлы соната» -  
Суық төсекті тұндегі  
Жылтыгады сазымен.  
Жалғайды жарық құндерін  
Музықант жүргегі тауып ем.

«Айлы соната» –  
Сыздатқан күйді дәл басып,  
Жарасын өмдедің.  
Саусақтан тамған көз жасы  
Өксіген кеуденің.

«Айлы соната»-  
Махаббатқа ол жауапсыз  
Ескерткіш қойылған.  
Достасу ең тәтті азаппен.  
Қоштасу. Көну. Мойындау.

## БІР КЕЗДЕСУ

Көктемі өткен,  
Күзге әлі ерте,

Жайнаған жазы  
Алматы көркем  
құрдасымыздай.  
Сезімді өртеп,  
Қоштассақтагы,  
Күрсіндік неге  
Кездесіп қалып,  
    ұнсіздік бұзбай.  
Көз алмай тұрмын,  
Бейнеңнен таныс.  
Ыстық та жақын,  
Суық та алыс  
    тәкәппар құздай.  
Қоңыр бұлт торлап,  
Көтермей жүгін,  
Жіберді-ау жылап,  
Біз үшін бүгін –  
    жанбыры мұздай.  
Жарқылдай сырғып,  
Найзағай күлді.  
Бұлттардың үні,  
Күркіреп тынды  
    тағдырымыздай.  
Жаңбырға жазғы,  
Малишындық ақыр.  
Қорғанаар бізде,  
Жоқ екен шатыр  
Өлі күніге ...  
    шын сырымыздай.

## САРЫАРҚА КӨРЕМ МЕН СЕҢІ ...

Уақыт арқылы тұлғалар бағаланады,  
Уақыт арқылы ақиқат дараланады.  
«Саясат» деген уақытқа тәуелді «шама»,  
Өйткені тарих уақытпен ғана сарапанады.  
    Төнбесін, халқым, басыңа замана – залым,  
    Ынталы үрпақ түсінер ағалар жаңын.  
    Ақтарып бүгін тарихтың құпияларын,  
    Жазып жатырмыз сан талай жүрек, жан жараларын.

«Пенденің басы – саясат добы» замандар,  
Зобалан күндер тумасын елге, әмәнда.  
...Желтоқсан куәгерлері – сіздер мен біздер,  
Қайратты неге қорғап қалмадың болса шаманда?!

Саясат тағы дұрыс па ... күмәнді еді,  
Тың игеру науқанына шығарған елді?  
Бөтендер келіп төсінді тілгілегендес...  
Көсіліп жатқан кең далам, сенің кінән бе еді?!

Табиғат – ана сыйлаған көркіті сөзін,  
Налымасын деп тағдырға беріпті тәзім.  
Ауырлық артып жасынан екі иығына,  
Сол ауыр жүкті көтеру үшін сомдаған өзін.

Осынау жасқа жеткізген ар тазалығы,  
Тағдырың тағы сыйлаған жар саралығын.  
Алатау өзі аялды аясына алса,  
Демеген туған Сарыарқа мында дара бір ұлын.

Халқына деген көңілі, еңбегі сөнді,  
Табиғи дарын шындалған, қазаки жанды.  
Сарыарқа көрем мен сені, Сәбит Мұқанов,  
Қазақпен бірге жасай беретін даламдай мәңгі!

## ЕКІ СЫЙ

Қашаннан бері жұмыр Жер, адам жарапан,  
Кеңістік, уақыт...  
Шексіз де шетсіз ғаламнан,  
Белгілеп берген екі үлкен сыйы тағдырдың –  
Туған күн және өмірден өтер бар күнін.

Туған күн берген –тұрсын деп өмір тойлардан,  
Қазаға жинап, адамға тағы ой салған:  
«Берің де келген өмірге мынау қонақсың,  
Аралық-осы: ұзақ па, қысқа ... айта алман?!».

Ойланып көрсөн, бір өмір екен той деген,  
Кеңілді, мұнды айтылар түрлі тойда өлең.  
Қарсы алып, күтіп, шығарып сені салады,  
Аттанар әркім әртүрлі көніл-күйменен.

Кішкентай ғана жобасы той бір өмірдің,  
Келдің де кеттің: женіспен, әлде женілдің,  
Шаршайды біреу, ал біреу өте көнілді,

Біреулер жүріп, отырды біреу төрінде.  
Өмірге қонақ тойдағы қонақ сияқты,  
Дауласып біреу, өнерлі біреу сый апты.  
Санайды біреу бергені менен алғанын,  
Той шырқын бұзар ұмытып біреу ұятты.

Тірілерге жолынды белес қылып,  
Ал өзіңе бір сәттік елес қылып,  
Соңғы сыйы тағдырдың - қаза-қалып,  
Жібереді бәрінді теңестіріп.

## **Куаныш БАБАҒҰЛОВ**

1938 жылы Тайынша ауданындағы Күншығыс ауылында туған. Ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, агроном болып ұзақ жыл жұмыс істеген. Зейнеткер.

## ЖҮҚА ШАЛ (қаз-қалпында)

«Қайтер дейсің қара бастың толғагы,  
тек жүрттымыз күрсінбесе болғаны».

Сыртын қара матамен қаптап жаңартам деді ме екен, онысы да бозаң тартып, қара тоңның өнді кеткелі бірер жыл болған шамасы. Оның берісінде ақ елтірі қой терісінен салынған жағаның оң омырауы ит жұлқығандай тігісінен сөгіліп, сәл тәмен салбыранқы. Мойныңдағы бөкебайдың ұшы жарыса салбырай биік үйлер арасын қуалай соққан сусылдаған күздің ызғарлы суық желімен желпілдей қытырына тигендей онды-солды соққылайды. Өнді жүқа, тапал шал оны елемейтін сынайлы. Қысық көзіне киген көзәйнегі құрғыр бусана бере ме, әлсін-әлсін көзәйнегін әлсіз саусақтарымен сүрте түседі.

-Ата, мына түмбаға неге түрмадыңыз, бізге жақын болар еді, тоңып қалдым, тезірек құйып жіберіңізші, бір литр,-деп ыдысын түмбаға қоя берді үріп ауызға салардай жас келіншек. Қызылды-жасылды мәнерге малынған жұмсақ желеңдін жеңіл кие салғаны сонша – ашық омыраудан алма төс дегендей айқындалып, қалың қара шашы, білеудей-білеудей екі бұрымы бөксені тәмен жаулай қандай жарасып тұр-ау! Толықсан тобық, ақ қайындаі ақ балтыр мені көрдің бе дегендей көздің жауын алышп, көңілді қыттықтайды. Тесектен жаңа тұрган сыңаый болар, шамасы. Әлгі ғашық жанды ақындардың толғанысында.

«Толықкан тұла бойың шыбық па екен, талма екен,  
Бейнең сенің баяу атқан жазғы шүғыла таң ба екен?  
Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің көусөр бал ма екен?

Бұл ғаламда сенен артқан сірә біреу бар ма екен?», дегендей.

Күтындаған шал өзіне тән ептілікпен ақ сүтті ыдысына мөлдіретіп құйып беріп, енді ақшага қол созғаны сол еді:

-Ал, алышыңыз,- деп 20 теңге күміс ақшаны түмбаға тастай салып, жүгіре жөнелді. Жұмсақ жамылғының кең етегі желмен желкілдей кейде кең ашылып, кейде ақ балтырға оралып, ойнақы мінез көрсетеді. Жаңа ғана жүзі жанын жыльтып, жастығына ойы малынып тұрган жүқа шалға күміс ақшаның тас түмбаға тарс еткені ойын шошытты. Жақсының жаман мінезі жан күйдіреді-ау. «Ақ болғанмен жұмыртқа, мүмкін болар жыны үртта» шал не десін, күміс теңгені алақанына ұстаған қалпы терең ойға шөккендей тынып қалды. Шіркін, осылай тұрмас та

еді, қазіргі тұрмыс тауқыметі болмаса. Көрілік шіркін заманың ағын бұрысына дөп келгенін қараши. Жұқа шалға ендігі қалған өмірдің үзігі осылай өтер ме екен? Күндеңі әдет, күндеңі кәсіп осылай. басқа не шара бар? Бойдағы қуат азайғанда екі баланы ақы төлеп, оқыту оңай ма. Біріне 15, біріне 50 мың теңгеден төлейді жыл сайын. Үш-төрт жыл оқытып көр, қазіргі табан ақы адад еңбегінің ақысын ала алмай отырғанда!

Киім, тамақ, жатақхана, одан жолына – бәр-бәріне теңге кепрек. Қайдан алмақ ақшаны қутыңдаған кішкене шал?

Ойға шомған кішкене шал өлі орнынан қозғалар емес. Аспанға қарап, іздегегенін тапқандай назарын төге үйіп тыңтыңдағандай. Қара сұық, ызғарлы жел де, жыртыла ықкан қарала ауыр бұлт келешек қыс назарын паш еткендей:

«Жайнап тұрған кешегі күн ескіріп,

Қарасуық хабары түр естіліп», - дей ме.

Көп қабатты үйлердің қай есігінен ыдысымен кім шығар деп тұрған жұқа шал ұзақ тұрып қалды. Бозамық тартқан өніне бір жылышық, бояулы өң кіргендей ме қалай? Әне бір үйден шыққан мосқалдау жігіт сәлем бере күлімсіреп барады. Жұқа шалдың ойына өткеннің елесі орала берді. Ол қай уақытта еді? «Ешкі туып, есек өлген жылы» дегендей. Шамасы, бұдан көп жылдар бұрын. Ол кезде өзі қандай еді. шамасы әлгі сүт алған алма төс, мүмкін, одан да жастау шығар. Е-е, онда мектепте оныншы класта оқытын.

... Бәрі де асығып- аптығып мектепке кетіп жатыр. Есінде, осы кеше ол ауырып, оқуға келмеді деді ғой. Әзірге бәрі де окуға кетсін. Жатақханада ешкім қалмаған кез. Тәрбиеші де көзге түспейді, екінші қабатқа баспаңдақты дыбыссыз мысықшы аттап, әлгі тұратын бөлмеге кірсе, тап-таза бөлмеде біркелкі жатар орындар, аппак матамен жабылған. Жатар орында тұңғиық қара мәлдір көзі мәлдіреп, бет-жузі алаулап, шамасы, ет қызуы болар, ак мамық көрпеден ақ жастыққа малынған қара шашығана байқалады. Ештене де айта алмай, үнсізғана жақындалап, біреу естіп қалатындей, тек жұқа еріннен сүйіп-сүйіп алды да, шығып кетті. Сол күні сабакта отырып жазғаны өлі есінде:

«Ойлы көзің қарақаттай тұңғиық,

Жатыр қандай тереңінде сыр үйіп.

Жалған сезім, арбай алмас сені де,

Кете алмағын басқа жолға мен қиып».

Иә, осындай өткеннің елесінде тұрған жұқа шалға өзі өмірдегі әдетке айналған шығармалары, бір шумақ ойына орала берді де, күбірлеп өзінен-өзі сөйлеп кетті:

«Сағынышы құшағында көптен күткен,

Жан өрті ой желпиді алау күшлен.

Самалдың сыйбыры да сағыныш бол,

Мың жүлдіз күлкілері еске түскен».

Бақыт, сағыныш құсы кейде төмен, кейде жоғары ұшып тұрғанда: «дед, что вы – поете что ли», - деп Женя деген бала сүтке келіп, ойын бөліп жібергені. Өкінішті-ақ! «Суықтан да сұлу іздеген» осы ма. Ысылдаған ызгарлы сұық жел де, қаусатқан көрілік те адам ойына тұсау болмайды еken. «Көніл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деген ғой бұрында. Жұқа шалдың өмірінде не жайлар болмады дейсін, әттең, уақыт озып, ұмыт болуға айналған кез келді ғой. Біржан ағамыз айтқандай: «Қамзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп, дүние өтерінде шыр айналады», - деп. Сыландағы сырғып, уақыт шіркін, өтіп жатыр. Ой тереңіне сұнгіп, жұқа шалдың көніл күйі өлі де өркілі жайларды есіне алар ма еді, он иығы жеңіл салмақ түскендей болмаса. Артына қараса: өз елінің тұмасы, жас шамасы бес-алты жас кіші ауылдас қарындасы еken. Елуді еңсеріп қалса да, сыландағи киініп, қансонарда із тастар қантардың қызығылт түсті тулкісіндей көнілі жай, алаңсыз өмірдің жайдары шуағында.

-Осы қара сұықта қалталақтап сүт сатып тұрған кім десем, өзіміздің Балабай ағай екенсіз ғой. Я, бала-шаға, бәйбішеніз амандықта болар? Не тұрыс, үйге кіріп, шай-пай дегендей ішіп, жылынып алыңыз, өзім асығып жүргенім.

-Айналайын, рахмет, қайдағы жылыну, мына сүтті сатып бітіру керек тезірек. Көршінің машинасына ілегіп келіп едім. Мүмкін, қазір келіп қалар.

-Осы сүттен бес-он теңге түсетін шығар, сол да ақша ма?! Суыққа тоңып, қартайғанда не сор?

Жұқа шал балалардың оқуын, ақшаның азабын айтып жатса:

-Бала оқып, басыңызға шамшырақ орнатпас, оқығандар да қазір жұмыссыз кешеде қанғумен уақыт өткізіп жүр ғой,- деп жерлес қарындас біраз оқыған-көргендерін жайып салды:

-Екі дүкенім бар еді, соған тағы да товарға бару керек, қазір машинам келуге тиісті еді. Әлгі «девятканы» нолевойдан алып едім, жолдасым соның, тех осмотры» дей ме, әлегінде жүр. Түү, басым да ауырып тұрғаны, кеше бір товарищтің үйінде саунаға түсеміз деп үйге таңның біразында оралып, кеш жатып едім.

Анау да келіп қалар обедіне, қой тездетеійін, кешігіп қалармын,- деп асып жүріп кетті.

Жұқа шалдың ойына ауылдас қарындастының әке-шешесі түсті. шешесі былтыр дүние салғанда, елден жылу жинағандай сыңай танытқан еді. Одан қырқын өткізбеді деп естіл едім. Өмірсіз өлім жоқ, өлімсіз өмір жоқ екенін біле ме шырақтар. Дүние құғандардың бәрі де осындей ма? «Дүние қусаң жа-лықпай, басыңа түскен салықтай». Рас-ая! «Адам тіршілікке қонақ, дүние қай заманда шолақ» деуші еді бұрынғылар. қазіргілер соны білмес те, шамасы. «Құлақ – тыңшы, жүрек - сыңшы» демекші, көптенгі қалада тұратын ауылдас қарындастының: «Бес-он тенгені ақша деп», - дегені жұқа шалды пышақсыз қаралағаны сонша – сұықты да, жарлылық уақытты да жаңа сезгендей қатты назаланып, бейуакыт көзіне жас алды. Аңдап сөйлемегенін ауылдас қарындасты сезді деймісің, дүниеге тұншықтан сәтте, жырынды сөздің жыртығынан, қатқыл жердің буылтығынан басып тұрғанын қайдан сезсін «нұлевой девятка» алғандар.

Үй, бала да келе жатыр екен оқуынан. Оқуынан қайтқан баласын көрген жұқа шал көнілі жылып, бойын күш біткендей екі иығын қомдай: «Балам, келіп қалдың ба?»- деп бір жылы шырай, тәнірден қуат алғандай, еш дүниеге бергісіз көнділ тоқшылығы көкірегін кернеп, киындық бір үміт болды.

## ЖОЛ АЙРЫФЫ

Жастықтың базары тарқап, жас жер ортасынан асқанда артыңа қарап ойланар кез туады екен. Қазірде Шындықтың алпыстың кекжиегіне көз салған уақыты. Кең де жайлы мамық құстесек пен құсжастыққа көміле түйе жүн көрпе жамылып жатқан Шындық тұннің біраз уақыты болса да, айдың терезеден түскен сәулесіне қарап, әлі үйқысыз. Кең төсектің жарт

ысын ала Аруана бір қалыпты кең тыныстап, еш алаңсыз, жайлы, терен үйқыда. Шындық төсекте жатып тың тыңдағандай даладан естілген дыбысқа елең етеді. Ойына оқудағы кенже баласы келген. Жоластарымен кетіп еді, енді сол келіп қала ма деп елендеп жатыр. Осылай жатып өткеннің елесіне айналған жылдар ойына орала берді.

Өткеннің өкініші, адасқан сағаттардан сабақ алған сәттері үмітылар ма жалғанда. Басқа тиғен мен аяққа киген бір шалыс кездің естен кетпейтіні белгілі.

...Шілденің ми қайнатқан алтап ыстығына қарамастан қабыргасын қайыстырып, ауыр жұмыстың қындығынан қаймықпай жанын сала, таңнан кешіне дейін көкеніс қоймасының қабыргасын құйғалы неше күн. Кешқұрым тамылжыған жаздың жанға жайлы самалына басқалар жүзін тосып, өн-күйге толы көндімен алансыз сырласа, назды ерке жарастыққа бөленсе, Шындық ауыр жұмыстан қажыған бойы төсегіне әрең жетеді. Әу баста осыған бармас та еді, әттен, аяғындағы бәтеңкесі тозып, аяққа ілері болмай қалғаны... Жалғыз қамқор апасына хат жазайын, ақша сұрайын десе, оның өзі де шиеттей балаларына жеткізе алмай жүретінін ойлады. Шындық та басқалардай ойнап-кулер еді-ау, бірақ жетім көңілдің желікпе ойын-кулкіге бұрғысы жоқ. Үш жастан-ақ тіршілік тауқыметін сезіне бастаған. Әкені өскерге алғаннан кейін-ақ үш айдан соң шешесі қайтып, алты бала жетім қалған. Кенжесі - өзі. Міне осы сәттен бастап барлық пен жоқшылықтың ара-жігі ашыла бастаған-ды. Естияр шағынан бастап көксегені оку болатын. Ойында «білсем, оқысам» деген мақсат болды да, бар ма, жоқ па деген сауалға тәуекелшіл жас көніл ырық бермедин.

«Ер мұраты – келешек» дегеннен басқа жолы қысқадай болды да тұрды. Талаптансан, тастан да өткірсің. Сыннан кедергісіз әтті. Ал өзімен кластас бір құрбысы емтиханнан өте алмай қалған. Бұл өзірше институттың тәжірибе шаруашылығында. Бүгін тұнғыш степендиясы мен жұмыстан тапқан ақшасын алып, қалаға аяқ-киім алуға бармақшы. Табаны жұқарып, өкшесі жартылай желініп қисайған бәтеңке аяққа ілерге жарамай қалған. Оқуға түскелі алғашқы танысқан құрбысы Жақсылықтың бірнеше аяқ-киімі бар екен. Бірін берер деген оймен сұрап еді, жазығы не, үлтаны қатты, біз тұмсық туфлиін аяған жоқ. Үстата берді. Бірақ әлгі туфли аяғын қысып, қалаға баратын автобус аялдамасына ақсай басып әрең жетті.

«Уң» деп қалаға да жетті-ау. Шындық бірден дүкенге кіріп, езіне лайық аяқ-киім алды.

...Студенттік қызықты күндер өтіп жатты. Бір бөлмеде жаңып, бір топта оқытын қордайлық Мөуленнің үйінен қысқы соғым еті келсе, Шиеліден кептірілген қауынқақ Әбдірахманға

келіп, тәңірдің өзі берген ырыздығын татып жатты. Кейбіріне үйінен ай сайын ақша келіп, қунде той тойлап жатқаны.

Шындықтың сабактан келген беті. Кіре берісте вахтердің үстелінде жатқан хаттардың арасынан өзіне келген жиырма со-мның құжат қағазын көріп қуаныш қалды. Жездесі жаңа жыл мейрамымен құттықтаап, ақша салыпты. Қуанышта шек болса-шы! Ақшаны сол күні алып үлгерді. Өмірінде алғаш алған ақшасы. Қуанғанынан көңілі босап, кезіне жас та келді. Қайтсін, жетім көңіл жылауық.

Әй, сол мейрамды, сол күнді Шындық ұмыта алар ма? Қуаныш пен реніш бірге жүретін әдеті ме, қуанғаның шегі бар, бұл бір өмірдің жазылмаған заңдылығы болса керек. Мейрамға қарсы басқаларға да ақша, құттықтаулар келмес пе. Не керек, сол кеш ақ көбігі көпірген күрең сырдан басталып, жолда-жоралардың ортасында оған артынан ағы да, көгі де араласса керек. «Жарлының аузына ақ тисе, мұрны қанайдының» кері. Қөнілде – көктем, сөздері өктем күйде жатаханаға келсе, ездері секілді қөздері қызырған, сөздері қызыдаған, «сен тұр, мен атайындар» кездесе кетті. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен үят кеткен» сәтке дәп келгені. Енді бірде тұманның арасынан шыққандай, ес кірген сәтте аңдаса, өзі төбелесте құлаған бір жігіттің басына су құйып тұр. Қабырғадағы ілулі тұрған ра-диоқабылдағыштың еденге ұшып түскенін біледі. Бір кезде қызылжагалының өзі мен жанындағы Тұрсынды тұрғызып әкеткені есінде. Ендігі көргені: ана жері көгерген - сақал мұрттан құлак-мұрны ғана көрінетін келенсіз біреулер. Солар-дың арасында он күн бойы иіс-коңысқа тұншығып жатты екеуі. Үақыттары бітіп жатаханаға келсе, бөлмелерінде – басқа сту-денттер, бұрынғы бөлмелес жігіттер бұларды танымайтын сы-най көрсетті. «Арақ ішіп, жатаханада төбелес-жанжал шығарғаны үшін институттан шығарылды», - деген ректордың жарлығы шығыпты. «Керіскеннің керісі келген бакытты кетірер» деп халық тегін айтпаған болар. «Бақ адасса, батпаққа қонадының» кері. Қионын таппасаң, қыдырдың кетері хак. Әттең-әттең, бар болып тумаған қуана да білмейтіні табиғат заңы ма екен? Қайран жастық болашактың үмітін бір сәтте қалай үзді?! Кезі келсе, быламыққа тіс сыйнатыны осы екен-ау. Асуға шығар жол қалай қыын болса, тәмен құлдилау оп-оңай екен. Қап, өмірлері өксүмен өтпек пе?! Суықтан су мұздайды, намыстан жүрек сыйдайды, не істей керек? Түяқ тірер тұғыр жоқ. Жайлауын жау алып, өрісін өрт шалғандай. Кімге бармак,

кім мұны ақтамақ? «Патшамен сөйлесетін адам жібектей жұмсак, түбіттей ұлпа сөз табуға тиісті», деп бір дана айтқандай. Тұрын екеуі ректорға өлердегі сөздерін айтып етініп барғанда:

-Бір жылдан соң келіндер «жақсы жұмыс істеді, тәртіпті» деген мінездемелерің болса, окуға қайта аламыз, - деген. Осы уәде көңілге медеу, алыста бір жарықтың қылаң бергеніндегі үміт үшқынын қалдырған. Көңіл хошы – сол бір ауыз сөз.

«Әр түннің бір күні бар» деп түрік ағайындар айтпақшы, Шындық пен Тұрынға да күн туар.

Етектен тартқан елеусіз кез осылай басталды. Бұрын да атапарымыз айткан фой: «Жан жарадан сақтасын, былай қойышы басқасын», - деп. Қысқа өмірде алғаныңың бергеніңің көп болғаны сәттілік емес пе. Келесі үрпақ кәдесі бар мойнымызда. Енді олар бізден не күтер, не демекпін болашақ үрпағыма?! Бір көште аласып, «өлімді жерде ынсансыз ыржақтайды, арам сейлеп былғақтайды», - деп тіпті басқа тиер таяқтан да, қақпан түсер аяктан да қорықлапты-ау. «Бастағы бақ аулаға қонған құспен тең» деген рас екен.

Шындық осыны түсінді. «Бетен елдің тамызында да салқын бар» дегенді есте тұтып, жас жігіт туған ауылына қайтқан. Елге келіп совхоздың шаруашылығына араласты. Қайда жұмсаса да, бас тартқан емес. Уақыт осылай өтіп жатты.

«Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін» деген фой. Бесеубай қария сүрінгенге сүйеніш, қиналғанға – қорған, жақсы іске жанаширылғық ниеті мол адам еді. «Балам, окуынды тастама, ол – келешегін», - деп ақыл беретін. Бірақ ол бір дәме бар да, дәрмен жоқ шақ болатын. Тұрмыстың қысқа тізгіні мұны шыжымдап алысқа үзатпады.

...Шындық осылайша өткеннің елесіне еріп, ойы өткенде, өзі төсекте жатып, ертеде бір жазған өлең жолдарын қайталай берді:

«Бұл өмір кейде толқын, кейде ағын,

Күр бекер өткізген көп жастық шағын...»

Ал үйқыдағы Аруана оқыс шыққан үннен шошып оянғандай, көрпе астынан шалын түртіп: «Ой, шал, үйқысырап жатырсың ба, тұн ортасында өлеңдетіп», - деп ауыр денесін қозғап қойып, «күн» деп бір күрсінді де, кең тынысты, қалың үйқыға кетті.



### **Дәстен БАЙМУҚАНОВ**

1958 жылы 9 қаңтар күні Бірлік ауылы Шал ақын ауданында дүниеге келген. 1979-1983 жж. Петропавл педагогикалық институтының физико-математика факультетінде оқып, 1983-1990 жж. Шал ақын ауданы Соколовка 8-мектебінің директоры, 1990-1995 жж. Жамбыл аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, 1995-1997 жж. Жамбыл ауданының өкімінің орынбасары, 1997 жылдан бастап жеке көсілкер болып жұмыс істеді, «Баймұқанов және К командаиттік серіктестіктің құрылтайшысы және директоры болып жүр.

## ШОШАЛАМ

Шошалам, менің шошалам,  
Шаңырағың кертпе, көнеден жеткен босағам.  
Жабуың шым, қабырғаңды талдан жасаған.  
Шошалам, менің шошалам.

Шошалам, менің шошалам,  
Кертпенді қамдап қашаған,  
Күмбезі биік болсын деп,  
Тіреуін қойған ашадан.

Шошалам, менің шошалам,  
Қойныңдағы сырды қалай аша алам,  
Атамнан қалған аманат,  
Көргенде көзге жас алам.  
Шошалам, менің шошалам!

\*\*\*

Қамшыла мені шабытым, қамшыла,  
Қиналсын көйл, көзден қан шыға.  
Толассыз жауып тасқынды суға айналған  
Тауды тесіп, тасты жарар тамшы да.

Қамшыла мені шабытым, қамшыла,  
Қалмасын жүрек қапастарда жанишыла.  
Делебе демеп, қоздырып көңіл қуатын,  
Қалмайын үйіктап, пірім келсе – таң шыға.

Қамшыла мені шабытым, қамшыла,  
Ұшайын биік көк найзадай шаншыла.  
Батырға балап, батасын берсін,  
Алдыннан аппақ шал шыға.

Қамшыла мені шабытым, қамшыла,  
Көрінсін көпке шабысым, шаң шыға.  
Топшымен қағып, қанатын кең сермеген,  
Самғасын сазды, қиялым менің қаршыға.  
Қамшыла мені шабытым, қамшыла!

\*\*\*

Желтоқсанның желке қияр ызғарында,  
Көңілде күдік жүректе жара, сыз барында.  
Намысы айдарлы елдің қалған екен,  
Қазақтың қос бұрымды қыздарында.

Тоқтатам деп ағаларды шығыпты алдан,  
Аулақ деп, кейбіреуі бұғып қалған.  
О, тәңірім ақ жолында сақта бізді,  
Оң аяғын қорқып басқан ғарылтерден.

Сақта бізді қоңсық мінез ғарылтерден  
Бүгіндері кеуде қағып, жілікті алған

Баса көктеп боздак қанын белшеден,  
Кенедейін қан соратын желкеменен телшеден.  
Сақта бізді сары жолдың үстінде,  
Пасықтардан басқан ізін өлшеген.

\*\*\*

Жолаушымын, жалғандагы жақсылықты терген көп  
Айта алмаймын, арзанның деп, зердем жок.  
Біліктігін бүрмел көптің жүрсем де,  
Өз басымда ұлылықты көргем жок.

Мен пендемін, күн жолымен жарысқан,  
Арайлы тацмен нәресте боп танысқан.  
Қалайша мен кеміспін деп айталаам,  
Бастарына бақ байлаған, бабаларым данышпан.

Мен пендемін қара жолда шаң жұтқан,  
Түнде жүріп, толықсымай таңда үтқан.  
Көргенім көп, көл көсірғып айтатын,  
Бірақ алшактын аса биік пандықтан.

Мен пендемін, уақытты қуған демігіп,  
Жүретүғын бірде зерек, бірде кем үғып.  
Кезім болад құйын қуып кететін,  
Көктемдегі қызыл желдей желігіп.

Мен пендемін басқа ізін тізбейтін  
Ізгіліктен парасатты іздейтін.  
Ауылым бөлек ала көңіл адамнан  
Көріп тұрып, қыз көктемді күз дейтін.

Мен пендемін жазда күнмен жарасқан,  
Жарысада желік басып, таң асқан.  
Қара жауын тұтас тұрып тәксе де,  
Маған сұлу түнеретін қараспан.

\*\*\*

Жігерін жеген біреудің, шоқ пен кек,  
Жалығыр жасып, жақаурап та шөккен көп.  
Жанымды жеп, жарыса көппен журсем де,  
Заманға мынау, шынымды айтам өкпем жок.

Иә, шыным, заманға мынау өкпем жок,  
Түссе де ауыр, басыма салмақ тепкем жок.  
Сарғайған семіп, салқындағы сары күз,  
Көрінеді көкжиекте көктем бол.

Налымда достым өмір сондай өңсіз деп,  
Алдамшы күнім, жай әншейін жөнсіз көп.  
Кетпесін несібенді олжа қылып,  
Кек атты көлдененен сенсіз кеп.

Кетер жүкті, дірілдеп тізгін шекпесін,  
Шеккенің достым, туыс шетке сын.  
Тебендер, терлеп, тіккен тағынды,  
Кексоққы келіп, аударып-төгіп кетпесін.



### **Сергей БАЙМУХАМЕДОВ**

Сергей Баймұхамедов 1950 жылы Петропавл қаласында туған. Мәскеудің Горький атындағы өдебиет институтын бітірген. Бірнеше кітабы жарық көрді. Шығармаларын орыс тілінде жазады. Қазір Мәскеу қаласында тұрады.

## САУРАН

Мен үлкен, ескі үйде тұрамын. Біздің үйдің терезелері қаракөлеңкелі бақшаға ұқсайтын Мәскеудің байырғы, ескі ауласына шыққан. Бірақ, қазір қыс, аула ішіндегі теректер сидиып жалаңаш түр, дәл мениң тереземнің түбіне өсіп, үшінші қабатқа дейін жетіп тұрған мойылдың ғана бірлі-жарым жемістері қалған. Оны да жақын күндерде шымшықтар шұқып бітіретін шығар деп ойлаганмын, бірақ, бір қызығы, тыптырап, жан таппайтын олар мойылдың көрініп тұрған жемісін шұқымай, әдейі кейінге қалдырып жүрген сияқты бұтақтан-бұтаққа секіріп, шоқтанған дәндерді қозғамай, айнала ұшып жүреді, ал кейде олардың томпиып, тым-тырс отыра қалғанын көремін.

Маған осы шымшық торғайлар қатты ұнайды. Күз келіп, сұық жаңбыр жалаңаш бұтақтардан тамшылап, жер-дүниенің бәрі құдайдың жаратқан мақұлық атаулысына сүйкімсіз болып, ұша алатынның бәрі жылы жаққа бет алғанда осы бір құс тектес ұсақ жан иелері ешқайда бармай, туған жерінде қалады. Пакырлар қыстан сұық пен аштықтан басқа не күтеді екен? Өзінің аталастары сияқты неге ұшып кетпейді екен? Не де болса олар осында, туған жерінде шыдап, көктемнің келуін күтеді.

Көктемнің алғашқы хабаршысы ұзақ қарғалар деген жаңсақ пікір бар. Ақпанның аязды күндерінің бірінде, әлі далада қалың қар жатқанда, көктемді күтіп жүрген адам таңертен ерте далаға шықса мұрнына әлдеқайдан бір басты айналдыратын, таза, өкпек жел үрады. Бұл - жаңа жылдың, жаңа көктемнің лебі. Бірақ оның да алдында, көктемнің алғашқы қара желі соқпай тұрып, жыл келе жатқанын шымшықтар білдіреді. Ақпанның таңында шымшықтың шырылын естіп көрінізші. Олар бұл уақытта күз бен қыстағыдан бөтен, тіпті жаздағыдан да ерекше дыбыспен шырыпдайды.

Олардың бұл шырылы – қыстың жеңген жеңіс шырылы еді.

Бір шымшық желдеткіштен үйге кіріп кеткенде мен осыларды ойладап, терезеге қарап отыр едім. Есі шығып кеткен жазған алдымен тәбеле қонды, одан қалбақтап, бөлмені айналып бүрыштан бүрышқа ұша бастады. Аздап есі кірген соң қалай қарай ұшуды анласа керек: терезеден көрініп тұрған ағашқа бет

алды. Бірақ еркіндікке қарай пырылдап бара жатқан ол әлденеге үрынып, сұлап тұсті. Тұсінбей қалған басы тұра салып, терезенің шынысын қанаттарымен сабалап, аяқтарымен тырналап далаға ұмтылумен болды. Бірақ «әлдене» оны босатпай-ақ қойды.

Әбден болмаған соң торғай менің төбемді айналып жылдам үша жөнелді де, кішкентай торпедаға ұқсал, қатты екпінмен келіп терезені үрып еді... жақтауға топ ете тұсті. Кішкентай қанаттары жайылып, аузы ашылып, есінен айрылған адамша көзі шарасынан шығып кетіпті.

Мен оны қолыма алып едім, қатты бұлкілдеп жатқан журегін сезіп шошынып қалдым. Осындаған сезім жас сәбидің басынан сипасаң саусақтарының астында оның бұлкілдеп жатқан еңбегін сезгенде болатын...

Көп кешікпей торғай есін жинады: мен алақанымның ішінде оның тырпырлағанын сездім. Аузы да жабылып, көзіне де жан кірді. Желдеткішке жақын келіп, қолымды далаға шығардым да алқанымды ашып едім, шымшық үша жөнелді.

Мен жазу столыма отырып, терезенің мөлдір шынысынан ағаштарға, үйлерге, сүр аспанға – осынау күнделікті жақын әлемге қарал тұрып кенет бойымды қорқыныш билеп кетті. Жаңағы торғай да мен сияқты құдайдың жаратқан жан иесі ғой, оның да көкті, үйлерді, ағаштарды көретін көзі бар, апымрай, жаңа осы өзі көріп жүрген әлеммен екеуінің арасына әлдебір белгісіз кедергі тұра қалғанда ол қандай сезімде болды еken? Және соның тұсініксіздігінен, жаттығынан, тағылығынан, катігездігінен торғай жаны қалай шырылдады еken?

Осыдан он алты жыл бұрын... иә, он алты жыл бұрын, сегізінші класты бітірген жылғы жазда әкем мені Тұмен жерінде жатқан Козловка атты деревняда тұратын Назымбек деген тамырына демалысқа жіберді. Бұл Тұменнің онтүстігінде, Қазақстан мен Сібірдің арасында, қалың орманының ішінде орналасқан шағын ғана ауыл еді. Бір тұзудің бойына орналасқан он екі үйлі тып-тыныш мекенде жайшылықтағы ауылдардың бәрінде болатын: техниканың шуылы, шашылып-тегілген теміртерсек, үйліген тырма, бұрқыраған шаң, тас үй, бұзылған барак, тегілген май сияқтының ісі де көрінбейді. Тым-тырс... Үйлердің аулаларында қақпақ, жоқ, тек мал кірмес үшін қисайған екі ашаның ортасына сырғауыл еткізе салыпты.

Мұндағы тұрғындардың бәрі дерлік малмен ғана айналысады. Тіпті бесіктен белдері жаңа шыққан қарадомалақтарына дейін атқа міне шауып, мал қайырып келуге жарайды екен. Назымбек те жыл сайын баласы Амантай екеуі кеңшардан екі жүздей қара мал алып бағатын көрінеді.

Назымбектің отбасы үлкен емес: Амантай деген менен бір жас кіші ұлынан басқа Әлия есімді дөңгелек жүзді, алты жасар ерке қызы бар. Қайтыс болған әжесінің бауырында өскен семізше қыздың еркелігі сондай: ол әкесінен бастап барлық үлкендерді атымен атайды. Қашан көрсөн әкесі құсан «е-е» деп созып алып, үлкендерше ділмәрсіп сейлемеп отырғаны. «Е-е, Назымбек, әйеліңе айтсайшы, бізге тамақ бермеуші ме еді» дейді ол бірде, немесе: «Әй, Кекат, есің дұрыс па? Қайда кимелеп барасың? – деп әкесінің жұмысқа мінетін атына ұрсып жатады.

Назымбек өзі қайыңның безіндей берік, орта бойлы, дәнбектей дембеліше адам. Кескіні қарасүр, нағыз қара қазақтың өзі. Ал әйелі мен балалары аққұба, сарғыш өнді. Амантай менен бір жас кіші болса да, дуниеге, шаруага ебі менен әлдекайда күшті. Өз бетімен ат ерттеп, жегіп, керек болса тұяғын қашап үлкендер істейтін барлық жұмысты оп-оңай атқара береді. Денесі де мығым, маған қарағанда әлдекайда ширақ, әлді, қолдары да үлкен адамдікіндей, менікімен саластырғанда абажадай болып көрінеді. Мал қайырып жүргенде үлкендер айтатын барлық дөрекі сөздерді емін-еркін айта салады және бірде-бір адам «онаң не» деп жатқанын да көрмедім. Бәрі де үйреншікті, солай болуға тиісті дүние сияқты. Бір қызығы, Амантай күнге күймеген, шешесіне тартқан аққұба өні күнге қызырып, долырып жүреді, ал терісі... шешінгенде оның аппақ күйінде екенін көріп таң қалдым.

- Сен неге күнге күймейсің? Мына қарааш, менің денем қалай күйген,- деп мен өзімнің арық иықтарымды көрсеттім.

- Күнге кую дейсің бе? – деді ол маған кекесінмен қарап,- онымен қалалықтар айналыса жатар, ал бізде мында маса, оның үстіне...- деп ол ар жағын айтпай үнсіз қалды.

Оның түсінігінде: күнге кую деген еріккеннің ермегі сияқты нәрсе еді, шаруа күйіп, жұмыс бастан асып жатқанда күнге қызыдырынып шалқадан жату ауыл баласы үшін жат қылық екен. Амантайдың үндемей қалғанынан мені осыны үқтый.

Ауылға келген күннің ертеңіне Назымбек аға маған өзінің

малға мінетін көк атын берді. Бұл ат бір жуас, оның үстіне биік, «мың салса бір жортпас» делінетін жуан қарын, қазак: «қойшының аты» деп кемсітетін жылқының түрінен екен. Ердің үстіне қарғып мінген мен тақымды қағып қалып едім, ол орнынан еріне қозгалып, зорга жүрді. Тізгінді тартқыладап, қайта-қайта тебінген соң шек-қарынды соқтырып, өзінің тышсыз жүрісімен тепектел, жортқан болды.

Амантайдың астында кеңшардың мал бағуға берген жарau аты бар. Осындағы орыстардың салтымен оған «Гашка» деп ат қойыпты. Тақымды қысса жүйткі жөнелетін соны мінген Амантай бірсесе менің алдымға, бірсесе артыма шығады. Гашканың тізгінін тартса, ол ауыздығын шайнап, басын қақырайтып алады екен. Мен де көк аттың басын солай көтертейін деп тізгінді тартсам, ол елең де қылған жоқ. Қалай дегенмен де өзім атпен келе жатқаныма мәзбін.

- Ал қалай?- деді Назымбек аға біз атпен ауылды бір айналып келгенде.

- Жақсы, бірақ аздап соғып тастанды.

- Ештеңе етпейді, өлі-ақ етің қатып, үреніп аласың.

- Сен оны қатты желдірем деп ойлама,-деді Амантай, - онда бұл жаман тұғыр басын жерден алмай тұқырайтып алып, сүріне береді.

- Неге, аяғының астына қарап отырған ат сүріне ме екен?- дедім мен.

- Жоқ-а,- деді Назымбек аға, - басын биік үстайтын жылқығана сүрінбейді.

Сол күні Амантай екеуміз аттан түспедік. Ауылдан аулаққа шығып бір-ер шоқты айналған соң Амантай: «Ал енді Козловка қай жақта екенін көрсетші» деді. Мен жаңылмай көрсөттім. «Дұрыс», - деді Амантай. -Анау көрінген кішкентай шоқты көріп тұрсың ба?

-Иә,-дедім мен.

-Мен қазір сенің көзінді байлап, соны үш айналдырсам сен ауылды таба алмай қаласың. Осыған бәстесесің бе?

-Бәстесем, -дедім мен, шағын шоқты айналғаннан қалай адасуға болатынынын түсінбей.

Кез байлайтын орамал таппаған соң мен басымдағы қалпағымды көзіме түсіре киіп, оны жұмып отыратын болып келістім. «Бірақ алдама!» - деді Амантай. «Алдамаймын»-дедім

мен.

Сонымен қап-қараңғы дүниенің ішіне кіріп кеттім. Аттың үстінде тербеліп келе жатып, басым да айнала бастады. Құлағыма жарқын жаздың дыбысы ғана естіледі. Ызындаған маса-соналар, шырылдаған шегіртке, құйқылжытып әнге салған құстар үні – бәр-бәрі нешетүрлі болып қосылын, жолды бітірмей тұрып алған сияқты. Ердің қасынан ұстап алған маған тербелген жол ешқашан бітпейтіндей көрінді. Біз тым ұзак жүрдік.

-Ал, қане, көрсетші, Козловка қайда?-деді Амантай бір уақытта.

Мен басымдағы қалпақты алып, асықпай көзімді аштым.

-Ал?-деді Амантай. -Қайда?

Мен басымды шайқауға ғана жарадым. Егер мен Амантай-дышың алдамайтынына сенбесем басқа бір жерге алып кеткен екен деп ойлар едім. Ағаштар да, далаңдайлар да сол өзім көрген болғанымен бәрі де өзгеше сияқты. Мен тіпті бұрынғыдай көріп, ести алмай қалғандаймын. Басымда тек даланың ызыңы ғана тұр.

Мені бәстен ұтылғанына ренжіп қалды деп ойласа керек:

-Мен де адасып қаламын,- деді Амантай. -Алысқа апарып бір шоқты үш рет айналдыrsa бәрі де адасып қалады. Жидек жейсің бе?

-Жеймін,-дедім мен.

-Жүр кеттік онда,- деп ол Гашкаға тақымын қысып қалды. Мен де Амантай құспал жүйткі жөнелмек болып, шалып түрган көк атты тебініп қалып едім, ол орнынан зорға қозғалды.

-Әй, тұра-тұршы,-деді Амантай. Сосын қалтасынан бәкі алып шығып, қайыңнан бір шыбық кесіп алды. Әлгінің жапырағын сыйдырып тастап маған ұстартты да:

-Мә, аттар шаптан солқылдақ шыбықпен ұрғанда зырлап отырады,-деді ол.

Амантайдың айтқаны дәл келді, Көк ат шыбық тисе болды,. ышқына жөнеледі. Содан бастап менің де көзім ашылды.

Жидек жейтін жерге келіп аттан түскенде, тақымымның дызылдан ауырғанын сездім. Таралғының жалпақ қайысы жіліншігімді де ауыртып тасталты. Бірақ арқамнан бір ауыр жук түскендей жерде жүру ерекше жеңіл болды, сөйтсе де аяғымды аттамалдан басатынды, оның үстіне аздап теңсепетінімді

аңғардым.

-Жидектерің қайда? – дедім Амантайға. Ол аттардың ауыздағын алғып, алдыңғы аяқтарын тізгімен шалып, отқа жіберіп жүр еді:

-Дөл сол тұрган жерінде, - деді.

Аяғымның астындағы жалпақ қазтабандарды жазып жіберіп, астына қарасам шынында да бармақтай-бармақтай, қып-қызыл жидектер тенселіп тұр. Біз бір жерден қозғалмай, жата кетіп, даланың дәмді, ауызға салып жібергенде езіліп кететін бал жи-дегіне қарқ болдық.

-Қалада балмұздак сатад, іә?- деді бір кезде Амантай.

-Иә,-дедім мен, - жай ма?

-Жай... Мен де былтыр Ишимге барғанда жедім...

Мен оның балмұздак жеген сияқты түкке тұрмайтын дүниені сөз қылғанына таң қалдым.

-Қызылжар үлкен қала ма? – деді ол тағы. – Ишимнен үлкен бе?

Бұлардың Ишим дегендері Тұмен облысындағы аудан орталығы және осы өлкениң адамдары «қала» деген сөзді айтса, оның Ишим туралы болғаны. Оның жанында Қызылжар облыс орталығы, үлкен қала емес пе?

-Үлкен,-дедім мен. Ишимнен он есе болмаса да бір сегіз есе үлкен шығар.

-Саған қалада тұрған үнай ма?

Бұл да менің күтпеген сұрағым еді. Үнай ма, үнамай ма, ол туралы ешқашан ойланып көрмеппін. Сонда тұған соң тұрып жатырмыз, өйтепеір. Бірақ Амантайдың сұрағын жауапсыз тастамай:

-Әрине, үнайды,- дей салдым. – Жай сұрадың ба?

-Ал маған осында үнайды,-деп ол шалқасынан жата кетті. Көзінің қыығымен аттар жаққа да қарап қойды.

-Маған осында үнайды,-деді ол тағы да көк аспанға қарап жатып, сөл ғана күрсініп.

-Онда не тур, маған да үнайды,- дедім мен үнсіз қала алмай.

Сонсоң біз біраз уақыт үнсіз жаттық.

Осы күндері ойлаймын, мен гой сол жерде «үнайды» деп жай айта салдым, ал Амантай болса «үнайды» дегенде басқа бір нәрсені айтпақшы болған сияқты.

Сонымен күндердің қалай өткенін сезбей, Козловқада тұрып

жаттым. Таңғы сағат бесте тұрып мал өргіземіз, салқын қымыз ішіп алып, ат ерттеймін, қамшины шатырлатып, күйіс қайырып, түрғысы келмеген малды шашпадан қуамын, жанымда Назымбек ағай болмаса Амантай айтатын боғауызды мен де айтамын. Сөйтіп маңының мазасыз тірлігіне толық көндігіп келе жаттым.

Бір күні Назымбек ағай мен Амантайдың өз ара: «Куренді көрдің бе?» деп, қысқа ғана құбір ете қалысатындарын аңғарып қалдым. Қайсы сол күні мал бақса: «Көрдім» дегеннен басқа түк айтпайды. Экелі-балалы екеуінің жұмбақ жауаптасуы осымен аяқталады. Бірақ мұндан әңгімені күнде естімін. Тағы бірде мен олардың кезекпен, ат дорбасына салып, бір жаққа сұлы әкететінін де аңғарып қалдым. Бұл жүріс те мен үшін жұмбақ болып жүрген Куренге байланысты еді. Ақыры шыдай алмаған мен бір күні Амантайға:

-Курең дегендерің не?-деп сұрадым.

-Біздің ат қой,-деп Амантай құлықсыз тастай салды.

-Сендердің тағы да бір аттарың бар ма еді?

-Бар.

-Ол қайда?

-Анда...- деп Амантай орман жаққа қолын сілтеді.

-Оны неге Курең деп атайдындар?

-Курең... Өйткені түсі күрең,-деп Амантай әрі қарай сөйлескісі келмейтін сыңай білдіріп, шорт кесті.

Осы әңгіменің ертеніне Амантай күтпеген жерден маған: «Куренді көргің келе ме?» деді. «Әрине» дедім мен.

Екеуміз тез арада аттарымызды ерттеп, қалың орманға қарай шаба жөнелдік. Біз көп жүрдік. Екі-үш аланқайды етіп, одан халықтың отынға ағаш алған жерін айналып, тағы да бір шебі шүйгін, алтын табақтай, дөп-дөңгелек кеңірек аланқайға шыға келгенімізде, ақ қайыңың бауырында оттап жүрген жалғыз жылқыны көрдік. «Әне, Курен», - деді Амантай.

Неге екенін білмеймін, біз аттарымызды жақындаған сайын ақырындағы, оған аяқмен келдік. Әлден соң Амантай атынан түсіп, сұлы салынған атдорбаны қолына алды да Күренге қарай жаяу жүрді. Бағанадан бері біздің барлық қылышымызды бағып, қамыс құлағын қайшыландырып, қарап түрған ат біз жанына жақындағанда амандасқандай болып, кең танауын желбіретіп, ақырын ғана оқыранды.

Жұз, тіпті екі жұз жылда да жер бетінде өмір сүрген кейбір адамдар нағыз пырақты қөрмеуі мүмкін, бірақ олардың балалары, немесе немере-шәберелері қапелімде көре қалса, оның нағыз пырақ екенін бәрібір бірден үфар еді.

Күрең біз жақындағанда қырында оқыранған, соның өзінде оның танауының кеңдігі білініп тұрды. Мына танаудан еркін кіретін мол ауа оның кең кеудесін толтырып, қандай жылдам шабыстап қайнаған қан болса да оңай салқыннататын шығар. Ол бізге қарап қояды, біз де одан көз алмаймыз, тіпті Амантай да үннен қалған.

Күрең жал-құйрығы төгіліп, денесінде бір міні жоқ сұлу болуымен қатар, аса ірі де екен. Егер көзім онымен қатарлас түрған Гашкаға түсіп кетпегендеге оны байқамай да қалар едім, ейткені Күреңнің бар денесі біргұтас болып, ешбір артықтыртық, ірлігі білінбей, сом темірдей шебер үйлескен екен. Жайшылықта таудай болып көрінетін Гашка Күреңнің жанында тайдай-ақ болып, қораштанып қалды. Алдыңғы екі тұяты биіктеу жерге тұрып, кең омырауы айқын көрініп түрған Күрең тұғырға тұра қалған қола ескерткіштей еді. «Ойынды етті омырауынан» басталған оның ұзын денесі сауырында тартылып, бауырынан жараған хаса жүйрікті еске салады. Ал арқасында, майда жалдың шетінен бастап, құйымшаққа дейін тартылған жалпақ, қара жолағы да бар екен.

Иә, бұл – сауран еді.

Меніңше, әрбір халық өзі ерекше деп сйлаған аттың суретін қиялында жасайды және бұл сурет олардың тұрмыстіршілігімен байланысты болып, кейін пыраққа айналатын сияқты. Соның бір мысалы, арабтардың өркениетке ерте жеткенін паш еткендей олардың жерінде өмірге келген аса сұлу, аяқтары жіңішке, биік арғымактар. Ал казактың аптал шөлді жазы мен бүрк-сарқ, қатал боранды қысқы даласында, шапқыншылық пен жаугершіліктен ғана түрған өмірінде халықтың қиялышынан туып, дүниеге келген ат – сауран болатын. Оның тамырында асыл текті арабы арғымактың да, ақалтекенің де, монғолдың мықты, тәзімді, алысқа шабатын атының да қаны бар еді. Далада жайылып жүрген мыңдаған жылқының арасында, бір құдайдың құдіретімен осындай ерекше жылқы өзінен-өзі түзілген. Оның үшқырлығы мен жүйріктігі, тәзімділігі мен күштілігі - барлық аңыздар мен өлеңдерге арқау болған, аттың

пырағы, арқасында жолағы бар делінетін сұлу сауран - осы еді.

Біз Козловкаға қарай үнсіз аяңдап келе жаттық. Кенет, менің ойымды сезгендей Амантай:

-Сен онымен журе алмайсың, басы қатты... Ие бола алмайсың... Мен де ие бола алмаймын -деді.

-Сонда кім ие бола алады?

-Әкем. Бірақ бар желісіне жіберу үшін арбаға жегу керек. Оған мықты арба керек, біздікі жарамайды, донғалактары үшіп кетеді...

-Ал мұндай ат басқа жерде бар ма?-дедім мен, бүкіл әлемді ме, өлде осы аймақты ма көрсеткенімді өзім де білмей қолымды сілтеп.

-Жок,-деді Амантай. -Және ешқашан да болған жоқ дейді әкем. Бұрын Александровкада Қожахмет деген тұрған, сол осы маңайдағы ең күшті аттарды ұстаған екен. Ал Қүрещекен соң Қожахметтің аттары сасай болып қалды. Қазір ол Ишимде тұрады, заготовитель болып істейді, Қүренді сатыш деп әкеме жылда келеді.

Козловкаға жақындағанда ауылдың жылқы табынын көріп, мен Амантайдан Қүренің жылқыларға қосылмай жалғыз жайылу себебін сұрадым.

-Болмайды оған...- деген Амантай өзі сасып қалды да, әрі қарай іліп әкетіп: --Ол жалғыз жүргісі келеді, жалғыз жүргуге дағдыланған...- деді.

Бұл сөздерді ол маған бір жұма бұрын айтқан болса мен аузымды ашып сенер едім, бірақ қазір мені олай алдай салу қыны еді. Сондықтан менен жасырылатын бір құпия барын сездім.

Екінші күні Қүрещекен ауылдың жылқысымен бірге келіп, маса-сонадан үйездеп, ескі атқораның жанында тұр екен. Мен Амантайға Қүренің тұрғанын айтып үлгіргенімше болған жоқ, ол Гашкаға жайдак мініп, тұра шапты. Қалың жылқының ішінен Қүренді ұстал, тез-тез нокталап алды да, жетектеген бойымен кешегі жүрген алтын табақтай алаңқайына қарай шауып кетті... Мен олардың менен бірдеңені жасыратындықтарына анық көзім жетті. Менен жасы кіші Амантайға белгілі құпияны маған айтпай сенімсіздік көрсеткендеріне енді өкпелей бастадым. Бірақ Назымбек аға мен оның әйелінің мен дегенде құрақ үшіп, асты-үстіме тұсулері өкпе сактауға орын қалдырмады. Оның үстіне өзім де бір ерекше ермек тауып, өкпелеп отыруға уақыттым да

болмайтын. Енді менің күні бойғы ермегім де Күрең болды: таңтерен тұрғаннан көк атты ерттеп аламын да Күрең жүретін аланқайға аттанамын.

Аланқайға келген соң көк атты тұсап жіберемін де өзім ұзақ уақыт бойы Күреңге қарап отыратын едім. Шынын айтсам, мен оның үлкен мейірімді кездеріне ғана ұзақ қарай алмадым, ал басқа суреттер: ол оттап жүрген жасыл шалғын мен қайыңың дінгектеріне дейін – бәрі көз алдымда. Мен келген бетте Күрең дәл алғашқы күнгідей оқыранып «сәлемдесетін», сосын бір-бірімізге ұзақ қараймыз.

Ауылдың басқа жылқылары тұсамыспен секектеп жүрсе де Күреңнің аяғына тұсау салынбайтын. Бұл да мен үшін бір қызық жайт еді: ауылдағы ең жүйрік, ең жылдам ат тұсалмаған - еркін жүреді...

Күрең оттап жүріп, кейде басын көтеріп маған қарап қояды, менің отырған, отырмағанымды тексеретін сияқты. Ол басқа жерге жылжыса мен де сонынан келетінмін. Міне, осылай екеміз ұзақ сағаттар өткізуші едік.

Сонымен менің кететін уақытym да болды. Назымбек ағай мені Александровка селосына әкеліп автобусқа отырғызып салды. Қолдарында үлкен себеттері бар шулаған, қызылбет Әйелдермен бірге мен де автобусқа отырдым. «Ендігі жылы тағы келемін» деп айғайладым Назымбек ағайға терезеден. Ол күлімдеп қолын бұлғап тұрды.

Келесі жылы мен Козловкаға бара алмадым. Бірақ барлық әңгімені кейін әкемнен естідім. Неге екенін кім білсін, сол жылдары өкімет жылқы малын азайту жөнінде қаулы қабылдапты. Жеке шаруаға бір-ақ жылқы ұстауға рұхсат беріліпті де, қалғанын дереу етке өткізу керек екен. Бұл шешім өсіреле Назымбек ағаға ауыр болады. Шаруашылыққа мінетін Қекатын ол қалай өткіzsін, ал Куренді ше... Қыздай мәпелеп жүрген сүйікті Күреңінен ол өлсे айрылар ма? Не істемек керек?... Мен Козловкада болған жазда ағаның басы осы ойдан дал болып жүреді екен ғой. Сондықтан да ол Күреңді кісі көзінен аулак, қалың орманға жайып жібереді екен. Иесінің осы шырғалаңын сезгендей ақылды ат та орманда жалғыз өзі журе береді екен, кейде ғана алыстағы жылқының дыбысына үйірсіп келіп, қосылып кетеді екен.

Бірақ бұлай жалғаса беруге болманты. Қараша келіп, қар

қалың түсө бастағанда Нәкең Күрәнді амалсыз қолына алып, аулақта түрған ескі қораға кілт салып, тығып үстайды. Бұл кезде аға үйде өздері ғана: Амантай мен Элия Александровқадағы интернатта оқиды екен. Сөйтіп Назымбек аға жұрт көзіне көрінбей Күрәнді түнде ғана өзі жайлап, отын-суын береді.

Бір күні Назымбек үйіне кеңшардың бөлімше басқарушысы келеді. Дәм үстінде ол күтпеген өнгіме қозғап:

-Назымбек,- дейді, - Күрәнді тапсыру керек, ештеңе істей алмайсың...

-Жоқ... менде Күрең жоқ, әлдеқашан сатып жібергенмін...

Дәмді сүрмен жуз грамнан тастап алған шүйдесі қалың басқарушы қызарактап қалып:

-Е, Назымбек-ай, Күрең ат ине емес қой. Жұрт көрмей қоя ма?

-Кім көріпті?

-Кім көріпті дерің бар ма, аттарынан айрылып қалған біреулерге сенің екі атыңың болғаны құндіз-кулкі, түнде үйқы бермей жүрген сияқты. Мениң өзінді сыйлайтынымды білесің, сондықтан да саған білгенімді айтып жатқаным рой, ал ар жағын өзің шеш,- деп басқарушы кетеді.

Сол күні түнде Назымбек Қекатты шанаға жегіп, қурал-сайман алып, Күрәнді қосарға байлан Керей атты ескі ауылға қарай жолға шығады.

Қарттары өліп, жастары басқа жаққа көшіп кеткен бұл иесіз қалған ел еді. Бірақ мал қамайтын қоралары мен үйлері өлі күнге бұзылмай сақталып түрған.

Назымбек осы ауылға келе жатыр. Қекаттың өзінен озық болғанына риза болмаған Күрең қосардағы күйіне қорланып, жетекті сүзе сүріп келеді. Қөптен бері далала шықпай жемге бөгіп, семіріп кеткен жануардың үсті көп кешікпей булана бастады. Назымбек Алланың осындей жазықсыз, таза, қараса кез тоймайтын сұлу қылып, шебер жаратқан жануарына да көз алартып, басын жойғысы келіп жүрген пенделердің пасықтығын ойлады. Несі бар екен мұнда, несін жеді екен осы Күрең олардың? Назымбекте екі ат болғандығынан оған бір зиян бола ма екен? Қайта аты, заты басқа болса да жаны ашып, қауіпті білдіріп кеткен басқарушыға рахмет, өйтпесе ертең шабармандар келіп, айдал әкетсе не істер еді? Түк те істей алмай, бар-мағынды шайнап қала берер едің.

Ауыр оймен келе жатқан Назымбек Керей ауылның тұнерген қарасы көрінгенде ғана басын көтерді. Бір кезде өмірі қайнап жататын қайран мекен жетімсіреп, өз-өзінен құлазып түр екен. «Е-е,- деді ішінен Назымбек,-Енді бір аз жыл өткен соң осы ауылдың өмірде болғаны да ұмытылады ғой. Қандай адамдар, қандай ақылды ақсақалдар болып еді, бұл ауылда. Өлі арыстаннан тірі тышқан артық деген сол, әні... Мына шеткі үй шежіреші Мырзағали ақсақалдікі еді. Марқұм бөркін баса киіп, белін шүберек белбеумен орап алып, ақ сақалы желкілден жүретін зор денелі кісі еді. Ертедегі тарихтан әңгіме айтқанда желдей есүші еді-ау... Енді сонын бірі жок.

Назымбек осы ақсақалдың аты тұрған қораны бір айналып шықты. Толық, тұзу теректерден қалап, ұқыптап жасалған қора әлі сол қалпында түр екен, тек кей жерлерінің сылағы түсіпті. Ол ештеңе етпейді, жылқы малы одан тоңбайды деп ойлады Назымбек. Қорадағы қиды тазалап, оттыққа шанадағы шөпті нығарлап салды. Сосын төбесіне шығып көрді. Мұндағы кейбір сырғауылдар босап қалған екен, олардың орнына Назымбек басқа жерден дұрыс ағаштар әкеліп шегеледі. «Енді дұрыс болды, енді қасқырлар тесе алмайды,- деп ойлаған Назымбек кенет қатты күрсініп қалды. – Осы мен өзім кіммін, қасқырдан қай жерім артық? Айлы қараңғы түнде ғана жүремін, меніреу орманың ортасындағы иесіз, ескі жүртқа келіп, жұмысымды істеймін. Мен де бір тағы болғаным ғой, ендеше... Қандай кінәм бар еді менің, соншалықты? Атымды жақсы көрсем, өзім асырап, өзім күтсем менде не жұмысы бар? Адамша өмір сүргізбейтіндей несі бар менде? - деп тағы да күрсінді. - Айдалада, иесіз қорада тұрған малды біліп, қасқырлар келіп ұлыса, аяқтарымен қабырғаны тырмаласа, қайран жануар жаны шырқырап қорқады-ау... Тар жerde жаны қысылып, бұрыштан-бұрышқа тығылар ма екен, әлде иесін іздең шырқырап кісінер меке екен?..

-Қорқпа, -деді Назымбек Қүренді кен қораға кіргізген соң мойнынан сипап, -келіп тұрамын, мен келгенше мына шөп жетеді, жеп тұра бер.

Жайшылықта иесі мойнынан, мандайынан сипағанда еркеlep, сүйкенгісі келетін есті жануар бұл жолы бір жаманатты сезгендей тып-тыныш түрді да, қатты пысқырды.

Барлық жұмыстарын бітірген Назымбек үйіне келгенде таң

ағарып қалған еді.

...Күн артынан күн зулап, арада бір ай өтті. Назымбектің үйіне басқарушы тағы келді. Оны көргенде жүрегі су ете қалған Назымбек қорадағы істеп жатқан жұмысын тастап, далаға шықты. Басқарушы бұл жолы қанша шақырса да үйге кірмеді.

-Қожахмет заготовитель ат сатып алғысы келіп жүр деп естідім,-деді ол әр сөзіне көп мағына беріп.

-Иә, мен де естігем...

-Ендеше, Сен Ишимге тарт... Шамаң келсе тезірек тарт... Түсіндің бе?

Назымбек үндеңмей, қалшиып қалды. Басқарушы теріс қарап, бір боктанды да мәшинесіне қарай аяңдады. Сосын қатты дауыстап:

-Ауырсаң емдел, мен бригадирге айтып, сенің орныңа басқа адамды тапқызармын,-деді барлық көшеге естіртіп.

-Жарайды, рахмет саған,-деді Назымбек.

Назымбек сол күні түнде Күренді Козловкаға алып келді. Сол түні жүріп кетпек болып еді, артынан ол ойынан айнып қалды: не әкетіп барады, баармын таңертең, Күрең өзінің қорасына тым болмаса бір түнеп шықсын...

Таңертең ерте ол Күренгे ер салды. Арнайы істеткен күмістелген жүгеннін, ноқтасын басына кигізді. Алыс жолға шығатынын сезген жануар қуаныштан тыптырышып, бір орында тұрмай, ауыздығын шайнап тұр. Иесі үстіне мінсе болды, зулай жөнелмекші...

Назымбек Күренің шылбырын қолына орап алып, тартып отыр. Соның өзінде ауыздықпен алысқан пырақ жұлдыздай ағып, қатты желіп келеді. Жалғыз өзінен үшқан аяқтың астындағы қатты қардың үшқыны артына ақ боран болып шашылуда. Жайшылықта алынбайтын маң дала: қыраттар мен төбелер дөңгеленіп келіп Күренің бауырына өздері тығызып, оралып жатқандай. Еркіне салса ол осы екпінмен кең дүниенің екінші шетіне бір-ақ баратын сияқты.

-Шіркін, жануар-ай,- деп тебіренді ішінен Назымбек, - Көзім қалай қияды сені жатқа, қалай айрылармын сенен, әттең... әттең дүние-ай, «аяғындағы етігің тар болса дүниенің кеңдігінен не пайда» деп қандай дана адам айтты екен. Не істейін, кең дүние сен екеумізге нeden тарылды екен?..

Назымбектің көзінен үшқан тамшыларды жел қағып, алып

кетті...

Осыдан ол Козловкаға бір аптадан кейін ғана оралды. Қолындағы ақша оралған түйіншекті өйеліне ұстата салды.

Осы күндері Қожахметтің екі құлағы екі езуінде. Ол көптен бергі езінің арманына жетіп «сауран Қуренің иесі» атанды. Қайырлы болсын айта келген қошеметшіде есеп жоқ. Қожахмет келген жүргіттың бәріне ағыл-тегіл жомарттық көрсетуде. Бір аптадан кейін бүгін ғана ес жинап, Қуренді шанаға жеккелі далаға шығарды. Шіркіннің көркін-ай: қарасаң көз тоймас. Қолында жемі барға қоштаушы да көптең табылады ғой: Қожахметтің жаңында да үнемі төрт-бес жолдасы жүретін, олар сылап-сипап, күр-күрлап Қуренді шанаға тез жекті. Құмістелген қамыт-сайман, қаптаулы қара кәшөпке Қуренің көркіне көрік қосып тұр. «Йә, раббым, жолымды оңғара көр!» деп келіп делбені қолына алған Қожахмет мінер-мінбестен тыптырышып тұрған Қурен женіл шананы дур еткізіп, ауладан ала жөнелді. Қақпадан шыққан соң Қожахмет аттың басын орталыққа қарай бүрді, автостанцияның жаңымен етіп, кең далаға шықлақ ойы бар. Тар көшеден етіп, орталыққа бұрылған жерде бұрыштан гүр етіп, улken автобустың шыға келгені ғой. Көсіле желіп, созыла жүйткітіп, емін-еркін келе жатқан Қурен оқыс дыбыстан үркіп кетіп, жерге қағып тастағандай қалт тұра қалды. Қамыт, доғасы сыптырыла жаздал, басына киілді. Одан тіпті үркіп кеткен Қурен жал-құйрығы тәгіліп, аспанға қарғыды. Шанадан атып түсken Қожахмет басын ұстамағанда ендігі сәттегі Қуренің не қылар қылығы белгісіз еді. Құр-құрлаған ол басынан, сауырынан сипағанда ғана ат біраз тыншығандай болды. Бірақ осы сәттен бастап ен даланың еркін есекен жануарының санасына қорқыныш еніп еді. Ол құлағын қайшыландырып оқыс шыққан әрбір дыбысқа, қарайған-құрайғанға елең етіп, шошина қалатын болды. Өзінің еркін тұратын үйренген қорасы, таныс дыбыстары мен кісілері болмаған соң да ол елеңдей береді. Қораға кіріп келген адамды Назымбек екен деп оқырана қалса, ол басқа кісі болып шығатыны да оған түсініксіз еді. Назымбектің өзі түгіл, бала кезінен сүйкеніп, мұрның үйреткен таныс исінің де жоғы жануарға жат болып көрінеді...

Бірақ уақыттан емші жоқ қой. Уақыт өте келе, езін күнде жайлап, жем-суын беріп жүрген жаңа иесінде, алғашында жат болп көрінген қораға да ол үйрене бастаған. Осы бетімен ол

қалаға да, оның өміріне де әбден үйренер ме еді кім білсін, бірақ... Сол күні Қожахмет Күрең әнеуқұнгі шошынғанын ұмытып, еті үйрене бастаған соң тағы да жегіп шығып еді. Әдейі, қас қылғандай дәл сол бұрыштан ғұр етіп жүк машинасының шыға келгені ғой. Күрең бұл жолы да жаман үркіті және өзінде бұрын болмаған міnez көрсетіп, шошына мәңкіп, шананы артқы қос аяғымен теуіп-теуіп жіберді. Жаңадан істеткен әдемі кәшепкенің алдыңғы жақтауының ағаштары аспанға ұшты. Шаңадан түсे қалған Қожахмет басын ұстамағанда ол осы екпінмен не өзін, не біреуді арандатар еді. Осы күннен бастап оның бойынан қорқыныш кетпей қойды. Алыстағы репродуктордың дауысы, ойнаған балалардың шуылы – бәрі оны үркіте берді. Тұрған жерінде шошынып, тарпып, аласұратын міnez де шығарды. Қожахмет онымен бір айдай алысты. Тақа болмаған соң оны сату керек деп шешті. Бірақ Күренің асау, үркек деген даңқы бұл кезде алысқа жайылып кеткен еді. Оны сатып алатын адам табылмады.

Арада тағы бір ай өткенде Күренің тағдыры шешілді. Сол күні Қожахметтің үйіне оншақты жігіт жиналды. Бұлардың бәрі де сен тұр, мен атайын дейтін мықты жігіттер еді. Олар Күренді кең аулаға шығарып, басына ұзын тізгінді екі ноқта салды. Екі кісі екі жағындағы тізгіннен басып тұрғанда басқалары аяғына арқан салып, бір деммен тартып қалысты. Күрең бар салмағымен гұрс ете қалды. «Басын ұста, басын ұста» деген айғайлар шықты. Бірақ олар басын ұстап үлгіре алмай қалды. Еті жанып тұратын, елгезек жануар жерді басымен бір-ақ қағып, орынан атып тұрып, мықты аяқтарымен байлаған арқанды да бырт-бырт серпіп, үзіп таstadtы. Сол бетімен ауланың ішінде басын ұстаган жігіттерді сүйретіп, шауып жүрді. Аналар да қоркуды білмейтін, өлеммен мықты жігіттер еді, тізгіннен айрылмай ақыры атты тоқтатты.

Бұл жолы үркіп қалған оның аяғына арқан салу оңай емес еді. Ерінбұрау салу керек деп шешті жігіттер. Артта тұрғандар сауранның аяғына саумалап арқан іліп жатқанда біреуі алдан келіп жоғарғы ерінге бұрау салды. Жанды жерге салуға ойлап табылған осы бір құрал қандай асауды болса да жуасытатын еді, Күренің де құлындағы даусы құраққа ұшты, көзі де қарауытып, дүние төңкеріліп бара жатты. Есі шықсан жануардың аяғына артта тұрғандар арқанды оңай іліп, бәрі бірге тар-

тып қалысты. Бұл жолы Қүрән қарсылық білдірген жоқ. Ол тағдырың салғанына мойын сұнып, дүлей күшке қарсы тұра алмасын білген соң, өлімді үнсіз қарсы алмақта шешкен сияқты. Аяқтары әлсіз қарсыласқанымен жан-дүниесі қарсылықты мүлде доғарған еді.

Кожахмет көршісінің қолына қылыштың сыйнығынан істеген еткір селебені ұстартты. Анау пышақтың екі жүзін алақанына сұртіп жіберді де, «Бисмилля» деп жануардың тамағын төменинен жоғары орып жіберді. Шапшыған қан төбеге жетті, соңғы демі шығарда сауран басын жерден жұлып алды. Айнала түрғандардың бәріне қан щашырап, үсті-бастарына жүкты. Бауызддаушы селебені әрі қарай тереңдетіп, оның барлық та-мырларын ұнғылап кесе берді. Басып жатқан жігіттер қырылдаپ, жаны шығып бара жатқан сауранмен бірге күрсінгендерін өздері де сезбеді.

Жануардың соңғы демімен бірге жаны да шығып, ұшып кеткен еді. Енді ол бостандықта, ешкім оған өмірін жүргізе алмайды. Еркіндікте жүрген сауранның жаны жағалап барып, Козловка деревнясында жаңадан туған күлте қүйрықты құлынға қонған еді. Асыр салып жүрген осы құлынға қарап, тақырбасы жалтыраған Назымбек ақсия куліп тұр. Ол құлынның ойнақтағанына елігіп кетіп: «айда, айт, айт, жануар!» деп қолындағы қамшысын шатырлатып айғайлап қояды. Керей ауылының қарттары да осы жерде тұр еді. Олар да құлынға сұқтана қарап, риза болғандарын жасыра алмай: «Ешкібас, Ешкібас иә, сауран, Нағыз сауранның өзі?» десіп қошаметтесіп қояды. Олардың өлусіреген кәрі көздеріне бір сәт ыстық қан жүгіргендей, жүздері жарқылдаپ тұр.

Арада тағы бір жыл өткенде біздің үйге Назымбек ағай келді. Олар: өкем екеуі ұзақ әңгімелескен. Негізгі әңгімелері де Қүрән туралы болды. Сөз төркіндері ат туралы емес, бейнебір өмірді ұзақ кешіп, бала-шага есіріп, қайғы мен қуанышты да мол кешіп өткен адам туралы әңгімелегендей еді. «Қайғырма, досым, қайтесің, күдай басқа салса адам неге көнбес дейсің? Қайта сауранның жаны енді азат болғанына тәубе дейік» десіп, бірін-бірі жұбатып еді олар әңгімелерінің соңында.

## **Степан БАҚТЫБАЕВ**

Ақтөбе облысы Байғанин ауданында 25.07 1938ж. туған. 1955 жылы Қызылорда пединститутының физматын бітірген. Енбек жолын Көкшетау облысы Жаңа ауыл орта мектебінде бастаған. Кейін аудандық басқару органдарында, 1980-1987 жылдары аудандық оқу бөлімінің, 1987-97 жылдары аудандық қамсyzдандыру бөлімінің менгерушісі болып Ленинград ауданында қызмет еткен.

Өлеңдері 1961 жылдан аудандық, облыстық және республикалық газет-журналдарда жарық көріп келеді.

## ЖАЗФЫТУРЫМ

Еңкеймей еді күн көкте  
Төбеге қарай ұмтылар.  
Ақ қырау басқан діңгектей,  
Ағараңдап шың тұрар.

Үйренген қысқы мінезін  
табиғат қалай тастайды.  
Жиналған сулар күнұзын  
Бесінде қата бастайды.

Сәскеде қайта мұз еріп,  
жылғалар ағар жарысып.  
Жұз тіріліп, жұз өліп,  
Қыс жатыр жазбен алысып.

## КӨКЕК АЙЫ

Міндетін табиғаттың өтеп беріп,  
Наурыз орнына келді көкек келіп.  
Қантарда құз – қияға тығылған қар,  
Тасқындан су бол ақты етекте еріп.

Жыл шана айлар тартар жетек берік,  
Наурыз босап жегілді көкек келіп.  
Тесінен түйдек – түйдек бу атқылап,  
жер жатыр қызған күнмен өтектеліп.

## БУРАБАЙҒА КЕЛУ

Болмай-ақ ертегінің қойқаптары  
Кенде емес құз-қияға жол қапталы.  
Құрметті қарауылда сап түзейді,  
Кіл бойшаң қарағайдың солдаттары.

Дайын тұр қыз-қайыңың білектері,  
Жел-жігіт құшақтаса дір еткелі.

Шошайып, жалғыз-жалғыз шың өркештер  
Таулардың шөгіп қапты үлектері.

Толтырып, қымыз-суға көл шарасын,  
Найзагай пісер бұлттың нән сабасын.  
Қой тастар жорықтағы жауынгерлер,  
жата-жата кеткендей шаршағасын.

## **КӨКШЕТАУ ОҚЖЕТПЕСКЕ ҚАРЫЗДАР МА?**

Осы тау қойтастардан үйілгенмен  
Кең етек бірте-бірте сүйірленген.  
Басына шығып алған мүйізтұмсық  
Тұсуді жерге қайта қыын көрген.

Осы тау ел аузында шың делінген.  
Жете алмас биігіне кім көрінген..  
Әр тасы сансыз жұмбак, сырға толы  
Баяғы жаугершілік күндеріннен.

Селт етпей сан ғасырлар сан ызғарға,  
Осы тау желі болған аңыздарға.  
Біржан сал жер шоқтығы деп шырқаса  
Көкшетау Оқжетпеске қарыздар ма.



### **Ниязбек БЕМҮРЗИН**

04.10.1940 жылы Аққайың ауданы Даңындық ауылында туған. Ұзак жыл ауыл шаруашылығы саласында бухгалтер, қаржы бөлімінің инспекторы болып, ал кейінгі жылдары ішкі істер бөлімінде түрлі қызметтер істеген.

Өлеңі облыстық газеттерде 1955 жылдан бері жарияланып келеді.

## **ФАШЫҚТАР** (әні бар)

Таң ертемен арайлы күн алтын нұрын шашады,  
Екі ғашық қол үстасып ынтыға сыр ашады.  
Қос жүргегі бірге соғып лұпілдеп,  
Махабаттың күйі ағындаш тасады.

Аялаған құшағында арман толы жастардың,  
Айнымастай сертке толы өуелетіп басты өнін.  
Алдарынан ақ ниеттен арайлаған ашық жол,  
Бүкіл ғұмыр секілді бір ғашық жанға қас-қағым.

Өткенмен талай уақыт зулап жатқан жылдармен,  
Махабаттың әні тұрар мәнгі өшпес сырлармен.  
Жүргінде алаулаған оты жанып тұрганда,  
Жастық шақты аңсаттырар гүл бөктерлі қырлармен.

## **Қабай БЕРДІБЕК**

1980 жылды МХР-ның Баян-Өлги аймағында дүниеге келген. СҚМУ тарих-филология факультетінде «қазақ тілі мен әдебиеті және шет тілі» мамандығы бойынша білім алуда.

## МАҒЖАН АРУАҒЫНА

Жаралғанның жаратқан дүниесі-ай,  
Жер жаннаттың Айы мен Құн иесі-ай.  
Құнінде бір күніреніп алсаңдағы,  
Жетеді ұлылығың құдіретті-ай.

Шарифат шарттарымен қатал хақты,  
Көгінен нұр түсіріп шалағатты.  
«Ләйләһә-иллалай» деп өмірменен,  
Бұл фәниден пейішке сапарлатты.

Жып-жылы жүргегіне бастың өлең,  
Өлеңнен өмірінді байқап көрем.  
Жадыңа жыр-қазынаң шуақ болып,  
Пейіште нұр-бесікке барып бөлен!

«Жан сөзін» жазып кеттің өлең етіп,  
Құн болып көкке өрледің, елең еттік.  
Ай болып аспанынан қылғаның  
Қайталанбас бұл деген кереметтік.

Жерүйік жұмақтайын орын болмай,  
Кей сәтте өкіндің-ау жолың болмай,  
Фәнидің фәлсапасы нұры жаудырып,  
Тамшылап нұр боп жырың тасып толғай.

Қолына қалам алып жыр бастаған,  
«Сәби жүрек» жаныңа шуақ болғай.

Пейіште нұрың тасысын, ақын аға!

## ТАМШЫ

Тамшылар, мөлдір неткен таза едің.  
Тазалықты аспаннан ала келдің.  
Бар нәзіктік, тазалық тек өзіңмен,  
Жер бетінде мөлдіреп қала бергін.

Қала бергін, тамшылар, қала бергін,  
Алақанға мөлдіреп тاما бергін.  
Бір тамшымен жанымды тазалаши,  
Махаббатым, сусындал қана бергін.

Мөлдір тамшы, дірілдеп тоңа бердің,  
Алақанға аялы қона бердің.  
Бір толмады-ау алақан аялаған,  
Саусақтардан салалап аға бердің.

Сонда өзіме жақсылап баға бердім,  
Бар кінәні мойныма таға бердім.  
Егер жаным тап-таза болып тұрса,  
Мөлдір тамшы, неліктен аға бердің.

Барып түстің бетіне қара жердің,  
Жоқ боп кеттің, сіңісіп бара бердің.  
Миллиондаған сан жетпес тамшыларды,  
Жер-анам-ау, сіңіріп ала бердің.

Нағыз таза, Жер-ана, өзің дедім,  
Сенде туып, сенде өсіп, мен гүлдедім.  
Тазалықтан гүлдендім, мөлдір тамшы,  
Жауа бергін, тамшылар, жауа бергін...

## **Өмір ЕСҚАЛИ**

Есіл (Мәскеу) ауданы Ақтас ауылының тумасы. Әл-Фараби атындағы ұлттық университетті бітірген. Бірнеше жыл облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіндегі еңбек еткен.

Қазір «Егемен Қазақстан» газетінде мемшікті тілшісі.

## БӨЛІС

Онсыз да түлен тұрткендей апалақтап жүретін кәсіподак үйымының төрайымы Айша кабинетке асыға-аптыға кірді. Асыққаны соңшалық, он қадам жерегі мінбеге жеткенше екі үш сүрініп барып тұрды.

-Жолдастар!-деді ескіден қалған дағдымен. – Бізді елеп-ескергені үшін кәсіподак комитетіне мың да бір алғыс айтуда тиіспіз. Қазіргі демократия талаптарына сәйкес бізге екі алғыс белініп отыр. Соған кәсіподдақ белсенділерін ұсынуымыз керек.

Екі –үш жерден алақан соғылды: сосын шыбын ызыңы естілетіндей тыныштық орнай қалды. Манаурай бастаған бастар көтеріліп, жыпылық қаққан жанаарлар айналға қарай бастады. Үміткерлерімізді ұсына қалсақ, қолдау таба ма, жоқ па дегендей бір-бірін қабақ астынан аңдиды. Суырылып ешкім шыға қоймады. Құбір-сүбір үдең бара жатқан соң Қалбек орнынан қалбалаштай көтерілді.

-Жиналысты сағыздай созып, бас қатыратын не бар? Откенде кімдер алғыс алды?-деп Айшага қарады.

Айша қолындағы бума қағазды тастай беріп, блокнотына жармасты. Бота көзін олай-бұлай ойнатып еді, марапат-талғандардың ұзын ырғасы бірсыныра екен. Солардың ат-жөнін сыйдыртып оқып берді.

-Олай болса, - деді Қалбек келелі мәселе шешердегі қалтырауық үнімен. – Солардан басқалары алсын. Блокноттағы тізімді айтам. Экесінен қалған мұрадай бір-екі адам ала берген-нен мүйіз шықпас оларға. Кім мені қолдайды?- Сөзін аяқтамай жатып, өзі бірінші болып қолын шошайтты, қарсы да, қалыс та болған жоқ. Оған іші кәдімгідей жылып қалды.

-Оу, халқым! Откен мерекеде кім грамота алып еді?-деді бұрышта бұғынқырай отырған Ботпан. Әсіресе, Айша көрсін дегендей «аққу мойның» ілгерінкірей созып қояды. Мен де жиналыстымын, ұмытып кетпендер дегендей жиналыңқырап отырды. Басқалар да қозғалыңқырап, жеткірінісп қойды. Ботпанның сөзін жерге қалдырғысы келмегендей алдымен грамота алған қолдарға қанат бітті. Ботпанның «дауыс берер қолының» қалтасында тұрғанын байқп қалған Белбек оған дүсе қоя берді.

-Сен неге қол көтермейсің? Өткенде ғана жылап-еңіреп жүріп біреуін алып едің ғой?

-Алғысым жок. Немене еңбек кітапшама алғыс жазылса, тақиям тар келе ме?-деп ол да тас кенеше жабыса кетті.

-Тұра үр, осы мінезінді ме мінездемене енгізбесем... Онымен айтысып, пәтүә тапласын сезді білем, өуеде «асылып» тұрган қолдарды санауға кірісті.

--Оның алдындағы мерекеде бес адам алды емес пе? Күбен түбі түскен күбіше құнгір ете қалды. Қолдар тағы да әуеде самғай қалды. Айша блокнотпен салыстырып тұр. Дәл!

-Осы Кәкен алды ма? Ылғи ұмытып кетеміз. -Жөргелдің дауысы жеті қат жер астынан естілгендей міңгірлеп, мұрын айналасынан ұзай қойған жок. Барлық Жанар Кәкенге қадалды. Көршілері оны иығынан ұзак сілкіледі. Ол жан-жағына үйқылы-оюя көз тастап, басын шайқады.

-Оның алғысы да, грамотасы да бар. Өзі үндемей жүріп пәле. Бірнеше ауыз шулап қоя берді.

-Расында да алуы керек,- деді Айша да сенімсіздеу үнімен блокнотына қайта-қайта қарағыштап.

-Онда мен Мөртайды ұсына қояйын. Еңбегі атап өтуге түрарлық. Әрі сәбилі болып жатыр. Как раз тарту есебінде. Кәкен сөзінің аяғын сиырқүйымшақтап, жұтып қойды. бес-алты бас құптағандай бір көтеріліп, бір тәмен түсті. Мөртайға көрші қонған Зайра Ботпанның құлағына «бірдене» деп сыбырлай қойғаны сол, анау жылан шаққандай орнынан ұшып тұрды. «Болмайды» дсгендей екі қолын кезек-кезек ербендетті. Мөртайда білдей екі алғыс бар болып шықты. Кейбіреулер сенбей, Мөртайға қарады, ол екі саусағын шошайтқан соң ғана жүректері орнына түсті.

-Тағы бір алғыс алса, тамағынан ас өтпей қала ма?-деп Кәкен бедірейген күйі тастай қатып қалды.

Айшаның жаны шығып барады. Көпшіліктің талқысына салмай-ақ сырттан бекіте салуға болар еді. Сөзде қанқау жаман. Іштей дымы құрып тұр.

-Кімде тағы қандай ұсыныс бар?

Сырықтай бойы сүйретіліп ортаға Албан шықты.

-Алфавит бойынша берсек қайтеді?

Сол-ақ екен, көпшілік араның ұясындағы гулеп кетті.

-Алаков Албан! Одан да өзім алғым кеп түр десейші!- Айшаның үні зілді естілді. Албан орнына отырды. танауының астынан мінгірлеп еді, онысын өзгелер түгіл, өзі де ұқпай қалды.

Бұл ұсыныс та қабылданбады. Енді кім? Айша ауыз жиганша болған жоқ, ортаға Тәпен тапырақтай шықты, шелектей танауын желбіретіп, әдеттегідей бір күлімсіреп алды.

-Жеребе тасталық. Сықылықтан күліп жіберді.

--Неменеге жетіседі? Одан да жұмысын жетістіріп алмай ма? Жеребешілін. Мұндайда қолы керемет жүріп кетеді, қарт ойнаудей ме екен?

Осы кезде кабинетке кәсіподак комитетінің төрағасы кіріп келді.

-Бірер минутқа- деп сүқ саусағын шошайтты. – Жиналып отырғандарың жақсы болды. Бөлімшеге екі алғыс бөлінген екен. басшылықтың үйгарымы бойынша бөлімше мемгерушісі мен кәсіподак үйымының төрайымына беру үйгарылды. Қарсы, қалыс жоқ. Онда шешім бірауыздан бекітілді деп есептейміз.

Осылай боларын сезіп едім дегендей Айша миығынан құлді.

## **Индира ЖЫЛҚАЙДАРОВА**

1985 жылы Шал ақын ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. 2002 жылдан СҚМУ-дің журналистика бөлімінде оқиды. Өлеңдері жергілікті басылым беттерінде жарық көріп тұрады. Болашағынан үміт күттіретін жас.

## НЕ ПАЙДА?

Өлгеннен соң не пайда ?  
Жанды жырлап кетпесе.  
Дәріптеуден не пайда?  
Шыңға асып жетпесе.  
Қара терден не пайда?  
Жемісін көріп татпаса?  
Жаман достан не пайда?  
Өліп-өшіп жатпаса,  
Ойшылдықтан не пайда?  
Жегідей жесе жаныңды  
Шабытыңнан не пайда?  
Нашарлатса халінді.  
Сыршылдықтан не пайда?  
Жылатып қойса бәрінді  
Лагнет қайғы не пайда?  
Күрт қылып демді тоқтатса,  
Фәниде өлім не пайда?  
Отірік жылап жоқтаса,  
Шіркін-ай, достық не пайда?  
Көзіңше мәз бол,  
Кеткен соң ондап боктаса.  
Ақиқат қайда, жандар-аяу,  
Шынайы сезім не пайда?  
Тұсінбей жатса бәрібір,  
Бұл заманда бәрі -кір.  
Осыны айтып отырған  
Менің де мына жаным- кір...



### Тоқтар ЗІКРІН

1949 жылы Шал ақын ауданындағы Балуан ауылында туған. Жамбыл орта мектебін, Қарағанды кооператив институтын бітірген.

Өлең жазумен 1967 жылдан айналысып келеді. Ұжымдық жинақта және республикалық газет-журнал беттерінде шығармалары жарық көріп тұрады.

С.Мұқанов және Қожаберген жырау атындағы мұшай-ралардың жүлдегері.

Қазір облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде қызмет етеді.

## БҮЛ ӨМІРДЕ ӨЗГЕРЕДІ БӘРІ ДЕ...

Бұл өмірде өзгереді бәрі де,  
Өзгермейтін құдай жазған тағдырың.  
Көндігесің зәрлі удың да дәміне,  
Ал, алдамшы талай артта қалды күн...

Алдыменен дос кетеді өзгеріп,  
Жұбайың да жылы сөзге бармайды.  
Талай-талай сертке лайық сез өліп,  
Жанарынды мұң пердесі торлайды.

Өзгереді тұрмысың да, тірлігің,  
Жолың тағы бола бермей өмірден...  
Орта жолда ауып қалып бір жүгің,  
Күйкі тірлік бола алмайды көңілге ем...

Өзгереді уақыт қарап тұрмайды,  
Гүлің солып, махаббатың тозады...  
Біреу сенің бақытынды үрлайды,  
Біреу сенен айласымен озады.

Жапан тұзде жалғыз өзің қалғандай,  
Жаның кейде құлазиды, үлиды.  
Сенен асқан жоқ қой сонда сормаңдай,  
Жан табылмай жән сез айттар бір иғі.

Жазың салқын, қысың кейде жаңбырлы –  
Табиғат та бұрынғыдай хош емес.  
Бәріне де бейім болған тағдырды,  
Енді өзгерту, қайта құру өте кеш!

## САҒЫНЫШ

Сенсең мені бір сағыныш басып жүр,  
Ашып айттар ақиқатым, расым бұл.  
Іздейді екен, аңсайды екен даласын,  
Қырықта да, қырма сақал жасында Ұл.

Ойлайды екен ойын бөлген бал шағын,  
Кекіректе көк жібектей бар сағым...  
Қырықтағы қырдан асқан шағында,  
Баса алмай сағынышын, аңсарын.

Қырдағы ауыл қырық бөліп түн ойды,  
Көрші қонып, қиялда да түнейді...  
Тауып қылдай жүректің бір пернесін,  
Сыр шерткенде сағынышың үдейді.

Самал кешке, жарық Айға, пәк түнге,  
Жастық шақта қазығына баттың нे?  
Соның бәрі тұмандай бол сейілген –  
Өзің бүгін ез ауылыңа жат күнде.

Думаны алыс, алыс қырдың өні де,  
Көзден үшқан ертегідей бәрі де.  
Шұрқыраған жетім құлың шетте жүр,  
Қана алмаған саумал сүттің дәміне...

Ауыл десем актарылып асыл жыр,  
Мені осылай бір сағыныш басып жүр.  
Аңсал барып, айрылмastaн мәңгілік –  
Табылатын шығар бірде қасында ұл...

\*\*\*\*

Тағы да жаңа туралды ай,  
Жаз өтіп бара жатыр ғой...  
Ауылға мойын бұра алмай,  
Басады мұнда ақынды ой.

Көшебе қыстау, бәктерден,  
Бұлдірген биыл тере алмай.  
Жастықты бірге өткерген,  
Достарға сәлем бере алмай.

Жаз өтіп тағы барады,  
Жоңышқа сайда ізім жок.  
Бауырыма баспай даланы,  
Қойнима кірер күзім кеп...

Жаңбырлы тұні, күні де –  
Салқындау тартып тұр енді.  
Жер басып жүрген тіріге,  
Сағынтып қойған бір елді.

Қоңыр бұлт көшіп, қоңыр жел,  
Қоңыр ой басып көнілді.  
Ауылға тартқан өмір жол,  
Қоңыр шаңға көмілді...

## ҚАЙШЫЛЫҚ

Топастары данадай,  
Күпсінген қызық заман-ай?  
Біреулер күнге қол созған  
Өз өліне қарамай...

Шығары тәбе болғанмен,  
Қонары биік арманда ең.  
Дүмбілеz мұндаj жандарға,  
Қойылар бүгіn талғам кем...

Тұқыртып, тұсап текті ұлын,  
Қажет те болмай көп білім,  
Қызыл тілден май тамған,  
Күні туды ептінің.

Бүкіл халық қақпанда,  
Демесіңе гәп бар ма?  
Тұтас елдің тағдырын  
Солар шешіп жатқанда.

Кешелерің кешегі,  
Алып жатыр есені,  
Талшық етер тірлікке  
Солар үкім кеседі!

\*\*\*\*

Сен осы қайсы қоғамды ал,  
Және оны болсаң бағамдар.

Балын бер оның зәрін бер,  
Көңілін толмаған адамдар.

Тойса да тойдым демейтін,  
Толса да толдым демейтін.  
Жұмыр баста пендеге,  
Тәубенің өзі өгей тым...

Бақытты қанша үйіп-төк,  
Өмірге іңкәр, сүйікті ет.  
Айтады-ау түптің түбінде,  
Көргениң көрлық құйік деп.

Ауызға түскен алмасын,  
Тартып-ақ біреу алмасын.  
Қомағай өмір тойған ба?  
Тойымсыз тірлік болғасын.

Зорлыққа да көндікті ел,  
Ерік бер, енді теңдік бер.  
Бәрібір шыға береді,  
Егемендіктен де кемдіктер.

Еңбекпен ерен құлшынып,  
Биікке мейлі түр шығып.  
Сонда да толып жатады,  
Біткен істен мін шығып.

Сабасыз көніл – санасыз,  
Қайсы бір кезде толасыз?  
Болмайды-ау өмір шіркін-ай,  
Жағылған күйе, жаласыз.

\*\*\*

Қаңсыды көніл, қалды құр –  
Үміт қып алда таңды бір...  
Жүректен бірақ көшкендей –  
Жібітер сезім жанды бұл.

Жабырқау ойлар – жау қылық,  
Күпсінген күпшік қауға үрып.

Зенгіріп кеткен сияқты,  
Өмірдің өзі даурығып.

Аласалыран ой кешіп,  
Өзіммен өзім сөйлесіп,  
Жанымды жеген жыр-пері  
Анталаң түр-ау қой десіп.

Арманды құндер алыстан,  
Қорғасын мұңдар жанышпак.  
Жапырағынан айрылды,  
Жастықта сонау таныс бак.

Белеске қонған көк сағым,  
Шақырма мені, тоспағын.  
Қиялға біткен қанаттың,  
Топшысын қылп таstadtым.

Езілдім өлде мужілдім –  
Мәуесін жимай күзімнің?  
Сусыған құмдар жабады,  
Сорасын менің ізімнің....

## СОЛАР МА ЕКЕН ӨЛЕҢ – ГҮЛ

Солар ма екен өлең- гүл,  
Тумады-ау менен кенен жыр?  
Бір үміт күткен ел бар-ды,  
Шырайым туды деген бұл.  
Сол үміт бүгін өшті ме,  
Шылбыры түскен көш міне...  
Ақыннан өлең тумай жүр,  
Алласпаңмен қескіле!

Туырлық тілген сүм қылыш,  
Жасамас болар сүмдүк іс.  
Ақиқат алда, ақ істе  
Ақылға келіп тынды күш...

Бірак та, жүрек, шіркін де,  
Туламай тыну мүмкін бе?  
Сөйлейді көңіл құстары,  
Өзіне жұмбақ бір тілде...

Ақтарып арман, шер мұңын,  
көтеріп халық, ел жүгін,  
жырлаған осы жүректің,  
Тарылтып тәңір кеңдігін.

Біреуді алдаң, бірді іліп,  
Дүмбілез дүние дүрлігіп,  
Жатқанда жаһан өзгеріп,  
Астарын жатыр кім біліп?

Елімді көріп жудеген,  
Сосын да солар гүл-өлең?  
Бәрібір жүрек тулады-ау,  
Тереңнен нәрін тілеген.

## ТУНДРА

Тоңнан жібіт,  
Сағыз жерді ұрғыла,  
Қына біткен,  
мұк жабысқан түр мына.  
Ленадағы Усть-Кутыңнан басталып,  
Артикаға созылады тундра.  
Онда тоғай-  
қарағайдың шырышы,  
Сазға біткен қайыңдардың құнысы.  
Қына жолда көшіп бара жатады,  
Нанайлардың аша мүйіз бұғысы.

Сахалардың киіз үйі беріден,  
Қымыз қүйып бере алады төрінен.  
Тундрада сына қақан сияқты,  
Чукчалардың үшкір қосы теріден.

Бәрінен де тамашасы тірлігі,  
Тундраның жабылмайтын түндігі.

Қонақтары жылдап жатып қалатын,  
Қонақжайлық болар олардың бір міні...

Күннің шапақ тарамасын тор жібі,  
Тұндерінде шұғыланың молдығы.  
Үйқы бермей тоңазыған тірлікке,  
Танды аңсаған гага үйректер толды үні...

Отқа қактап азық қылған балығын,  
Шыдамдылық берген халық тәңірім.  
Нанай болсын, чукча болсын, ненец те,  
Қисық көзді атасы бір бәрінің.

Қайтем айтып, қатал қысы, ызғарын,  
Тундрада тоң да қалың, мұз қалың.  
Шамандары шайтандарын аластап,  
Күй кешеді білмейтүғын біз мәнін.

Бұзылмайтын тазалыққа бір мұра,  
Қойнауына байлық көзін тұндыра.  
Адамдардың болашағы үшін де,  
Қына басқан мұлгіп жатыр тундра.

### **Гүлдәурен КИЗБАЕВА**

Гүлдәурен Омарбекқызы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы Абай ауылында 1984 жылы дүниеге келген. СҚМУ студенті.

## АҚЫНҒА АРНАУ

Өлеңінен өнеге көрінетін,  
Шәкірттерге шуақ боп төгілетін.  
Мағжан аға, жырыңа тамсанғанда,  
Менің санам сан-саққа өрілетін.

Ақындықтың шынына тұрактадың,  
Шәкірттерің бүгінде- бұтақтарың.  
Аузын ашса көмейі көрінетін,  
Бар байлығың киелі кітаптарың.

Мен өзінді Айға балап жүремін,  
Қазагымға демеу болған тірегім.  
Сен дегенде сан толғанып қуанам,  
Ерекше гой қеудемдегі жүргегім.

Ризамын мен, Мағжан аға, өзіңе,  
Асқақ ойлы, балдай тәтті сезіңе.  
Шөл үстінде сұы болған қазақтың,  
Біздер үшін жан қинаған кезінде.



### Мұтәлләп ҚАНҒОЖИН

1937 жылдың 17 желтоқсанында Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданындағы Қарағаш ауылында дүниеге келген.

Ол жеті жыр кітаптарының авторы.

М.Қанғожин Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстан Республикасына еңбек сіздірген мәдениет қайраткері, Есіл ауданының құрметті азаматы.

## АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ҮЙІ

«Абылайдың ақ үйі» – дейсің бе сен?

-Енді көріп, еркің ғой – менсінбесен.

Қызылжардың бастағы тәжіндей бол,

Сол түсетін есіңе Есіл десен.

*Faғy Қайырбеков.*

Абылайдың ақ үйі - бар қазақтың мақтанышы-ордасы.

Осы арадан басталған бізге жеткен жол басы.

Сол жол елді әкелген тәуелсіздік, бірлікке

Ақ орданың киесі бізді өр кез қолдасын.

Ақ үй жайлы қазақта ертегі де, аныз көп.

Хан ордаға лайық – үй десе үй, нағыз деп, -

Тұғыры да биқтен, тұрысы да тым асқақ,

Сырлар тартып, шиаратып, сөйлемеген абыз жоқ.

Аппақ нұрдан құйылған, кәусәрменен жуылған,

Құран Кәрім, аятпен маңынан жын қуылған.

Адалдық пен шындықтың оты лаулап ошақта,

Жылытады екен ғой, көңілдерді суынған.

Бодандықта жүргенде зарлап, жылап, азапта,

Дем берген де екен ғой, тұрысымен қазақça.

Сүйеу болған екен-ая, сымбаты мен айбаты.

Есіне сап ерлердің жүргендігін тозақта.

Тағдырында осы үйдің – байтақ алаш даласы,

Асқақ-асқақ таулары, өзен, көл, сай-саласы.

Шағаладай ақ үйлер жайлай сөнін келтірген.

Тайға мініп жарысқан, бақытты қазақ баласы.

Абылайдың ақ туы шаншылып көкке түрган кез,

Жан-жағынан бол туды аңдуменен тұнған кез.

Атқа қонған батырлар, ақырып жауды қашырып,

Қызылжардың басында жеңістің маршы туған кез.

Домбыралар күмбірлең, дарбазалар дарылдаң,

Қобыз, сырнай сыңғырлап, дауылпаздар дабылдаң.

Түркістан мен Ақ үйді кемпірқосақ жалғады.

Шаттық толы жүректер толғанып, толқып, қабындаң.

Қазакы үйлер күмістей, айқарылып тұндіктер.

Мұрт майланып семізге, қымыздан күпті тірліктер.

«Көрші-көрші», «Хан жаксы» - ойынға мәз қыз-жігіт.  
Сылқ-сылқ күліп жеңгелер, күнмен ойнап құндіктер.  
Сарыарқада тыныштық, елге келді береке.  
Аспанында ән қазақтың, даласында – мереке.  
Шұрқыраған жылқының қалыңын-ай, көз жетпес.  
Қой үстінде бозторғай жұмыртқалар жер-мекен.  
Орындалып халықтың үкілі үміт, арманы,  
Қиян-кескі қырғыннан аман-есен қалғаны.  
Куә бұған Ақ орда кәрі тарих сөйлейді:  
-Беу, қазақтың көзінде бақыт-нұрдың жанғанын.  
Терезенді аш, Ақ орда, күннің нұры төгіліп,  
Алтын, күміс сөулеге ханның тағы көміліп,  
Күй ойнасын көгімде, көкіректерде күмбірлеп.  
Байғұс қазақ шаттықтан жаласыншы егіліп.  
Қуаныштан жыласа азаматқа несі айып?  
Рас, кеше жүргені бөрікі де қисайып.  
Кеудесінде-ақ боран, жүрегінде-кеқ қанжар,  
Бір сәт тыным көрмеген жан-жағынан жау шауып.  
Жылдар... жылдар... ғасырлар... көрмеген ол қуанып,  
Қуануды ұмыту да, қасірет қой-бұл анық.  
Уайымның уын ішіп, өмір бойы мұн арқалап,  
Жүрген біздің бабалар-ай, болашақпен жұбанып.  
Болашаққа жеткізем деп, Атырауды, Алтайды,  
Сарыарқаны, бабаларым ат үстінде қартайды.  
Тізгінді де босатпай, қолдан наиза түсірмей,  
Туған жерге қарыздарын батырларым қайтарды.  
Бірі сенер, бірі сенбес, ерлігіне бабамың,  
Сүйем жерін сүйегімен таңбалапты, қалдырып.  
Жарқыншағы жүрегіме, жанымға кеп қадалды.  
Қасиеті дарысыншы жүрегіме, жанымға.  
Ортаймаймын. марқаямын, жалын құйып қанымға  
Жаңа ғана келгендеймін дулы өмірді қызықтап.  
Таң-тамаша боп қараймын аппақ атқан таңымға.  
Бабалардан қалғаны – асқар таулар, құба бел,  
Нұлы орман, күміс кел, көкорай шалғын тұма жер.  
Бұл дәулетті ұстауға-ақыл керек, дәт керек.  
Сонда ғана өлкемді жұмақтай көріп түрады ел.  
-Намысшыл бол! –дейді екен, кейінгіге аталар.

Осы үйде де айтылып, берілді қанша баталар.  
Шарт жүгініп, ал кейі бір тізерлей отырып,  
Қас батырлар тыңдаған – қабыл болсын баталар.  
Игі тілек, батадан өрімсесе от жалындал,  
Қазақ ерлік жасай ма, қып-қызыл от-жалында.  
Қырғындарда қылышы ойнар ма еді жасындей,  
Суарылып қанжары жаудың қошқыл қанында.  
Қазақ бірақ, еш қашан бөтен елді шаппаған,  
Басқа елден бақытын ізdemеген, таппаған.  
Жерін өртеп, ойрандал, сұргін, лаң салмаған.  
Ер-әйелін күн, күлгүп, шаңырағын жаппаған.  
Бұл қазакы ұлылық, хан ордада хатталып.  
Жалпақ елге жайылған, мәңгілікке жатталып.  
Көршілердің жеріне көз алартпай, қызықпай,  
Өткен еken бабалар, жүрем соған мақтанып.  
О, Ақ орда, білесің қан жүтқанын ҳалқымның.  
Қылышының астында сұлағанын әркімнің.  
Қанша тағдыр... жете алмаған мұраттар,  
Бақыт, арман табанында өр төбенің, өр құмның.  
О, хан сарай-қарт шежірем, жарқыраған арайлым,  
Өтен кундер биігіне сен арқылы қараймын.  
Бар болғаның қандай жақсы, Қызылжардың төрінде.  
Барша қазақ қауымындей сені күнге балаймын.  
Жарықтық Күн сияқты, сен көнелер көзісің.  
Көргеніңің бәрі-бейнет, дәл қазактың өзісің.  
Мүмкін, сені бәз біреулер қораштау дер, нашар дер.  
Қарапайым қалпың менен сен дүшпанның тезісің.  
Теріскейін даламның төске алып жайғасқан,  
Ақ үй осы өңірдің қожасындей жарасқан.  
Сақшы дейсің кейбіреу, шекараны күзеткен,  
Дүрыс дер ем бәріне, тіпті де мен таласпан.  
Әйтеуір, бұл Ақ үй менің бала күннен есімде,  
Қариялар жырдай айтқан, талай жаздың кешінде.  
Тауыса алмай ол жайында аңызын,  
Ат күзете барған бізге, сыйбырлайтын Есіл де.  
Қараушы едік топ-топ бала жар басына қиялдан.  
Жар басында аппақ үй-жаралғандай қиялдан.  
Мынау аспан аспан емес, салтанатты сарайдай.

Абылай хан алтын тақта, байқайтын ек тұманин...  
Ол алыстан көрінетін, алтын тәжі жарқырап,  
Қарай-қарай көз майымыз таусылып, бой қалтырап.  
Көңіліміз марқайып, тарайтын ек,  
Талай сырды көкірекке артып ап.

-Абылайдың ақ үйі, -деп қазақ қате айтады,  
Олар қырда көшіп-қонған, үйді салып қайтеді?!

Қатын патша салдырган үй салтанатты, сымбатты.  
Ханға емес, аксүйектер онда сайран етеді –  
Десін бізге білімпазы кеңес деген заманың.  
Қарсы пікір-сен бірісің қоғамдағы жаманның.  
-Сонда біздің Сәбит тарих білмей ме деп кейисің.  
-Ол жұмақ та орнатады, -дейді-ұшымен қаламның.  
Бұдан өрі сөйлесуге тіл кесіліп, үн өшті.  
Жұкті қалай аудармай-ақ апарамыз бұл көшті?  
-Абылайдың ақ патшаның, “ұлы елдің” қас жауы.  
Қызылжарға, бұл қорғанға қалай келіп жүрмекші?  
Міне, осылай кете берер ирек-ирек сұрақ, сыр.  
Қазақ байғұс жүргіннен «Абылайды» лақтыр.  
Ақ үй жайлы ешуақытта ойланба да, толғанба,  
Одан да сен Абылайды, ақ үйінді жок дегенге  
құлақ тұр.  
Ақ үй десен сол тұста, қырқушы еді тілімді.  
Тұн ететін жайнаған, жарығы мол күнімді.  
Бір ғажабы жылтай да алмаушы едім адамша.  
Шығара алмай шошынып, көмейімнен үнімді.  
Алқымыма тығылып ашуым да ызам да.

Кегім қайнап жүректе, қаным тасып, қызам да,  
А..бы...ла...а...й! –деп айқайға салам келіп,...  
жым болам.  
Райымнан қайтамын, өз шартымды бұзам да.  
Заман болды бір басқа, жаман болым оңбайтын.  
Ұлылардың қазаққа көңілдері толмайтын.  
Койдан жуас қоңырдың тарихы жок, тегі жок.  
«Бұлар қайдан келген»-деп, өздерінше ойлайтын.  
Тереніне тарихтың барып қайтсын, қиналып,  
«Жүре берсін өзірше қара тобыр жиналып», –

Десе керек білгіші бізді кісі көрмейтін.  
Қанындағы “ірілік”, “ұлылыққа” уланып.  
О, жасаған, біз сорлап, барымызды жоғалтық.  
Барды жоқ деу, шынында, соқырлық та, ағаттық.  
Құдай өзі кешірсін, кешірсе игі, содырлар.  
Касиетті мұрага нағандық сөз-ок аттық.  
Халық – құдай. Ол өсте өтірікті айтпайды.  
Әділдіктен, шындықтан бойын тартып, қайтпайды.  
Өзіме, өзім сенем бе?! Халқыма да сенемін.  
Ақ үй жайлы қанқу сөз жаныма еш жақпайды.  
Жүргімді жаралайды, қөңілімде-ала қайғы.  
Менде жүйке жоқ па екен, неге олар қарамайды?  
Жарама сап у тырнағын, жанды қинаң, ауыртады.  
Қисайтпастан мұртын, қасқа, елдігімді қаралайды.  
Біз баяғы жылқы мінез қазақтықтан тана алмаймыз.  
Кеш оянып, кеш сезініп, жанар тұста жана алмаймыз.  
Санды соғып, бармак тістеп, өткен іске өкінеміз.  
Уақытты желге үшірып, тиістіні ала алмаймыз.  
Мейлі, орыс, қазақ салсын, ақ үй мені баурап алған.  
Жүргімде мәңгілікке ыстық сезім орнап қалған.  
Көкірегімде тулап шаттық, ақ ордама мақтанамын.  
Құшақ толы жайнаған гүл, шақырады алдан арман.

## КӨРІНЕСІҢ БИЛТЕН

(Сафуан ағаға)

Жұрт назарын аударып бір өзіңе,  
Шыға келдің Алатау күмбезіне.  
«Болашаққа» жол сыйзың қаламыңмен,  
Қызықтырып елді еркін мінезіңе.

Жастық шақтың қайнаған қуатымен,  
Романмен ел-жұртты дулатып ең.  
Жастар сүйіп, құнықты шығармаңа,  
Сүқтандырдың қыздарды сымбатыңмен.

Қаламыңның желімен желіктіріп,  
Теренімен ойыңның еліктіріп.

Баурал алдың бірден-ақ қазағынды,  
Таланттыңның жемісін беріп тұрып.

Сәбит ағам байқап қап ерлігінді,  
Қолын созды көрсін деп өрде гүлді.  
-Білім сенің қанатың, сусында да,  
Сал,-дедің ол,-өмірдегі өз өрнегінді.

Өзіңше өрнегінді кескіндедің,  
Өзгеге үқсамайтын ескін де едің.  
Дарынды тани қалған қалың қауым,  
Өзінді еркінсітті, көпсінбеді.

Ғабең де қуаттады, қолдап сені,  
Тәнті боп таланттыңа, толғап та еді.  
Сүйсінер елің ерен еңбегіңе,  
Зор тұлға туады деп болжап берді.

Жалғаннның жүмбақ сырын біліп келген,  
Данышпан көріндің сен биқтерден.  
Таразының салмақты тасындар боп,  
Әділдігің іilmestі iip берген.

Жанынды толғандырып, қинаған көп,  
Тендік деп жүргегінде дулаған өрт.  
Бұрқ етіп шыға келді желтоқсанда,  
Жастардың жалынымен тулаған кек.

Сен сонда қарсы үмтүлдың тіресуге,  
«Диюмен» күші басым күресуге.  
Үлтжанды сенен халқың көз жазбады,  
Мұлт кетіп, түсе ме деп тізесіне.

Тас-талқан етем десе, аспан құлап,  
Селт етпей асқақ түрдің қасқайып-ақ.  
Төгілген көсем сөзің, көркем сөзің,  
Ұлылық қасиетің біздерге үлгі-ақ.

Жаныңның жайып тастан жапырағын,  
Куанттың қалың қазақ атырабын.  
Сафекең сексенде деп естігенде,  
Гүл шашты туып-өскен топырағың.

## **НЕ ДЕРСІН**

Шешендікпен тұстім көптің көзіне,  
Құлақ асты, бас шүлғыды ел сөзіме.  
«Аузыңан бұрқыраған көбігің,  
Көкмылжыңсың» деді біреу өзіме.

Бұлк-бұлк етіп сайрауға әзір тұр көмей,  
Ауыз бақтым топ ішінде үндемей.  
«Мылқа болып қалған,-деді мені жүрт,-  
Бақырайған көзі ғана сөйлемей.

Мәңгіге өшіп жанарының шырағы,  
Қараңғылық болыпты оның тұрагы,-  
Демесіне жүртттың енді кім кепіл?  
Тас бітеліп қалған!»-дейді-ау құлағы.

## **АҚЫННЫҢ ОЙЫ**

Асаудай құрық көрмеген,  
Ойнақтап өрге өрлеген.  
Қырандай көктे шарқ ұрып,  
Аспанға тыным бермеген.

Ақынның ойы- еркін ой,  
Баладай тәтті, ерке ғой.  
Тас бұлақ болып сылдырлап,  
Тіршілік әнін шертеді ол.

Ақынның ойы-сел тасқын,  
Күніренткен жанын тау-тастың.  
Атылмаған жанартау,  
Дүбірлетіп жатқан жер астын,  
Ақынның ойы-еркін ой!



### **Ожан ҚАЛИ**

Есіл ауданының (Ленин) Сарман ауылында туған. Алматы-дагы Абай атындағы педагогикалық институтты бітірген. Облыстық «Ленин түү», республикалық «Социалистік Қазақстан» газеттерінде еңбек еткен. «Сыртолғау», «Эхо времени» атты романдар мен «Ой толғау» атты өлеңдер жинағының авторы. Зейнеткер.

## **«ОРДАБАСЫ ҚОЖАБЕРГЕН» ДАСТАНЫНАН ҮЗІНДІ**

Батырлар өңкей сұнқар соңына ерген,  
Талай жерді басып кеп талай елден.  
Абылай көремін деп қарт жырауды,  
Арнайы бата алуға өзі келген.

Есіктен кіре бере сәлем берген,  
Нәкерлер тағым етті соңына ерген.  
Сыйлығы, сиялаты және де бар,  
Алыстан әдейі арнап ала келген.

Жастықтан сонда түрдү Қожаберген,  
Хандардың түр сипатын талай көрген.  
Баласы Әбілмәмбет қандай үл деп,  
Көз салды жас сұлтанға іздеп келген.

От шашқан қос жанары қос тостаған,  
Қырандай кербез қарап көз тастаған.  
Отырған түр тұлғасы тым ерекше,  
Қасына ергендерге үқсамаған.

Түйілген бүркіт қабақ ойлы жүзі,  
Дермісің жан жетпейтін шыңың құзы.  
Қайысқан қазақ үшін қасіреті,  
Айтпай-ақ білініп түр іштің мұзы.

Кең иық ер кеуделі сом білекті,  
Болжады боларсың деп жау жүректі.  
Қарт жырау болашақтың ханын көрді,  
Жаралған қазақ үшін сын-тіректі.

Естіген Абылай да жырау жәйін,  
Жасынан аспандаған қырандайын.  
Намысы бар қазақтың ары үшін,  
Бел буып әр қашан да түрған дайын.

Елші боп талай елде жүрген еді,  
Күдерді бекзададан үзген еді.

Күн шығыс беткейіннен бір сұмдықтың,  
Боларын күні бұрын сезген еді.

Ерлігі, білгірлігі жыр мен дастан,  
Жағдайды пайымдауда ақылы асқан.  
Елінің олқы тұсын талай рет,  
Ескерткен абыз жырау өуел бастан.

Кемдікті ашық айтты бұлдадыма,  
Төрең бес ақиқатты құндады ма?  
Күпсінген пандығына, хандығына,  
Сәмеке оны ақыл деп тыңдады ма?

Жас сұлтан жолы болып келген бүгін,  
Танытты терең ойлы көргендігін.  
Ғұлама фасырлардың құрдасынан,  
Білдірді ақыл сұрай келгендейді.

Ойланып сонда жарада ойға кетті,  
Шиырлы өмір жолын шолып өтті.  
Тұнғиық терең ойдың қойнауынан,  
Оралып жөн тапқандай бурды бетті.

Хабардар Әбілмәңсүр кездерінен,  
Анғарды терең ойдың көздерінен.  
Байқады сабырлық пен пайымдықты,  
Көп тыңдал аз сөйлейтін сөздерінен.

Келгенде Абылайдай асыл текті,  
Іштегі баса алмады жалын өртті.  
Тереңнен тебірене сөз маржанын,  
Ағытып ақын жырау сөйлеп кетті.

Дұрыс қой сұрау салған іздегенде,  
Нысана оңай емес көздегенге.  
Не жетсін ақыл алар ондай үлға,  
Бет алған оң батамен мезгегенге.

Иә, ақылды сұраған жөн үлкендерден,  
Жақынды алыстарды көргендерден.  
Сырларын дүниенің күнде ақтарып,  
Анығын-танығын да білгендерден.

Айтайын сен сұрасаң мен ақылды,  
Танысып жатқанында жеқөтілді.  
Ағытып асыл сезден сыр терейін,  
Таңдайды тұшытатын тек татымды.

Көніл қой мына сөзге Абылайым,  
Әрқашан тыңдағанға сөзім дайын.  
Айырып көпіршіген көбігінен,  
Балқаймақ ағызайын тілдің майын.

-Құбылма қүйқылжыған заман-тұлкі,  
Жете алса ебін тауып амалдықі.  
Жалтарып булаң қүйрек сыландаса,  
Соңына ере алмаған болар күлкі.

Сол тұлкі түседі екен тау бәктерден,  
Басынан талай түрлі жауды өткерген.  
Тұлкісін қырдың қызыл соғып алып,  
Ілуді қанжығаға кім жек көрген?!

Болғанда заман-тұлкі пенде-қыран,  
Іздейді көк аспаннан ізді бүраң.  
Бәктерден жайлап түскен кең жазыққа,  
Тұлкіңіз кетіп барад қылаң-қылаң.

Ку тұлкі кетіп барад жем іздең,  
Күдігін жалт беруден бір ұзбекен.  
Соңына адасатын айла тастап,  
Барады шимай шатақ сүм ізбенен.

Сүм тұлкі сылаң қаққан кезіп алды,  
Қыранды аспандагы сезіп қалды.  
Етекте қой тастардың арасымен,  
Бұлтара бұлталактай безіп салды.

Иә, тұлкіңіз бара жатыр дала кезген,  
Пана іздел жанталаса ыға безген.  
Қыран да көз алмастан қу тұлкінің,  
Кулығын сүмдүғын да ерте сезген.

Қыран құс аспандагы қалықтаған,  
Айналып кектің жүзін шарықтаған.

Тұлқінің түрі-түсін, баар бетін,  
Қимылын өлде қашан анықтаған.

Қашқанмен құтылмасын біліп алды,  
Қоярга жер таба алмай шыбын жанды.  
Тұбіне өзі түсті қызыл тастың,  
Қаздия құйрық шаншып тұра қалды.

Қыран құс жаңылмады бағытынан,  
Тұлқіден көз жазбады сағы сынған.  
Жасырынып тас ығында тұрған құфа,  
Аспаннан төмөн қарай ағытылған.

Тұлқіңіз тас ығында қатты састы,  
Суылдан шыдай алмай тұра қашты.  
Қаншама жан ұшыра бұлтарса да,  
Қыран құс дәл үстінен тұра басты.

Қырандай тұлкі қудан айлан ассын,  
Жауларың айбарыңнан қатты сассын.  
Тасада тұрып алып тас ататын,  
Өлімінен көп бұрын құты қашсын.

Жаныңа жігіт ерсін тұрағы мол,  
Еліңің сөүле шашар шырағы бол.  
Тас қайсы, тулкі қайсы дәл айрып,  
Ақиық қырандайын қырағы бол!

Болғанда заман тұлкі пенде қыран,  
Арада өткел жатыр бұран-бұран.  
Откелден өтудің де мәнісі бар,  
Табанан тайып кетпей жолда бұран.

Мәртебен үстем болсын қанат жайған,  
Ел біткен ерлігіңе болсын қайран.  
Өмірдің таусылмайтын майданында,  
Әрдайым қатар жүрсін ақыл-айлан.

Аспандар ақиықтай кезің осы,  
Адамға қиналғанда төзім-досы.  
Ер болсаң елден асқан көреген бол,  
Сұлтаным бірінші айттар сөзім осы.

Иә, сақтап қал қиналғанда төзімінді,  
Қапастан алып шығар өмірінді.  
Бұл өмірдің сиқылы сыры көп қой,  
Сондықтан мынаған бүр көңілінді.

Ақиқат орай өтпей оралғаны -  
Жақсылық жамандықты жер қылғаны.  
Ер азбай, ел азатын күндер туса,  
Айнадай айдың көлдің суалғаны.

Суалса айдың көлің құрдым болып,  
Есесі немен толар бұл жалғанда?!

Жастардың ақыл-кеңес сұрағаны,  
Бірлігін бүтіндіктің құрағаны.  
Ел азбай, ер азатын күндер туса,  
Жайқалған бәйтерегің құлағаны.

Құласа бәйтерегің ағаш өсер,  
Нәр алып тамырынан жауса несер.  
Осылай өз қалпына келер ағаш,  
Дәл үшы тұрғандай-ақ көкті тесер.

Сан соғып қайран басы мұң шалғанда,  
Қапыда қалғандар көп құр арманда.  
Суалса айдың көлің құрдым болып,  
Есесі немен қайтар бұл жалғанда?!

Кей бұзық жылы орынды мұз етеді,  
Жұрт өзі бұзылғанын түзетеді.  
Бұзығы туゼлмесе керден кетіп,  
Көшілік белден басып жер етеді.

Егерде сөз екшелеп болсам алмақ,  
Қыннан қыстырып салсам қармак.  
Алыстан іздеп келген Абылайым,  
Екінші айтар сөзім осы болмак.

Толғана терек ойды қазған сайын,  
Балқаймақ ағызайын тілдің майын.  
Құлақ сап одан өрі тыңдасаңыз,  
Биліктің бисмилласын баяндайын.

Шет елде жүріп тұрса өкіл ісі,  
Әмірдің мықты тірек бекінісі.  
Мынаны Абылайым есте сақта,  
Қарадан ханның болmas өтініші.

Болса егер әділетсіз әкім ісі,  
Іриді іргесінен бекінісі.  
Қараның мұң-мұқтажын елемесе,  
Түбінде ханда қалар өкініші.

Бұкпесіз ашық айтар әділ кісі,  
Демейді акты қара нағыз досы.  
Хан болсан җабыспақтар жаннан шықпас,  
Үшінші менің айттар сөзім осы.

Бас уәзір барлық істі басқарушы,  
Міндегін әрі ханның атқарушы.  
Қолыңа ел билігі тиген екен,  
Қолдасын бір езінді Жаббар күші.

Білгенге менің айттар сөзім қысқа,  
Аз сөзбен болашаққа бердім нұсқа.  
Асығы алыш түсер жас сұлтанның,  
Ту үстап әз-Тәуkenің жолын қуса.

Үлгі алыш Төлебиден көргенінді,  
Құрыпсын өз алдыңа өрмегінді.  
Қазақтың шекарасы Қызылжарға,  
Естідім Қорған соғып келгенінді.

Тұсынан Тархан Көшім ханнан бері,  
Есілдің ен жайлауы болған тेңі.  
Тобыл мен Ертіс өзен аралықта,  
Жайлаған Қызылжарды Керей елі.

Толыбай біздің жерде жыршы атанған,  
Сібірдің Ескерінде сыншы атанған.  
Жүргенде Сыр бойында шипагер бол,  
Болған соң қолы жеңіл емші атанған.

Сол кісі Шығыс жақтан келген екен,  
Есілден өтін барып қонған екен.

Кешкілік биік жарға түскен сәуле,  
Себепші «қызыл жарға» болған екен.

Қонған жер Толыбайдан бата алыпты,  
Әкеден өнегелі сөз қалыпты.  
Есілдің орай өткен жар қабағы,  
Осылай Қызылжар боп атаныпты.

Абылай құтты болсын қойған белгін,  
Білгенің қасиетін туған жердің.  
Мұныңыз мойынға ілген бойтұмардай,  
Шет жұрттан көресінді көрген елдің.

Қуат жоқ менде қазір Абылайым,  
Келсөніз әр қашанда сөзім дайын.  
Арымас баталы құл деген сөз бар,  
Енді мен соған қарай оралайын.

Қолың жай, бата берем Абылайым,  
Таныпсың үш жүздікте елдің жәйін.  
Жұлдызың жарқырасын және дағы,  
Оңыңдан күнің менен тусын айың.

Жалғанда алыстама ақиқаттан,  
Байламға барап жерді жақыннатқан.  
Мың толғап нар төуекел бір кесетін,  
Фаділдік туады екен ақиқаттан.

Келіпсің әдейі арнап үзак жерден,  
Талабың таудай екен құдай берген.  
Қаласа әмірі асқан хан боласың,  
Егерде жаңылмаса Қожаберген.

Иә, құдай үл туса егер үміт ақтар,  
Ғұмырлы ет Абылайды иа Жаббар.  
Үш жүздің тоз-тоз болған басын қосып,  
Мәртебен үстем болсын, Аллаһуақбар!

## **Теміргали ҚАЖЫМҰРАТОВ**

1939 жылы туған. Білімі жоғары. Алғашқы өлеңі сол қездегі облыстық «Ленин туы» газетінде 1954 жылдың қарашасында жарияланған. Аудармамен де айналысады. Атап айтқанда олары: Рудаки, Р.Бернс, У. Шекспир, Д.Г.Байрон, Пабло Неруда, Сүлейман Рустам, С.Есенин т.б.

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Табиғаттың «құлдығына» көнетін,  
Тік жар емен өзенге құр төнетін.  
Адаммың ғой кеудемде ыстық жалын бар,  
Думан толы тән тұрмысты қөретін.  
Түкпірінде ар, намысым жататын  
Жүргегім бар жанса жалын ататын,  
Кездерім бар достарына балқытын,  
Жәдігейге мәңгі мұзбын қататын.  
Киялым бар шарқ ұратын, қағатын,  
Буыны әлсіз қолдан балғын қанатын.  
Ой-өрісте аңқылдаған көңілім,  
Өлең-жырыз таба алмас еш тағатын.  
Іза, ашу да кейде болып қалатын,  
Ақыл, сабыр – күш бар жеңіп алатын.  
Өн бойымды адап жүрек билейді,  
Жалған сезге оттай ойран салатын.  
Бар сезімім қайғыратын, күйетін,  
Сүйетін де шаттанатын, күлетін.  
Мойыныма алам өзімшілдік-паңдықты,  
Мақтаныш та кей кездерді жүретін.  
Сан қасиет, сан кемдікті табамын,  
Өң бойымнан қалай бүгіп қаламын?!  
Бар білерім: жақсыларын қалдырып,  
Мәңгілікке аластату жаманын!

## ЖЕБЕУ

Ой-ой да, киял сонау асқар шында,  
Ұялап басын мәңгі жатқасын ба?!

Мензейді бір сезім: «Тек сонда!» -деп  
Шынымен ойдан жырақ асқансың ба?  
Өзінді ой өрбітіп қанат беріп,  
қадірлеп, бір өзіңе санап серік;  
Жүрсе де бәйек болып, беу қиялым,  
Самғадың сонша кімнен алып ерік?!

Мәнісі қалай, қандай бұл ұшудың,  
Ой-ойда, сен шың асып-суысун?!

Түйсінші, о қиялым, әуел бастан,  
Ойыммен жалған ба еді туысуың!?  
Кейбіреу қиялына ойы ілесіп,  
Фарыштың кемесіне бір мінгесіп  
Бұл күнде мәшіүр-мәлім сайран салып,  
Той-тойлап Марс, Аймен жүр тілдесіп.  
Айтарым, оймен жалаң, о қиялым  
Қалай, қайтіп өмірге мен сиямың?!  
Маған бақыт өзіңмен бірге шарлап,  
Жүзін көру аскар шың, күз-қияның!

## ТУҒАН АУЫЛЫМА

Әлі есімде жүргенім  
Жас кезімде дәңінде.  
Достармен ойнап күлгенім,  
Асық іздел көнінде.  
Шомылып қара суында,  
Толқынын қуып ойнадым.  
Хош иіс шепті нұында,  
Салсам да ойнақ тоймадым.  
Есіліп әртін Есілің  
Тоғайлар жеміс қойнауы;  
Бертінде жатыр көсліп,  
Атшаптырым алқаң-жайлауың.  
Алғашың – «Құздік» қоршаған,  
Кенесім, неткен көркем ең.  
Ыстықсың қалай аңсаман,  
Туған ауылым-өлкем сен!

## ДОМБЫРА

Домбырам «Шалқымыны» шалқытатын,  
Ерітіп жүрек қылын балқытатын.  
Тыңдаушы жас бөбектен қартқа дейін,  
Үйитып, маужыратып, қалғытатын.  
Домбырам «Сары Арканы» сайрайтұғын,  
Пернеге саусағымды айдайтұғын.

Қызып ап желдірмелеп жөнелгенде,  
Қанатын балғын шабыт қомдайтығын.  
Домбырам «Қосбасарды» басатүғын,  
Нәзік күй шыңд басына асатүғын.  
Домбырам «Құдашаны» қүйқылжытығын,  
Күйлердің қиял сырын ашатүғын.  
Домбырам «Қоңыр қазды» қаңқылдатқан,  
«Адайды» арқыратып аңқылдатқан!...

Баураса «Балбырауын» балбыратып,  
«Қос-Алқа» жайрандаған – жарқыл қаққан!  
Домбырам «Той бастарды» думандатқан  
Тартқанда саусағыңыз сумаң қаққан,  
Мен – казактың баласы елеі-жырмен,  
Күй қосып домбырага судай аққан!

## ДАЛА ЖЫРЫ

Далам менің, жырласам жазығынды,  
Күй келеді көңілге нәзік үнді.  
Жайлau болып жаныма жазың жетсе,  
Күзден алып қайтамын азығымды.  
Далам менің, биіктे бүлттарың бар,  
(Қарашадан қаптаса, құтқарып ал...)  
Кектемінді көргенде көңілім шат,  
Саф ауасын айтсайшы – жұтқаным бал,  
Далам менің, өлеңім-жақұтымды,  
Өмірімді, үлесім-уақытымды;  
Бір-өзіңе арнаймын мәңгілікке,  
Бір өзің деп түсініп бақытымды!

## ҚҰРМЕТ-ҚҰДІРЕТ

Қонағым болсан, егерде,  
Ен үйде-ашық есігім  
Атамас болар бекерге,  
Қонақжай қазақ есімін  
Тұнде, күндіз кел мейлін,

Карамаймын - өңің кім?  
Қарсы алам, сенің кең пейлім,  
Кел-дария-көңілім.  
Алдыңа жаям дастархан,  
Көрсетем қойдың құлағын.  
Сусасаң асыл ас дарқан –  
Сапырам қымыз бұлағын.

Артынша күй мен ән қосып,  
Әңгіме шертем өзіңмен.  
Отырсам бірге, жан досым,  
Мың жасап қалам сөзіңе.  
Тында жүрек күмбірін,  
Ежелден салтым-кішілік.  
Әр адамдар бір-бірін,  
Құрметтеу де-кіслік!

## ЕЛІМЕ

Ататын таның әр шақ алаулаған-  
Желпіндірер желкілі жалау маған  
Күнделік дәмім сенде тататұғын,  
Суын да, туған Елім, бал аумаған!  
Гүлдерің, көз қытықтап құтындаитын,  
Самалың, шым жібектей сусылдайтын;  
Тең көрем бұлақтарды зәмзәм сұын-  
Қазақтың қымызымен, сусындаитын  
Табатын түрлі теңеу, жырым-дерек...  
Жаһанда сендей жер жоқ, сырың бөлек,  
Төсінде сайран салып өзгелердей,  
Жанымды жайсаң нұрға журмін бөлеп.  
Сен десем салмақтаймын сезімімді,  
Байсалды, бәтуалы-сөзім құнды  
Абзалы, арман бар ма ақыныңда,  
Өлмейтін өлең туса өзің сынды?!

## БЕЙБІТ КҮНІ

Өрелі өмірдің бейбіт күн – бесігі,  
Керікті кеңілдің кіретін есігі  
Сан қылы түйіні-жауқазын жырлардың  
Күмбірі-күйімнің, көктемі-қырлардың  
Дарқандық-айдыны, тұлғасы-таулардың  
Шындардың-айбыны, сырласы-баулардың  
Тап-таза ніл аспан, былдыры-бұлақтың  
Самалмен сырласқан сыйдыры құрақтың  
Арудың-арманы, ажары-гүлдердің  
Әсем бақ-бар маңын, базары-күндердің  
Шапағат-жарығы, жымыңы-жұлдыздың,  
Махаббат-шарығы-мерейі үл-қызыдың  
Тууды ананың, бастауы-баққыттың,  
Уілі-баланың, үлесі-уақыттың...  
Өрелі өмірдің бейбіт күн-бесігі,  
Керікті кеңілдің кіретін есігі.  
Бейбіт күн-құлкісі сәби мен кәрінің,  
Бұл таңда мақсаты – баршаның, бәрінің!...

## ОЙЛАР

Ойлар, ойлар-таусылмайтын жол анық,  
Мен жататын орман-ойға оранып.  
Мұз үңгіген көктемнің көл-суындей,  
Мөлдір ойлар көрген емес торалып.  
Ойлар деген ағыл-тегіл сабылып,  
Жатады ғой іздегенге табылып.  
Тұған тұста тіптен маза бермейді  
Келеді бір кейбір сәтте сағынып...  
Туу алыста үміт оты жағылып,  
Алқа қотан ой-қиялға бағынып;  
Куанышқа бөлөнген шақ кетеді-  
Күмбірлі күй-көкейіңнен ағылып...

## НАЗ

Сезсең менен-мұң-қайғыңа оғыңмың,  
Безсең менен-сөнбейтүғың шоғыңмен.  
Сапар шексең-сайрап жатар жолыңмың,  
Қапалы етсең – сайрандатар көліңмін.  
Дауыл соқса – қорғаныңмың – орманмың,  
Ауыл соқсаң – аялайтың арманмың.  
Қырға шықсаң – қолға қонар гүліңмін,  
Сырдан үқсаң – ойға оралар үніңмін.  
Қала жетсең-карсы алатын бағыңмың,  
Қалау етсең – сонау сәби шағыңмың.  
Бұдан басқа бар ма тағы тілегің?  
Бәріне өзір ғашық мениң жүрегім!

## ТАҒДЫР ТОЛҒАУЫ

(«Қара кемпірдің зары» әнімен)

Сұқаным сүймесі хак сөзге ергенді,  
Дәріптеп келем дәйім көз көргенді  
Кешегі «Қайта құру», «Жариялышық»,  
Кім қалай жөн санайды өзгергенді?!

Таңы атты Төуелсіз ел қуанасың,  
Көңіл-күй құйқылжуын құп аласың  
Діңкенді дүмше дүние құртып бақса,  
Несіне мәз боласың, жұбанасың?!

Сұр-сұлденің сұлбесін сынға аласың,  
Үйқың жоқ жөні бүтін түн баласы  
Жатқаның жан ұшырып, жүрек сыздап,  
Ыргалып-жыргалдың-ақ-құр қаласың  
Жылдарын мінеп-шенеу тоқыраудың  
Тәсілі текке қарап отырмаудың;  
Көш бастап нөпірін жүрт жөнеп берді,  
Сиынып базарына «боқыраудың»  
Білмеймін мұндай кімге жақсан сауда?

Сұрарлық сиығы жок, жақтап, сауға....  
Тақырға отырғызған бірін-бірі,  
Аяғы айналмасын батпан дауға.  
Қорғайтын құлаш-құлаш заңымыз бар,  
Әзірге жайлана дерт жаның мұздар  
Пара алу, үрләк-қарлық, кісі өлтіру  
Шарасыз Үкіметке таңымыз бар?!  
Құр сулдең қалғандығын сынға аласың,  
Тұнімен түлен тұртіп тұлданасың  
Үй-іші ұрыс-керіс, ақырында,  
Аузыңдан көбік шашып жынданасың  
Ежелден арқау болған пәк жырыма,  
Өмірдің жарымадым жаңбырына  
Тағы да пешенеме не жазды екен,  
Аланмын мен ертеңгі тағдырыма!



### **Болат ҚОЖАХМЕТОВ**

Болат Қожахметұлы 1946 жылы Есіл ауданы Өрнек ауылында туған. Қазақ Мемлекеттік Университетінің журналистика факультетін бітірген. Ұзақ жылдардан бері «Солтүстік Қазақстан» облыстық газеті редакторының орынбасары болып қызмет істеп келеді.

2002 жылы «Аспандагы арғымақтар» атты жыр жинағы шыққан. 2001 жылғы облыстық мүшəйраның бас жүлдесін алған.

## ТӘҮЕЛСІЗДІК – ЖЕЛТОҚСАНДА ТУФАН ҮЛ

Ұлым Дулатқа

Жыл ед сексен алтыншы.  
Желтоқсан ай.  
Жаңа жылды алдағы  
ел тосқан ай.  
Солтүстікте-  
аяз боп он алтысы,  
онтүстікте-  
ызыгарлы жел соққаны-ай!  
Солтүстікте-  
қиналып шешең жатты.  
Оңтүстікте-  
орнынан көсемді апты.  
Жамиғатты  
табиғат жақтайды ғой,-  
желтоқсанның аязы  
осы ёд қатты...

Солтүстікте-  
өз шешең қансырады,  
сүп-суық тер  
мандайдан тамшылады.  
Ол сенімен – ұлымен-  
берсе жауап,  
пенделіктің тынардай  
бар сұрағы.

Солтүстікте,  
өз қалаң – Қызылжарда  
сен шыр еттің;  
жол берді қыз үлдарға.  
Төрт қыздан соң жарқ етсе  
жалғыз Күнің,-  
қаратады екенсің  
жүзінді алға.

Оңтүстікте –  
тап беріп түкті адамға,

орда бұзар кіл жастар  
шықты алаңға.  
Жаса, үрлак!  
Талтатпас ұлт намысын!  
Әттең бәрі тап болды-ау  
қысталанға.  
Жаба алмады олардың  
ауыздарын,  
жыламады-сібірлік жауызға мың.  
Соққы, тепкі, мұздай су-  
бәрін көрді,  
мейлі, тастап жіберсін  
тау, мұз, қарын!

Ұраншысы ұлтымның-  
Қайраттар-ай...  
Барлығынды  
жендеттер жайратты ма-ай?  
Тәуелсіздік қары мен қаны  
жауған  
желтоқсанда жоқ деші  
айбатты рай?!

...Солтүстікте осылай,  
ұлым менің,  
сен туғанда,  
әрине, күлімдедім.  
Ерте туған көбеген  
болғандықтан  
желтоқсанның сезбедік-  
жылу-лебін.

Оңтүстікте-  
алаңға шыққандар-ай!..  
Ұлтымыздың мұддесін  
үққандар-ай...  
Ерте туған көбеген  
болғандықтан  
қараладық бәріміз  
түк талғамай...

Оңтүстікте-  
көмкерген гүл етегін  
сол алаңды көргенде  
дір етемін.  
Солтүстікте-  
мен дағы кейін ұқтым:  
Тәуелсіздік дегеннің  
Үл екенін...

## САҚАЛ ЖӘНЕ СЕЛЕУ

Топырақтан жаратылдық  
бәріміз,  
топыракқа айналамызың  
әлі біз.  
Шөп шығады үстімізге  
үп-ұзын,  
алмасады-  
қыс, көктем, жаз, сары күз.  
Ажал, ажал...  
Ол тажалға жоқ тенеу.  
Өледі адам:  
Жас, кәрі, я кекслеу...  
Иендегі  
кей бірінің басында  
изендейді-  
жылдар бойы ақ селеу.  
Астында оның  
бабаларым жатыр гой,  
барлығы да-  
аяулы еді ақылгей.  
Ажал жұтты-  
жер жарылып кеткендей,  
сыртта емес,  
іште қалып ақырғы ой...  
Аталарым-  
жоталарым теңкиген,  
көңге айналды-  
киімдерің сен киген.  
Ал шыбын жан

көкті шарлап жүр ме екен,  
сақалдарың ғана қалып  
жел сүйген...  
Жермен жексен болып кетсе  
кең кеуде,  
айналады-  
ақ сақал ақ селеуге.  
бабалардыңabyройы,  
беделі  
жерді жарып шықса,  
болар «О!» деуге.

шежіреден іздең  
әркім таба алар,  
жер астында жатқан  
талай дана бар.  
Айналғанша ақ селеуге  
сақалым,  
ұмытпаймын мен сендерді,  
бабалар!

## КЕДЕЙІМ, КЕРБЕЗІМ

Қазағымның  
кедейлікпен елі егіз,-  
қаншама жыл:  
қоңторғай бол келеміз.  
Міне, қызық:  
қызылымыз қашқанмен,  
кербез болған қалпымында  
өлеміз-

Кербездікпен қалдырсақ та  
тарихта із,  
кедейліктен құтылмаған  
халықпиз.  
Ақындары,  
шешендері,  
билері -  
жарлы болған жалпақ елің

анық біз!  
біздің тарих-  
кедейліктің тарихы,  
онда-  
қырсық, жалқаулық пен бар үйкы  
Соның бәрін бұркемелеп,  
кербездік,  
кіргізбейді орамына  
көрі иті.

Үлттың  
біткен болмысина шендеңесе,  
екеуін де  
ақын айтсын ендеше.  
жарты ғасыр  
бір өкілі боп журген  
  
жібермеспін,  
жырға қоссам мен де есе!

Не батады,  
білесің бе, ал маған?  
Нәпір халық  
бір науан үй салмаған!  
Ортасында  
ну орманның отырып,  
үй салуға  
шым оямыз жалма-жан.

Жиғанымыз-  
алтын да емес, пұл да емес.  
Өрмек құру,  
киіз басу,  
құр кеңес...  
табыла ма-  
аз ақылға мол дәүлет,  
қалып жатсақ-  
бәрінен де жылда кеш...

Жайбасарлық жарылқаған  
уа, кімді?!

жарлы кербез  
тындаған ба ақылды,-  
бала күнгі велосипед  
болмаса,  
баса алмадық-  
машинаға тақымды.

Мың, миллион  
қалада да санымыз.  
Тұспес-  
гараж, саяжайдың маңына із.  
Авто мініп,  
бақша күтіп, көрмедік,  
атар біздің  
оларсыз да таңымыз.  
Кедейлік ол-  
іш қазандай қайнаған.  
Мүкәммәл жоқ-  
үйімізде жайнаған.  
Әйел ауру,  
бала-шаға аш болса да,  
данғазамыз:  
қайда жиын, қайда ән?

Бүйіріміз шығып  
тамақ ішпейміз,  
есессіне-киімді дөп түстейміз.  
бір киермен  
шыға келсек сыйып,  
ұнатқандай-  
ұшырасқан іштей қыз...

Әттең, шыр жоқ:  
шодырайған жағамыз,  
әйтсе де оған сынушы ма ед-  
сағымыз?!

Өлейін деп жатқанда да  
той жасап,  
бар тапқанды шашатын кім?  
тағы – біз!

Біз – сәнқоймыз,  
жасымыз бен кәріміз,  
біз- данғоймыз,  
осы отырған бәріміз!  
біз дегенің –  
сыртқа жүнін қампитар,  
білдірмейтін арықтығын  
бәріміз!

Бола ма екен  
Міне, мұндай елде ездік?!

Мұндай елім!  
Кедей жанын әр кезде ұқ!  
Сырт жылтырап,  
іш қалтырап түрады-ау,  
жалт-жұлт еткен, қалт-құлт еткен-  
кербездік...

## АКРОӨЛЕҢ

Қауымның исі қазак ер бабасы,  
қайысқан қол бастаған ордабасы,  
қалың ел, қан майданның мәрт жырауы,  
қайғылы заманның арда алаши.

Ол бабам имам болды он жетіде,  
Он сегіз күш дарыгты келбетіне,  
Он тогыз-батырлығы байқалған тұс,  
Ойқастап жасыл түмен тербетіле...  
Жастық-ай... Жиырмада өзгереді:  
Жүректен өлен болып сөз келеді.  
Жырлайды судай толқып, таудай шалқып,  
Жүзеге асырылып көздегені.

Арабша, парсышаны қатар жатқан,  
Аяттай мұдірмestен мақамдатқан,  
Ақын да, имам да емес, елші болды,  
Азия кіндігіне ат аунатқан...

Бастамас батырлықтың қайда жолы,-  
бүкіл қол ордабасы сайлады оны.  
Батасын берген кезде Әнет баба  
балқыған жеткендей бір айға қолы...

Ер болып қорғай білді сарырқаны,  
(ел тыныш болса, бойға тарар қаны).

Ежелден қас батырдың қанды кешкен  
ерекше қанталап бас жарап таңы.

Рауандап атқан таңға шашырап қан,  
Рабайсыз болып жонғар басы Рабтан,  
ренаттың зеңбірегі зіркіл қағып,  
Рең кетті жерімізден ашық жатқан.

Гүж ете тұсті сонда сардар аға,  
«Гәп мынау: жау сінбесін бар далаға!»  
Гулеген шұбарымен шайқасқан енді,  
Гүрзісі аңыз болып өр балаға.

Еңкеуlep алпыс жылдай тұспеді аттан,  
«Елім-ай» сыртқа шықты іште жатқан.  
Елімнің тарихына тіл бітірген  
ерімнің есімі, ісі әсте мақтан!

Нешеме өнер біткен жырау баба  
насихат шашты, үрпағы түр аудара...  
Намыстың туы жұз жыл жығылмапты,  
наркескен ерді ұмытпас мынау дала!

## ЕЛГЕ БАРАМ

Шырайланған шақ осы  
демде ғалам:  
шілде туды!  
Ендеше мен дем алам!  
Өзің қарсы ал ұлыңды,  
туған жерім!  
Қош бол курорт!

Сен өзің емде, далам.  
«Саяжай» деп  
бір кезде менсінбеуші ек,  
енді ес жоқ;  
мен ертең елге барам!  
Баратындаі  
баяғы курортыма  
ақ қағаз бен киімді  
тенден алам.  
Базарлық бар  
бәріне туыстардың,  
Кейлектің ең жақсысын  
жеңгеме алам.  
Әкең туған,  
ал шешен түскен елге  
бірге еріп баrasың  
сен де балам.  
Сол ауыл ғой  
жаратқан мені ақын ғылп,  
Жорғалашы  
Өлеңді жерде қалам.  
Мен әйтеуір, отырмын  
мың қуанып,  
көрмегендей мұндаиды  
өңге адам.  
Көңілімде,  
рас, аздап күдік те бар:  
ахуалына ауылдың  
мен де алаң.  
Ағып жатқан булагым  
бітелгендей  
күндіз-жым-жырт,  
түн-тунек,  
түнге қараң..  
Бірақ бұдан сасатын  
ауылың жоқ  
және елу жетіге келген  
ағам.  
Жойылмайтын ешқашан  
оны – ауылды –  
тарихына қазақтың

жөн балаған.  
Аман болса қазағым-  
ауыл да аман,  
сыңайына айы еткен  
Мен де алан.  
Дәл осылай  
табандап тұра бермес,-  
ақылға емес,  
ақшаға кенде қоғам.  
Ауыл алып шығады  
бүл батпақтан.  
мен сенемін!  
мен ертең елге барам.  
Әлкен саған  
ат басын тіреймін де,  
өз үйімнің жұрттына-  
көңгे барам.  
Содан кейін  
ізімен балалықтың  
жел диірмен тұратын  
дәңгे барам.  
Содан кейін...Сағындым барлығын да.  
Балаңды күт, барамын Өрнек – анам!

## ҚЫЗФА БЕРМЕС ҚАРАГАЙ БАР

Мәруарға

«Қарағайлы орман»  
деп аталатын  
санаторий атаулы  
толып жатыр.  
Сонын бірі  
бір күнде жете алатын  
Қостанайдың  
куншығыс жолында тұр.

Жетпісінші жылдар-ды.  
жаздың басы.  
Көргенім еді курортты  
бірінші рет.

қалды есімде-  
көп әрі аз күн осы.  
Жаңа үйленген жас кезім.  
Тұрім – сурет!

Осында екен-  
жұмағы дүниенің!  
жар сал: «Е – хей!»  
Немесе: «Ахай!» - Ән сал.  
Сол алғашқы рақатым-  
міне, менің.  
Бар ауруым-  
жүректе ақау бар сәл...

Ойыны ма шыны ма-  
құдай білсін,  
дәрігердің  
біртүрлі болды айтқаны:  
«жүрекке ем  
бір сұлу ұнай білсін.  
Әйтпесе...»  
деп күдігін ұлғайтқаны...

Жөптеді жүрт:  
«жаны бар бұл сөздердің».  
Жә, оны қой.  
Сәнді екен санаторий.  
желсоқты едім,  
көргенде кілт өзгердім:  
есік ашты  
көп коттедж – дала толы үй

Құшақ жайып қарсы алды  
қарағайлар,  
шипалы көл,  
шайыр жел – барлығы да.  
Көкіректе оянып  
баяғы ойлар,  
сұлұлықтың жүгінді  
жарлығына.

Фашық көзбен қарадым  
төңірекке, су мен нудың  
елтідім кешкі үніне.  
Көзім жерде болғанмен,  
көңіл – көкте,  
тірей алмай ойымды  
ешбіріне.

Қызы шіркіндер көп екен:  
жас та сұлу,  
мұсіндері  
мәрмәрден құйылғандай.  
Жоқ сияқты –  
олардан асқан сұлу,  
әттең ғашық болмадым  
тұғим қалмай...

Мен құмарттым-  
жап-жасыл орамалы,  
тікірейген  
жап-жасыл кірпіктері,  
сом мұсіні  
құйылған қола бәрі,  
бұлт-бұлт еткен  
көп сырға – бүршіктері;

Қысы-жазы  
шырайы бәз қалпында,  
күндіз күнге,  
ал түнде қарап айға,  
басындағы мыңжылдық жазды  
алтынға  
айырбасқа бермейтін  
қарағайға...

..Қарағайдан кем емес...  
бар мұсіні,  
қарағайдан аумаған  
мінезі де,  
бірқалыпты қарсы алып  
өр кісіні

ұнсіз-тілсіз қаратқан  
бір өзіне;

қарағайлы аймақтың  
ашаң қызы,  
табиғаттан тапқандай  
үйлесім ең,  
сайрап жатқан  
санамда  
қашанғы ізі  
жан жарымнан басқаны  
сүймеспін мен!

## ДАЛА – МОЛА

Жерлеуден соң  
жіберші бір далаға ой,  
дала деген-  
қазылмаған мола ғой.  
Өлсең бітті-  
кіргізді көріне,  
бір кісіге  
шалынып бір қора қой...

Өлсең бітті-  
сүйк жерге кіресін,  
жазда-  
кек шеп,  
қыста-  
бағып күресін.  
Ғұмыр бойы  
өзің жүтқан топырақ  
үйіледі.  
Жойылады бір есім.

Бүгін – мекен,  
ертең – мола дала бұл,  
бәрі – уақытша:  
қалады қыз, қалады ұл...  
ұнататын сені

Әлеумет көп болсын,  
жыларатын сол жүртүндү  
бала біл!

«Бір ауыл» бар-  
бір ауылдың астында,  
айналатын  
жаратылған тас, құмға...  
жер астында-  
адамзаттың жартысы,  
ағып кеткен  
ақал жеткен тасқында...

Ал, әзірше  
дала- туған мекенін,  
орнын басқан-  
шешенің де әкенің...  
Бір жанталас-  
қашан барып кіргеніше  
ойламайсың  
оның мола екенін...

## КӘРІЛІК ҚҰРТЫ

Бұрын аспан ашық болатын,  
бұлттар жерден қашық болатын.  
Күзде күн күркіремейтін  
Сол кезге көніл ғашық болатын.

Бүгін аспан құрсанған, сұсты,  
қара бұлтпен құрсанған түсті.  
Күнүзак осы: бұлынғыр, бүркек,  
согады жел де біршама күшті.

Бұлт мамығын бүркыратады,  
жасыны және мылтық атады.  
Кәріліктің кемірген құрты  
буындарын сырқыратады.

## ЭКСПРОМПТТАР

Өлеңім, бала кезден  
жолдасымсың,  
әрқашан сен асқақсың;  
алда – шыңсың!  
Шіркін-ай, шың басына шығар ма еді,  
Табаным тимей қойған ол да тылсым...

\*\*\*

Алқарапек аспанды Ай аунайды,  
жалқы жүзген ару қыздан  
аумайды,  
ал жұлдыздар жігіттердей  
жымындал,  
саяқ жүрген Ай көңілін аулайды.

Бұл сұлуға серіктескен  
мың сұлу,  
сол сұлұлық сөүле болып  
саулайды...

\*\*\*

Көзінде нұр бар сөнбейтін,  
сезінде мір бар шөлдейтін,  
шабытты менің екенсің,-  
еziнде жыр бар өлмейтін!

\*\*\*

Отыз бен қырықтың арасында  
кемелділік кезеңі жарасымды, Ә!;  
Ақылың да айлан да,  
айбатың бар,  
қажырлы іс, қайтқан күш-  
бәрі осында.

## КҮЗДІГҮНІ ТУЫППЫН

Қоңыр күз.  
Қараңғы түн.  
Тымық аспан,  
Жұлдыздар байқалмайды жымындақсан.  
Мен ояу,  
түн қалғиды,  
ел үйқыда,  
Әлі түр түн пердесі  
сырылмастан.  
Қарасам осы маңның келбетіне:  
Тұңғызық қараңғылық жер  
бетінде.  
Суық жел сары масадай  
ызындаиды,  
Шыбықтар сыр шертеді  
тербетіле.  
Сұр күшік, тоңды білем  
қыңсылайды,  
Малдар да пішеннегі  
тыншымайды.  
Сұп-суық саусағымен ашулы жел  
Йза бол өн бойымды  
шымшылайды.  
Тырналар ете берді  
тыраулаган,  
Солардан секілдімін сыр  
аулаған.  
Әнекей, есік ашып шешем  
шықты:  
«Тондың ғой, үйге жүр», -  
деп түр-ау маған.  
Мен тұрмын тап осынау  
табиғаттай:  
Үн-тұнсіз, жырды қозғап дабыл  
қақпай.  
Бойым – от,

оыйм – боран,  
тұрмын әлі,  
Келіп ем шамдар сөніп,  
ауыл жатпай.  
Түшілген күзгі тұнде осындай  
бір,  
(Емес қой ешкімге де  
тосын жай бұл)  
Тегінде, ойшыл күзге тарттым  
білем,-  
Қабағым қалың ойдан ашылмай  
жүр.

## **Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ**

Бауыржан Қарағызұлы 1982 жылы МХР-ның Баян өлги аймагында туған. 1992 жылы атамекенге оралды.

Петропавл атындағы гуманитарлық колледждің 4-ші курс студенті. Өлеңдері аудандық аймақтық басылым беттерінде жарайқ көріп жүр.

Бауыржан – «Үкілі үміт» жас қаламгерлер клубының белді мүшесі.

## МАҒЖАНҒА АРНАУ

Үлү ақын!  
Құдіреті өлеңнің,  
мен мұңыңдан алау отты көремін.  
табынамын, таңғы шықтай сирыңа,  
Мен себебі, жырға ғашық сері едім.

Алтын құнсің сөуле төккен аспанда,  
Құдіретсің, кітабынды ашқанда.  
Сенің жырын жүргімді емдеген,  
Жанарымды мөлдір мұңым басқанда.

Аруағың, адап жаның жай табар,  
(Із басарың мына біздер қайталар).  
Көділіме нөрік берші гүлденсін,  
шабыт берші, қызыл тілден ой тамар.

Қонар бәлкім армандаған ұшақ-бақ  
Жібермеймін қиялымды ұсақтап.  
Мүмкін, менің орындалар тілегім,  
Үйықтайынышы, кітабынды құшақтап.

## КҮЗДЕГІ САҒЫНЫШ

Салып алып санама сағынышты,  
сары күзде сезімім алып ұшты.  
Сұлуым-ау, мен сені шын сүйемін,  
Сондықтан да жүргегім бағынышты,  
Саған...

Сары күзде, сары жапырақ астында,  
Сағыныштың қызыл шоғын бастым да.  
Сары бақта сені ойлап отырмын,  
Сүрлансған қарап қойып аспанга.

Сағыныш күз, сыланып түр сап-сары,  
Сенсіз көніл ешбір тұрақ таппады.  
Сұраулы сөз сұқтанады санамды,  
Сөлеміндей достарымның хаттағы.

Сырлы даға аумайды сары алтыннан,  
Сұлтулықтың шыңында жаратылған.  
Сары алтынға малынған сары күзде,  
Сен есімнен кетпейсің, санатымнан.

## ӘНШІ

Әніңмен әсем, құлпырып отыр өңірің,  
Кір басып жүрек, өуенсіз жүр ед өмірім.  
Қоңырау сынды күмбір де күмбір даусыңа,  
Табынып отыр, тамсанып мынау көңілім.

Балқытып бойды, толқытып ойды теренге,  
(Қатыгез үйіп, әнінді үғар керен де).  
Шырқай бер шарқа!  
Ақынның шыншыл тілінде,  
шырқай бер, шырқа, құдірет беріп өлеңге.

Жүргенім мынау, жүректің дертін мендетіп,  
Әніңмен жүрші, махббат мұзын тербетіп,  
Тамызда қаңсып, қапырық құсқан далаға,  
Көңілімді менің, ақ жауын қылып селдетіп,  
Ән салшы, қалқам!  
Алайын жанды емдетіп...

## АТАМНЫҢ РУХЫНА

Елес күн...  
Қара жер жүтқан  
Санамда, ата, елессің,  
балалық шаққа балбырап жүрген кезенде,  
Үніңмен сонда миыма менің жел естің.

Өкініш...  
Жылдың талаай  
Тәңірге журмей өтініш,  
Шілденің қайты күніне өксіп, малынып,  
Өртеніп еді күйік бос сонда жетім іш.

Алдадың...

Жалмадың жалған,  
Кия алмай сонда зарладым,  
Күрек ұстайтын қүйге де жеткен мен байғұс,  
Бейітінде жылап топырақ сала алмадым,  
Жыламадың жалған,  
Алдадың...

Жүргегім,  
Тоқтамай соқ, соқ!  
Осы ғой сенен тілерім,  
Қаны бар сенде атамның.  
Білемін...

## САРЫ ДОМБЫРА

Сан ғасырдың сазынан бал тамызған,  
балын жалап жібіген арқам мұздан.  
Көнілімді көркейтер үніменен,  
сары домбырам, қайдасың, ән-қазынам.

Жүргегінде халықтың ойнап келген,  
Саусағында күйшінің сайрап келген.  
Мұңайғанда кең дала, қайғырғанда,  
Сенің үнің бабама қайрат берген.

Нұр жамылған үніңе жыр тағылған,  
Жыр тағылған мұныңа күн тағынған.  
Жанды тербеп үйқыға батырады,  
Шанағынан, домбыра сыр ағылған.

Саған ешбір дүние тең келмеген,  
(Дүниеге мен сені тенгермегем)  
Сары домбыра санама күй тамызшы,  
Әсем қүйге көп болды шөлдеп жүргем.

Сан ғасырдың сазынан бал тамызған,  
Балын жалап жібіген арқам мұздан.  
Қаптап кетті данғырлақ, дүңгірлектер,  
Сары домбыра, қайдасың, ән-қазынам...



### Шашубай МАЛДЫБАЕВ

1949 жылы Шал ақын ауданы Ленин ауылында туған. Петропавл қаласындағы қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Алматыдағы ҚМУ-нің филология факультетіне окуға түседі. Ұзак жылдар бойы «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінде қызмет істеді. Әуесқой сазгер.

## ҚИНАЛУ (әңгіме)

Сымбат пен Сырымның үйлену тойы өткелі төртінші тәулік. Кең сарайдай етіп салынған бес бөлмелі қарагай үйдің бір бұрышындағы шағын бөлме екі жастың еншісіне тигелі екінші күн. Албырт шақтың асыл сезімі бойларын билеген жас жұбайлар бүгін тар төсекте тағы да табысты. Үнсіз-ақ үғынысқан іңкөр жүректер дір-дір қағады. Айқаса қауышқан ыстық құшақтар бірін-бірі құрсауға алып, ажырасар емес. Өмірдің бар ләззеті жар құшағында екенін енді-енді түсіне бастаған Сымбат пен Сырым шырын сорған бал арасындағы қадала түскен. Жібектей жұмсақ жас арудың денесі шымырланып қалған жігіт мұсінімен жарасым тауып, бір тұтас дүние іспеттес. Тәнге тән тиген сайын жас жұбайлардың жүргегін қытықтай түскен сайтан сезім бәрін ұмыттыра бастады. Мұндайда өте нәзік қыз жүргегі алай-дулей тулай жөнелді. Сол-ақ екен, әлдеқандай жағдай болады деген сергек оймен, Сымбат бір сөт сезімге тұсау салғысы келіп-ақ еді, бірақ ерінің ыстық демі шарпыған кезде көзін қайта жұмды. Сөйтіп рахат бір күй кешіп, бойын билеген әлдеқандай тылсым күштің құрбаны болуға бекінді.

Ет қызыуымен есі шыққан Сырым жас жарының қеудесін жа-лаңаштап, томпиган төсін құмарлана сүйді. Сол сөтте ол ерінін от қарығандай сезінді. Тұла бойы шымырлап кетті. Ұздік-ұздік ауыр дем алып жатқан Сымбаттың аузынан «жаным» деген жалғыз ауыз сез еріксіз шықты. Махаббаттары жарасқан екі жасқа барынша жақсылық жасағысы келген-дей түнгі тылсым тыныштық әбден орнаған. Үнемі ғашықтардың қуәгері болып үйреніп қалған ай да бүгін бұлт арасына сіңіп кетіпті, тіпті сызат берер емес. Табиғаттан хабар беріп түрған тек қана торкөз дәке тұтылған әйнектен ескен самал жел.

Сырым қара терге түсіп қиналды. Өзінің бойында бар кінәсін жан-жарына сездіргісі келмеді. Еркін билеген албырт сезім бірте-бірте сүйніп, ашу мен ызаға айнала бастады. Ол жанында жатқан жарына сездірмей шынтағын тістеп, қатты бұлықты. Іші өртенип, көкірегі қарс айрылып кететіндей көрінді. Басы айналып, жүргегі лоблықты. Қаранғы бөлменің іші оған мұлдем саңлаусыз жер кепедей тынысын тарылтты. Көзінің алды қарауытып, дәрменсіз қалды. Қатар жатқан келіншегінің

жұмсақ төні оған тастай батты. Тіл қатпастан аунап түсіп, теріс қарап жатты.

Көрер таңды көзінен атқызыған Сырым қораздың алғашқы даусына ілесіп далаға шықты. Тамыздың таңы маужырап, көкжиектен күннің шапағы шуағын шашып келеді екен. Өзінен-еzi жиіркеніл тұрып дәрет сыңдырыды. Кері айнала беріп, ас үйдің терезесінен қарап тұрган анасын көзі шалып қалды. Содан кейін «Мұмкін жай ғана елестеген шығар» деген күдік пайда болды да, іргедегі орындықта отыра кетті.

Сырым анасының да екі тұн қатарынан көз ілмегенін білген жоқ. Ас үйдің терезесінен көрінген елес емес еді. Өйткені таңғы тәтті үйқысын қызып, ыстық жар құшағын тастап шыққан баласының қиналысын ана жүргегі сезіп жатқан болатын. Сезді де тынышты қашты. Әлде қайтер екен деген оймен жалғыз ұлының той болып өткеннен бері әрбір іс-әрекетін көзден таса қылмай ана байғұс аңдып жүрген. Тойға дейін де талай толғанып, тұнде төсегінде дөңбекшісе, күндіз өз оймен жағаласқан-ды. Бірақ баласымен әңгімелесудің ретін таба алмады. Өмірдің қыры мен сырына әлі қанық бола қоймаған, албырт мінез, ерке есқен жас жігіт оның ойын қалай түсінетіні анаға мұлдем жүмбак әді. Сондықтан да тіс жарып ештеңе айта алмады. Қекейінде жүрген күлімсі ойды еріне де білдіре қойған жоқ.

Оның есіне осыдан он бес жыл бұрын болған оқиға еріксіз түсті.

.... «Коммунизм» колхозына Мәди екеуі көшіп келген жылы Сырым бес жасар бала болатын. Шаруашылық партия үйымының жаңа хатшысын ауыл азаматтары құшақ жая қарсы алды. Сол кездегі салт-достур бойынша колхоз коммунистері «Қожайының» жапа-тармағай шақырысып, бір-екі айдың көлемінде ел іші түгел еруліктерін беріп те үлгерді. Екі мушелді енді ғана толтырған Мәди үлкен-кішіге бірдей «Мәке» атанип, партиямыздың барлық талаптарына сай қызмет қылды. Ақиқаты керек, партия жарғысына, коммунистік моральға қылдай да қиянат жасаған жоқ. Өзін таза тік ұстауға тырысты. Солай болды да. Үлттық қасиетімізді айқындастын ешқандай жол-жора, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа бой ұрмай аулак жүрді. Ағайын-тұғаннан да іргесін алыс салды. Кемпір-шалдарына да катынауды сиретті. Бар ойы аупартком алдында тік тұрып қызмет ету ғана болды. Сондай күндердің бірінде көрші ауылдан баласының түрмис тіршілігін көріп қайтуға келген әкесі сез арасында:

-Мәкіжан, немеремді бір аптаға елге ала кетіп, мұсылмандықтың жоралғысын жасатып өкеліп тастайын, - деп ақылдасты.

-Қайдағы жайдағыны атамаңыз, әке! Қазір баяғы заман жоқ. Ешкім де баласын пышаққа өз қолынан апарып салмайды. Ескіліктің қалдығынан арылғалы қашан. Оның үстіне менің қазіргі қызмет бабым ондайды мұлдем көтермейді. Сау басыма сақина сатып алар жайым жоқ, - деп азар да безер болды баласы. Ұлының бұл қылышын ұнатпаған әке дәмге де қарамастан аттапп кетті.

Бірер айдың жүзі өткесін осы әңгімені әйелі Сәния да айтып көрді. Бұл жолы Мәди тіпті тутігіп сейледі.

-Сен мені қызметтеген қуылып, партиядан шығарсын деп отырсың ғой. «Астындағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбे» деп атам қазақ білмей айтпаған. Ақылыңа болайын сениң. Менің болашағыма балта шабудан басқа ой бар ма осы сенде» деп әйелінің екі аяғын бір етікке тыққан-ды. Содан қайтып Сәния бұл әңгіме төңірегінде жұмған аузын ашқан жоқ-ты.

Арада екі-үш жыл уақыт өтті. Мәдидің қызметі бір саты жоғарылап, аудан орталығына ауысты. Көп ұлтты шағын қалаға көшіп келген соң Мәкең мен Сәкенеңің жанұясы мұлдем жаңа дәстүр бойынша түрмис қура бастады. Сырым болса, мектепке барды. Өңшең көк көз күрбыларының ішінде жүріп білім алды, ойнап-куліп ер жете берді. Сейтіп жүргенде ол өзінің тілін де үмытты және басқа ұлтына тән асыл қасиеттерден де хабарсыз болып өсті.

Бұл кезде лауазымы әбден өскен Мәкең баласының бойындағы мінін білгісі де келмеді. Басына қонған бақ-дәүлеттің буына пісіп, өкелік борышы болып саналатын барлық адамгершілік міндеттерін қаға беріс қалдыра берді.

Зымырап күндер, жылжып жылдар өтті. Кешегі бала Сырымға тебіндеп мұрт шықты. Ат жалын тартып мінетіндей жасқа жетті. Үлдарының есейіп кеткенін ата-ана сезбей де қалды. Қаннен қаперсіз жоқшылық та, тапшылық та көрмей еркін өскен бұла бала өзінің өртөніне көз салып ойлаған да жоқ. Ол үшін Сырымды кінәлау да қын еді. Өйткені ондай тәрбие беретін ата-ана өз міндеттеріне салдыр-салық қарады. Керісінше олардың қамқор қанатының астында ерке болып өскен жас жігіт тула бойында мін барын білмеді. Кезінде атқара алмаған міндеттерін сойталдай азамат болған Сырымға Мәди де, Сәния да айтуға бата алмай дал болды. Бұл оқиғаға әкесі аса мән бер-

мегенімен ана байғұс іштей қиналып жүрді. Ендігі жерде өзінің дәрменсіз екенін ойлап, уайымға да батты. Ал Сырым болса өз бойында мұндай кінәрат барын Сымбатпен сөз байласып, той күнін белгілеп қойған кезде барып бір-ақ түсінді.

xxx

Тамыздың таңы қандай ғажап! Көк жиектен арқан бойы көтеріліп қалған күннің көзі шағырмақтанып, бүгінгі аптап ыстықтың хабарын жеткізіп тұрган секілденді. Бау ішінде тіршілік қамына кірісken құстардың өсем өүені естіледі. Сырым дәлізде өлі отыр. Ойы он саққа жүгіріп, мазасы қашқан. Түні бойғы қиналыстың ізі жүзінен өлі кете қоймаған. Көзінің асты құлтеленіп, ерні сөл кезерген. Дегенмен, көкірегі ояу, сезімі сергек.

Жайымен ғана ортаңғы бөлменің есігі ашылды. Ар жағынан Сәнияның сұлбасы көрінді. Сырым анасының қуаң тартқан жүзіне сынай қарал үнсіз отыр. Ал Сәния болса жанарын жерден айырмай ас үйге қарай беттеді. Бар болғаны астыңғы ернін еріксіз қымылдатып:

-Құлыным, неге сонша ерте ояндың? – деді.

-Сырым жауап қатқан жоқ. Не десін. Оған сендер кінәлі деп айтып-ақ салар еді, бірақ ендігі жерде ата-ана мойынына салық етіп салғаннан не тындырмак. Ұлының осы ойын айтпай-ақ түсінген Сәния одан өрі әңгімені өрбітуге дәті жетпеді. Таңертенгі шийдің қамын жасай бастанды.

Сырым ішке еніп, өз бөлмесінің есігін ашты. Кең кереуетте тәтті үйқы құшағында жатқан Сымбатты көріп, жүрегі дір ете қалды. Оятып алмауға тырысқан қалпы жақын келіп жарының ыстық деміне бетін тосты. Сөйтті де үлбіреген нәзік ернінен сүйді. Ол жас жарынан іштей кішірім сүрады. Соңғы қиналыс түні артта қалғанына қуанды. Сәлден соң киініп сыртқа шықты.



## Мәлік МҰҚАНОВ

Мұқанов Мәлік Жақыпұлы 1943 жылғы қарашаның 14-інде Петропавл қаласында дүниеге келді.

Орта мектепті бітірген соң еңбек жолын ата қонысы – Есіл ауданындағы Жекекөл ауылында ұстаздық қызмет атқарды.

1972 жылы облыстық «Ленин туы» газетінің хат бөлімінде бөлім менгерушісі болып қызмет атқарды. Кейін «Солтүстік Қазақстан» газетінің тілшісі облыстағы қазақ баспасөзінің қара шанырағында жиырма жылдай қызмет етіп, 1991-1996ж.ж. ара-лығында «Халық Қенесі» газетінің меншікті тілшілігіне жоғарылатылды. Бұл басылым жабылғаннан кейін облыстық радиокомпанияда бірнеше жыл жемісті еңбек етті.

Облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

1995 ж. Қазақстан журналистер Одағы сыйлығының лауреаты. 2000 жылдан өмірінің соңына дейін «Егемен Қазақстан» газетінің Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болды.

## КІШКЕНЕ КҮН

Кіндіктінің жағасындағы төрт үйлі жылқышы ауылға мені әкелген ешқандай қауырт жұмыс жоқ болатын. Бәріне ауыл ақсақалы Әубәкір қарттың баласы Исабек себепкер. Ол екеуміз Қарағандының политехникалық институтын бірге бітіріп едік. Содан бері төрт жыл бойы ол Алматыда, мен Маңғыстауда жүріп жататынбыз. Мені жолға шығарған соңғы хаты еді:

«...Диссертация қорғалды. Ұсақ-түйегі бітпей бір жылға кешігінкіреп қалдым. Оның үстіне тағы бір қуаныш: сенен үрланып үйленіп қойдым. Екі той бірдей елде өтпек. Осы айданың жиырмасына қарсы біздің үйге үшсан да жет. Тамадамыз сен боласың. Құрдасыңың суретін әдейі салмай отырмын, той үстінде бір-ақ көресің. Қалайда келетін бол! Келмесен, Маңғыстаудың құмы жұтсын!»

### I

Мен жетсем де, уәдесіне Исабек жете алмады. Елсіздегі көлдің жағасындағы кішкене ауылға мен келген күні Исабек жіберген телеграмма да жетті. «Бітпей қалған жұмысым бар. Бір апта бөгелетін болдым», - депті. Мениң келісімді көктем шақыра келген ұзақтың оралуындағы көріп бір көтеріліп қалған Әубәкір қарт пен Қалима шешей сүйт телеграммаға көрінеу көнілсізденіп қалды. Он алты жасар Әлия да:

-Әтейімнің онысы несі? – деп қабағын шытты.

-Келеді фой. Келіндерінің алматылық болса, қайын жүртyn қимай жатқан шығар, - деп жантайып жатып мен өзімше басу айттым. Исабектің кешіккіні мен үшін орны толмас өкініш емес. Құнделгі жұмыстың бітпес тауқыметінен аз болса да мойным бояғанына мәзбін. Үйленген жігіт үйіне бір оралар, әзірге уақыт бар, тоса да тұруға болады.

Әубәкір қарт менің басалқымды ұната қоймаған сыйын көрсетті. Терде шалжынып жатқан маған ала көздерімен тесіле қарап бір өтті. Серейген аяқтарымды еріксіз бауырыма қарай жиып алдым. Шал сөзі де көзқарасындағы оқыс шықты:

-Қонақ бала айтты фой, қайын жүртты жібермей жатқан шығар деп. Жолдасы фой, білетін болыр. Өз қолы өз аузына жеткен балаға біздің енді керегіміз не?!

Қалима шешей көңілі босау екен, әп-сәтте екі көзі суланып сала берді. Қара шал кемпірінің онысын да жаратпай қалды.

-Болды, болды! Тойға дайындаған малын мен арағына ие табылар. Ана балаға шетінен сойып бере бер, - деді.

Шал мінезі мен жолай мініп келген лоқылдақ торының жүрісіндегі кедір-бұдыр сияқты. Іңғайына қарап қисая отырмасаң, үстінен түсіріп кеткендей. Айналасындағы жұртқа салатын салығы да мол сияқты. Мен онысын ертеңіне өз басымнан өткердім.

Мен келген күні тұнде нөсер болды. Ең алдымен біз жатқан киіз үйді көтеріп әкетердей еліре-еліре дауыл соқты. Соңынан ала нөсер жауын басталды. Аспан дегенің түбін біреу жұлып алған күбі сияқты, үлкен-үлкен тамшылар біріне-бірі қосылып алып, киіз үйді солқылдата сабап берді. Желісін үзген құлындағы қуана-қуана ойнақ салып, екіні қатты би билеп жатыр. Жоғарыда белгісіз біреу сегіз таспа қамшы үйіреді, сарт-сүрт еткен дыбысынан құлақ тұнғандай. Қара тұнді қақырата сөгіп, көз үялатар аппақ-аппақ сойылдар жарқылдайды. Қамшы үні естілген сайын Қалима апайдын еріндері де күбірлей түседі. Тәңірісін қазақ осындауда ғана еске алады. Дарапқы әйелдің әңгімесіндегі непір жауынға мен де риза бола қойған жокпын. Құз сайын Маңқыстаудың елсізінде қос ішіне қамап қоятын ақ жауындар есіме түседі. Солардың өсері болар, жауын атаулыға құмарым аз.

Нөсерге қуанған Әлия ғана болды. Дауыл басылысымен да-лаға шығып еді, алғашқы тамшымен бірге үйге кірді. Ақ құба өні әлденеге қуанғанын жасыра алмай арайланып алыпты. Коңыр көздерінде найзагайға бергісіз жарқыл бар.

-Қанат аға, жүріңіз! Қазір нөсер басталады. Нағыз тамашаны көресіз. Жүріңіз, Қанат аға!

Шешесі қызының мінезінен көрінеу шошынып қалды.

-Қызыым, оның не, бала құсан?! Жоқ нәрсені бастамай үйде отыр, - деп тоқтатпақ болды. Бірақ Әлия ыға қойған жоқ.

-Апа, бір жауын керек-ак деуші едің ғой. Сол жауын ғой, не-ге қуанбайсың? – деп еркелей күлді. Мені әріптестікке шақырып көздерін жымындағып қояды. Мен үлғанымнан есіктен басымды қылтитып біраз тұрдым. Әлия болса нөсер толастағанша да-лада болды. Ақ сойылдар кейде оның нәзік денесін қаранғы

түннен жұлып алып менің көзіме тосады. Ақсия күлгей күлкісін көрсетеді. Кейде:

-Тамаша! Бұлттар тәбелесін естисіз бе, Қанат аға! – деген үні келеді құлағыма. Несер мен боранға қуана білетін жандар болады деуші еді. Әлия қылышы соны есіме түсіреді. Биіктен құлаған қалың селге сонша қуаныш білдіру өз қолынан келмес еді. Бала кезімде мүмкін қуанған да шығармын, лақша секіріп алақайлап мәз де болған шығармын. Бірақ қазір соны еске түсірудің өзі бір мүшкіл.

Әубекір шал жылқыдан таңтертең оралды. Асықпай әлі кебе қоймаған киімдерін шешті, саптама етігін тастап, ұзын қоныш кебісін киді. Есік алдында осқырына, пысқырына жүріп ұзақ жуынды. Сосын төсектен жаңа тұрып киініп жатқан маған қарады. Көзінде маған белгісіз бір зіл, әлде күдік бар сияқты. Мен не айтпақсың дегендей көзіне кезімді қададым. Қара шал көп күттірген жоқ.

-Шырағым, жолың ауыр мейман болмасаң игі еді. Ақмандай құлынға күн түсіп өлді, - деді ауыр үнмен. Мен үндемедім. Басыма бірінші келген ой – жол қоржынымды жинап, осы үйден кетіп қалу еді. Бірақ шыбыртқыдай осып өткен бірінші реніштен соң, оным ақымақтық болатынын сездім. Түк естімеген кісідей, жуыншып келіп шайға отырдым. Шал мінезіне қанық болса керек, кемпірі де, қызы да тырс етіп тіс жарған жоқ. Тек шайдан соң далада шыққанда Әлия:

-Ренжідіңіз бе, Қанат аға? – деді.

-Ақмандай құлынның қүйріғы алтын болар, - дедім мен жауап орнына.

-Ол енесі жоқ жетім құлын еді. Көкем өз қолынан сұт беріп өсірген.

-Көкеңнің ренішіне шұбәм жоқ. Бірақ менің кінәм не?

-Білмедім, Қанат аға. – Сосын ойланып тұрып: - Көкем бірақ ырымшыл емес болатын, - деді. Бұл сөз мені одан бетер танданты.

## II

Манқыстауда ұзақты күн жер тіміскілеп жүріп, уақыттың қалай өткенін де аңғара алмай қалушы едім. Онда түндегі үйкы да әрі тәтті, әрі қатты болатын. Кіндіктідегі бос күндер жүрістен

қалған жорға ат сияқты: көрер көзге мін таппасаң да, жүрісінің мәзі жоқ. Кішкене ауылдағы аз ерек күндіз түні жылқы соңында. Үйде қалған кемпір-сампырмен өңгімем: «Есенсіз бе апайдан», - әрі аспайды. Мен бағыма қарай жазғы каникулда жүрген он алты жасар Әлияның арқасы кең. Кебіне көп серігім сол болады. Таң сайын: «Қанат аға, ояныңыз. Шай қайнап тұр», - деп жарық дүниеге шығаратын да сол. Бала мінезді пәктігі мол. Көңілі қөлеңке қалар бүкпесіз, ашық түрған кітап сияқты: ал да оқи бер. Әнтек қигаштау қоңыр көздері нөсерден кейінгі аспандай мөп-мелдір, тап-таза. Орынсыз ойнақылық та, жорта қымсынып сүзілу де жоқ, айналасына кең ашылып қарайды. Мінезі еркін де ашық, не ойласа да тілінің ұшында тұратын тәрізді. Ол жағы да көкесіне үқсайды. Мениң геолог екенімді естігенде таңырқап та қалды.

-Мен геологтарды ылғи сақал қойып жүреді деп ойлаушы едім. Кітапта да ылғи солай жазады, газеттен де суреттерін талай көргем.

-Ендігі жолы сақал қойып келейін, - деп құлдім мен.

-Жоқ. Сақал кісіні қартайтып жібереді. Мүмкін далада жүргенде қырынуға уақыт та, жағдай да болмауы. Қын мамандық қой, Қанат аға?

-Қындығында кемдік жоқ. Сонысынан безіп жатқандар да табылады.

-Сіз онда несіне геолог болдыңыз?

-Мен оқуға түсерде геолог болуыма қарсылар да, құптаушылар да болды. Құптағандар: ақшасы мол, алты ай істеп, алты ай бос боласың десті. Қарсылары: рақаты аз, тынышсыз жұмыс деп шошындырды. Мен екі жақтың да көңілін қалдыргам жоқ. Бес жыл оқып геолог болдым. Ақшасы үшін емес, қындығына бола. Мүмкін ол кезде бала шығармын.

-Қызық екен, - деді Әлия. Көздері маған жылы ұшырай күлімдеді. Мені екі күннен бері жана байқағандай аздап таңырқау да бар. Мен бар шынымды айтпап едім. Төрт жылғы көш үстіндегі үрдіс өмірдің мезілігі де мол. Үлкен қала, жақсы пәтер, жылы ошақ менің ойыма көптен бері қонақ болып жүрген. Бірақ ол жөнінде тіс жармадым. Әлде айту керек пе еді?...

Екеуміз күн сайын Кіндіктіге шомылуға барамыз. Көл көлемі үлкен, айналасы ат шаптырымдай үзак-ақ. Елсіз даланың

сөні де, жаны да сол ғана сияқты. Бір нашар жері, келді айнала сақинаша бунап, қалың қамыс қоршап алыпты. Күн сайын келіп жылқы су ішер жер ғана жаяуға жүріс бергендей. Басқа арадан сазы мен қамысы жоқ, шомылуға қолайлыш орын табу қын екен. Әлия екеуміз аяқтан сарсыла жүріп, суға шомылар онтайлы жерді зорға таптық.

Көл сұзы жеңіл екен, қанша жүзсең де, көп шаршатпайды, тереңіне тартпай, өзі-ақ ұстап тұратын сияқты. Күн ұзақ көл бетін шимайлап жүзуге мен де, Әлия да жалықпаймыз. Әлияның талдырымаш денесі су ішінде тіпті әдемі екен. Қаз жемсаулы кішкене қеудесі, сымдай тұзу аяқтары, әнтек шығыңқы бәксесі көзге еріксіз шоқтай басылады. Қөнілдегі тентек сезімдерді қытықтайды. Тегі, Әлия өлі күшін сезінбейтін бала жолбарыс секілді. Талай жігіттің көзін сүріндетін сұлу екенін байқамайтында. Сол себептен пышақ қырында би билеп жүргенін де үқпайды. Судан шығысымен менің жаныма келеді. Өзінің жартылай жалаңаш денесіне титтей де қымсыну жоқ. Жақын отырып менен әңгіме тілейді.

-Нағыз романтика сіздерде ғой, Қанат аға! Геологтар әңгімеге бай болуға тиіс, - дейді. Мен тек құлемін. Маңқыстаудың жел үйірген құм боранын көрсө, тамұқтың отындар аптабына күйіп, Шыңғысханның өскерінше қаптаған қалың масасына жем болса, бұл сөзді Әлияның айтып-айтпасы екіталай болар еді. Романтика емес, жай ғана біркелкі өмір, әдеттегіден қындығы мол, ауыр өмір. Керек етсе, романтика осы келдің өзінде-ақ бар сияқты. Оны маған Әлияның өзі айтып берді.

Қазақ жеріндегі көл атаулы бір-бір аныз иесі десем, жаңылмаспын. Кіндіктінің де маған тосқан өп-әдемі аңызы бар екен. Рас болса, көл түбінде сүйгенінен айырылған арудың сүйегі жатқан сияқты. Өкініші мен өксігі көп көне заманың құрбаны екен. Азапты өмірден азапты өлімді артық көріп, көлге атылған.

Мен селкос тыннадым. Аңыз – ертек, ондағы оқиғаның өмірде болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін. Әуел баста ауыл арасындағы ұсақ әңгімені кейін ел өсіре түсіп, шыны қайсы, қоспасы қайсы, айырғысыз аңызға айналдырып жібереді. Ондайда сойыл сүйреткен малшы да батыр боп кетеді. Қүйеуінің таяғына шыдамай, бір көрген жолаушы жігітпен қашқан әйел де

о заманның Ақжұнісіне айналады. Кейінгі үрпақ соны аузын ашып тыңдал, таңдай қағысады. Өз айналасынан ақыздығыдай от жүректі кесек-кесек бейнелер іздейді. Таба алмаса, замандастын жазғырады. Әлия да маған алғаш бетте соны аңғартқандай болды.

-Үлкен жүректі жандар ғой олар. Ондай үлкен махаббат үлкен жүректерге ғана сияды. Қазір бар ма еken сондай жандар?

Біздің факультетте бір сұлу қыз болып еді. Өзінше арманышыл, қарақат көздерін жігіттерге төңкере қарауды сүйетін. Аз-аздап өлең жазатыны да бар еді. Қабырға газетіне де басылып жүрді. Ұмытпасам бір өлеңі:

Алып қашшы сен мені тұлпарменен,

Тұн жамылып кел-дағы ауылым.

Жарысып бір кетейік үшқан желмен,

Жер тығылып жүйріктің бауырына!-

деп келетін. Ақыры, сол қызды алып қашып тынды. Тұлпармен емес, сүйріктей сұлу көгілдір «Волгамен». Бізде бір жымысқы анекдотқа шебер доцент болушы еді, сол бітіріпті саудасын.

Оның неге есіме тұскенін өзім де білмеймін. Қарар көзге себеп те жоқ сияқты, мен бірақ мырс етіп күліп жібердім.

-Неге күлдің, Қанат аға? Менің сезіме күлдіңіз ғой. Сұрағанның несі айып?

-Ондей адамдар бар шығар, кім біледі. Бірақ өз басым сую дегениң не екенін әлі де аңғара алмай журмін. Саған ақылшы болу қолымнан келер ме екен?

-Расыңыз ба, Қанат аға?! Әлі күнге дейін ешкімді сүйіп көрмегеніңіз бе?

-Жоқ.

-Сонда қалай?! Еш қызбен достасып та көрмедіңіз бе?

Достасу, сырласу... Әлияның не айтпағы айдан анық. Жиырма сегіз – аз жас емес, талай қыздың қолымнан өткені де рас. Бір емес бірнешеу. Кейімен бір ай, кейімен бір жыл жүрдім. Ішінде ақылдысы да, ақылсызы да болды, сұлуы мен сыпайысы да табылар еді. Бірақ солардың ешқайсысына көнілім құлап, елжірей сүйе алмадым. Меніңше сую деген былай: ол көзіңнен таса болса, аспандағы күнің бату керек. Менде ол болған жоқ. Неге деп өзімнен өзім талай сұраушы едім. Бірақ жауап жоқ бол-

латын. Сол жауапты енді ғана Әлияның алдында тапқан сияқтымын.

-Қыз бен жігіт көңіл қосса, бірін-бірі сүйемін деседі. Өздеріне онысы рас та көрінетін шығар. Меніңше сұю – талант. Шын талант сирек кездеседі. Ешкімді сүйе алмасам, менде сол таланттың болмағаны.

Әлия ойланып қалды. Бұрын өзі білмеген, білмек түгіл бар деп ойламаған тосын бір шындықтың бетін ашқандай. Сол шындық көңілінде әлдебір күдіктер туғызғандай. Бойында маған жасырын бір толғаныс бар. Қабағы түйіліп, арасына қылдай екі-үш сызат түсті.

-Сонда, Қанат аға, шын махаббатты қалай таңуға болады? Жүрек соқыр деседі кейбіреулер, адаспасына не кепіл?

Бала көңіл елгезек. Білмесін білуге құмар. Маған тек алыстан келген қонақ деп қарамайды, үлкен бедел тұтады. Келген-нен бері екеуміздің арамызда туған жарасымды ашықтық бар. Сырластық десе де болғандай. Әлия көңілінен мен әлдеқандай жылыштық сеземін. Шамасын анық білмесем де, қыздың кішкене жүргегінде мен ұлаған бөлек бір орын бар сияқты. Өз бойындағы көп түйткіл мен дұдамалды жауабын тап деп менің алдыма тосады. Алдында не күтері белгісіз, келер күннің шиширына адастырмай жөн сілтеуді тілейтін сияқты. Өз сұрақтарына кітеп сөзі де емес, мектептегі мұғалімдер көп айтатын жауыр болған жаттанды да емес, көзben көріп, қолмен ұстауға болатын жаны тірі жауап іздейді. Мен болсам көбіне-көп үнсізбін. Әлия жүргегіндегі маған арналған сәл дірілден қорыққандай халге түсем. Бала көңіл май тамған шырпы секілді, байқаусызыда үщқын түсірсөн лап ете қалады. Махаббат туралы көп әңгімeden сондықтан да қашқақтай берем. Ол жөнінде менің көргенім көп болса да үққаным аз. Талай жігіт пен қыз «сүйеміз» десіп, той қылып, бір-бір түтін түтегіп жатады. Кейі сол күнге жете алмай сусысып та кетеді. Кейде жігіт, кейде қыз алдайды. Бірақ орны толмас өкініш пен шипасы жоқ қасіретті әлі көрмей келемін. Бәрі де өз орнында сияқты, бәрі де солай болу керектей: кеткен – жайран, қалған – иіліп сынбайды. Кеткенге қалған баянсыз деп айдар тағады. Меніңше, бәрі де ұсақтықтан сияқты. Қөзге көрінген жылтырақтың бәрі де алтын бола бермейді. Кейбіреу алтын емес екенін білсе де, арзан мысты алтынға балап ұстағысы келеді.

-Мен оны сүйіп едім ғой, - дейді сосын.

Ол қыз да солай деп еді маған кетерінде. Маңқыстаудың құмындағы он еркектің ортасындағы жалғыз өйел сол болатын. Аты – Света, мамандығы – аспаз. Сұлу дейтін асып кеткен ештеңесі жоқ, денесі әнтек толықтау, өні шикіл ақ сары болатын. Үстіне қөкшіл жеңсіз кофта мен сүр түсті шалбар киіп жүретін. Сол қыздың не үзын көйлек, юбка кигені есімде жоқ. Соқыр тауыққа бәрі бидай дегендей, қиянда жүрген біз үшін сол сары қыздың қадірі артық еді. Ішімізде жүрегі дүрсілдеп, ғашықтыққа ұрынғандар да болмай қалған жоқ. Оның ішінде он сегіз жасар Сапар да бар еді. Светаға көп жұғысып, өзгелер құсан ыржалаңдай бермесе де, тұнжырай қараган көзқарасынан көпті ұғуға болар еді. Оның жайын Сергей дейтін қалжыңбас геодезист те үқса керек, көрген жерде іліп-қағып, тәлекек етіп жататын. Біз оларына құлгеннен басқа ештене демейтінбіз.

Бір күні кеш бата Сергей мен Света даланы кезіп кетті. Алғашында мен оны алғара алмап едім, жатар орында бір-ак білдім. Сапар шатыр ішіне бір кіріп, бір шығып, көпке дейін тынши алмай қойды. Жатқан соң да қыбыр-қыбыр қымылдал, үйқы көрген жоқ. Мен қалғып кеткен екем, Сергейдің косқа кірген дыбысынан ояндым. Ол шешініп жатып әлде неге мырс етіп құлді. Сонын өз-өзінен дауыстал:

–Әйелдің шалбар кигенінен жаман нәрсе жоқ екен. Уақытың текке кетеді, - деді. Тырс етіп ешкім үндеген жоқ. Бәрі қатып үйықтап қалған сияқты. Әлгінде ғана ояу жатқан Сапарда да үн жоқ. Мен қазір бір сойқан басталар деп едім. Сапардың лапылдақ мінезі мен жастығы солай ойлатып еді. Бірақ тұн тыныш етті.

Айқай-шу ертеңіне басталды. Таң ата қос сырты шаң-шұң ете қалды. Даалаға атып шыққанда үш-үштен алты жігіттің қолында тұрған Сергей мен Сапарды қөрдім. Сапардың көзінے көзім түскенде, арқамды ақпанның аязы қарып өткендей болды. Оның көзінде өртше лапылдаған ашу мен ыза мен үшін бір емес бес тәбелеске жетер еді.

Шуды естіл өз күркешесінен Света да шықты. Әйел жайы белгілі ғой, үрейлене сөйлеп, Сергейге ұмтылды:

-Не болды саған? Не жетпеді?

Сергей сонда тым болмаса артына да қайырылмады.

-Сенің шаруаң болмасын! Өзінді біл, - деп жекіп таstadtы. Сергей мінезінен мен алғашында аң-таң болдым. Тек кейін барып

түсінген сияктымын. Ақтамасам да түсінгендеймін. Ал түсіну – жартылай ақтау дейді ғой орыс мәтелі.

Осының айтсам Элия сұрағына жауап болар ма еді?

Үмітшіл көніл өзінің әдемі елесінен үркіп, шошып кетпесіне кім кепіл? Келер күніне қунғарт құдік араласса, маған рахмет айтуы да қыын шығар-ау! «Шынды айтам деп, тоқым астындағы шанды қақты», - деп маған кінә тағып, бойын тартуы да мүмкін. Ол менің есебімде жоқ нөрсе. Менің айтарым шындық болса, өзім үшін ғана шындық. Дүниеде адам қанша болса, махаббат пен достық туралы пікір де сонша. Кім дұрыс, кім бұрыс, оны айыратын әділ қазыны өлі еш адам тапқан емес.

Мен сондықтан да сол жолы Элия алдында үнсіз қалып едім.

### III

Бұл төртінші күн еді.

Күз қарасы көрініп қалса да, жайсан жаз – заманым өткен деп әлі де місесі қайтып, жұз жасырар емес. Бүгін өсіреңе тищусызы, қызыл шоқ күн дәл төбеде шақырайып алып, аспан астын ыстығы жеткен моншаға айналдырып тұр. Құс үшпас биекте қалқып журген ақ түбіт бұлттардың панасы аз. Тым болмаса «үп» өткен бір самал болсашы. Бүгін ол да жоқ. Жердегі қыбырлағанды көлеңке-көлеңкеге қуып тастап, жалқау жүрісті қызыл күн ғана сонау биекте тісі ақсия қуледі. Мұндай күн – аптабы анызға айналған Манқыстауда да сирек болушы еді.

Сөске түсте қоңырқай киіз үйдің іші от боп жана бастады. Жалаңаш денеме орап жатқан ақ жамылтқыны қайта-қайта сулап өуре болғанша, ен судың өзіне барып жан шақырғаным дұрыс болар дедім.

Мен киініп сыртқа шыққанда, Элия апасымен үй алдындағы көлеңкеде отыр екен.

-Қанат аға, қайда барасыз?-деді.

-Көл басына. Мына ыстық шыдатар емес.

-Мен де барамын. Тоқтай тұрыңыз.

Қалима шешей қызын тоқтатпақ болып, өлсіз қарсылық айтты:

-Қайтесің өуре боп осы ыстықта. Үйде жатсаңшы одан да.

Ерке кенжесі бұл сөзді елең қылған жоқ, маған еріп жүре берді.

Біз суға шомылатын тұс бірталай жер. Зықымыз шығып зорға жеттік. Сол еңбегімізге қарай су өлі жылына қоймапты, денеге жайлышты, қоңыр салқын екен. Әлия екеуміз көл бетін біраз шимайлап жүзіп-жүзіп алдык.

-Сіз жақсы жүзесіз, Қанат аға! Мүмкін, спортшы болған шығарсыз.

-Мен Есілдің жағасында туғанмын. Әкем маған атқа жүруден бұрын, суда жузді үйреткен еді.

-Есіл үлкен бе? Біздің жақта өзен жок, мен сондықтан сұраймын.

-Мен үшін асып кеткен ештеңесі жок сияқты. Бірақ әкем Есілді қатты қадірлейді. Бұл – құдіретті өзен. Күші бойынша сіңсін, тереніне сұңгіп, алысына жұз деуші еді. Мүмкін басқа өзен көрмегендіктен болар.

-Әке сезі дұрыс па екен, Қанат аға? Есілдің қуаты сізге ауысты ма?

-Төрт жыл бойы Маңыстаудың елсіз сынға алып жур. Есіл мен әкем риза болуга тиіс маған, - дедім.

-Сол Есілге мен де шомылып алар ма едім. Мүмкін мен де сіздей болармын.

Көл шетіндегі құрғаққа екеуміз бірге жаттық. Әлияның күнге күйген денесі қоңыр түсті алтын сияқты жалт-жұлт етеді. Денесіне жүққан су тамшылары күн көзіне шағылысып, күміс бедердей жарқырай түседі. Оқтаудай жұмыр аяқтары қурақ үстінде қымсынбай созылады. Неге екенін білмеймін, менің көздерім еріксіз соларды іздейді. Тапса тұрақтай алмай тайып кетеді. Қоңылде қызығу да, құмарту да жок. Тұлкі көрсе, жайбаракат тұра алмайтын тіс қаққан тазыларда да осындай бір күй болатын шығар-ау. Тілдесе білсе, солардың біреуінен өдейі ба-рып сұрап едім.

-Ақмойнақ, тұлкі көрсөң сенің күйің не болар еді?

-Ақылың бар адамсың ғой, оны сен білуге тиіссін.

-Біле алмаған соң келдім.

-Онда адамдың қайсы? Қарғыбауды мен емес, сен тақсаң үлкен обал болмас па еді. Тұлкі көрсем, іліп тастаймын, қайтушы едім.

Мен бірақ Ақмойнақ емеспін, іліп тастағым келмейді. Келгеннен бергі Әлиямен арамыздағы жылылық пен жарастықтың қай арнаға соғарын екеуміз де анғара алмап едік. Қазір қыз

көңілінде мен оятқан бір сезім барын мен де, ол да сеземіз. Әлі айтылмаған, айтылмақ тұрсын, атаяу да табылмаған бір сезім. Екеуміз Әубәкір қарттың рұқсатымен атқа мініп, дала кеземіз, көл айналасын жаяу шиырлаймыз. «Әлия, жүр кеттік!» – десем, қызылы бетіне шыға келеді. Куанғанын да жасыра алмайды. Бұл күйге кім кінәлі? Жалғыз мен бе? Түптеп ойласам, осының бәріне Әлияның биыл асқан он жетінші көктемі жазықты сияқты. Оны мен сезсем де, қыз көңілі бейхабар. Мен сондықтан да көп қиналадын.

-Қанат аға, әңгіме айтыңызыш.

-Не айтайын? Айтарымды тауысып алған сияқтымын.

-Өзіңіз туралы, Қанат аға.

-Өз атын көкек қана шақырады, Әлия. Мен туралы сен айт. Төрт күнде түйгенің бар шығар.

Бұл менің бірінші қатем еді. Дәл сол сәтте оны сезе де қоймап едім, тек артынан ғана бармақ тістегендей күйде болдым.

-Сіз жақсы адамсыз, Қанат аға. Мен көрген жандардың біріне ұқсамайсыз. Ерекше сияқтысыз.

-Көргенің аздық қылмай ма? Мен сияқтылар бұл өмірде әкең бағатын жылқыдан да көп болар...

-Жоқ, Қанат аға! Сіздің көңіліңізде «жеттім, болдым» деген тоқтық жоқ. Өреңіз өзгеден биік сияқты. Ойыңыз да солай тынышы жоқ, өзіңіз туган Есіл сияқты. Қай жүректің болса да көркі болғандайсыз... Бірақ сіз ешкімді сүймейді екенсіз, - деп төмен қарады Әлия.

Бұл – оның жіберген қатесі еді. Менің жүрегім тас емес болатын. Мен де ет пен сүйектен жаралғанмын. Шалқамнан жатқан бетімнен аударылып түсіп, оң қолыммен Әлияны құшағыма алдым.

-Қанат аға! – деген қыз дауысы өлде қайда алыстан талып жетті. Үнінде қуаныш па, қорқыныш па, айыра алмадым. Жұмсақ денесін құшағыма уыстай түсіп, ерніммен ернін таптым. Әлі де сәби ерін, әлі де тәжірибесі, маған ебетейсіз ғана қыбыр етіп жауап бергендей болды. Мойнымды ораған әлсіз қолдар жанған отқа май құя түседі. Мен суреті буалдыр түске енгендеймін. Бар бойымды құмарлық билеп, қыз денесін қыса түсемін. Елжіреп келіп, ернінен, көзінен, тамағынан сүйемін.

-Қанат аға... Қанат... Қанат... - деп Әлия түңғыш рет менің

атыма «ағаны» қоспай атады. Кішілік табалдырығынан батылсиз ғана аттап өтіп келе жатқан сияқты. Сүйріктей саусақтарымен менің шаштарымда салалап, еркелете түседі. Денесі от бол жанып жатса да, ақпанның аязы соққандай діріл қағады. Жұмсақ алақандарымен мойнымды, бетімді сипап, жұп-жұқа еріндері іздел жүріп, менің еріндеріммен табысады. Бірінші сүйіс, бірінші ерек құшағы. Қөнілінде неше түрлі күй ойнап, бұрын белгісіз бақыт ойнақ салады. Алдында қорқынышы мен қызығы бірдей құпия барын сезеді. Не болса да, бәрін біржола көріп тынсам дей ме, кім білсін?! Жастық қайтсе де, осылай барымен беріледі: сүйсе де, өштессе де.

-Қанат, мен сүйемін... сүйемін... сізді... – дейді Әлия де-немді өрттей. «Сен» деуге әлі батпай «сіз» дейді. Тақтайдай тегіс жолда кездескен жалғыз тұп томардай болды осы сөз мен үшін. Елес ішіне енгендей болған мен сол сөзден соң, алдыартымды андай бір қарағандай болдым. Қарадым да, құз шетіне таяп қалғандай, шошып кеттім. Бірте-бірте құшағымды босатып, от бол жанып алқына түскен қыз денесін саябыр қалпына келтірдім. Әлия алғашында бұған таңданғандай болды, бірақ мен қайтып оған құшағымды созбадым. Қыз көзіне туралап қарай алмай, үн-түнсіз көпке дейін отырып қалдым.

## ІҮ

Арада өткен екі күн мен үшін екі жыл азаптай болды. Ұрлық істеп беті күйген адамдай мейманшыл үйдегі үш жанға қарауға көз шыдамайды. Қөнілде де бұрынғыдай жайбарақаттылық жоқ, енесінен қалған көжекше, «тәйт!» десен үркіп кетердей елгезек те күдікшіл болып алыпты. Өзге түгіл өзімнен де жасырып, өзгемен қоса өзімді де «ештеңе болған жоқ, бәрі орнында», - деп, алдауға тырысқан тынышы жоқ бейберекет бір күйге душар болдым. Әлия үшін үлкен қиянат жасап, соның орнын толтырардай қарымтам да, қайырымым да жоқ екенін сеземін. Сезсем де қылар қайран жоқ, қыз көзі қадалған сайын менің жүргегім тігісінен сөгіліп, қақырап қоя береді.

Әлия болса менің күйімнен бейхабар. Сол ойнақы мінезі, сол еркін күлкісі мен қымылы. Көл басынан оралғаннан бері жаңбырдан соңғы даладай жайнай түскен секілді. Қоңыр көздері бақыты мол күлкі шаша қарайды. Ол күлкінің сырын мен ғана

білемін. Бірақ білген сайын, көңілге түскен салмақ жеңілдемей, ауырлай түседі.

Екінші күні Әлия бұрынғы әдетімен:

-Қанат аға, көлгे барайық, - деп өтінді менен.

-Басым ауырып түр, бара алмаспын, - дедім мен.

Әлия шын-ақ шошынып қалғандай болды. Өзіндегі куаныштың жартысы менде деп жүрген жан емес пе? Жалғандық менен шығар деп ойладап па екен?! Өзінше бәйек болып, бар қолынан келген жақсылығын жасамаққа кірсті. Бұрышта тұрған ала сандықтың түбінен бес-алты қорап таблетка алып шығып:

-Мынаны жартыға бөліп, мынаны бүтіндей жұтыңыз, - деп қолыма ұстартты. Менде амал жок, ап-ащы кермек таблеткаларды жартылай да, бүтіндей де жұтып-жұтып қойдым. Жеркеніп, түкірініп те тастағым келді, бірақ қызың менен таяр емес, амалсыз айтқанын орындағым. Өзімше қулық айтып, көз жасымның арасынан құлқи сығып қоямын:

-Уланып қалсам, кінөлү сен боласың деймін.

-Уланбайсыз. Дәрігер өзі әкеліп, өзі үйретіп кеткен мені, - дейді оған Әлия. Менің ауырғаным да, өзінің шипагерлігіне де сенімді.

Оның дәрігерлігі онымен бітпеді. Кешке қарай ауыл маңына жайылған жылқыдан екі атты ұстап әкеліп:

-Басыңыз жазылады. Салт қызырып қайтайық, - деді маған. Оған қоса Қалима шешей де:

-Барсан, барағой, шырағым. Кешеден бері өнің келмей жүр, сейілдеп қайт. Кешкі ауа – мың да бір шипа, - деп қызың қостады. Шегінер жол жок, екі күнгі өз тұтқынынан босанып шыға келдім. Бірақ қуанышым аз, мені қорқытатын - Әлиямен одашалық.

Кешкі ауа саф қой. Бар ласымен шаңынан тазарып жуылып шыққан терезе шынысында мөлдір де жеңіл. Күні бойғы мазасыз аттап та қаруынан айрылып, көкжеккесе иек артқан күнмен бірге кеміп барады. Көл бетінен жанға тыныш қоңыр салқын леп көтеріліп, ыстықтан қалжыраган денені әлдилей түседі.

Астымыздың аттардың аяны жіті, жүріс тілеп, ауыз-дықтарын сүзіп-сүзіп қояды. Әлия мінген күрең бестінің аяқ алысы биге бергісіз, бір қырындаид түсіп, иесін шабысқа шақырғандай. Күнімен ыстықтан қашып, қамыс арасында тұрып

қалса керек, жай жүріске көнгілі көншімей келеді. Әлия алға қарай еңкейе түсіп, күрең атты еркелете, құлақ түбін сипап қояды.

-Тентек-ақ. Құлынынан солай еді. Қазір менен өзге жаңға шаққа үстаратады.

-Сені танитын болғаны ғой.

-Танығанда қандай! Құлын кезінен бірге өстік. Қазір мұсіні қолдан құйғандай, тұлпар десеніз де болады. Жүрісі де жаман емес.

-Қайсың бұрын ер жеттіндер? Күрең құлын ба, сен бе? – дедім мен өзілдеп. Оныма Әлия елікпеді, жауабы салмақты сияқты.

-Жоқ, қатар ер жеттік. Мен оны алғаш ерттеп мініп шыққанда, көкем: «Шырағым, сапарың ұзақ болсын!» – деп бетімнен сүйген. Көкем сезінде астар көп, бұрын түсіне бермегуші едім. Сол жолы қалтқысыз түсіндім. Күрең дөнен мені емес, оны мен алға ұшырып әкеткендей болып едім. Ол жолғы қуанышым да балалық мәзден өзгеше болатын.

-Сен ақылдысың, – дедім мен қыз сөзіне ден қойып. – Сенде қуаныш көп болуға тиіс. Келер күнінде деймін.

Әлия маған күле қарап басын изеді.

-Рас, Қанат аға. Әр күнім маған бір-бір қуаныш әкелетін сияқты. Маған сіздің бізге келуіңіз де үлкен қуаныш. Исадек әтейім сізді есіне көп түсіретін. Сіздер жақсы дос болыпсыздар.

-Қазір де доспыз.

-Әтейім сізді кісіге тұра қарайтын еді деуші еді. Сіз, шынында да, солай екенсіз. Олай қарастау - әркімнің қолынан келе бермейді.

-Неге?

-Ол үшін өзінде қылдай кінә болмау керек. Тұра қарастау – жаңы тазалардың ғана сыйбағасы. Солай емес пе, Қанат аға?!

Әлия алғаш кездескенде маған тесіле ұзак қарап қалып еді. Кезінде үқпасам да сол қарастың шешуін енді тапқандаймын. Ол бір сын қарас екен-ау. Неге сынағаның, менің бойымнан не іздегенін үға алмадым. Тосын жаңға таңырқай қараған бала көзі деп ойладап едім. Қазір қарасам, Әлия бойындағы балалық күзгі даланың жасылындаидай - әр жерде бір ғана елес береді. Елес береді, бірақ алдамайды. Алданған мен ғана сияқтымын. Ең ақыры, күрең ат та, Әлияны бала кезгі серігім демей, тізгін үстай

білетін ием деп танитын сияқты. Мен Элия сөзін бармағымды тістей тыңдал келемін.

-С!з менен үлкен болсаныз да, жақын бір досымды тапқандаймын. Сіздің сөзіңіз менің сөзім, сіздің ойыңыз менің ойым сияқты болып көрінеді. Менің ерем жетпеген кейбір сөзді сізден естісем, ішімнен дұрыс деймін. Бұрын қайтіп білмей жүргеніме таңданамын. Менің әлі көргенім де, түйгенім де аз. Бірақ бақыт өлшемін анғара алатын халгे жеткен сияқтымын. Сізben өткен бір апта мен үшін бақыттай, Қанат аға... Неге үндемейсіз Қанат аға? Екі күн бойы сіз маған қарап, екі ауыз сөз айтқан жоксыз. Мені жек көрдіңіз бе, әлде көкем мен апам алдында үялдыңыз ба? Сүю – жұз үялтқандай қылмыс па сонда?

Манадан бергі Элия сөзінің түбі осыған соғарын ішім сезендей еді. Сөйтсе де, алдын ала дайындаған жауабым жоқ болатын. Бұл көшken күзгі аспандай толқып түрған қыз өңіне қарап, шығарып салма жылтыр сөздің кәдеге аспайтынын ғана ойлап үлгердім. Жауапсыз қалуға да бар жол кесілгөн. Не де болса, артыма өткел қалдырмай шегінгенді жөн көрдім. Бұл – қыз жүрегіндегі бірінші дауыл. Жолына тосқауыл қоймай, алысқа үшатын дауыл. Оған еру үшін талмайтын қанат, бүркітті серпіні керек. Әйтпесе Элия көкірегіндегі от керек.

Ал менде ол жоқ. Мүмкін болған шығар, бірақ қазір жоқ. Элияның әлі талай толғанысы мен сілкінің алдында. Мүмкін сынар, мүмкін шынығар. Қазір ол – таң алдындағы бозамықта елес құған жан сияқты. Оны қайда, солы қайда, анықтап айыра да алмайды. Арада аз уақыттан соң мен ол үшін көрген түстей ғана боламын. Әдемі дей ме, қорқынышты дей ме, оны уақыт көрсетеді. Бірақ тек қана түс. Бірінші сезім әрқашан да солай. Қызығуы мен қызықтауы мол, беріктігі аз. Әсіресе жыланша жылжыған уақыт алдында. Ол кезде опық жейтін ол емес, мен боламын. Ол бір оналуы қыын ауыр соққы болар еді мен үшін. Бұның бәрі өз басымнан өткен жайт.

-Элия, айналайын, кешір, - дедім мен. – Кешіруге түрмасам да кешір. Екеуміз екі түрлі адамбыз. Арамызда уақыт тосқауылы және бар. Мен тозған сияқтымын. Айып етпе...

Бар ойымды жеткізе алмағаныма ақын еместігім кінәлү шығар. Мүмкін, қорқақ көңілім айыпты болар. Әр сөзім Элия үшін бір-бір қамшы болып жатса, мен не істеуім керек?! Оның жүзі алау-алау жалынға оранып кетті. Төмен қараған көздерінің

қызында батып бара жатқан күнге шағылысып, өйнек сыйықтары жалт еткендей болды. Менің де халімнің асып кеткен ештеңесі жоқ, сансыз аралар бетіме, мойныма, арқама ұзынұзын еткір тілдерін сұққылап жатқан сияқты. Әрі аңы, әрі аяマイ шағатын үп-ұлкен аралар.

-Сіз қаттысыз, Қанат аға! Тастанысыз... Аямайсыз, ешкімді де аямайсыз! Аяусызысыз...

Сарт еткен қамшы үнімен қара жерге бізше шанышылған күрен аттың түжік дүбірі бірге шықты. Қыз сөзінің аяғын қарсы алдынан лап еткен жел маған жеткізбей, әлдеқайда жұлып әкетті. Қыз күйігі мен көз жасын да, реніші мен екінішін де күрен ат менен жасырын алып қашып барады. Ұзаған сайын бауыры жазыла түсіп, қарыштай сілтеп барады. Иесі мен екеуі қосылып бір денеге айналғандай, қызарған күннің соңынан дөңгелене түсіп, қуып барады. Тек сол бір тұтас қара нокаттан Әлияның масаға жем болармын деп басына орап шыққан қызыл орамалы көзге шоктай басылады. Ұясына асыққан қызыл күннің кішкене ғана серігіндей болып, ұзаған сайын қызара түседі....

\*\*\*\*

Ертеңіне мен жүретін болдым. Исаbekті де тоса алмадым.

Әлде де бос уақыттым бар еді, бірақ...

Менің кетпегіме Қалима шешей ғана қынжылыс айтты:

-Шырағым, тағы да бірер күн жатпадың ба? Исаbek келгенде сені жоқтап, алаң болатын болды-ау.

Совхоз орталығына дейін мені Әубекір қарт шығарып салды. Кіндіктіден үзай бергенде алдымыздан бір төмпешік кездесті. Топырағы жас, үстін шөп те баса қойманты.

-Ақманңайды осы араға көміп едім. - Әубекір қарт біраз үнсіз қалды да: - Шіркін, болайын деп түрған құлын еді, - деп күрсінді.

Ажала жеткен ақманңайдай құлын, үйде сұлық қоштасқан Әлия... Біріне наизағай кінәлә, біріне кім? Мен бе?

Арқамнан бір діріл төмен қарай жүгіріп өтті.



### **Мұрат НҰРМҰҚАНОВ**

1939 жылы Есіл ауданындағы Жарғайың ауылында туған. 1966 жылы КазГУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1966 жылдан бері үздіксіз облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып істеп келеді. Әңгіме, өлеңдері мерзімдік басылымдарда тұрақты жарияланып тұрады.

## ҚЫРАН ЗАРЫ

(әңгіме)

Ана қыран шаңқ еткен ашы дауыстан шошып ояңды. Көзін ашып, жан-жағына қараса, Ата қыран қанатын қомдал, дүр сілкініп, аса бір сергек қалыпта отыр екен.

-Қозғал, үшамыз, - деді Ата қыран.

Ана қыран бұған таң қалды. Таң болса жаңа ғана сіберлеп атып келеді. Алтын күн көкжиекке іле салған жез табақтай оямышталып тұр. Жан-жануар өлі оянып, тіршілік түндігі ашылмаған бей-жай шақ. Бұл болса:

-Қозғал, үшамыз! – дейді.

Ата қыран тағы да шаңқ етті. Бұл жолы даусы бір түрлі жарықшақтанып, тарғылданып шықты. Сол бір сарын:

-Қозғал! Үшамыз!

Ана қыран жан-жағына шамырқана көз тастады. Алыста, тау сілемдерінің қияқ етегінен қып-қызыл болып күн шығып келеді. Күннің тау қиядарына түсken қызғылт сөулесі шағыр тастарға шағылысып бейне қызыл күрен қанды көз алдына елестетеді. Тіпті жасыл жалқын белес те, таудың қия шындарына берік сияқты қондыра салған мәңгі қар жоталары да қызғылт түске енген.

-Апрай, мұндай алапат түсті бұрын неғып аңғармадым екен, - деп ойлады ол.

-Мына күннің түсін көрдің бе, неге бүйтіп жер дүниe қанталап кеткен?

-Тантыма, күнде көріп жүрген күнді танымай, көзіңе шел бітті ме?

Ата қыран осыны айтты да екпіндей ырғып, қанат сермей, аспандай көтерілді. Оның соңынан Ана қыран да жөнеп берді.

Бұлар тағдырын қосып бірге түрғалы бірқыдыру уақыт өткен. Бір кездегі топшысы темірдей берік серігі бұл күнде қартайып шау тартқан. Соңғы кезде көбіне аң біткенге Ана қыран түсіп жүрген. Баянсыз, сусыма дүниеде бірге жүре тұрып, бұлар әбден сыралғы болып алған. Бірінің ойын екіншісі еменіріннен –ақ таниды. Бірақ Ана қыран серігінің дәл бүгінгідей оқыс мінезін бұрын-сонды көрмеген-ді.

-Бүгін не кездессе де өзім түсем, - деді Ата қыран.

-Ата-баба салтын аттағым келмейді. Егер топшым тозған болса, көрі кеудені босқа сүйретпей-ақ қойдым. Соңғы күшімді жинап, кен дүниені бір шарлап қалықтаймын да, мәңгігे қош

айтысамын. Бірақ үміт үзгім келмейді. Бұғін көңіл сергек, қуат-күшім қайта оралғандай.

-Ондайың болса, - өзің білесің. Тек есінде болсын. Мен сені масыл болды деп ауырсынған емеспін. Әйтеүір де екеуміз тоят алар нәрсе болған соң, қайсымыз түссек те бәрібір емес пе.

Қос қыран тау аңғарын сузе қалықтап үшқалы біраз уақыт өтті. Кенет Ана қыранның көзіне шоқыта текіректеп, тау етегіндегі бір үлкен қой тастың маңайынан шықпай тышқаншылап жүрген тұлкі шалынды.

-Мына бір сылаң-сипаң тұлкіні қөрдің бе? Ілуге жер тарын. Оның үстіне ана бір қорым тасты айналышқтап, үзап шықпай жүр. Тегі жазық белге көсіле салатын қырдың қызылы емес, тау сағалап тасты паналайтын әkkі қу болса керек.

Тұлкіні Ата қыран да қөрді. Құйрығы сала құлаш сылангердің өзі екен.

-Жер таңдал, күй таңдал жатсак қырандығымыз қайсы. Кездесе қалған екен – ілу керек. Ризыққа бұйырғаны осы шығар.

Осынын айтты да Ата қыран тік шырқап биіктеп кетті.

Асылы кен дүниеге биіктен қарағанға не жетсін! Жұмыр жердің төсін өрлей ұша жүріп, дәл бүгінгідей көз сүріндірер көркем көріністі қөрмеген болар. Арайлап атқан алтын таңың ал қызыл нұры алаулап өлемге шапағатты шапағын төгіп түр. Тау сілемдері көпті қөрген қарияның көне бетіндей қыртыстырытыс. Таудың бір тұсы өзінің тәкәппарлығын көрсеткісі келгендей, аспанға ұмысынып, өрлей түссе, енді бір тұсы иыққа жаба салған шапаннның бос женіндей төмен салбырай біткен. Таудың биік тұсындағы шындарына қонақтаған мәңгі қар манағы әзірдегі қызығылт реңін жогалтып, шақырайып бет қаратпайды. Ал тауды жоталай есken шырша селдір біткен шаш сияқты.

Ие, бұл тау не қөрмеді?! Өзі пайда болған ықылым заман ішінде қатаң табиғат пен талай арпалысты емес пе? Енді міне шың басы мұзға айналды, қалың нұны сиреді, шаршаған сыңайы бар.

Ата қыран не қөрмеді?!

Жастықтың желігімен талай рет өз тұқымдастарымен қан майданға шықты. Есесі кеткен кезі жоқ. Одан топшы бекіп, қанат қатайып, он мен солды айқын таныған дер шағында да қым-куыт соқтығыстарды бастан кешті. Есейген тұстағы ерекше бір айқаста осы серігін өзі тектес біреуден женіп, бөліп алып еді. Енді міне, бойдан қуат, бастан күй тая бастады.

Тау етегіне көз жіберді. Жасыл желең өзінің жалқын түсімен бүкіл аңғарды жаһаттай жайнатып тұр. Тау басынан құлай аққан мөлдір бұлак, жасыл желең арасынан ағынды арна салып, екпіндей ағады. Алуан өрнекті дала гүлдері өздерінің өсем болмысымен үндесе жымдастып, дала сәеіе келтіре құлпыртып тұр.

Осындағы тамаша дүниеде өмір сүрудің өзі де бір ғанибет-ау, - деп ойлады Ата қыран. Әттең, дүние шектеусіз болсайшы, жастық мөңгі тұрсаішы. Сонда мынау қалжырап, бей-жай жатқан қатпар тау да, көз нұры тайып, көзайым болып жүрген көрі қыран да көрік пен қайраттан адаланбас еді-ау. Бірақ өмірдің өз заны бар. Оған ешкімнің өмірі жүрмейді.

... Ата қыран төмен қарай құйыла сорғалады. Манағы өсем көрініс өсте жоғалып, жер барған сайын үлкейіп, өзіне қарай зымырап келе жатқандай. Қарсы соққан ауа екпінінен құлақ шуылданап, көзден жас парлайды. Міне шүйіліп түлкі жүрген жерге келіп-ақ қалды. Дәл жембасарын салар кезде сыландарап жүрген түлкі көз алдынан ғайып болды. Амалсыз қайта қайқайып көкке өрледі. Соңынан Ана қыран да еріп келеді екен.

-Сен дәл түсер кезде қызыл қу жып беріп тас астындағы апанына кіріп кетті. Сөл кешіккенінде тасқа соғылатын едін. Абұйыр болғанда жалтарып үлгердін.

-Оқа емес. Ер кезегі үшке дейін!

Ата қыран төменге көзін салып еді, баяғы қорым тастың жаңында сыландарап, секіре ойнап жүрген түлкіні көрді.

-Неше қу болсан да бұл жолы құтылмассың, - деп қатуланды Ата қыран. Сейтіп алдамшы нысанага қайта шүйлікті. Алғашында түлкі мұны байқамаған сынай танытты. Тек дәл түсер сәтте ғана апанға ытқыды. Бел омыртқасы мен құлақ шекеден бірдене сақ етіп кіріп, шенгелдей қысқанда үстіндегі қара пәлені жолай тастанға соға апанға ұмтылды. Әрі беріден соң екеуі де апанның тар көмейіне кептеліп тұрып қалды...

Ана қыран сол күні кешке дейін және бұдан соң да бірнеше күн қатарынан осы маңға келіп, қалықтап ұшып, апанды то-рауылдаумен болды. Бірақ серіктесі де, қызыл түлкі де қайтіп көзге түскен жоқ...

Содан бері тау ішін шаңқылдаган аңы дауыс жаңғырықтырып туратын болды. Қажымас күш-куаттың, мойы-мас жігердің айғағы қыран екеш қыран да зарлайтын болған-ау. Қапияда қаза болған қосағына арнаған аңы зары болар ма?!

## **Құрмет НҰРДЫБЕК**

1982 жылы МХР-ның Дархан қаласында дүниеге келген.  
2000 жылы СҚМУ-нің тарих-филология факультетінде «қазақ  
тілі мен әдебиеті, шет тілі» мамандығы бойынша білім алуда.

## АҚЫНФА АРНАУ

Жалындаңың,  
Арындаңың,  
ХХ-шы ғасырда.

«Алаш» дедің,  
Қазақ елім,  
Ей үрпағым, сатылма!

Елің үшін еңіредің, езілдің,  
Осы сенің Алла берген бағың ба?

Жала жауып, жабырқатты жаныңды,  
Айуандар төгіп кетті қаныңды,  
Сен кім едің жалындаған шоқ едің,  
Ол кім еді- бықсыған бір күл еді.

Өлең өмір міне осылай үзілді,  
Жылдар етіп, жарқырарын кім білді?  
Өзің сенген жас үрпағың жыр жазып,  
Жыр-шашуын ала келді көнілді.

## ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫЗДАР

Өлең бол келдім өмірге мынау ғажайып,  
Ақын мен өлең, қалмассың, сірә, азайып.  
Сезімге толы өлендер келсін өмірге,  
Ойымды қорытып, терендеп тағы қазайын.

Шынырау ойдын түбінде талай шырмалдым,  
Жазсам деп өлең сезіммен талай сырластым.  
Сезімім тұрды себелеп жауып,.. селдетіп,  
Қызғалдақ қыздар, сендерге арнап жыр жаздым.

Сезімім тұрса себелеп жауып селдетіп,  
Қызғалдақ гүлдер келеді артта ер жетіп.  
Күнәсіз гүлдер, қалмандар сендер шөліркеп,  
Сезімім жетсе жырлармын талай көлдетіп.

## **Қосыл ОМАРОВ**

1930 жылы Шал ақын ауданының Балуан ауылында туған. 1948 жылы Алматы қаласында орта мектепті, 1953 жылы Абай атындағы Педагогикалық институтты бітіріп, мұғалімдік мандық алған.

Мектеп директоры, партия органдарында қызмет атқарып, зейнетке шыққаннан бері облыстың «Қазақ тілі» қоғамын басқарады.

## МАҒЖАНҒА

Болсам ба деп өз елімнің тірегі,  
Жанып шыққан алыптардың бірі еді.  
Тәні өлсе де, Мағжан тірі буғінде,  
«Алашым» деп тулас жатыр жүрегі.

Сол жүректен жалындаш жыр төгілді,  
Ел оянды. Мұздың тоны сөгілді.  
Көзі ашық оқығандар ақынның,  
Әр өлеңін әнүрандай сезінді.

Пайғамбар – ол, ақындардың ақыны,  
Өлең – жыры – халқына айтқан ақылы.  
Бодан болмай, атқа мініп ту үстап,  
Ел болуға бар алашты шақырды.

Жетпеді ме үран сөзің халқына,  
Неге ермеді атта-жаяу артыңа.  
Асқақ үнің жүрегіне дарымай,  
Қандастарың қала берді тартына?!

Түсінбеді ақын сөзін заманы,  
Тұтқынға алды, абақтыға қамады.  
Шын болат қой, ійлмеді, сынса да,  
Алаш үшін құрбандықты қалады.

Атты ақынды. Өлтірдік деп ойлады,  
Жақты өлеңін, сезін де оның жойғалы.  
Алпыс жылдай айырса да халқынан,  
Асылын ел ардақтауын қоймады.

Жылдар өтті, қайта оларды Мағжаны,  
Дүр сілкінді түркі елінің бар жаны.  
Себебі, ол өлеңінің әр жолын,  
Елі үшін қаныменен жазғаны.

Ақын үші – құлағында, жадында,  
Оның сөзі – жүргегінде, қанында.  
Мағжан тірі, кеудесінде әркімнің,  
Жалғыз қазақ жер устінде барында.



### **Марал ОСПАНОВА**

Марал Зейнел-Фабиденқызы 1951 жылы 23 шілде Шал ақын ауданы Ортақөл ауылында дүниеге келген. 1970-76 жылдар аралығында Целиноград мемлекеттік медицина институтында оқып, дәрігерлік мамандық алып шықты.

Соколов аудандық орталық аурұханасында 20 жыл дәрігер бола жүріп, еліміз егемендік алғаннан кейін 1994-99жж. мәслихат депутаты болып сайланды.

Жазған өлеңдері мен мақалалары мерзімдік басылымдарда жарияланған.

## ЕЛІМ МЕНИҢ

Қазақ елі – туған елім – сен анам,  
Сені жырлап, толғанады бір балан,  
Қайда жүрсем жүргімнің төрінде,  
Көлбеп жатқан көгілдір тау, кең далам.

Шалқар көніл, орман, тоғай, өзендер,  
Бұлдіргенді жасыл жайлай, белендер,  
Төрт түлігі төскейінде жайылып,  
Қозы-лағы көрік берген көгендер.

Жазғытүрғы қара мақпал тұні де,  
Шілдедегі алтап ыстық күні де,  
Жүргіме жақын, маған саңқылдан,  
Көлде жүзген аққу-қаздың үні де.

Жырақ жүрсем асығамын жетуге,  
Ән мен күйін, әсем жырын естуге,  
Қазағымның қасиетін дәріптең,  
Серт еткемін өмір бойы өтуге.

Құдірет күш момын етіп жаратқан.  
Дүниеге жақсы көзбен қаратқан,  
Қайырымды, мейірімді қазағым,  
Жауға ғана берен мылтық дәп атқан.

Кең даламдай шексіз халық көнілі,  
Өзгелерге үлгі болған өмірі.  
Қамқор болып жетім-жесір, босқынға  
Бар халыққа мекен болған өнірі.

Қазақ елі - өсken жерім – сен анам,  
Бір өзіңе арнап талай жыр жазам.  
Бейбіт өмір, еселі еңбек тілеймін.  
Тарылмасын гүлжазира кең далам!

## ҚАЗАҚСТАН АЛТЫН ҰЯМ

Қазақстан –  
Алтын ұям тұрағым.  
Ел таңбасы –  
Қалықтаған қыраным.  
Кең пейілді қазақ атты халқы бар,  
Азат елім,  
Тенденсі жоқ Тұраным.

Қазақ тілі –  
Бастау алған бұлағым.  
Елendейді өн мен күйге құлағым.  
Елдігіне сан ғасырлық куанам.  
Сақтап қалған  
Салт-санасын, жыр-әнін.

Несібесін бір бөліскен өзгемен.  
Жамандыққа еш уақытта төзбеген.  
Ақша қардай, ақ ниетті қалпында,  
Бейбіт өмір, ізгілікті көздеген.

Бетенді де  
Белесіндей санаған.  
Жатсынбаған.  
Жақынына балаған.  
Дастарханға толтырған бар мәзірін,  
Дархандықты үйренген кең даладан.

## СӨЗ ҚАДІРІ

Жалпақтағым, жалтақтағым келмейді.  
Жағымпаздық қолымнан еш келмейді.  
Турашыл жан туысына жақпаған,  
Жалған сейлеп көлгірсігім келмейді.

Сөз қадірін кей адамдар білмейді.  
Ойымды әсте іркіп қалғым келмейді.

Қазағымның сөзден өлсө атасы,  
Құдіретті Сөз ешқашан өлмейді.

Намысы жоқ адамдардан түршігем.  
Күйс кеуде жанды көрсем күрсінем.  
Жанталасып үпай жиган жылмыңда,  
Шошимын мен мансапқордың түрінен.

Кіп-кішкентай пайдам болса еліме,  
Еңбекпенен тамса терім жеріме,  
Қазақ Елі өсе берсе көркейіп,  
Шаттанамын, мақтанамын әрине.

## ІЗДЕЙТІНІМ – ІЗГІЛІК

Теңіздей толқып кеткенде,  
Толғанып өлең жазамын.  
Көңіліме демеу, сүйеніш  
Өлеңнен өр кез табамын.

Жамандық көрсем егіліп,  
Күйзеліп жылап қаламын.  
Жақсыға жаным еліктеп,  
Куанып маздап жанамын.

Өзімнің тұра жолымды  
Адасып кейде табамын.  
Шытырман өмір соқпағын  
Түсінбей кейде қаламын.

Осынау қысқа өмірде  
Ренжіспей неге жүрмеске?  
Бірінді-бірің шын сүйіп,  
Шаттанып неге құлмеске?

Сыйласып жүрсек баршамыз  
Береке, бірлік болады.

Татулық қонса үйіне,  
Қуаныш бақыт сол әні.

Бар адамның жүзінен  
Бақыт нұрын іздеймін.  
Тұндығынан көзінің  
Ізгілікті іздеймін.

Кейбіреудің көзінен  
Келгір күлкі көремін.  
Кейбіреудің сезінен  
Жалғандықты сеземін.

Тұлкі бұлаң заманда  
Қалай өмір сүремін?  
Шын жыламай, шын құлмей,  
Қалай ғана жүремін?



### **Жанар РАМАЗАНОВА**

Рамазанова Жанар Әсетқызы, СКО Тимирязев ауданында дүниеге келген. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасында қызметке қалдырылады. Қазір оқытушы болып қызмет етіп жур. 1996 жылдан бастап жергілікті баспасөз беттерінде өлеңдері жарық көріп келеді. Бірнеше өлеңі 2000 жылдың жарық көрген «Жас ақындар антологиясында» жарияланды.

## ТҮСІНБЕЙ ҚАЛМА МЕҢІ

Түсін мені,  
Мен – елдің еркесімін,  
Аспанға, айға аттанған,  
Жігерімен қайраттанған.  
Көп сөйлеп кеттім мүмкін,  
Тәнірім сайратқаннан.

Түсін мені,  
Ақ тاماқ қарлығашын,  
бақытын ұстал үшқан,  
Жүректе қыстап үшқан.  
Жалынсыз ойды менен  
Әрірек ұста, дүшпан!

Түсін мені,  
Мен –дала киігімін,  
Зымырап желдей ескен,  
Жауға өзін бермей өскен.  
Бар ойы туған жерде,  
Кіндігін даала кескен.

Түсін мені,  
Мен биік асқар таумын,  
Ақ жаға қардан тапқан,  
Қуатын ардан тапқан.  
Мәртебем биік менің,  
Төбемді арман қаққан.

Түсін мені,  
Қар қызы – бәйшешекпін,  
Суықтан қорықпайтын,  
Жалғыз қап торықпайтын.  
Әнекей болашағым,  
Сәтсіздік жолықпайтын.

Түсін мені, Мен – соққан тәтті жүрек,  
Тілегім – болашағым,  
Сенімдер жолоса мың  
Куанам, шаттанамын,  
Бақытқа жол ашамын.

Түсін мені,  
Байкпін, төмендемен,  
Әуреге салма мені,  
Қаласаң алда мені.  
Сынай бер тек өмірде  
Түсінбей қалма мені.

## ҚАЛДЫРМА ЖАЛҒЫЗ

Жанарым – жалын, жүргегім – аспан көк зенғір,  
Көңілім – раушан, бәйшешек гүл ғой көктемгі.  
Қалдырма жалғыз, қалдырма мені, адамдар,  
Жалғыздық – тұман, айтамын кімге өкпемді.

Өкпе де емес, ерлік менің назым бұл,  
Болса еken мәңгі, көктемім көркем, жазым – гүл.  
Мен жалғыз қалсам, құлазып қалар ой-сагам,  
Көрсеткей, өмір, көңілді өсем сазынды.

Бақыттың жақын, мінекей қолым жетеді,  
Кей кезде соған сенімім аздық етеді.  
Киялым – қырау, арманым менің мұз болар,  
Қалдырма жалғыз, армандар еріп кетеді.

## ТАҒЫ ТҮН...

Тағы түн. Жаралы ой. Сыр-сымбат,  
Мен жалғыз, Тұр дала да тың тыңдалап.  
Тыныштық өлемді шарпыған,  
Мен үнсіз. Тек көңіл шалқыған.

Қараңғы. Бұлт торлап бар айды,  
Түн бүгін үрлана қарайды.  
Нені түн, нені түн жасырад,  
Жүргегім бір тулат басылад.

Тағы түн. Тағы да ой. Сұр аспан.  
Кос жанар. Сырдан сыр құрасқан.

Мен жалғыз. Ал ойым алыста...  
Ақ боз ат... жемленен жарысқан...

## ТАҒДЫРҒА НАЗ

Ауылдың таңы. Үкілі елес сағымды,  
Аяулы өлкем шықтардан моншақ тағынды.  
Тылсым тыныштық. Күліп түр ауыл тұндігі  
Ұрлап ап менің балалық балғын шағымды...

Ауылдан кеткем... Жалғанға көніл тоймас-ты,  
Қайтейін енді... сайранда көніл, ойнақшы.  
Киналыш жүрмін. Қаланың желкен тірлігі  
Жастық шағымды жасырып менен қоймақшы...

Су кешіп тоңған қаншама ой қалтырамады,  
Оргадан бөлсең бүтінді жарты қалады.  
Белгілі жай ғой. Сезеді жүрек бұл тағдыр  
Карттығымды да қайтадан тартып алады...

Мадақтай берме, ұзарып өсіп кетер бой,  
Білемін өмір – уақытша мекен екен ғой.  
Әйтеуір бір күн тағдырдың жазған өмірін  
Өзіне қайта қайтарып беріп кетем ғой...

## АҚҚУ КӨРДІМ

Аққу көрдім мен бүгін ұшып өткен,  
Ағараңдан шалынды тусі көктен.  
Кезігеді-ау бір бақыт биыл маган,  
Астан-кестен бар ойым жиылмаған.

Баламашы тым ерке жанға мені,  
Көктен аққу көру – бір арман еді.  
Қанат қағып сұлулар барады енді  
Олар маган бір шаттық ала келді.

Ұшып өткі аққуы тілегімнің,  
Әуені үн қатып жүрегімнің.  
Көктем әнін бола ма тыңдаса айып,  
Аққу көрсөн, маған кел, сырласайык...

## МЕҢІ ІЗДЕЙСІҢ...

Сен енді әлі-ақ мойындастың бір-ақ күнде,  
Сапар шегіп кетесің мені іздеумен жырақ тұнгे.  
Іздеп жүріп ізіме жолығасың жолда қалған,  
Ұшып бірақ ол кезде кетер болар қонған арман.  
Сен мені әлі-ақ іздел, шарқ ұрасың, таба алмайсың,  
Мен кезетін қырларға ұмтыласың, бара алмайсың.  
Қарауытып өмірің жоалтқанда бар жобасын,  
Менің титтей кінөмді жууға да зар боласың.

Тағдырыңды ақтарып, таба алмайсың парагынан,  
таба алмайсың ол кезде мені тірлік санағынан.  
Іздеуменен боласың! Мүмкін сені сол үшін жаратты ма...  
Ал, мен саған биіктен сөл жымып, қарап тұрам...

## КҮН ӨТКЕН САЙЫН

Күн өткен сайын  
Алыстап барам сендерден,  
Күн өткен сайын  
Көңілім менің сергелден.  
Үмітін жалғыз  
Алмағай еді өлтіріп,  
Үйірін таптай  
Адасып жүрген бөлтірік...  
Күн өткен сайын  
Алыстап барад құла бел,  
Мінгенім жүйрік,  
Мінгенім менің – Құлагер.  
Әйтеуір, елдің  
Болса еken бүтін қаймағы-ай,  
Алдында – жарқыл,

Артымда менің найзағай...  
Күн өткен сайын  
Алыстап барам, адамдар,  
Сағынар болсан,  
Кеудеме жұлдыз қадандар...  
Иіліп емен тұрмайды  
Дереу сынар-ау,  
Кетер жол болса,  
Келер жол да шығар-ау...

## ЖОЛДАР

Жолдар алға жетелейді,  
Көңіл алға озады.  
Таулар кекке ентелейді-  
Бұлттың шеті тозады.

Тау алыстан мұнартады,  
Тербеледі желмен шөп.  
Көңіл кекке құмартады-  
Айқасады жер мен кек.

Жылдар жылжып асығады,  
Сағат тілі сырғиды.  
Біреу айла асырады  
Үзатып сап қыргиды.

## Қ...

Қиналдым талай  
Тағдырың тілін таба алмай...  
Қайырылды құсым  
Қанатын қайта қаға алмай...  
Қақпалы жартас  
Қалыпты артта жабылмай,  
Қағынған көңіл  
Жоғалып кетті табылмай...  
Қауырсын қалам

Жыр жазып жатыр жоргалай,  
Қар еріп, тамшы  
Тамады жерге сорғалай...  
Қарғалар ұшып,  
Аспанды жатты қармалай,  
Қарысқан жүрек,  
Қарысып мәңгі қалмағай...  
Қаралы сөйлем,  
Қара сөз болып жазылма,  
Қазыла көрме,  
Көнілдің көрі, қазылма...  
Қаршыға кезім,  
Қара тал басын ноктала,  
Қарлығаш сезім,  
Күнінді өткен жоқтама...

## ОЙЛАР...

Өзіңе ғана тіл қатам  
Ашықтан ашық,  
Сенімен ғана күресем  
Тасып-таласып.  
Тек саған ғана сыр айтам  
Көкірек керіп,  
Өзіңе ғана құлаймын  
өкіріп келіп.  
Өзіңе ғана бағынам  
Ағыным қайтып,  
Тек саған ғана ашылам,  
Бар мұңымды айтып,  
Тек саған ғана ашылам,  
Бар мұңымды айтып.  
Өзіңсіз өмір-тәттісі аздау балмұздак,  
Құшағынды ашып  
Қарсы алишы мені жалғыздық...

\*\*\*

Асқар тауларды сүйем,  
Таласып көкке ұмтылған.

Жар сап жүгірсем деймін,  
Сүйінші сұрап жұртыйнан.

Нәзік жаңбырды сүйем,  
Сүйем самал желді де.  
Бүгін көңілім – толқын,  
Шаттығым қайта келді ме...  
Дархан даламды сүйем,  
тыныстап кеуде керемін.  
Барқыт әлемге мынау  
сырымды жайғым келеді...

\*\*\*

Жырлаймын әлі  
Заманның тосқауылдарын,  
Ел болашағын  
тағатсыз тосқан ұл барын.  
Бұлттардың жерге  
талай кеп түйілетінін.  
Әділдік іздел  
талай жан күйінетінін.  
Жырлаймын әлі  
уақыттың тоқтамайтынын,  
Осылай жүріп  
заманды нокталайтынын.  
Ақ көңілдердің  
талай рет кірлейтінін,  
Адамның талай  
жұмбақты білмейтінін.

Жырлаймын әлі  
тоқтаусыз қозғалыс барын,  
Адам мен адам  
бір сәтке қол алысқанын.  
Өзен-көлдердің  
талай рет тартылатынын,  
Жалған тірліктің  
бізден де артылатынын.

Жырлаймын әлі  
Қыран құс қалықтайтынын,  
Көңілдің талай

көкке үшіп шарықтайдынын.  
Сузыны қанбай  
шөлдейтін көлдер барын,  
Аяқсық жатқан  
елен-өмірлер барын...

\*\*\*

Тағы кетті түсінбестен бір адам,  
Сөз тізбегін ойыменен құраған.  
Даламын фой күн күлгөн көгінде,  
Ай сөулесі аспаннан құлаған.

**Кең даламын**  
жасырап сыр қалмаған,  
Суларыма шөлің талай қанбаған.  
«Гаумын» дерсін,  
мен жай ғана даламын,  
Көкжиек пен көкжиекті жалғаған.

**Менің жаңым**  
жалғандық пен өрлікке көне алмаған  
Өзімді-өзім дегенмен көп алдағам.  
Жүргімнің тубіне қайдан жетсін,  
Кең даланың бір шетін көре алмаған.



## Құрман РАМАЗАНОВ

1953 жылы Петропавл қаласында туған.

Аудандық газеттерде, Алматы облыстық радиохабар тарату бас редакциясында тілші, «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінде жауапты хатшының орынбасары болып істеген.

Әңгімелері мен өлеңдері мерзімдік басылымдарда жарияланып тұрады.

2002-шы жылғы F.Mұсіреповтің 100 жылдығына арналған мұшайраның ынталандыру жүлдесінің иегері.

# БҮРЫН БАЙҚАМАҒАН ЕКЕМ...

## Тұқымдас иттер

Есекен анадайдан: «Е, іншек, жарайсың» деп өндете аяңдал жақындасты. Есken – көршім. «Кеңілі түссе «інішек» деп, қабагы қаты қалса «әй бала» деп есіней сөйлейтініне етім үйренген. Қатар үй болса да қақпаларымыз шығыс пен батыстың екі жағына қарап тұрғанымен қоршауымыз қолтықтасып жатқан құдайы көрші. Аспаннан қар жаумақ түгіл әлемді әбжылан үйіріп кетсе де, өндетең жүретін әдеті. Және оның өндері де әртүрлі. Үйінде әйелімен жағдайы жақсы болса «Жарығым-ау», әлде бір шатақ шықса «жарығым-ау» немесе басқа бір себебі болса өзбекшелеп «гәпірімге» баса беретін. «Мен аузыма алмаймын гой» деп елдің көзін ала бере аздап тартып қойса (ондайы да бар екен), өзбекшесі татаршаға, орысшасы қазақшаға араласып, қойыртпактанып қалатын кезі де кездеседі.

Енді көрші болғасын күнде болмаса да, күнара атшалтырым жерден амандықтың белгісі ретінде бас изеу ырымын жасаймыз. Одан басқа иықтасып тұрып ырғасып, сырынды айтып сырласып дегендей, жақындастып көрмегендіктен оның қасиеттерінің көбін таныстары мен туыстарынан естітінмін. Сөйтсек ашуы да бар көрінеді. Ондайда желкесіне жапырыла біткен тоң мойыны басын бұрғызбайтын қалпында қадау жерді қайта-қайта айналып келіп, қорсылдақ танауымен тұрткілей беретін қабандай қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр, әнтек-тәнтек «мазаны ала береді» дейді өзін жақсы білетіндер. Онымен жақындаған қоңсы болған мен, әйтеуір, сонысын естіген соң сондай бір сыйбыр бола қалса, алыстан арбасқан жылан сияқты жырақтау жылыстал кетіп жан сақтаймын. Әйтеуір, өзірге арамыздан қара мысық түгіл, қылышқ та өткен жоқ сияқты, қайдам?

Еріккеннің ермегі ме, әлде бір іскерліктің келгені ме, екеумізге ортақ болса да, сол кісінің бастамасымен шекара шебі бөлінген ашық аланқайға ағаш отырғызып жатқам.

-Так,- деді көрші ағамыз қоңыр әйнекті көзілдірік астындағы кірпіктерін қозғалысқа келтіріп,- жарайсың іншек, ептілігің өзіме жетпегенмен, жақындаған қалған сыңайың бар. Ағашты түзу отырғызыпсың. Егер өзіңе қарай қиссайтсан, көлеңкесі өзіңе

түсегін еді. Дұрыс, екеумізге де бірдей болатын болды.

Химиға қатысы бар шағын кеңседе шошайып отыратын екі адамның бірі ретінде бөлім менгеретін мансабы бар еді, химиға қиялап, биологияға бұрылып, енді осы жас талды қалай күту керек екені туралы түсінік бере ме деп көкейін тұртпектегендей едім, ойлаған жерден шықпады, ойымды ұқпады, «гөпіргені» қызметіне қатысты химиға қыспады.

-Мен отырғызытын ағаштар мынандай биік болады, - деді ағаш түгіл тік қурай көзге түспеген аула жағын нұскап, әңгіме айтқанда арбитып, жақтырмағанға тарбитетип, жанына жаққанға жалпитып көрсететін алаканын әртистерша арқасына бір, қалтасына бір жүгіртіп, кекіреі қалатын қалпынан төмендеу түсіп, төсін сипап, – сенікі балапан өскін екен,- деді тағы бетін бері бұрып, өзі қадай салса, ағашы сол сәтте-ақ көкті тіреп шыға келетіндей. – Ойпырмай мынауың қарағай ма, өлде таңқурай ма, мен көрген ағашқа ұқсамайды, бірақ түрі таныс,- дейді тағы да самырсының сүрқын санасына сіңіре алмай тұрған ботаник ағамыз беріп тұрған бірденесіне бәлсінгендей.

Мұндайда тек тұрған тұліктің шабын тұртіп қалатын түкірік сияқты сөзді төге салатын тіліңе сақ болған жақсы. Әйтпесе, ондайға ойыны ойнақтап шыға келетін шатақ отына май құйған обалың өзіңе болады. Кездесе қалғанда шелегің болса шелегіңнің, себетің болса себетіңнің бетін, қорап болса қақпағын ашып, ішіне үңіле түсіп шыққаннан кейін ғана тыныш табатын «әдемі» әдетіне мылжындығы, мәселеге қатысы жоқ бос, көлденен, қиянқы, қаңқу сөзге әуес әумесерлігі мен кеудене асыла төніп тұратын кейпінен көпке дейін құтыла алмайсыз. Берекенді ботқа қалады. Әйтеуір, абырой болғанда, сол кезде кішкене күшіктің ойнақтап келе қап, әжュー ауанын өзіне аудара салғаны жақсы болды.

-Өй мынауың тұра менің бөрібасарымдай ғой,- деді, үлкен ағам ауылдан әкеп берген ала қүшікті атасын көргендей алақайлан қарсы алған химик-ботаник көрші.

-Бөрібасардан бойы аласа, әйтпесе аумаған ағайныңдай екен,-деп аузымен аяу қармай алтықкан ағамыз бәйек болып. «Менікі сияқты» дегені алғашында «Мен сияқты екен» дегендей болып естілді. Сол екі ортада «шынында да ұқсай ма?» деген бір жаман ой шекеме сарт етіп, «ауласынан иттің үні шықпаушы

еді, анда-санда «әндегіп» естілетін үрген үн өзінікі емес пе?» деген сұрақ та қылт егті. Әрине арам ой жаман ой емес екенін бәрі біледі. «Араздыққа қиса да жамандыққа қимайтын» ағайындар ондайда «бетін аулақ» деуші еді. Жарымағырдың жұғыны жұғып кеппесе игі еді деп күшікті етігімен ерекелете ысырып, екеуіне қарасам, анау саусақтарын ырғандатып, мынау құйрығын бұлғандатып, бұран-бұран етеді. Бүйте берсе байқаусыз жаңа отырғызған жас самырсынымды сындыра ма деп сескенген секем оймен сырғи беріп тағы бір қарағанда ақылы кірмеген күшік пен адамсығанда академиктен әрі кететін химик көршімнің шәуілдеген үні мен шошандаған түрін бір-бірінен ажырата алмай, бұрын неге байқамағанмын деген ойдан талып қала жаздадым.

## АНАУ-МЫНАУДЫҢ АПАШЫ МЕН ТОПАШЫ

Қаланың «Ойқаласынан» жоғарырақ «Бойсаланың» бет-кейінде тұратын екеуі көрші. Бізге емес, өздеріне, өйткені олар көшениң арғы бетінде.

Оларда Есекендікіндей ит те, мәнікіндей күшік те жоқ. Егер, «по секрету айтсам, керек болса айтқатмай-ақ абалап, шаптан тұртпей-ақ шәуілдеп шыға келгенде иттерінді жерге шоңқитып түсіретін олар Есекен тұғіл оның Берібасарын да бүйым құрлы көрмейді. Так, что, итің де, күшігің де оларға керекпейді. Бірақ тауықтары көп. Қайсысының қоразы бұрын келсе, соған еріп кетіп, сонда нетіп, тастай берген соң (тамақ емес пе?), атшаптырым үй арасын тең бөліп бекітіп алған. Дегенмен бұл шекара шебі олардың күнде бірнеше мәрте беттесіп, тақтай дуалға ақ білектерін асып қойып, ақпарат аламасып түруларына кедергісі жоқ. Біріне-бірі кіріп, дастарханнан дәм татып жатпағандарға бұл да әженттәуір азық. Өйткені осы жерде тұрып-ақ «елшілік нотасын» қабылдай алатын да, қабактары қеліспесе қайтара салатын да дипломатиялық қарым-қатынастары абысын-ажынға да, апалы сіциліге де, құрбы-құрдасқа да қабыспайтын ерекше бір саяси жағдай.

Баяғыда «социализм» кезінде «соцжарыс» деген болушы еді, бұлар соның белсенділері сияқты. Қай жеңгенің қесегесі көгеретіндегі бірінен-бірі қалыспауға тырысатын бәсекелестігі кейде сол «соцжарысынды» да жер қаптырып кетеді. Әсіреле бірін-бірі жамандап өсектеуге келгенде. Ал егер бірі шәлі алса, екіншісі тұра сондай екеуін бірақ алып, бірін басына салса, екіншісін кіржайғышқа іліп желбіретіп қояды.

Екеуінің де құдды өздерінің қөлеңкесі сияқты екі күйеуі бар. Ананікі – ану, мынанікі – мынау. Анауымыз - Әтіркул, мынауымыз - Бәтіркул ғой. Әтіркулдікі – Апаш, Бәтіркулдікі – Топаш. Екеуі де то..., то есть тоташ. Татаршалағанда құдайдың еркесі деген сөз. Шынында да ерке десе, ерке. Көкайларының айтуларына қарағанда, қоқидан да қоқи, мотур шоқи.

-Біздің Әпеләш бар ғой (Апаш дегені) елдің кез келген беріктісін беліне бәктеріп кетеді. Үй шаруасын да, дала шаруасын да шемішкедей шағып, шелпектей жапырады. Тіпті маган шелек те көтертпейді. Шеге қафу, ағаш шабуды қойши, ыдыс-аяқты, кір-қонды да өзі шая береді,- деп Әпеләшкасын аспандата бергенде Бәтіркуліміз де бүйірден қосыла кетеді. Әрине, жақын маңнан табылып, жәйді біліп тұрса ғана, әйтпесе Әтіркулдің әлдекімдерге әңгіме қылған әллі өртегісін сырттай естісе, үш күнге дейін сазарып, сықырлап жүреді. Ал, өз құлағымен естісе, құдайдың бергені, өзінің Топашының Апаштың ар жағына апарып тастайды.

-Біздің Топликке тең келетін телпекті жоқ. Темекісін бүркіратып жүріп-ақ тау қопарып тастайды. Мен шай қайнатып үлгергенше ол шаруаны шырқ үйіріп, шөпше жайпайды. Мына колготкиді де өзі таңдап жүріп өперді, бәрін біледі, - деп сары самауырындаі санын шайқап қойғанда шалқақтап барып түзеледі.

-Мен мына үйдегі Керімқас сияқты (менің келіншегім Кербез) немесе ана Есекен ағамыздың үйіндегі апайымыздай,-деп әңгіме ауаны өз аулаларынан асып шыға бастағанда екеуіне де үңіле қарап, ойланып қалам. Құлак естір жердегі ешкімге керегі жоқ шірік бөшкенің шетін ала темекі тартып отырған мені адам құрлы көрмесе де (жуаспын ғой), екеуіне жатырқамай-ақ жалпақтап қарап қоямын. Әсіреле, Әтіркулге. Екеуміздің көзіміз кездесе қалса, біртүлі болып, кібіртіктеп кетеміз. Құрғырың

қылықты-ақ келіншек. Басынан аяғына, жо-оо-қ, аяғынан басына қарай барлап шықсаң, тура тойда конъяк ішетін рюмка сияқты. белі қылдай, төсі шындай, бірақ көзі тұздай. Ал Бәтіркүл ол нағыз сыра ішетін салптыаяқтай. Көршілерімнің келбетін көрсетемін деп көр-жерді, көди-сөдиді көпірте берудің қажеті бола қоймас, конкретке көшейін. Конкретке келсек былай: бір күні Тополигі кешке қарай «тяжелыйлау» келіп, теңселиңкіреп кетіп, тұмсығымен тал терекке тіреліп қалып еді, бұтағы салмағын көтере алмай, сұлап түскен күйеуін біреуміреу көріп қалмады ма деп жан ұшырған Бәтіркүл бой жетіп қалған қызының көмегімен оны үйіне зорға сүйреп кіргізіп, жарты сағаттан кейін жаңа ғана жуып, сүннің сыйып ұлгерген кастюм-шалбарын кіржайғышқа іліп жатты. Кешке қарай түсірілген терезе пердесінің шетінен байқап қалмасам оны да білмейді екем.

Мактағанда маңына шаң жуытпайтын Тополигі шоқыып та қала беретін шөпек екен ғой. Жаңа қонсы болып жатқасын байқамайды екем. Ертеңіне орталықтағы «Оптбазарды» аралап келе жатқам, алдынан Әтіркүлдің өлпеті жалт ете қалды. Қолында қарны жер сүзгөн екі қара сөмкे, үйге деп алған анау-мынауларын әзер көтеріп барады. Алдында екі қолы қалтасында, басы шалқасында, аяңдан басқан Әпелешкасы. Жүгіріп барып, жүргіне жарамасып көмектесейін деп ұмтыла беріп, ынғайсызданып байқаусыз бүйірге бұрыла бердім. Есіме «Біздің Әпәләшкөң бар ғой» деп бастайтын өңгімесі түсіп, бұрын неге байқамағам деген таңданыспен таңырқап тұрдым...

## ПІШЕН

Пішөн деген қазіргі «пірәдөріміз»- Есекенің әкесіндей, Апаш пен Топаштың атасындағы жастағы адам. Ол бізге көрші емес, көрші үйдің иесі. Елде жаппай жекешелендіру басталып, жайлау мен қыстаудың айырмасы айқындалып жатқанда, екі күнде бір жалп ететін жарығы, сарт ететін жылуы өшіп қап жағдайы жайсыз болған кез өте сала, орталықтағы жайлар пәтеріне қайта көшіп барған. Мына жайдақ үйге пәтершілер жіберіпті. Пәтершілері де бір иманжүзді жастар. Бірақ әңгіме олар емес, Пішекен туралы болған соң жастардың құлағын шу-

латпай-ақ Ескеңнің есігінің алдынан бері бұрылып, естеліктерді қанағат тұтайық. Өйткені ол ол үйде тұрмайды. Бұнда тек айна екі рет келіп, бірінде «комиссия» жүргізіп, екіншісінде пәтерақысын алып кетеді еken. Сондықтан да оны көтпен білетін Ескеңнің әңгімесіне құлақ түрейік.

Естуімізше, Пішкең Күшенч елге ертеден танымал. Кезінде, Кеңестің дәуірлеп тұрған уақытында шанышқысы жоқ дастарханнан тамақ, рюмкасы жоқ столдан арақ ішпейтін пан, бісміллә деген қазақты бас салып балағаттайтын жан болыпты. Ондай бірдене байқай қалса, «бұл қазақтар ескішіл, отсталый, феодальный, жузский, ру-и-ский, ту-ыский» деп обкомға шапқылап, арыз айтып жүруші еді деп қояды Ескең. Біледі ғой. Мұның жас кезінде әкесі Күшеке: «Біздің Пштучиктің білмейтіні жоқ, әр нәрседен хабары бар, дебетінді де, себетінді де беледі» дейді еken. Сейтсе бухгалтерлік курсы бітірген бәтшағарың «дебет-касса, дебют-басқа, девять-карта» екенін біліп аған көрінеді. Осындай зеректігімен айдағаны бес ешкі боп, ысқырығы жер жарған кезінде қол астындағы үш қара көзді «кеңес кеңсесінде өзара ұлы халық тілінде сөйлемесендер, жер аударам» деп бүйідей түйіп, шаруасы боп алдына келгендерге «казахбайский не понимать» болып, есігінен сығалатпаған кісөпіріңіз соңғы кезде қазақ тілінің жоқтаушысы боп, енді қажылыққа барамын деп мешіттен шықпай жүр деп естігенбіз.

Е, одан басқа әңгімелері де жетерлік қой. Баяғы одак ыдырап, тәуелсіздік туын көтерген жас мемлекетіміз алғашқы қадамдарынан-ақ қыындықтарды жеңе отырып, әлемге танылып, еңсесін көтеріп, ел оцы мен солын танып, өлгенін тірілтіп, өшкені жанып жатқанда Пішән Күшенч «Бәленшекең бұлт еткенде басында, түгеншекең қылт еткенде қасында, тайғанақтағанда астында болып, солар үшін отқа күйіп, суыққа тоңғам» деп күпсініп, бедел жинағаны туралы да сөз шыққан.

Ондайдың шет жағасын естімек түгіл, көзбен көргендер де толып жатыр. Мысалы мен сонау 199... жылы көргем. Наурыз мейрамы болатын. Алғашқы кезде жүрттың көбіне таңсық көрініп пайда бола бастаған киіз үйлер қатарын аралап келе жатқам. Бір дауыс елден ерекше шығады... Қараша киіз үйдің есігін айқара ашып қойып бір мес қарын, жайын ауыз, қалпағының асты айнадай жалтыр кара сорайған бір ақсарыны

келіншегімен қоса қолынан сүйрелейді. «Мәрәхмәт, мырза, мәрәхмәт. Бұл астана ауданы, бұл бас қала ауданы» деп әлгі орекене иіліп төсек, жайылып жастық дегендей, асты-үстіне түсе аяғына жығылып жур. Сейтсем, әлгісі облыстағы өзінің бастықсымақ бірі де, киіз үй сол кездегі Мәскеу (қазіргі Есіл) ауданының үйі екен. Жағымпаздыққа келгенде алдына жан салмай, мансап үшін жанын да, малын да садаға етіп, ананың астына түсуге жақын болған қасқа басың айнала өтіп жатқан қазақтың облыс түгіл бүкіл өлкеге белгілі зиялышарын көзіне де ілмей, Қазақстан өз алдына тәуелсіз ел болып үлгерсе де сол баяғы Әдетімен Иван Сиванчұқа «Мәскеу, Мәскеу» деп абалап жатқанын кезім шалған.

Бұл қасқа дегенің де әртүрлі болады екен-ау. Ала қасқа, қара қасқа, ана қасқа, мына қасқа, әйтеуір басқа-басқа. Ал, Пішекен солардың ішіндегі нағыз қасқасы. Өзін сол оқиғадан бері көрмеп едім. Ұзынқұлақтан естуім бойынша шет жағалап әңгімеміздің басында баяндан кеткендей, сондай қылыштарымен үйтіп-бүйтіп бедел «сатып алған» бойы қажылыққа бармақшы дейді. Соны естігенде: енді оны да не деп қақсар екен бұл қасқан, «Мен қазақ, елім азат, жерім ғажап, мен сол жерден келдім» дер ме екен, өлде Қағбаның түбінде басын иген саны көп басқа ұлттардың бірінің қатарына тұра қалар ма екен?.. Қайдам, былтыр ондай әңгіме шықпап еді. Әлде байқамай қалдым ба?

## АЙНАЛМА

Бір ат басынан да ауқымды алтын тауып алғандай Екіге емпендер жетті.

-Екі-еке, әлгі Нөл Жаңа жылдың алдында жапырылып қала жаздапты.

Екі еңкейіп кеткен еңсесін көтеріп, езуін еркіне жіберді.

-Да, дұрыс болмаған екен. Өзі де жұмыр жердің желбейіндей шермие желпініп кетіп еді. Әй, бірақ, дұрыс емес. Салмағы бізге түсіп жүрмесе, пәлесі жүқласа нетті?

-Неге дұрыс емес? Енді өзіңіз ешқандай нөлсіз-ак жеке тұрып, жылдардың атауын өзіңіз-ак көрсетіп тұратын боласыз. Кхе, кхе... Әлгі, екі Екі немесе қос Екі, жұп Екі, егіз деп те айта-

мыз гой. Әп-әдемі. Сол Нөлді соңымыздан сүміреттіп сүйретпелеудің керегі де жоқ. Екі-еке, солай емес пе?

...Екі Үшке ентігіп келді.

-Үшеке, естідіңіз бе? Әлгі Нөл омақа асыпты ғой. «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» дегендей өзі де бір елеуіретіп кетіп еді.

-Қой ей, оның табаны менікі сияқты жұмыр, шайқалса да, шалқасынан түспей, тербеліп тұра беретін пәле емес пе еді?

-Жоға, тербелемін деп төртбұрыштанып қала жаздалты. Бірдің айтуына қарасақ, бәтуәсі бітсе керек. Өзі де бір есіктен төрге озып, төбемізге шыға беруші еді. Осы біз Нөлсіз бола алмаймыз ба? Соны неге сөлектете береміз? Шайқалғаны жақсы емес, шеттетіп, шептен шығару керек. Қатарымызды қампитып, беделімізге бетперде түсіріп жүр.

... Үш орнынан атып тұрып Төртке тұра тартты.

-Төке, Төреке, анау Нөліңіз төңкеріліп қалыпты.

-Қайтіп? Қалбақтаған неме құрып кетпесе қайтсын. Әй, бірақ оны тәбесінен тік, аяғынан шік қойсаң да бірдей емес пе еді? Дәңгеленген дүние гой. Енді қайтпек?

-Қайтушы еді, мен білсем енді Нөл болып қатарымызға қосылмайды. Аяғымыздың астында ноқат болып қалады. Иығымызды тіресіп итерлісіп тұрғаннан ғері сонысы дұрыс. Не бөлуге келмей, не санаттағы санға енбей жүретін неме емес пе? Дұрыс болды, енді аяғымызда допша домалатып, ноқаттай нұқып, жетер жеріне жіберіп тұрамыз.

... Бес Төртті дегіберсізденіп күтті. Төртбанданып теңселе келген Төртке Бесекен: «Ия» деді.

-Бәке, берекесін молынан бергір Бесеке, естідіңіз бе?

-Ия.

Бес, буынның бел ортасындағы беделі бар Бесекен бәлсінен сөйледі.

-Жайшылық па, жарқынам? Жайың келмей қалыпты ғой. Жыбырлап жүрер жайбасардай емес, жұтынып тұрың ғой.

-Бесеке, беделіміздің берекесі. Бәрін басынан бастайынши, әлгі Нөл нөкет кетіпти.

-Нетіпті?

Санымыздағы сандардың айтыуларына қарасақ нокаут түсіпти. Нетемін деп нокаут кетіпти.

-Беу, жарқыным-ай, бышырамай былай біртінде айтшы.

-Бесеке, Беке, әлгі Нөл тас талақан болып, тарыдай шашырап, тырайып қалыпты. Енді сандық белгі емес, берекесі кетіп, дәңгелегі нетіп... микраскоптың әйнегіне түсін түбірімен атомның белшек түйіршіктерінде тентіреп кетіпті, өзін тұптуғел түкірік етіпті, енді қатарымызда тұратын шамасы жоқ, шаңға айналып кетіпті.

-Не, микроб болғаны ма?

-Жо, жоқ... ұнтақ болып қалағаны да.

... Бес алтыға арсындалп келді. Алты жетіге жеткенше асықты. Жеті Сегізге шапты, Сегіз Тоғызды тапты.

-Тоқа, әлгі Нөліңіз тоңқалаң асыпты, абыройын абажадай шашыпты. Тұрган жерінде теңселіп кетіп, дәңгелегін дүнгірше етіп, қатарымыздан шығып қалыпты.

-Қой, ей! Нөлі дегенің порымы маған үқсас домалақтау емес пе, одан да бір теке-тірес іс болды десеңші. Мен білетін Нөл бостан-бос шайқалмаса керек-ті, мына сендер бүйірінен тұртіп, берекесін алмасандар босқа бұлінетін сан емес еді. Бір, Екілерің бірденені бұлдіріп, өсек-аянды соның басына үйіріп, бейкүнәні босқа күйдіріп жүрген жоқсындар ма? Анығын білейік шақырышы Нөлді.

Ештеңеден хабарсыз, көңілі алаңсыз Нөл аңқылдай келіп, сәлемін беріп, Тоғызға тағзым етті. Қызықты көруге жиналған сандар артына шегініп, ыдырап кетті. Ешқандай артық сөз, адудан әңгімендегі бейхабар Нөл елп етіп ерге озды да, екі Екінің ортасындағы екі орның кезекпен басып, жузін айқара ашып, қасқайып қарап тұрды да, сол келбетімен 2002 деген жылдың түлғасын құрды. Ал, өсек-әңгімені алғашқы бастаған Бірден басқалары келесі жылдардың келуін тосып, Екіден кейінгі кезекке тұрды...

## **Сағадат РАХАТОВ**

1941 жылдың 15-інде Мағжан Жұмабаев ауданындағы Құралай ауылында туған. Қазір Есіл ауданында тұрады. Өлеңдері облыстық газетте жарияланып келеді.

## СӨНБЕСІН ҮМІТ, СӨНБЕСІН!

Сөнбесін үміт, үміттен туған мың арман,  
Бір арман сені биіктеге де шығарған.  
Сәттерін де көп шыға алмай қалған  
құмардан,  
Сол кезде, жаным, жүргегің болған  
жыларман.

Сөнбесін үміт, аңсаған арман елесің,  
Алдағы күндер қолтықтап сені, демесін.  
Үркердей жанып, кетсөң де келіп өмірге  
Не жазса тағдыр, бұйырған соны көресің.

Сөнбесін үміт, тұрсада заман күбылып,  
Заманың жатыр қанышырдай белі бүгіліп.  
Кетпесін деңдеп, арамза ниет сұғынып,  
Мұндайда сені алдамаса еken бір үміт.

Қайта құру деп бастап ек шұғыл бетбұрыс,  
Жұмыс та қалды көбейіп кетті тек тұрыс.  
Ескіміз тозып, жаңаны созып келеміз,  
Болса еken, жаным, болса еken бәрі тек  
тыныш.

Бұған да көндік, көнбеске таппан шараны,  
Нарық дегенің көтеріп кетті бағаны.  
Саудаға салдық айырмай ақ пен қараны,  
Қараулау болды қазіргі күннің адамы.

Саудамен кетті, саудашыл болдық бір епті,  
Тындармай кеттік, естімей жүрміз жүректі.  
Құрылып қайта, бұрылмай кеттік ескіге,  
Тұн қылып бәрін, орнатып қара түнекті.

Сөнбесін үміт, осы бір сынақ өткелде,  
Көп жылғы еңбек, есепсіз зая кеткен ба?!

Сенемін әлі, сенімім әлген жоқ менің,  
Торығу сәтте, даурығу деген жоқ менде.

Тәуелсіз елміз, әлемге енді танылдық,  
Құдайдай көрген көсемдерімізден арылдық.  
Мәреке жетпей ғасырда неше тарылдық,  
Әміршілерге әулие көріп табындық.

Бәріне көндік, айтқанын құп деп бағындық,  
Мәрттігімізден, сыбага-сыйдан қағылдық.  
Ең асылымыз тілімізден де жаңылдық,  
Әмірде сенің өз орның бөлек барынды үк.

Жә, енді ес жи, еңсенді жаным, көтергін,  
Сөнбесін үміт, әлі де талай өтер күн.  
Алты Алаш елдің парзызын қалай өтер кім?

Жасыма, жаным, күйзелме енді сен мулде,  
Ақиқат айттым, шындыққа қанып, сендің бе?  
Замана келер, жаңара берер бұл күндер  
Жүректе тек сен үміттің отын сөндірме!

## ФАБИТ МУСИРЕПОВТІЦ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЙЫ ЖАЗЫЛДЫ

Елтінжал ұлы Фабен туған жері,  
Кек шалғында көбелек күған жері.  
Сан жылда сағынышы сарқылмаған,  
Қызығына тоймайды думанды елі.

Кезеңімен уақыттың көшіне енген,  
Кім өтпеген кезінде осы белден,  
Кешегі Фабендердің көзін көрген  
Тұған жері, елі осы өсіп-өнген.

Бір өсіп, бірге жасап халқыменен,  
Дәстүрлі сол елінің салтыменен,  
Мәреке мәртебелі бұрын жетіп  
Таңданты ол өлем жүртyn даңқыменен.

Болған соң ой-өріс кен, сөз жетілген  
Үйренді ол жәдитті оқып өз бетімен.

Ескіше оқу қадимнен жаңаға ауып  
Сөйлеткен де Ғабең ед өзге тілмен

Дарындарды даңқ қылған етіп майдан  
Жалған жала дабылдан етек жайған  
Даңғылына дарынның дақ түсірмей  
Аман өткен Ғабендер екі дайдан

Шын дарындар, даңғағайлер-кемеңгер,  
Халқы сүйіп елдің қамын жегендер,  
Әл-Фараби заманынан дәүірлеп  
Бізге жеткен Сәбендер мен Ғабендер.

Халықтың ғой бабалардан бата алған  
Алыс-жақын алты алаштан хат алған.  
Топты жарып алғы шептен Ғабендер  
Елден ерек Еңбек Ері атанған.

Оқу, білім, өнер ғылым іздеген  
Өтті өмірден ғұламалар жүздеген  
Абай, Мұхтар, Сәбендер мен Ғабендер  
Келе бермек солар салған ізбенен.

Сол ізбенен, соны ізбенен келеміз,  
Келелі істе іздегенге кең өріс.  
Ғабең-сынды алып тұлға үлдарын,  
Ұмытпайды ел, оған кәміл сенеміз.

Ой-қырына әркез қалам тербеген,  
Не қалып ед Ғабең жиып термеген.  
Барын беріп бәрін көрген елменен  
Шіркін Ғабең жанар тау ғой сөнбеген!

Жолдағандай қазақ елі сәлемін  
Тұындаған мол еңбегі Ғабендер  
Шенберімен дөңгеленген әлемнің  
Шет-шебіне жетті шарлап әр елдін.

Жұз жылды бір сөзбенен ғасыр дейміз  
Саңлақтарын ғасырдың асыл дейміз.  
Ғабең тойы ол бүкіл Әлем тойы

Қалай енді біз оған бас имейміз?

Ия, біз, бас иеміз, мақтанамыз,  
Жеткенге осы күнге шаттанамыз.  
Айналайын тұған жер алтын бесік,  
Тудырған ұлыларды Бақ даламыз.

Ғабең өткен өмірдің өткелдері  
Ең қымбаты, есейіп өскен жері  
Мәңгілікті ту етіп ұстап тұрған  
Аман бол ен даламның Көк пен Жері!

## ЕСІМІЗ ЕСКЕ АЛУДА БАБАМЫЗДЫ

Далаң осы байырғы ел мекен өткен  
Мекен өткен байырғы ел кеше кеткен  
Бар еді ардақтысы, асылдары  
Білмедім айттылмай жүр не себептен?

Білгендер болса бәлкім айта жүрер  
Ат басын сол қазыққа қайта тірер  
Кім білед, бір заманда, бір күндерде  
Ізімен бабалардың қайта жүрер

Өр көңіл өрінде еркін сайрандаған  
Іздесем өзіндей жер қайдан табам  
Бес ғасырда жырланған жыраулардан  
Шет қалған ескірілмей қайран Бабам!

Айғақтар ескіменен – жақамызда  
Аспаным аялашы даланы ізгі  
Қайта оралған есімі Ата –жүртқа  
Еліміз еске алуда Бабамызды

Асыл тастан дегендей, ақыл жастан  
Өрең биік өзгеден өнері ақсан  
Күй құрап, қылқобызға жырын қосып  
Шығарған нелер ғажап Өмірдастан.

Арыны алпыста да басылмаған  
Жау көрсө жай отындей жарқылдаған  
Ойран сап он жетіде ат ойнатып  
Атанған он тоғызда Батыр Бабам!

Әйгілі қазактың көп батырлары  
Жауымен сан алысқан Батыл бәрі  
Кожаберген Бабамдай ірі тұлға  
Есте жоқ онан да асқан батыр бары.

Елін даудан қорғаған шешен Бабам  
Жерін жаудан қорғаған Кесем Бабам,  
Алпыс жыл Ата-жаумен арпалысып  
Қайта оралған Еліне есен-аман

Әр дәүірде әрқиыл Бак – талаңы  
Ата-жұрты мәңгі есте сақталады  
Кожаберген Бабамның туған жері  
Гүлтөбе – Маманай деп аталады.

Жел үрлесе үлпілдеп дір-дір еткен  
Хош иісті, қалампыр – гүлді мекен  
Гүлтөбе аты аңызға айналарын  
Сол кезде сондағы жұрт білді ме екен?

Осы жер өадірің де қасиетің  
Рухына Бабалардың Бас иетін  
Өткен-кеткен есіне ап, қолын жайып  
Дүға оқыса ақтарып ақ ниетін....

Егемен ерікті Еліміз енді міне  
Толып түр он жыл бүгін Елдігіңе  
Тіледі бабалардың қабыл болып  
Қол жетті ғасыр күткен тенденгіңе.

Жалғасып ғасырлармен қалыпты елің  
Бүгінде әлемге өзін танытты елің  
Үрпағы кешегі өткен бабалардың  
Фарышқа да үшуда барып келіп....

Бабамыздың мәңгілік өлмейді аты  
Тектілердің тегі еді арғы заты  
Елімай – лап егілген ел-жұртының  
Елжіреткен жүргегін жазған хаты.

Заманның бар ма жүгі көтермеген  
Зауалын кімдер қалай өлшер немен?  
Нар көтермес нарқын айт Бабалардың  
Парызы мың жылдарда өтелмеген.

Келгенімен кемелдігім бабына  
Шенгел, шенгел, тікенекті – томарлы  
Жайдары күн бұлтты ма, өлде тұманды  
Бала біткен бәрі осында табылып,

## ЖЕР ЕДІ ОСЫ БАСАТҰҒЫН ҚҰМАРДЫ.

Асық ойнап, доп қуу ма тек қана,  
Ауыл маңы шақырады шет дала.  
Күндегі әдет, ойын құмар топ бала  
Жөнелетін сол араны бетке ала.

Тіптен ұзап кетсе-дағы шалғай тым,  
Ешнөрсөні қаперіне алмайтын.  
Ұзақты күн аш өзегі талмайтын  
Бала мінез байырғы әдет қалмайтын.

Такымдағы тұлпар еді-ау, талшыбық  
Бір-бір талын талшыбықтың қамшы-ғып  
Бәсекеде бас бермейтін дүлдүлдей  
Табан тимес, талай қырдан қарғыдық.

Тұлпарымыз Тайбурылдан кем де емес,  
Қыза-қыза басталады енді егес.  
Біреу озып, бірі қалып қалпыда  
Тайталаста шекісуден кенде емес.

Қазанында қайнайды енді қызғаныш.  
Қат-қабатта қалыс қалса, ол намыс  
Алыс-жұлыс, талас-тартыс – бәрі де  
Тентектікten бала кезде болған іс.

Кездерімде қарым талып, қажыған  
Ой-құрсаудың кермесіне таңылам.  
Жел айдаған қаңбақтайын қаңғыған  
Тына қалса, тұра қалып қалғыған.

Қаңғымаспын, қаңғымаспын бірақ та  
Ауылым алыс, сонау қырда, жыракта.  
Ағайынмен алыс жақын сырласып,  
Жатсам деп ем, аунап-қунап бір алта  
Сол ғой біздің мақсат, міндег, мұрат та.

Келгенімен кемелдігім бабына  
Елеңдеумен жүрем елді сағына.  
Мүмкін болса қайта туып, қаута өсу  
Оралар ем, сол балалық шағыма.

## **Болат САҒЫНДЫҚОВ**

1936 жылы Мамлют ауданындағы Бостандық ауылында туған. 1960 жылы Омбы ауыл шаруашылығы институтын бітірген.

Ұзак жылдар облыстың ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқарған. Өлең жазуды мектеп қабырғасында жүргенде бастаған. Жақында алғашқы жыр жинағы баспадан шықты.

## ТЫҢ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Тың жыры тарихтың бір парагы ғой,  
Әлемге аңыз болып тарады ғой.  
Тыңымды олай дейді, былай дейді,  
Тың елдің көдесіне жарады ғой.

Қасиетті өлкеміз-тыңның жері,  
Мұндай жермен мактанарап кімнің елі.  
Тың игеру үлесі хас ерлердің,  
Еңбек еткен төгеліп мәндай тери.

Тында адам ысылып, шынығады,  
Сыны мол шындығынан сыр үғады.  
Тыңменен тоғысқан өз тағдырым,  
Жырымның өзегі де – тың ырғағы.

Тың мінезі томырық, тентек еді,  
Мінез-құлқым тыңмен тең кеп еді.  
Өмірім өткен кезі тың төсінде,  
Мен көрген тым жоғары мектеп еді.

Тың менің өмірімде жарқын белес,  
Тында жұмыс-сайран да, мейрам да емес.  
Бір жылың он жылға болар тендерес,  
Тыңның сырын кез келген үға бермес.

Сүрғылт тартып кетіпті тың өңірі,  
Жүдеу болып барады тым өмірі.  
Әлеуметтік тұрмысы жұпныны екен,  
Тәмендеп жүр өңсіздеу жүрт көңілі.  
тағдырыма айналған жер шұрайлы,  
Көргенде көзіме отттай үшырайды.

## МАСАҚ

Егін соғып комбаинның артында,  
Қалған масақ қыстайтын-ды қалпында.  
Бала-шаға оны барып тереді,  
Жазғытұрғы көксалпакта, салқында.

От саламыз сабан күйіп кетеді,  
Қалған масақ біз теруге жетеді.  
Софыс кезі, тұрмыс ауыр тұрғанда,  
Мына тағдыр кімді ерке етеді.

Сегіздемін. Кіп-кішкентай баламын.  
Жұртпен қатар нан табуға барамын.  
Мойынға ілген дорбашығым толғаниша,  
Мықшыңдаймын, тергенімді саламын.

Күнчұзақ ішетін тамақ та жоқ,  
Қарын ашад, шыдамайтын амал да жоқ.  
Масақтарды өртейміз де уқалап,  
Ауқат қылып, алданамыз, амал жоқ.

Бет ауызымыз күйе-күйе болады.  
Кешке қарай дорбашықтар толады.  
Жер тұбінен біз жеткенше салпақтап,  
Қас қарайып, орнына ауыл қонады.

Масақты өндеп, баптауды анам білетін,  
Әлектеніп таң атқанша жүретін.  
Күндіз-түні тынымы жоқ байғұсың,  
Жұмыстан соң қол дирмен уgetін.

Сол масақтан пісті нанның әр түрі,  
Әсіресе, қандай еді бәтірі!  
Жарықтықтың исіне тең келетін,  
Ауқат жоқ-ау дүниеде бұл түрлі

Софыс жүгі езді қазақ ауылын,  
Тоздырды ғой елдің қалың қауымын.  
Балдырған болып балалықты сезбедік,  
Ерте білдік күнкөрістің ауырын.

Өзің, масақ, наным едің тоятын  
Бүгін міне, бұгулі ойды ояттың.  
Ерекшелеп есте ұстайық масақты,  
Жәдігер қып мұражайға қоятын

## САРЫ ҚЫМЫЗ

Жылқы ұстаймыз жұмылып барлығымыз,  
Бие сауып, сапырып сары қымыз.  
Бойға дәру, ішсөң ас, сатсаң ақша,  
Біздерге қауіпті емес нарығыныз.

Сары қымыз – атадан қалған асым,  
Құмартып ішеді оны көрі-жасым.  
Мінсөң көлік, сойсаң ет жануарым,  
Баптап бағып, жылқының өсір басын.

Қымыз – біздің қазақтың асыл асы,  
Көне дәуір, байырғы ғасыр асы.  
Аластайық, арадан арағынды,  
Қымызымның кетсін деп садағасы.

Той-думанда қазақша бас құрайық,  
Қымызды қазыменен сапырайық.  
Ұлттымның салт-дәстүрін жаңғыртайық,  
Мерейін аталы астың асырайық.

## КИІЗ ҮЙ

Киіз үй – бабалардың баспанасы,  
Жайылым, жайлаудағы астанасы.  
Неше қанат болса да, бір өзінде,  
Қонақ үй, үйқы бөлме, асханасы.

Сенде тудым, кіндігім қаны тамған,  
Қырық тұн бойы шырақтың шамы жанған.  
Балауса балалығым өзінде етті,  
Алтын үям, айналдым шаңырағынан.

Баларым, уа, қандай дана болған!  
Өздерінде өлшемсіз сана болған.  
Тауыпты таңғажайып түрғын үйді,  
Қысы-жазы басына пана болған.

Киіз үй – тарихтың Һәм жолдасы,  
Орнаған өткен күнде хан ордасы.

Жауға аттанған өзіңнен сусын ішіп,  
Сарбаздар мен сардарлар, өз қолбасы.

Талай той, ойын-сауық өтті сенде,  
Босағанда болмаған бар ма пендे?  
Халқымның қасиетті шаңырағы,  
Патшалардың сарайы саған тен бе?!

Шетте жүріп, құлазып, қамығамын,  
Құтты мешіт өзінді сағынамын.  
Тұтінің тұзу шықсын тілеймін мен,  
Ешқашан шайқалмасын шаңырағын.



## Аскат САҒЫНДЫҚОВ

Ленин ауданы Еңбек ауылында 1951 жылы туған. Совет ауданындағы Ленин орта мектебінің тұлгегі. 1973 жылы Петропавл педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген.

Өлеңдері мен мен әңгімелері қазақ және орыс тілдерінде «Солтүстік Қазақстан», «Северный Казахстан» газеттерінің беттерінде жарық көрген.

## САҒЫНЫШ

Тыншымайды дұрсілдеген кеудемдегі жүрегім,  
Өзінді ойлап, бір өзінді аңсаумен жүремін.  
Нұр сәулелі, күн сәулелі жанарларың от шашқан  
Жыр сандығын, сыр сандығын кілтін тауып сен ашқан.

Сені бір көрмесем мен қараң болды өмірім,  
Лапылдаған сезімдердің қалды қара көмірі.  
Тек өзіңнің құдіретіңмен атар таңым арайлап,  
Сенсіз күнім тұн болғанда тыншымаймын қарайлап.

Қарлығаштың қанатындағы сұлу сенің қастарын,  
Көк семсердей тіліп етті көңілімнің астарын.  
Жебесіндей бабалардың кере құлаш жағының  
Кірпіктерің түріп арманымның сағымын.

Күн бейнең мен нұр бейненді ақ қайыңға баладым.  
Арындаға асай аттай, құргыр менің қаламым.  
45-ке келсем дағы мен жанында баламын.  
Пейілінді бермесең сен ертең өліп қаламын.

Сыйынғандай тәңіріме тізе бүктім алдында,  
Алдым тұман, лапылдаған өрттен көркем артымда.  
Қара түнек туннельдемін бір өзіңсіз өмірде,  
Неге менен нұр аядың шексіз сеуіп өнірге.

Көкіректе сәүлесі бар мен де бір жан емес пе ем?  
Ұлы бабам бүркіт еді қанатынан жел ескен.  
Қыранындағы кең даламның абылап бір карашы.  
Еслімнің өнірінде ер жігіт бол мен өскем.

Егер бүгін қанаттарым қалса әлсіз салбырап,  
Жүргенім ғой жалғыздық пен арпалыстан қалжырап.  
Сыңарынан айырылған аққу өмір сүрмейді,  
Жүрекке өмір махабатсыз, мен білемін, жүрмейді.

Айтшы маған аққу-қаз да оралмай ма көліне?  
Төл екеш төл түлемей ме жетсе-ак болды көгіне?  
Жалғыз қайың, жан серігім сыбыр етті түсімде:  
«Сенің, достым, жан сырынды осы қалқам түсінер...»

Сенгіш жүрек үміт отын неге бүгін жағады?  
Жылдызыққа толы көздер неге маган қарады?  
Неге фана аузын аштың бітіп кеткен жараның?  
Тағы міне арман – сағым қолын бұлғап барады.

## ҚЫЗЫМ ДАРИНАФА

Унің сенің аумайды қоңыраудан,  
Бар қызыбын тоса ма өмір алдан?  
Есінде ме – екеуміз қырға шықтық  
Кеулегендей жүректе не бір арман.

Батқан күннің қызылы қырға мына  
Ризамыз төгіліп тұрғанда.  
Ауыл сырты. Зираты ата-анамның  
Жете алмаған бүгіннің ырғағына.

Жастығымды кешегі қайтарып құр  
Көбей бабаң орманы жай қалып тұр.  
Сол бабаңың мен де бір үрпағы едім,  
Соның үшін салауат айтальық бір.

Орманды алқап сыртында, қызым, менің  
Қарай қалшы ақ қайың тізілгенін.  
Салатындей есіме сол аққайың  
Байызы жоқ үміттің үзілгенін.

Осында өткен жас күнім келеді еске,  
Отанымды болмайды елемеске.  
Таң нұрына шомылған осы шоққа  
Тәу етем, жаным-ау, жөн емес пе!

Артты деме тектен-тек іңкәрлігім,  
Өуезім мен әнім сол шырқар бүгін.  
Алды-артыма қаратпай желип өткен  
Қайран менің, қырдағы тұлпар – күнім.

Өрімталдай жанымсың әлі, міне,  
Атар алдан өмірдің таңы күле.

Қызың менен ұлынды ертіп алып,  
Сен де бәлкім келерсің қабіріме.

Жасыратын не сыр бар, сірә, мұнда,  
Бақытты бол ата жүрт тұрағында.  
Мен іңсаған сағыныш қоңыраудай  
Ойнатар-ау өуенін құлағында.

Туган жерді қалайша тосын етем,  
Өуезіне өуенді қосып өтем.  
Сені-дағы өзіне тарта берер  
Жалғыз тамшы қанындаі осы мекен!

## АҚ ӨЛЕҢ

Аппақ қар мен аққайын...  
Аппақты қалай таптайын?!  
Ағытып көңіл тиегін,  
Ақ ниетті сақтайын.

Ақ жағалау – ақ үміт,  
Ақ дегеннің бәрі – үміт.  
Ақ киімді періштем,  
Жүрмін сені сағынып.

Өмір саған не дейін,  
Ақ өлеңді төгейін.  
Ақ өлеңді төгіп ап  
Ақ өліммен өлейін.



### ЖАҚСЫБАЙ САМРАТ

Самрат Жақсыбай Баянұлы – журналист.

1960 жылы Есіл ауданындағы Тауағаш ауылында туған. Қарағанды Мемлекеттік Университетін бітірген. 2000 жылы «Бітгей жара. (Желтоқсан – 86)» атты романы жарық көрді. Республикалық және жергілікті баспасөзде жиі жарияланып тұрады.

## ҚАРА МЕН

(әңгіме)

Болат осы қызды бірден ұнатып қалды. Мінезі жібектей жұмсақ, бір көрмеге көркі де жаман емес. Жігіттің ескелен үміті оны өзіне мәңгілік жар санаپ түрлі қиялдарға да беріліп қояды. Ауылға апарып, той жасап, үйлен деп қынқылдай беретін анасын бір риза қылса, Әлима болса гүлдей майысып, шайын құйып берсе, содан өткен бақыт болар ма? Тек соған аман есен жетсе екен, сол құн тезірек болса екен деп асыққан жігіт кейде ішінен дегбірсізденіп қояды.

Бүгінгі кездесуге де тағатсызданып, жұмыс аяғын асыға күттіп, сағатқа қайта-қайта қарайды. Мұның тынышы қашып отырғанын қарсы отырған бөлім бастығы сезеді, бірақ көрмегенсіді. Ешқандай жұмыс болмаса да «бара бер» деп ешқашан айтпайды-ау, занғар. Қайта мұның сағатына қайта-қайта қарап, тынышы кеткеніне айызы қана түсетіндей, кекшіл көздері тұздай жалтырап, қабағының астымен қарап қояды. Болат оның сұғына шыдай алмай дәлізге шығып кетті.

Темекі шеклесе де қалтасынан бір қорап қымбат сигарет салып журуші еді, осындауда далаға шығуға сол сылтау болады. Қазір де көнігі шеккіштерге үқсан бұрышқа тұра қалып, тұтінді будақтатып тұр. Қалтасына темекі салмайтын екі-үш тартқыш келіп, Болаттың маңайна топтала қалысты. Жігіттің қымбат темекісін көргенде олардың есі шығып кетті.

Бұл мекемедегі екі еркектің басы қосыла қалғандағы әңгімесі бірінің-бірі арақ ішіп мас болғанын естіп, қызықтау еді. Және сондайды үлкен іс, маңызды әңгімемсіп, кей-кейде жұмысты жиып қойып та айтысып кететін. Әсіресе, осындаудың шеберлерінің бірі мына – шикіл сары мен екі иініне екі пүт жүк ілінгендей салбырап кеткен сорақай, жұндібас қара апиынға елтіген нашақорша езуінен сілекей ағып тұрып сөйлейтін. Жігіт олардың әңгімесіне елтімей, ойы басқада болып тұр. Өзінің тәтті қиялдарына беріліп, кейбір сәт ішінен масайрап, үнсіз күлімдеп те қояды. Мұны өздерінің айтқан шатпағына рза болып күлген екен деп әңгіме айтып тұрған әріптесі еліктене түсіп, даусын одан әрі құбылтып жатыр.

-...Содан есімді білмей қалыптын, үйге қалай келгенімді де білмеймін. Бір оянсам бас әкетіп барады. Шешінбей құлаған екем, сүрініп-қабынып кухняға зорға жеттім. Қас қылғандай су жок, кранды ашсам өзіздей өніреп, кур дыбыс шығады.

Тоңазытқышта да түк жоқ, жылан жалағандай тап-тақыр. Шөл кептіріп қысып барады. Амал жоқ даға шықтым...

Осы кезде Болатты телефонға шақырган бастығының даусы естілді. Әлима шығар деп журегі луп ете қалған жігіт жүгіре ба-сып телефонға жетті. Даусын барынша жұмысқ қылып «әлле» дегенінде өр жақтан Әлиманың сүйкімді даусы естілді.

-Болат, мен бүгін жұмыстан кеш шығатын болып қалдым. Бастығым бір шұғыл тапсырмалар беріп... Соны қайткенде де бүгін бітіруім керек. Жұмыстан кейін де қалып істеуге тұра келіп тұр. Соңдықтан бүгін кездеспей-ақ қояйық, жарай ма?

-Жо-о-қ, - деді жігіт даусын созып. Мен сені бүгін қалайда көруім керек. Сағынды...

Бір сөтке жігіт үнсіз қалды. Мұның айтқанына ой жүгіртіп жатыр ма, әлде басқа себебі болды ма әйтеуір, қыз да бір сәт дыбыссыз болды.

-Мен сені нешеде келсөң де өзіміздің орындықта тосамын, жарай ма?

-Жоқ, Болат, түсінсенші, кеш болып кетеді ғой. Ертең де күн бар емес пе?

-Ертең мен командировкага кеткелі жатырмын... Жігіт аяқ астынан өзінің өтірікті келістіріп айтып, тауып кеткеніне мәз болып қалды. Енді қыз да ойланып, үнсіз қалды. Тек аздан соң:

-Жарайды, мен ертерек шығуға тырысамын... Кездескен-ше...

Бұл сейлесе бастағанда шегірейген көк көзін біздей сүкқан, тікбақай бастығы шығып кеткен. Жалғыз тұрған жігіт түк-түк деп тоқылдай қалған телефонның микрофонын сүйіп алды да орнына қойды.

Келмеймін дейді еще, қарай көр, жыныма тисе жұмысына да баарармын... Айтқандай солай еken-ay. Далада тосқанша жұмыс орнына барайын, бәрібір ешкім болмайды ғой. Жігіт өз ойына өзі риза болып кетті.

Әлде ыңғайсыз бола ма? Өзіне айтып көрейінші деп ойлап телефонның құлағын қайта көтерді.

Әлима бір шағын мекемеде бухгалтер болып істейтін. Техникумды былтырғана бітіріпті. Аяқ астынан бір ауыр жұмыстар тапсырылып, кей-кейде осылай қызметінен кеш шығады.

Сонысы тынышсыз екен, әйтпесе қалындығының қаражаяу болмай бухгалтер болғаны да Болатты қуантып қояды.

Әлима жігіті өзінің қасына келмегін естігенде бір сәт абыржып қалды.

-Сен маған кедергі жасайсың ғой... Мен бір қын тапсырмамен отырамын.

-Тұқ те кедергі жасамаймын, жанында үн-тұнсіз саған қарап отырамын да қоямын...

-Шын ба, - деп күлді қыз.

-Уәде беремін...

-Жарайды, онда. Тек жұрт тараған соң, ешкімнің көзіне түспейтін болып кел....

Шіркін-ай деп ойлады ішінен Болат, неге біздер осы қыздарға өмір бойы жалынып, күніміз түсіп жүреміз екен. Бұлар ғой, бізді соншалық керек қылмайды. Мен оған емес, ол маган: «кеleйінші» деп жалынса ғой... Жігіт бір сәт өз ойынан өзі тіксініп қалды. Ондай болса қызының қадірі бола ма?

Әлиманың жұмыс орны орталықта болатын. Болат «мен жеткенше жұрт аяғы басылар» деп оған жаяу тартты. Мезгіл қоңыр күз еді, үзамай көңілсіз, сылбыр жаңбыр жауа бастады. Болат жауынан ықтап, үй-үйдің арасымен жедел басып келді. Күздің көңілсіз күйі сүйгеніне асыққан жігіттің кеңілін баса алар емес. Өнебір қоңыр үйдің аргы тұмсығында гүл сататын шағын орын бар. Саяжайда өсірген өз гүлдерін ұстаған әйелдер сол жерде отыратын.

Болат бұрыстау болса да солай қарай тартты.

...Есік алдында отыратын вахтер кемпір Болатты бірнеше рет көрген. Осында қызмет істейтін 4-5 қазақтың Әлимадан басқасы кексе адамдар еді. Қойнына гүл тыққан бозбаланың кімге келмегін де жазбай-ақ біледі, бірақ түк білмегенсіп: «куда, куда» деп кірпідей жиырылды. Төменнен Әлимаға қоңырау шалдырып, ол аздай вахтаға шақыртып, қолына тапсыргандай етіп, оның кепілдігімен ғана кіруге рұхсат берді.

Қызыды қысылдырыған бұл қылыққа Bolat аузын аша алмай, ішінен тынып, үнсіз қалды. Қолына тускен әлдебір журналды қарағансып қызыды бағып қояды. Інғайсыз жағдайдан қысылған оның бетіне бағана қызыл ойнап шыға келген, қазір онысы кетіп, жұмысымен айналысып отыр. Аққұба жузі, үзын кірпікті қара көздері, қыр мұрыны, жұқа еріндегі – бәрі де өсем толғанып, қызыдың қадала жұмыс істеп отырғанын айғақтайты. Кей-кейде калькуляторды қаттырақ басып, қабак шытып қалады. Онысы есебі дұрыс шықпай жатқанынан болса керек, іле жадырап, жаңа сандарды алдындағы қағазына асығып жаза бастайды.

Тыныш отырамын деген уәдесі бар жігіт сөзді өзі бастамасқа

бекініп, оның жүзіне журнал астынан сығалай қарап отырды да қойды. Элден соң:

-Осылай мысық пен тышқанға үқсан тып-тыныш отыра береміз бе?- деп Әниманың өзі күліп жіберді. Жігіт арқасынан бір ауыр жук түскендей:

-Енді қайтейін, уәдемді алып, алды-артымды түсап тастаған езін емес пе?

-Сен ылғи берген уәдеңнен таймайсың ба?

-Таймауға тырысамын, берген соң орындау керек қой...

-Оның жақсы екен... - деп күлімдеген Әлима орнынан тұрып шай койды.

Болат өз жұмысындағы өйелдер шай ішे бастаса шығып кетегін. Олармен шай ішсе түскілікке барғысы келмей қалады, ал түскілік ішпесе кешкі тамаққа дейін қарны ашады, сол себепті ақсазанды алдарқатпай, тамақты өз мезгілінде ішуге тырысатын. Ал қазір Әлиманың шәйін терлеп-тепшіп іше бастады. Қыздың шәй беруге алдын-ала дайындалғаны көрініп тұр. Апыл-құпым ішілетін кеңсенің шәйі емес: қою сүт қатқан нағыз қазақтың шәйі екен. Оның үстіне қыздың ыстық ықыласы қосылса керек, жігіттің мандайынан шып-шып тер шықты. Әлима да өзінің шәйі ұнағанының сезіл қуанып отыр.

Жалғыз-ақ, қыздың жұмыс үстелінің тұсындағы желдеткіш ашық түр еді, содан жел соғып, шәйдің сөнін сол ғана кетіре бастанды. Жігіт тер ұстал қала ма деп корқақтап отыр, бірақ желдеткішті жабайық деуге намысы жіберер емес. Қыз алдында жігіт басымен тоңғақ атану өлім емес пе?

Әйелдің көзінен қырағы нәрсе жоқ қой, Әлима желдеткіштің қонағына тигізіп отырған кесірін ұзатпай-ақ сезіп, оны жаппак болып орнынан тұрды. Қемектеспек болған Болатты орнынан қозгалтпай, үйренішікті дағдысы болса керек, лып етіп, өзінің үстеліне шыға келді. Ендігі бір сөтте... Жігіт қарамайын десе де.... қолын қүшене созып, биікке тартылып жатқан қыздың ап-пак, жұп-жұмыр балтырына көзі тусіп кеткені ғой. Қенет... жігітті тоқ ұрғандай селк ете қалды. О ғажап, қыздың тілерсегінде бармақтай қара мең бар еken. Дәл сол жерінде, дәл соңдай мең карындастында да бар еді ғой. Қарлығаш тіпті сонысын кетірмек болып, бір дәрігерлерге де көрсеткен, олар менмен қандай зиян көрдің деп өзіне ұрсып жібергенін айтып, күліп отыратын еді.

Неге екені белгісіз, жігіт сырттай сыр бермесе де осы бір уқсастық онның көнілін түсіріп кетті.

Болат айрылысада Элимамен тым көңілсіз қоштасты. Онысын іссапарға барғысы келмей түрганға сайған қыз өзінше жұбатқан болып жатыр. Өзінің бағана солай деп алдағаны енді ғана есіне түскен Болат:

-Командировкадан келген бойда өзім хабарласамың, - деп күрсінген болып, қолтығындағы қызды подъезіне кіргізді.

\*\*\*

Арада бір апта уақыт өтті. Болат Элимаға хабарласқан жок. Мұны іссапарда деп ойлаған қыз да телефон соқпай жатыр. Осы күндерде жігіттің есінен бармактай қара мең кетпей қойды. Өмірде аз болмайтын жай кездесоқтық дейін десе де көңілі орнығар емес. Дәл тілерсекте және дәл сондай мең екі адамда кездесоқтан болуы мүмкін бе? Файыптан тайып, не шешесінің, не әкесінің туысы болып шықпасын. Алыс туыс болса жақсы ғой, ал жақын туыс болса Элимадан айрылғаны ма?... Мұндай ой басына келгенде Болаттың жүргегін ит тырнағандай, ашып кетеді. Аңы қызғаныш жанына тақат таптырмай, Элиманың сүйкімді бейнесін алыстан елестетсе де ас батпайтын халге жететіні көрініп түр. Бұрын кездеспеген, ерекше қыз екен деп қуанып жүргенінде аяқ астынан жоғалтып алмақ па? Мұндайда жігіт өз құпиясын ешкімнің білмейтіндігімен ғана көңіл жұбатады.

Ешкімге айтпай үйленіп алса қайтеді? Ал онда.... «қызығы» артынан белгілі болса тіпті сойқан болады ғой. Көп ойланған жігіт ешкімге білдірмей қыздың өміртариҳын зерттемек болды.

Фамилиясы менікінен басқа, ал әкесінің аты кім екен, алдымен соны білу керек. Бірақ өз әкесі Егінбайдың басқа әйелден балалы болатындағы «өнері» жоғы белгілі. Қашан көрсөң шешесінің ашса алақанында, жұмса жұдырығында болып, күн кешіп жатыр. Нағыз «қой аузынан шөп алмас» дейтін иіс алмас момынның өзі. Оның кейбір ынжық мінездеріне Болаттың да ашуы келіп қалады. Ал шешесі ше... Болат өз ойынан өзі тіксініп қалды. Қандай жаман ойға қисан да бөтен жерде баласы болуы мүмкін емес. Тігіттің әкесі соның қызы болып шықса жасы бұдан үлкен болуы керек қой. Ал ол болса бұдан жеті жас кіші. Оның үстіне Болаттың алты жас кіші Қанат деген інісі бар. Шешесі Қанаттан кейін бір-ақ жылдың ішінде Элиманы көтеріп, балалар үйіне немесе басқа біреуге беруі мүмкін емес. Өйткені тұған айларымен есептегендеге екеуінің арасы жылға да толмайды

екен. Ендеңе Әлиманың шешесіне қатысы жоқ. Туған әкесі мен шешесіне қатысы болмаса үйлене беруге де болады екен-ау...

Осылай деп көңілін алдарқатса да жігіттің бір бүйірінен шашшудай болып тиғен қара мец «мені бәрібір ұмыта алмайсың» дегендей көз алдында көлденендең келе береді. Ондай сирек жерден шығатын, сирек мәннің екі қызда бірдей болуы кездейсөк болуы мүмкін емес сияқты. Тұыстық қатынастары болғанда ғана осындағы сирек нысан бір жерден шығатының Болат өмірден көріп жур. Өз ауылдарындағы Көкен деген кісінің төрт қызының да оң жақ беттерінде дөңгелек мәндері бар...

Сонғы кезде Болат барлық туыс, таныс-білістерді есепке алып, сараптама жасайтын болды. Мұның әкесі Егінбай жалғыз жігіт. Өзінің елі Талдықорған жағында, әнебір жылы Өндіrbай деген туыс ағасы іздең келіп, уш-төрт күн қонып кеткені бар еді. Ол кезде Болат жас, үлкендердің сезіне көп мән берген жоқ-ты. Сол кісіден басқа әкесінің жақыны жоқ сияқты, әйтеуір өзі ес білгелі ешкімге бұл барып, немесе мұны іздең адамды көрген емес.

Айтуларына қарағанда әкесі мен шешесі Алматыда жұмыс істеп жүргенде үйленген екен, содан бірер жылдасын пәтер болмай, жас отбасы осы, шешесінің төркіні бар жаққа, көшіп келіпті. Бірақ нағашы жұрт бұлардың үйіне анда-санда келіп жүргенімен байланысты тығыз емес еді. Шешесінің де дәл бірге туған туысы жоқ, ал нағашы атасы Болаттың жас кезінде қайтыс болған. Туған әжесі, тіпті, одан да ерте, шешесінің жас кезінде қайтыпты, өгей шеше де, одан туған балалар да мұның анасын аса керек қылмаса керек, әйтеуір қатынастары шамалы болды.

Солардың бәрін талдаپ, сайып келгенде Әлиманы Талдықорғандағы Өндіrbай ағаның қызы немесе немересі болып шықпасын деген ой туды. Оны анықтау үшін қыздың туған жерін және әкесінің атын білу керек. Жігіт осы ойға бекініп оған хабарласпақ болды.

... «Ұзақ мерзімдік іссапардан» келген жігітті қыз қуанып қарсы алды. Тіпті сағынып қалғанын жасыра алмай, бұрынғыдай емес, емен-жарқын сөйлесіп жатыр. Есесіне жігіттің көңілі пәс. Бұрынғыдай қалбалақтап, қыздың бабын табуға асықпады. Әлима мұны бірден байқаса да сыр берген жоқ.

Басты мәселесін неден бастауды, қалай сұрауды білмеген Болат болса өз шырғалаңы өзіне жетіп, басы дал болып отыр. Әлден уақытта бір шешімге келіп:

-Әлима, сен қай жерде туып едің?

-Қостанай облысында деп айтып едім ғой саған...

-Әке-шешең бар ғой?

-Әрине бар, оны да сұрағансың... Қыз әлденеге секемденіп қалмасын деп Болат өзі туралы да айта бастады.

-Ал мен Алматыда туғанмын, бірақ өзім онда бір-ак рет болым....Әке-шешем біздің жас күнімізде осы жаққа көшіп келіпті. А сен мұнда кімнің үйінде тұрып жатырмын деп едің?

-Алайымның деп айттым ғой өткен жолы ғана... Шешемнің сіңлісінің үйінде, саған не болған бүгін өзі? Бәрін ұмытып қалыпсың?

-Жәй анықтап жатқаным ғой, Аләма, ренжіп қалмашы...

Әлден уақытта отырып-отырып:

-Папаңың аты кім? – деді.

-Оны қайтесің?

-Куда тусуге кісі жіберсем керек қой?

Өзінің жоқ жерден тауып кеткеніне Болат ішінен мәз болып қалды. Қыздын беті бір сәтке ду ете қалып, лезде тарады да:

-Ондай әңгіме әлі айтылған жоқ сияқты еді ғой? – деп жігіттің бетіне сынай қарады.

-Айтылмаса ертелі-кеш бір айтылатыны анық қой. Бәрін де біліп алғаным жөн емес пе? – деген Болат қыздың жүзінے салмақты келбетпен қарады. Бір сәт ойланып қалған қыз да байыпты жүзбен:

-Папамның аты – Жоламан, мамам аты – Күлғайша... - деді.

-Сендердің Талдықорған жағында туыстарың жоқ па?

Сатылап отырған жігіт енді ең негізгі сұрақты да сыналап кіргізіп жіберген еді. Қыз бұған сынғырлай күлді.

-Жоқ, Талдықорған облысында болған емеспіз. Туыстарыныз барын да білмеймін. Басқа сұрағың болмаса жүр, отыра бермей қызырайықшы, - деп қыз орнынан тұрды. Жігіт те ішіндегі біраз түйінді шешіп алып, женілдеп қалған еді. Енді екеуі Қызылжардың әсем бағын аралап жүріп кетті.

\*\*\*

Бәрі де анықталып, бәрі тексерілсе де Болат қара менді ұмыта алмады. Қара мен жігітке қара қайғы болды: тіпті. Күндіз

есінен, түнде түсінен кетпей қойды. Көзін жұмсада көзіне сол құрғыр елестейді. Басқа жерде болса мейлі ғой, кездейсоқтық болуы мүмкін деп қоя салар еді, мына құрғыр дәл тілерсекте. Болат көзді ала беріп менді тағы да бір-екі рет көрген, тұра өзінің қарындасынікіндей, аумайды-ау, аумайды, айырмаса та-нығысыз.

...Сейтіп уақыт өте берді. Қыс етіп көктем де келді. Болат пен Әлима бұл уақыттарда тіпті жақын, бірін-бірі бір күн көрмесе тұра алмайтындар болған. Осы жазда үйленбек ойлары да бар.

Күн сенбі еді, Болат облыс орталығынан 150 шақырым жерде тұратын ауылдарына барып қайтпақ болып жолға шықты. Осы жолы өзінің үйленетін ойы барын анасына білдірмек. Сейтіп, ауылға барған сайын құлағының етін жеп қыңқылдай беретін оны бір қуантпақшы. Анасының, одан естіген басқа да туыстарының мәз болатынының ойлаған жігіттің өзі де куанып, кенет жүргегі толқып кетті.

Болаттың үйленуін туыстары көптен күтуде еді. Бұдан кейін тұған екі қарындасы да тұрмыста, ал мұның жасы болса биыл 28-ге келеді. Енді үйленбейтін несі қалды? Анасының қыңқылдай беретіні де сол ғой....

Жігіт оның қуанышты жүзін көз алдына елестетіп қояды. Өзі де ішінен күлімдеп, кеудесі қуанышқа толып отыр еді, кенет есіне қара меннің түсे кеткені ғой. Тәтті үйқыны бұзатын жаз-тоқсаның мазасыз масасындар дәл осы сәтте есіне түсे қалған қара менді Болат тіпті жек көріп кетті. Қанша зерттесе де жігіт оның түбіне жете алмай қойған, сонсоң ешкімге айтпай кездейсоқтыққа балап, ұмыта бастаған еді. Енді міне... Дәл бір қуанышты шағында есіне түскенін қарашы....

...Кешкі астан соң үй ішінде анасы мен екеуі ғана қалған оңаша бір тұста Болат оған өзінің үйленетінін айтты. Бұл күні әкесі кешкі күзетке кеткен, ал үйдегі ұсақ балалар далада жүрген кез еді. Анасы қуанғанынан орнынан екі тұрып, екі отырды.

-Е, құлымым-ай, сенен осы сөзді естімін дегелі қашан, Алла қайырын берсін, әкесі де жаны қалмай қуанатын болды... Иә, енді қашанға белгілеп отырсың? Келін қай жердікі?

-Келін Қостанайдікі, апа, Қызылжарда қызмет істейді.

-Алдынан жарылғасын құлымым, не қызмет істейтін бала?

-Бухгалтер... Есімі Әлима... Бірақ апа саған ғана айтайын бір қызығы бар. Әлгі қыздың тілерсегінде дөл біздің Қарлығаштікіндегі қара мені бар...

Анасы елең ете қалды да:

-Әке-шешесі бар бала ма? Кім болып істеген екен?

-Әкесі өмір бақи шофер болып істепті, әлі де істейтін көрінеді. Ал шешесі мұғалім...

-Аттарын білген жоқсың ба?

Бұл жолы анасының жүзі қуқыл тартып, даусы тарғылдана шыққан еді, Болат оны аңдал қалды.

-Әкесінің аты Жоламан, ал шешесінің аты Құлғайша деді-аудай...

Кенет Болат шешесінің түрі аппақ болып, шалқалап бара жатқанын бір-ақ көрді. Орнынан атып түрған жігіт оның басын сүйей берді.

-Апа, апа не болды?!

Шешесінде үн жоқ, өні қуқыл тартып дыбыссыз қалған. Болат жүгіріп су әкеліп, аузына тамызды, бетіне де бүркіп жіберді. Анасы соңда ғана кезін ашып, басын көтерді.

-Апа не болды? Дәрігер шақыртайын ба? Көршілерді алдырып қайтеді?

-Ешкімнің де керегі жоқ... Ай балам-ай, жүріп-жүріп бүлдірдің-ау, сен...

-Нені апа, неге олай дейсің?

Анасы жауап бермей ұзақ отырды. Жаңа ғана нұрланып, қан жүгіріп түрған жүзі лезде кексе тартып, өні түскен ескі шүберектей сарғайып кетіпті. Үнілегенде көкірегі де қарс айрылады. Болат өзінің бірдемені бүлдіргенін сезіп, ол да үнсіз қалған. Өзі айтар деп анасын да қыстамады. Әлден уақытта әбден есін жинаған анасы:

-Тілерсегінде қара мен бар дедің бе? – деді.

-Иә...

-Балам сен ол қызды алмайсың, тіпті жанына жолама...

-Астапыралла неге? Мен оны сүйемін. Жанымның жартысына балаған жалғыз жан сол. Ол да мені сүйеді....

Анасы мұның жүзіне әлденеге өкінгендей қарап, күрсініп алды да, сөзін бастады.

...Мен он сегізге жаңа толған жасымда түрмысқа шықтым. А нам ерте қайтыс болды да, өгей шеше өзіммен күндесіп, жайлар болмады. Амал жоқ, өкемді қинай бермейін деп, ауылға ко-

мандировкаға келген бір шопыр жігітпен көніл қосып, бір түнде тайып тұрдым. Ол... Ол сенің әкең Жоламан еді, балам....

Осы жерде Болат та шошып кетті. Төбесінен біреу таспен періп жибергендей мәңгіріп, отырып қалды.

...Иә, иә балам... Ешкімге айтпаған сырымыз еді, әкең еке-уміздің... Бүгін айтуға тұра келіп тұр.

Жоламан мені Қостанай облысындағы еліне алып келді. Екеуміз өп-әдемі тұрмыс құрып жаттық, алдымен сен сосын Қарлығаш туды. Сейтіп жүргенде арамызға сайтан кірді. Ауылға келген жас мұғалімге қырындаپ әкең үйді ұмытты. Ақыры екеуміз ажырасып тындық. Ол жаңағы мұғалімнің қолына кірді. Мен теркініме бара алмадым, ал бөтен ауылда көзге тұртқи болып отыра беруге болмады. Содан «жақсы ит өлігін көрсетпес» деп екі баламды сүйрелеп Алматыға бір-ақ тарттым...

Сонда бір тігін фабрикасына жұмысқа тұрдым. Тұрмыс ауыр табыс аз, оның үстіне шиеттей екі бала. Бір жыл сыз істі суық пәтерді қыстап шықтық. Екеуің кезек ауырасын... Сондағы менің қиналғанымды жан баласына бермесін. Әйтеуір келесі жылы жатаханаға шықтым-ау.... Содан осы әкең кездесті. Өзің білесің жуас жазған ғой, әйтпесе екі баласымен мені ала ма? Соңымнан қалмай қойған соң тәуекел деп осының етегінен үстадым. Ол екі баланы да өз атына түсірді. Сенің метіркенде Алматыда туған болып жүргенің сол, шырағым. Бәрін де қайтадан алғамыз. Содан, ес біліп келе жатқан сендерге біреу-міреу айтып қояр деп осы жақтан бір-ақ шықтық. Онда да менің туыстарымнан, таныстардан алыс осы ауданға келіп қоныс тентік. Міне... одан кейін де төрт бала көрдік. Әкең сендерді ешкімнен кем қылған жоқ, ешқашан өгейіткен де емес. Өзің білесің, аузындағысын жырып алдымен сендерге бергізетін. Қалған бала сендердің қалған-құтқандарынды киіп өсті...

Ал енді... мына қыз бала... Ен қаладан екеуінді тағдырдың кездестіруін қарашы... Айналайын ол... Ол – сенің қарындасың болып шықты... Әкелерің бір адам...

Қара мәңнен не бір жаманшылық күтсе де дәл мынадай болады деп ойламап еді... Болат есінен танып қала жаздады. Тағдырдың осындаидай да ойыны болады екен-ау?... Қайтпек кепрек?... Әлимаға қалай айттар? Бәрінен сүмдіғы.. әкесі басқа адам болып шыққаны қалай?... Енді, құтпеген жерден мынадай ғаламатты бастан кешірген Болаттың да өні қуқыл тартып, шалқалап құлап бара жатты...



## Зарқын ТАЙШЫБАЙ

1942 жылы туған, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Филология ғылымдарының кандидаты.

«Абай және баспасөз», «Жақып Ақбаев» атты монографиялардың авторы.

## ЗАМАНА ІЗДЕРІ

... Пәуеске ентелеп келіп, Тұндікті өзеніне төнгенде көшір ат басын тартты. Жаздың ылғалы мол болғандықтан сүс ортай-маған екен. Бірнеше жыл өткізіп келгендіктен Нығмет тосырқап қалыпты. Ом мен Ертісті, Сыр мен Есліді сан көріп, сан кеше де Тұндіктін ерекше қымбат санайтын. Мына жон арқа, суға тапшы қытымыр өлкеде мал тұяғын бағып отырган мың сан адамға пана болғандықтан ба, әлде жасынан анасындаи бойы үйреніп қалғандықтан ба, баяу сырғып ағып жатқан шағын өзен сүсі оған мейірлене жарқырағында.

Осы өлкеде небір жақсы-жаман оқиға болса Тұндіктіге соқпай өтпейді. Бұрын-сонды жасаған ел адамдардың қайсысы да Тұндіктімен тағдырлас. Суының сөл саумалдығына да кешірім жасайды. Ой жырына қуалап аққан бұл өзен сүсі мол жылдары жүлгелеп отырып, Ертіске құяды. Ал құрғақшылық жылдары көріксізденіп, қозы көш жерге жетпей үзіліп қалып отырды да, сол арнадан жер бетіне қайта шығады. Міне, сол Тұндікті, ата-бабасының шөлін қандырған Тұндікті жүргіншілер жолын еркелей кескестеп қалыпты. Аялдамай өтсе – ардақты үліна өкпелейтін сияқты. Нығмет арба тоқтар-тоқтамастан-ақ ырғып түсті. «Басқаларыңа отыра беріндер», дегендеге көшірге белгі берді де, женіл секіріп жар астына қара жүгіріп кетті. Бетін жылы суға шайып, толқынды қара шашын шылап, салалап тарап қайтып келе жатыр.

-Мынау жап-жақсы өзен ғой,-деген Затаевич Нығмет көнілін дәл басқандай. Шынында Ертістен өткелі мұндаиды суды көрмеген жат жерлік адамның қуануы да занды еді. Қалың құрақ, жайқалған қамысты, отау-отау тал-шілікті, опырылған терең жарлары сесті көрінген Тұндікті бейтаныс жанды таңдандырмай қоймайды.

-Біздің Еділіміз де, Ертісіміз де осы, Александр Викторович. Разве болыңыз,-деді Нығмет жадырап.

-Өзі белгісіздеу басталып, құмға сарқыла сіңетін өзен болса да, сан тарихтың сырын жоғалтпай, жаңғыртып жатқанымен де қымбат.

-Түсінбедім,-деді Затеевич,- айыпты адамдай, кинала сөйлеп, -«Тарих сырын жоғалтпай», дедіңіз-ау.

-Иә, өзір Тұндіктіде су барда, оның бойынан халық кетпейді. Халық дегеніміз – тарих. Тарих – халық қой. Тарихы жоқ халық дегенде күйінемін. Менің халқымды да өткені жоқ, тек бүгін ғана табылып ел есебіне алынды деуге аузы бататындар бар. Олардың ойынша сөүлетті сарай салып, кабак ашпаса, казинода карта ойнап, дүэлге шықпаса – мәдениетсіз көрінеді екен. Эрине, тасқа басылып кітап болып шықпаған тарихты кім мойындаиды...

-Ол – Сіздің ұрпақтың міндеті. Сіздердің қолдарыңыздан келеді. Әрбір ұлт жоғалып кетпес үшін, оның тілі, діні ұмытылmas үшін тарих осындаі кезеңдерде дана ұлдар туғызыса керек. Ахмет Байтұрсыновичтің бір өзінің басы неге тұрады,-деп Затаевич Нығметтің бір сәт жабырқаған көңілін көтермек болған. Нығмет мұны тез түсінді.

-Александр Викторович, дәл осы өткел де тегін емес, деп тосын бір әңгіменің ұшын шығарды.-1846 жылдың қыркүйек айында, осыдан дәл сексен жыл бұрын осы өткелмен Сіздің бауырының, ғажайып поляк Адольф Янушкеевич өткен. Дәл осы жерде Тәттімбет күйшіні жолықтыраған. Саяхатшы күнделігінде кішкене қате де жіберіп алған:»Кудан шекаралық шепке шығатын жолды кесіп алдық. Одан әрі 40 шақырым жүрген соң Тұндікті деген өзенге іліктік» депті. Бірақ осы жерден Кудың поселкесі 40 емес, 22 шақырым.

-Адольф Янушкеевичті білемін ғой. Бұл жақта қайдан жүр. Поляк жұртының ардақты адамдары санатындағы қайраткер. мен Варшавада, Вротаславта ол туралы көп естідім. Ал қазақ даласында, сіздің елде жерлесімнің ізіне түсемін деп ойлаған да емесспін. Бұл сапарымның сәтті боларына үміттенемін, Нығмет Нурмуканович. сізге көп раҳмет. Москваға барысымен Польшаға, таныстарға жазып жіберемін. Сіз маған батыр поляктың қырдағы сапары жөнінде білетіндерінізді айттыңыз.

Нығмет көп уақыт етіп кеткен оқиғадан есінде қалған мағлұматын аз-кем шолып шықты да, дәл деректерді Янушкеевичтің өзі қалдыраған күнделіктері мен хаттары Польшада басылып шыққанын естігенін де айтты.

-Кәне, Сіз ғой жаңа ғана халқымның жазба тарихы жоқ не месе аз деп өкіндіңіз,-деп Затаевич Нығметтің оңтайын тауып кеткеніне шаттана күлді.

-Міне, біздің поляк та жазған. Соларды зерттеп, жүйелеп үрпактар еншісіне ұсыну – жас республиканың қайраткерлерінің, ғалымдарының міндеті.

Өзенде жағалап, үш-төрт шақырым жүргеннен кейін Нығмет атшыны иығынан қағып, көлікті тоқтатты. Егіндібұлаққа әлі біраз жер бар. Күн еңкейіп қалған. Соны есептеді ме, Зүфнің: «Қайта-қайта тоқтай бердік-ау», деп кексіз наз айтып еді, Нығмет: «Сен өзің де тус, қызық әңгіме бар», деп Затаевичті ertіp өзен жағасына түсті. Арғы қабакта ауыл аумағындағы құлтөбе жатыр. Сол қолда тоған сияқты бөгеттің орны қалған. Ортасын су жырып кеткендіктен екі қабак та еңселеніп, бұзылған көпір сияқты ожырайысып көрінеді екен. Нығмет тағы бір әңгіменің шетін шығарғысы келіп тұрғанын білген Затаевич шыдамсыздана:

-Тоған байлас, егін салған-ау, шамасы-деп қалды..

-Бәрін білесіз, Александр Викторович, бұл жерде, рас, тоған болған. Бірақ егін салған емес. Мынау алдымыздағы үйінді – заводтың орны. Ия, металлургия заводы.

-Завод дейсіз бе? Мына жапан далада?..

-Тарихта Благодатно-Стефанов заводы деген атпен қалған күміс-корғасын заводы осы. Және де бүкіл қазақстандағы алғашқы түсті металлургия заводы десем де нана берініз. Мұғалімдік оқуда жүргенде өз елінің тағдырына құлағы түрік Нығмет генерал-губернатор кеңесі архивінен бірқатар материалдар тауып қағазға түсіріп алған. 1839 жылы Степан Попов есімді кәсіпқорға патша өкіметі Құдың сілеміндегі кен оындағынан түсті металл ажырататын завод салуға рұқсат берді. Попов 5 жылдан кейін заводты салып болады да, күміс пен қоғасын, тіпті алтын қорытуға кіріседі. Онда 200-дей қазак жұмысшылары істеген, біраз орыс мамандары жөн көрсеткен. Завод 8 жылдан кейін бір түнде өртеніп кетеді. Оны қайта қалпына келтіру шығыны түсер пайдасынан асып жығылатынын есептеді ме, кім білсін, Попов бұл кәсібін дөғарып, Қарқаралы сыртына көшкен. Әрине, Нығмет таза тарихи деректерді Затаевичке тәтпіштеп айта берер ме еді, егер бұл айтқандардың халық музыкасына, қазақтың атақты күйшісінің есіміне қатысы болmasa.

...Содан Поповтың өртөнген жұрты ғана қалып, өзі кеткен соң Тәттімбет тұған жерінің пайдалы қазбаларын әжетке жара-тып көрмек болды,-дегенде Затаевич:

-Тәттімбет? Тағы сол Тәттімбет Қазанғапов па,- деп өз құлағына өзі сенбегендей таңырқай қарады.

-Сол Тәттімбет,- Нығмет тиянақтай түсті.-Патша өкіметінен руқсат сұраған. Қағазын да алған. Бірақ кеңді іздел табу бар да, оны қорытып ұстau жөні күрделі шаруа ғой. Попов сияқты жырындылар тұз қазағына ақыл-кеңес бермек түгілі өндіріс құпиясын хаттап сақтамай ма? Сөйтіп, Тәттімбеттің талпыны-сынан ештеңе шықпағанға үқсайды. Омбыға баруы, арыздануы, шығындалуы рас. Сонда заводты жүргізе алмаған.

-Соныңың өзі дұрыс болған,-деп құлді Затаевич.

-Бәлкім кәсіпқорлығы онға басып кетсе - күйшінің даңқы осылай қалар ма еді, өлде...

-Оныңыз рас. Өнер жолы бөлек қой. Өлмейтін ескерткіш алтын-күміс емес, халық өнері екенін міне сізben сапар үстінде тағы көріп отырымын.

-Және сол өнер адамдары өз халқының үлттық батыры де-сем ше? Әлемде мұндан мысалдар көп. Жау түсіріп шеп бузғаннан гөрі мұндан батырлардың есімі көп жасайды. Өйткені олардың қызыметі- ізгілік, жалғыз бір халыққа ғана емес, баршаға ортақ мұра қалдырғанымен өлшенеді. Жүргіншілер Қуға ілікті. Тау саласына қонақтаған шәйі орамалдай бозғылт тұманның қоңыр лебі Нығметтің жүрекін елжіретті. Таудың басын көрсетпей, төсін қымтаған үлпа мұнар ер ұлына еркелеп, бар қызығын көрімдіксіз көрсетпеймін дегендей құбыла толқиді.

Басталға еркін жеткен пәуеске тау ішінے кіргенде көбірек шайқалды. Кудың тауы мен тасы балбырап тұрған мына кештегі өсерге басы айналған Затаевич өлдекандай бір бөлек Ттұтас жа-рата салған сұлу бітімі мен келбетіне дақ түспеген қалпы. Арба-ның қапталына жететін қекмайса шалғын арасында не түрлі қасиетті өсімдік жок дейсің Пәуеске үсті ашиқ болса да, күйме жабығынан сығалай қарағандай, бар ынтасын салып тауга үмтыта көз тастаған Затаевич бет алдының кенет перделене қалғанына таңданып, қызығып келеді.

-Бейтаныс жанға бетін аша бермейтін қалындық сияқты ғой, сіздің тұған жерінің,-деп Нығметке өзіл айтып қояды.

-Тәттінің дәмін мысқалдаپ татқан жақсы. Бір шетінен тарқатып, таңырқатып көрсетпекпін. Айыпқа бүйірманыз, досқа көлдей, дүшпанға шелдей қазактың мінезі де осы туған табиғатымен тамырлас қой. Қазір сөл томсырайып, сырын ішке бүгіп тұрганымен, ертең-ақ бүкіл сөнімен ашылады. Затаевич Нығметтің байқағыш, сезімтал да сұңғыла дарынына көптен тәнті болса да, мына теңеу-бейнелеуіне дән разы. «Өзі көрнекті қайраткер, қаржы мен біліміне көркі сай мұндай азаматтар ел басына тұрса, әлі-ақ өз халқын тұнғиықтан сурып алып, басқалармен тәң етегіндігіне күмән жоқ» деп ойлады.

-Әне, кетті,-деп Нығметтің балаша қуанған дауысына елең етіп, ойын бұзған Затаевич нұсқаған жаққа қарап еді, бұлардың жолын кесіп етіп, қарсы қырға шығып қалған бір топ арқарды көрді. Тасты дүбірлете құлатып, дуркіреп барады. Басқаларын әрі асыра жіберіп, шың үстінде екі құлжа тұрып қалған.

-Арқар,-деді Нығмет,- көрмегелі көп болып еді. Екі арқардың көкжиектегі көрінісі мінсіз жаратылған сұлулықтың сәулетіндей. «Осы даланың еркесі де, көркі де біз, тамашалау үшін жаралғанбыз, көріп қал», дегендег арқарлар қашпай, қайта ойқастай көлденендей, бүкіл сымбатын тағы бір көрсетті де, тұман шымылдыққа оранып көзден таса болды. Дәл осы сәтте олар осынау табиғат көркінің ажырамас бөлшегіндей, қас шебердің туындысы, мінсіз құйылған қола мұсіндей көрінеді Затаевичке. Иә, мұндай көріністі суреттеуге тіл жетпейді, тек музыка керек. Нәк музыка ғана осындағы әсердің бүкіл иірім-қайырымының, кендігін биіктігіне жеткізе алар –ау. Бұл даланың тауы да, әр тасы мен бұтасы да ән салады. Тіпті маужыраған кештің өзі құлқаққа терең сырлы симфония әкеліп жатады», деп жазды кейінде А.Затаевич.

Пәуеске кештетіп Егіндібұлақ шетіне іліккенде, Затаевичтің көзіне ежелден таныс орыс шаруаларының үйлері шалынды. Түйетайлы тәбесін балшықпен сылап тастаған, нілмен боялған қызғылт үйлер. Алды – далиған жасыл алқап.

Егінші орыс шаруалары. Бұл жерге сепсең шықпайтын жеміс жоқ. Үш болыс елді астықпен қамтамасыз етіп отырған осы жиырма шақты үй Егіндібұлақ деп аталуының өзі жерінің жомарттығынан,-дейді Нығмет жолдасының таңырқаған кейіпін байқап.



### ТӘШЕН келіні Сапура қажы

1931 жылы Айыртау ауданындағы Саумалкөлде туған. Жасынан ән мен жырға әуес болып өсken. Имандылығы жүргегіне берік орнаған, инабатты мұсілман. Қажылық парызын да атқарған жан. 2001 жылы Астана қаласынан «Ана жүрегі» атты шығармаларының жинағы шыққан.

## САУМАЛҚӨЛІМ

Саумалкөлім,  
Саумалкөлім – Саумалкөл  
Кіндік кескен ақ бесігім-бақ бесігім, алтын бел.  
Сен деп соғат лүпілдеген жүрекім,  
Ата-анамның көзіндей ғып журемін

Саумалкөлім,  
Саумалкөлім – Саумалкөл  
Суың – балдай, жағаң – жайлай қонған ел.  
Жүргімді нұрландырад, нұрландырад самалың.  
Самалыңнан жаратылған жүрек жырым – шағалам.

Саумалкөлім,  
Саумалкөлім – Саумалкөл  
Саумалыңа шөліркеймін, жан аңсарым – самал леп.  
Самал лебің ақ қайыңыңға жап күйін  
шертеді.

ОСИЕТ

Өмірдің мәні – еңбекте, балам,  
Еңбекпен оны өрнекте, балам.  
Жол мақсаты жетпекте, балам,  
Мақсатыз жолға тер төкпе, балам.

Көзімнің жасын құрғатқан, балам,  
Ұйықтамай талай түн қатқам, балам.  
Арыма орап толғатқам, балам,  
Таң нұрына бүлғатқам, балам.

Тірліктің нәрі – ақылда, балам,  
Ақылмен бөрін нақылда, балам.  
Малың үшін жан сатпа, балам,  
Жан – садақа, ар сақта, балам.

Абыройыңды қалқан ет, ұлым,  
Жау жаласын талқан ет, ұлым.  
«Отан үшін жан пида», ұлым,  
Ұл туды деп мақтанып жүрмін.

Тұрмыстың сәні – сәбиде, қызым,  
Дастархан мәні – көңілде, қызым.  
Тайқазаның суымасын, қызым,  
Өсек-аяң жуымасын, қызым.

Әмір мәні - еңбекте, балам,  
Еңбекпен оны өриекте, балам.  
Надандықпен шалқима, балам,  
Атақ қума, ар жина, балам.

### **Нұрикамал ҰӘЛИЕВА**

СҚО Шал ақын ауданы Бірлік ауылында 04.21.1984 жылы дүниеге келген.

Қазір Евней Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Петропавл қаласындағы филиалының студенті.

## **ТУҒАН ЖЕРІМ**

Сүйемін туған жердің табиғатын,  
Табармын көркінен мен жан ләззатын.  
Ұланы туған жердің болғандықтан,  
Жер-ана деп атаймын арнап атын.

Сүйсініп көз саламын кең далама,  
Даламда жай нәрсеге ем болар ма?  
Тілеймін сырқаттанса ару далам.  
Балалық махаббатым ем бола ма?

Мен сені сүйемін фой жер мекенім,  
Өзің деп арманымды тербетемін.  
Тұған жер, мен өзіңің ұланымын,  
Жай адам емееспін фой мен де тегін...

## **ЕЛІМ МЕНИҢ**

Ойлағаным- тыныштығы елімнің,  
Бақыт-бағы алаулаған жерімнің.  
Дархан далам- күәгері тарихтың.  
Биіктей бер, асқар тауым, белдерім.

Қазақстан, байтақ елім, кең елім,  
Шат күлкімен шаттыққа бір кенелдім.  
Желбірейді көз үшінда көк байрак,  
Көтерілді биік туы жеке елдің.

Еркелеген, елім менің, аяулы,  
Арманысың жас ұрпақтың қалаулы.  
Төүелсіздік алып шықсан шағында,  
Көк байрағың көкке ғана боялды.

Қазақстан- туған елім, кең елім.  
Мен өзінді жас сәбиге теңедім.  
Еңбек пенен білім жолын пір тұтқан,  
Келешекте гүлдей берші,- дер едім.



## Жоламан ШАХАНОВ

Шаханов Жоламан Шаяхметұлы 1948 жылы 7 наурызда Шал ақын ауданында туған. 1978 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін облыстық «Ленин туы» қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінде мәншікті тілші, арнаулы тілші, қазір бөлім редакторы болып қызмет атқаруда. Сықақ, әзіл әңгімелері, өлеңдері осы газетте, республикалық «Ара» журналында жиі жарияланып жүр.

## **«АТАҢНЫң БАСЫ»**

Әбекең қарттың қалада тұратын келіні баласына ұрысқанда сөздің басын «атаңның басы» деп бастауды әдет қылған көрінеді. Бірде сол баласы ауылдағы атасына қонаққа барышты. Әбден сағынып қалса керек, атасының бетін иіскелеп, басын сипалай беріпті.

-Құлыным-ай, атаңды рас сағынып қалыпсың ғой, - деп шал да немересін бауырына қысыпты.

-Жалғыз мен емес, мамам да сағынды. Маған ылғи «атаңның басы, атаңның басы» дейді, - депті сонда бала.

## **«АРТЫң ҚЫЗАРҒАНША ҚУДЫҚ»**

Бір топ жігіт уәделі күні көрші ауылдан қыз алып қашса керек. Мұны сезіп қалған ауыл жігіттері жеңіл машинаға міне салып, әлгілерді ал ку! Аналардың машинасы да жүрдек екен, көпке дейін қарасын көрсетпепті. Мыналар да айсыз түнде жолдың жарық-марығына қарамастан қуа беріпті. Бір кезде қашқыншылар мінген машинаның арты қызырып жанса керек. Сонда құғыншылардың бірі;

-Әп, бәлем, өзіңде де сол керек, артың қызарғанша қудық қой, - депті.

## **АТЫ ӨЗГЕРГЕНМЕН, ЗАТЫ ӨЗГЕРМЕПТІ**

Откен жылы бір шаруашылықтың жалпы жиналышы болып, күн тәртібінде егін салу, шаруашылықтың атын өзгерту мәселелері қаралса керек. Бірінші мәселе бойынша сез алған шаруашылық басшысы:

-Егін салар едік, шегіртке жеп қояды, әрі тұқым жоқ, жер ондер едік, бәрібір шөп шығады, әрі техника жоқ... - деп жыларман болыпты. Сонда отырған көпшілік:

-Несіне бас қатырамыз, екінші мәселеге көшелік, - десіпті. Сол жолы шаруашылықтың аты нарық заңына сай өзгеріпті. Бірақ аты өзгергенмен, заты өзгермепті. Күні бүгінге дейін егін салмай отырған жайы бар.

## **ЕЛ ЕЛУБАЙҒА ҚАЛДЫ**

Соғыс кезінде ауылдағы азаматтар майданға аттанып жатса керек. Ақыры ереккіндіктілерден ауылда жалғыз Елубай ғана

қалыпты. Сонда әйелі:

-Билей білсе, ел енді Елубайға қалды, - депті. Сол сез кейін мәтелге айналып кетсе керек.

## «СУ ШАШЫНДАР»

Ертеректе ауыл колхоз болған кезде техника тілін білетін мамандар жетіспесе керек. Сонда екі-үш ай машина жүргізіп қалған Мақтағанды колхоз басқармасы механик етіп қойыпты.

Таңертен алыс сапарға шыққан машиналар кешке буы бұрқырап, моторы шырқырап, сұзы қызып келеді екен. Мұның мәнісін білмеген шоғырлар Мақтағанға келіп:

-Мынаған не амал істейміз? – деп сұрайтын көрінеді. Сонда ол:

-Соны да сез деп, Есілге апарып су шашындар, қызғаны басылады, - депті.

Ол кезде бауырмал едік

-Тоқырау кезінде бір бірімізге дос, туыс, бауыр едік-ау.

-Иә, несін айтасың, ол кезде бір сындырым нанды бөліп жеп, бір шемекті беліп ішіп, ештеңеге тарыншылық танытпадық.

-Нарық кезінде бір-бірімізге қасқыр, жау, дүшпан болып кеттік қой.

-Айтпа деймін, біреуге бірденеміз ауысып кетсе, қасқырша ырылдасып, жауша шабысатын болдық.

## ОНҒАН КҮНІМІЗ БАР МА?

Кеше телевизордан шет елде бір сауыншының бес жұз сиырды техникамен жалғыз сауып жүргенін көрсетті. Біздің онған күніміз бар ма. Бәрін қолмен атқарсақ та, ыңқ етпейміз.

-Оған несін қиналасың? Біздің сауыншылар бұл сордан опонай-ақ құтылды ғой.

-Қалай?

-Күнің туғыр, нарық келе сала шаруашылықтардағы сиыр біткеннің көзіне су құйып, сауыншыларымызды тайраңдатып қойды емес пе.

-Енді олар немен айналысып, немен күн көрмек?

-Кім білсін, әйтеуір, көпшілігі самогон сауып, көпшілігі қалаға шауып, тіршілік жасап жүр ғой.

## КІНӘЛІ ӨГІЗ

Жаңажол колхоз болып тұрған ертерек кезде ауданнан уәкіл келіпті. Есімі Монти екен. Колхоз басшылары жік-жапар болып, уәкілге шаруашылықты аралатып, таныстырады. Фермаға келгенде бір малшы бұзау кезінен Монти деп үйреткен өгізін арбаға жеге алмай әлек болып жатса керек.

-Арам қатқыр Монти, шөп тасимыз, қора тазалаймыз, сенімен сенделіп тұратын уақыт жок, - деп зекіп те қояды.

Мұны естіген уәкіл қатты ашуланыпты. Не істерлерін білмей абыржыған колхоз басшылары малшыға дұрсे қоя беріпті.

-Өгіздің аты Монти болса, менде не кінә, - деп малшы да ағынан жарылады. Ақыры не керек, басқарма уәкілдің көзінше өгізді пышаққа жыққызып тыныпты. Сол күні тулап барып, райынан қайткан Монти уәкіл атан өгіздің қуырдағына тойып аттанса керек.

## МҰРНЫҢНАН ТАНЫП ТҮРМЫН

-Сіздерге жұмысқа орналасайын деп едім.

-Бізде бос орын жок.

-Тым болды жән-жобамды айтып, арыз тастап кетейінші.

-Жазбай-ақ қой, жән-жобаңды андағы мұрныңнан-ақ танып тұрмын.

## ШЫНДЫҚТЫ БІЛЕМ ДЕСЕҢ

Іссапардан қайтып келе жатқан екі жігіт біраз әңгіме-дүкен құрса керек. Сөз төркіні әйел адалдығына ауысқан кезде бірі:

-Мен әйелімді өзгемен жүреді деп ойламаймын, - депті.

-Әйелдің кулығы жеті қабат жер астында деген, оны қайдан білесін? – депті мынау.

-Күзет мықты, шешемді отыргызып кетемін, - депті анау.

-Мен күзет-мүзет қойып әуре болып жатпаймын. Үйге келісімен көрші әйелге телефон соғамын да, «әй, көрі сайқал» деп қаламын. Сосын бітті, бар шындықты өзи-ақ айтып береді., - депті мынау мәз болып.

## КЕМПІРДІҢ ҚАДІРІ

Жаңада танысып жүрген жігітке қыз:

-Кемпірің бар ма? – деп сұрапты.

-Құдай сақтасын, сенен бұрын әйел алсам ант үрсын. Ант үрмак түгіл, бұл өмірде әйел жузін көрмей кетейін, - деп жігіт ағынан жарыльпты.

-Жоға, мен әйел алдың ба деп сұрап түрған жоқпын. Ертең үйленген соң маған, кейін баламызға күтуші болатын кемпірді сұрап түрмын., - депті қыз.

## «САНЫРАУ БОЛҒАН ЖАҚСЫ»

-Бір шал:

-Қартайғанда саңырау болғаның жақсы екен, - депті. Мұның мәнісін түсінбеген тетелесі:

-Керең болғанның несі жөн, - деп кейіпті.

-Е, келін не деп жатыр, кемпір не деп жатыр, естімейсің сол жақсы, - депті шал.

## БІР АЙТУЫ КЕМ БОЛДЫ

Жекекөлде Мереке деген кісі бір кездे арақты қойып жүрсө керек. Бірде сол кісі құдалыққа барыпты. Арақ құйып жүрген жігіт:

-Сіз неге ішпейсіз? – деп бір айттыпты, екі айттыпты. Содан кейін әлгі кісіні қайтып қыстамаса керек. Ішуге Мереке де ауылдастарынан ұялып үндемепті. Құдалық тарқап, үйге қайтқанда:

–Әттең үшінші рет айтса, ішіп қояр едім, - депті Мереке екініп.

## «БӘЛЕМ, БӘРІН СУЛАТТЫМ»

Ана кезде ауылдағылар қолдан сыра қайнатып, қонақтарын шақырады екен. Біреулер сыралып күшті болсын деп ана-мынаны қосатын көрінеді. Бірде Жекекөлдегі Ерекенің әйелі де сыра қайнатып, мендуана қосыпты. Қонақтар бір-екі бақалдан ішкеннен кейін жүректері қысып, бастары айналыпты. Даға шыққанда қөпшілігі аяқтарын баса алмай, құлап қалса керек. Сонда Ерекенің әйелі:

-Бәлем, бәрін сұлаттып шығардым ғой, қай үй осылай ішкізеді, - деп мақтаныпты.

## **ҚАЛМАЙТЫН ОЙЫН**

-Бала кезімізде «қызтеке» деген ойын болушы еді, қазір ойнайма? – деп сұрапты Әйекен қарт жігіттердің бірінен.

-Ой, ата, ойнаганда қандай, бұрынғыдан да күшейіп кетті, - депті жігіттердің бірі.

-Е, өзі де қалмайтын ойын еді, - депті Әйекен мәз бол.

## **ЕСЕК ЕМЕС ШЫҒАР**

-Сен тұрмысқа неге шықпай журсін? – деп сұрапты құрбысы.

-Сөз айтқан жігіттің құлағы қалқандау болып тұрғаны, - депті қыз менсінбеген сыңай танытып.

-Е, есек емес шығар, есеп білсе болды емес пе. Әйтпесе құлағын ожau қыламысың, - депті құрбысы.

## **ОРЫНДЫ ЖАУАП**

-Феодалдық дәуірден, социалистік дәуірге бір-ақ секіріп откен қазақ біз едік, - депті қызбалана сейлекен мұғалім.

-Бекер-ақ солай еткен екенбіз. Есесіне қазір сол соқпай откен капитализмге қайта оралып, есіміз кетіп жатқан жоқ па, - депті окушы мұнайып.

## **ШӘЙМЕН БОЛМАЙДЫ**

-Бізде «шәймен, шәймен» деп қыстау айтып, шәй үстінде арақ беретін әдетіміз жоқ еді, - депті үй иесі.

-Ендеше ет жеп отыра берейінші, - депті қонақ.

## **ПЕНСИЯҒА ҚАРАП ОТЫР**

-Осы қылқынып өлейін бе, - депті бірденеге қатты наза-ланған Әйекен қарт.

-Коя тұрыңызы, пенсияңды бермей қойып, біздің күнкөрісіміз қындал кетеді ғой, - депті баласы.

## **«АҚЫЛДЫ ҰЛ»**

Ер жетіп, үйленген ұлына шал:

-Жүрттың баласы жұлдызып, күнкөрістің қамын ойлап жүр. Сенің жатысың мынау, - деп ұрысыпты. Сонда баласы:

-Е, әке, қырыққа дейін сен асырайсың, қырықтан кейін ба-  
лам асырайды. Несіне жүрт құсан жұлдынамын, - десе керек.

## ОРЫСША САЙРАП ТҮР

Ауылдан ұзап шетке шығып көрмеген Жаманқұл құрдасым алғаш аудан орталығына барғанда ойнап жүрген бір топ оры-  
стың баласын көріп:

-Апрай мыналардың бәрі қаршадай болып орысша сайрап түрғандарын қараши! – деп танқалыпты.

## БІР ҮЙРЕК, БІР ҚАЗ

Қалаға окуға келген ауыл баласынан мұғалім ананы сұрап, мынаны сұрап, маңдытып жауап ала алмағасын:

-Шырағым демалыста ауылға барасың ба? – деп сұрапты.

-Аға, жіберсөніз барамын ғой, - депті окушы.

-Онда бір үйрек, бір қазды бері ұшырып жіберерсің, - депті мұғалім. Мұны түсіне қойған бала:

-Е, бопты, біздің үйдің қаз-үйрегі қала жаққа ұша біледі, -  
депті куанып.

## КІМ ҰСТАЙДЫ

-Папа, қызыл жағалар машинамен жүргенде неге арақ іshedі?

-Шопырлар ішсе МАЙ ұстайды, оларды қай құдай ұстайды.

## АШУ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ

-Әйелдің ашуы қайдан шығады?

-Күйеуінің қалтасы қағылса, төркін жүрттын сағынса, қымбат зат алғысы келсе, қонаққа барғысы келсе.

## ШІҢ БІЛСІН, ҚЫҢҚ ЕТПЕ

Жолдасым екеуміз еріккенде ығы-жығы әңгімелердің етегін ұстап, ермек қылатын әдетіміз бар-ды. Бүгін де сол әдетімізді тауып алып, күн тас төбеден домалаганища ұзак әңгіме қаужандастық.

-Қашып кеткен секретарьша қыздың орны табаны күректей үш ай бос тұрғанын білесің бе?

-Е, білмегенде ше?!

-Білсөң сол, осы орынды сенің әйеліңе неге бермейді? Иә, болмаса мына мениң әйелімді сол орынға неге қонжитпайды? Мейлі екеуміздің әйеліміз былай тұра тұрсын, анау жылмындағанда жүзіктің көзінен ететін қоймашы Қыдықбайдың әйелін неге сол орындыққа қонақтатпайды? Білімсіз жандар емес қой, бәрінің де дипломы бар. Осының мәнісін не деп ойлайсың?

-Анығын білмеймін, әйтеуір, ұзынқұлақ біреулерден естігенім, оқуын тастап кеткен балдызын....

-Ішің білсін, қыңқ етпе. Айтса өзге жұрт айта берсін. Біз жаман атты болып қайтеміз, - деп жолдасым аузымды жапты.

-Ал, енді жуырда келген жеңіл машинаны кімге береді деп ойлайсың? Анау көршіңе неге бермейді?! Сол көршің жұмыс десе елпілдеп тұрады ғой. Айтқанынды бет қақпай орындаиды. Жұмсағаныңа балаша бара қояды. Былтыр да, биыл да қолы жүріп, астық орудан алдына жан салмады. Әрі кезектің алды да сол екен. Ендеше сол машинаны көршің неге мінбейді?

-Е, анығын білмеймін, әйтеуір, ұзын құлақ әркімнен қағып-согып естігенім, машинаны өзге біреуге беріп, устінен ұстеме тыын-тебен....

-Ішің білсін, қыңқ етпе. Біз айтып абыройдан айырылып қайтеміз. Айтса өзге жұрт айта берсін, - деп жолдасым жалпақ алақанымен тағы да аузымды жасырды.

-Ал, енді сенің мына оқиғадан хабарың бар ма: жақында кітапханашы қызға бастығымыз көзін алартып, «жұрт кітаптарың мылжың» деп сондай сөгістің бірін берген-ді. Кеше «кітаптарың мылжың» деп сондай сөгістің тағы бірін жапсырып, әлті қызды шырылдатып жұмыстан қуып шығыпты. Бұл іске біздің бастық неге шүғыл кірісіп кетті, білесің бе?

-Е, білмегенде ше? Ұзын құлақтан естігенім, байдан оралған құдашасын...

-Ішің білсін, қыңқ етпе. Біздің шаруамыз қанша? Айтса өзгелер айта берсін. Бізге жаман атанып керегі не?..

-Мына жуырда біткелі тұрған алты бөлмелі үйді кімге береді деп ойлайсың?

-Меніңше дауысқа салса, біздің көршігে беретін болар. Иә, болмаса, балапандай балалары көп, әрі үйі тіреумен тұрған анау қүзетші шалға беретін шығар...

-Бұл үйді тура мына маған бергелі отыр.

-Саған??

-Солай, солай. Мына көкеңе беретін болды.

-Сонда қалай, сенің үйің жана емес пе еді?

-Жаңасы сез бе екен, ішің білсін, қыңқ етпе. Айтса өзгелер айта берсін. Сен жаман атты болып қайтесің?!

## КЕТИК

Тіс жөндеу үшін кезекте тұрғанмын. Ойда жоқта досым кездесе кетті.

-Ау, тісің ауырганин сау ма? – деді таңданған сыңай білдіріп. Таңданса, таңданғандай, өмірі тісім ауырды деген жан емеспін.

-Жо-жоқ. Тісімнің әншіейін кетігі бар еді.

-Алтын салғызыатын шығарсың?

-Қайдағы алтын, әйтеуір тісімнің кетігін бітеп берсе болды. Корлығы өтті.

-Қақсай ма?

-Қақсамайды, басқа бір пәлесі болып тұрғаны.

-Ол не пәле?

-Сұрама. Анада мені Бәкен шақырып алды. Бардым. «Отыр», деді. Отырдым.

-Осы сен, бала... тісінің кетігі бар екен, - деді, түкті қара саусақтарымен жылтыр столды шерткілеп. Түсінсем бүйірмасын, тісімнің кетігін шүқып отыра беріппін. Бір ауық уақыттан кейін Бәкен кезін алартып, сөйлем кетті:

-Анада жұмысқа жарым күн кешігіп қалып... Соны біреу бастығымызға сыйырлап қойыпты. Бала, тісіңің кетігі бар, сенен басқа тірі пенде көрген де, білген де жоқ.

-Бәкен, жо-жоқ. Ондайым болған емес. Сосын сіздің бөлімде істеп жүріп, оны бастыққа қалай айтам?

Әйтеуір не керек, қанша bezek қақсам да Бәкенді иландыра алмадым.

Тағы бірде ұзын залды бойлап келе жатыр едім, Тәкен кездесе кетті.

-Әй, кім... тоқташи.

Тоқтадым. Сосын жеңімнен ұстап алып, оңашаға шақырды. Бардым.

-Әй, кім... тісіңің кетігі бар екен фой?

-Рас, Төке. Анау бір жылы шөлмек ашам деп кетіп алыш едім.

-Онда шаруам жоқ. Қосымша ақы жазып жүргенімді біреу бастыққа жеткізіп қойыпты. Тісінің кетігі бар, сенен басқа еш пенде білген емес. Соны сен...

-Ә-Ә, ағатай, ондайға әуестігім жоқ, - деп тағы да безек қақтым.

-Әй, кім... Жалтарма. - деп Төкең аяқ астынан ұрыс шығарды. Міне, тістің осындағы гәбі бар.

Әңгімемен түрғанда кезегім де келіп қалыпты. Кетік тісімді бікетіп шығайын. Сосын, енді кім айттар екен, тісінің кетігі бар деп.

## КЕРЕК АДАМ

Ауылдан қалаға кешіп келген бетіміз. Мен бір шағындау мемеге кіші-гірім бастықтау болып орналстым да, келіншегім дәрігерлік ақ халатты киіп алды. Сөйтіп желіміз онымнан соғып, әлде кімдерге керектеу адам болып шаға келдік.

Қалада бұрын-соңды тұрып жатқан ағайын-туыс, жолдаш-жора дегендер кезектесіп қонаққа шақырып, ерулік беріп жатқан кез. Бірде түскі үзіліске келген бетім еді. Келіншегім алдымнан шығып:

-Бытбыттың үйі бүгін кешкіге шақырып кетті, - деген тілдей хабарды алдыма жайып салды.

-Бытбыттың кім еді? - деймін туыстығын есіме түсіре алмай.

-Білесің, баяғыда біздің үйлену тойымызда болған ше? - дейді келіншегім.

-Е, әлгі, иә, мас болып, түшкіріп... шалқасынан түскен.. Айтпақшы соның шын аты қалай еді. Мынау «өзі бытылдан жүріп пәле» деп жолдастарының қойған аты ғой, - деймін Бытбыттың қылықтарын еске түсіріп бір күліп алғасын. Мұнымды келіншегім намыс көрді ме, аяқстынан түсін өзгертіп:

-Кім болса да қайын жүрттың, әрі машина маңында жұмыс істейді, келіншегі болса, нардай сауда қызметкері. Ертең машина алсақ, керек адамдар, барамыз - деді. Келіншек айтты - бітті, бармай көр, көзің көгерсін.

Кешкісін жұмыстан сағат жарым сырғып шығып, ұлымызды көрші үйге ақысымен қалдырыдық та, Бытбыттың үйине жиналдық. Есікті Бытбыттың өзі ашып қарсы алды. Сол бетімен бізді залғы жұмсақ креслоға қондырды да: - көптен көрмедік қой,

күйеу бала, бүгін бір өзінді оңаша шақырып, - деп әңгімені әріден бастап, біраз амандық-саулық сұрады. Оған айтқан саулығымызды ас үйден кештеу шыққан келіншегіне де қайталап айттық. Сосын екеуі өлде нені іздеуге екі бөлмеге кіріп кетті. Залда оңаша қалған біз үй ішіндегі сығылысқан жиһаз-мұлікті көзбен түрткілеп отырмыз. «Бытбытың расында да пәле екен» деймін ішімнен.

Әлден уақытта ас үйден келіншегінің даусы естілді:

-Бәштай, дүкеннен нан алып келе қойши, - деп, әйнектен тысқа айғайлап жатыр екен. Әлгі дыбысқа елең еткен Бытбыт қасымызға келіп жайғасты да:

-Иә, қалаға көшіп келіп жатырсың, дұрыс болған. Орналасқан мекемен қандай? – деді.

-Қандай болушы еді, шағын мекеме, - дедім.

-О, не дегенің, шағын мекемелердің ішінде де мығым мекемелер бар. Бірдене сүрай барсаң көмейі бүлкілдейді. Бастығы туыс болса өйтер ме еді... Әйтеуір өзінді қызметке орналасты дегенде қуанып қалдық. Айтпақшы, бастық дегендерден кімдер бар? – деді Бытбыт кеңкілдей күліп.

-Кімдер болушы еді, нән баstryғымыз бар, нән. баstryғымыздың зам баstryғы бар. Мен сол зам баstryқтың көмекшісімін, - дедім.

-Сенің қарамағында кімдер бар? – деді Бытбыт.

-Мениң қарамағымда ешкім жоқ, - дедім.

-Сонда қалай бір мекемеде үшеуің-ақ па? – деді Бытбыт сұрақты одан өрі төкпелеп.

-Иә, үшеуміз-ақ. Оргамызда шекілдеуік шегіп отыратын секретарь қызымыз бар. Төртеуміз жабылып шаруашылықтардан жұн-жұрқа, темір-терсек жинаудың жоспарын тексереміз, - дедім. Бытбыт одан өрі ләм деп аузын ашқан жоқ. Жобасы керек адамы мен болмай шықтым білем.

Ас үйден шыққан дыбысқа тағы елең ете түстік.

--Бәштай, андағы нанды баладан беріп жібер де, кірді жинап алши, жел үшірып кетер, - деп қайынбикем тысқа тағы айғайлап жатыр екен.

-Бәштайларыңыз үлкен қыздарыңыз болар? Жұмсауга жарап қалғаны, жасы нешеде еді? – дедім.

-Бәштайымыз биыл алпыстың алтауына қарайды, шешеміз гой. Әйтеуір денсаулықтың арқасында немересін есік алдына ойнатып, қайын-бикене көмектесіп тұрады, - деді Бытбыт.

Үйге беттеп келеміз.

-Тұскір, не деген бақытты еді, кемпірлері бар. Біздің де бір кемпіріміз болса ғой шіркін, - деп күрсініп қояды келіншегім.

## АҚЫЛДЫҢ КЕҢІ

Темекіні Телпендей шеге алмайсың. Телпендер темекі шеккенде кабинеттің ішін кек тұтінге көміп жібереді. Қашан барсаң ерініне сары құйрық сигаретті қысып алып, будақ-будақ тұтінді дедліген танауынан бұрқыратып отырғанын көресін.

-Мына тартысыңмен өкпе-бауырынды қақталған балықтай сүрлеп аласың ғой, - дегендерге:

-Інілерге ақыл айтамын деп қалжырап жүргесін... - немесе, - басыма бір қалың ой келіп, шабыттанып түрғасын... - дей салатын.

Айтпақшы, ақылды да телпендей айта алмайсың. Телпен ақыл айтқанда аяқ астынан адам қылып жібереді. Адам боламын десең – Телпенің ақылын тыңда.

-Мына, біз сияқты ағаларыңың көңілін қалдырма, жұмсағанына бара сал, бірдемені сыйлай сал, колективке сіздің боласың, жұғымды боласың, - деген аталы сөздері не керек, пайдасын тигізіп жатады.

Осы мекемеге алғаш келгенімде ақыл айтып, алдыннан шырақ жағып шыққан жанашыр ағалардың бірі осы Телпен еді. Сонын да Телпенің көңілім жылы көріп, аға тұтып жүретінім. Бүгін де сол Телпенің азын-аулақ ақыл сұрап қайтайыншы деген ниеттеп кабинетіне кірдім. Сол баяғы әдетінше темекісін шегіп, кек тұтіннің ішінде бұлдырап жалғыз отыр екен.

-Ой, балақай, көптен бері қаранды көрсетпей, жоғалып кеттің ғой, - деп құшақ жая қарсы алды. Біз сияқты жомарт «інілерін» сағынып қалса керек, ес жоқ.

-Жұмысбасты болып, сөлем беруге қол тимей жүргені.

-Е, оқасы жоқ, анда-санда ағаларынды ұмытпай, сөлем беріп сыйлай салсандар дәненелерің кетпейді дегенім ғой. Айтпақшы осы жаңа жұмысбасты болып жүрмін дедің бе, о не қылған шаруа? Мүмкін ақыл айтып, қол ұшын берерміз.

-Үйленгелі жүрмін, - дедім Телпенің сырымды жасырмай.

-Е, бұл бір үлкен шаруа болды. Ерек болған соң еріксіз басқа түстегі күн. Өзіміз де үйленерде үйқы көрмей қалжырап-қажығанбыз.

Телпен тағы темекісін тұтатып, енді ақыл айтуға кірісті.

-Ал, адам болғың келсе ақылымды тында. Үйлену оңай да, үй болу қыын. Үңдис қирап, шыны сынбасын десен бар билікті осы бастан қолыңа ал. Оның үстіне қазіргі әйел халқы ерке болып кетті ғой. Әу бастан-ақ сол еркелігіне көнсөн, желкене шегірткедей шырылдан мініп алады. Мойныңа майлыш сөмкө іліп, дүкенге жүгіртеді. Нан, сұт тасытады. Сосын бара-бара өзі жатып, «үйді сыйыра салшы», «қыдысты жуа салшы» – деп на-зданады. Құйтырқы халық қой, сол наздануымен дымынды құртып, түбіне жетеді. Ол былай тұрсын, ертең, кішкентайлы болғанда көресің, көкебайдың көкесін. Әйелі қыдырып, бала күтіп отырған еркектерді көріп жүрміз ғой талай. Ол ол ма, еден жуып, әйел алдында елпендең еркектер де бар ғой арамызда. Мына ағаң үйленген күні-ақ женгене ырық бермеді. «Үй жұмысын сен, дала жұмысын мен» деп шаруаны қақ бөліп алдық. Содан бері женгей қынқ етіп аузын ашпайды. Айтпақшы тағы айттар ақылым, ұялмай ат басын тірейтін жердің қызын ал. Епті жігіт есті елдің қызын іздейтінді әдетке айналдырды ғой қазір. Бар жердің қызын алсаң аузың майдан босамайды. Мына ағаң сейткен. Әлі қайын жүрттყың қаймағын жеп, мәз болып жүрміз. Айтпақшы, келін бала қайдан, кімнің қызы?

-Мәрика. Қазакша Мәрмәр ғой, - дедім.

-Е, ондай-ондай болады. Біз де өлгі үйдегі қызды Мәрикаждан деп еркелетіп жібердік. Оның да шын аты Мәрмәр болатын... Тоқта, фамилиясы қалай дедің келіннің?

-Бектүрғанова Мәрмәр ғой.

-Өй, ит, ол менің қызыым ғой! Бәсе, бір жігітпен сөзі бар деп қынқылдан жүр еді шешесі. Есімнен шығып кеткенін қарашы, қара басын!

Телпен темекісін тұтатып, қалың ойға шомылған күйі үнсіз қалды. Сірә, ақылы таусылған жері осы болуы керек...



### **Қойшыбай ШӘНИЕВ**

1951 жылы Шал ақын ауданы Жаңаталап ауылында туған. Осы аудандағы М.Ахметбеков атындағы орта мектеп түлегі.

Алғашқы жырлары 1968 жылы облыстық газетте жарияланған.

Негізінен сатира жанрында жазады. Соңғы жылдары өлеңдері республикалық баспасөз беттерінен де орын алғып жүр.

## **ЕШҚАНДАЙ ІС ТЫНБАДЫ**

Арашалайық – Аралды,-  
деген бастама таралды.  
Алқалы жиын алдында,  
Бірнеше мәрте қаралды.  
...Үкіметтен көмек сұрайық,  
Қара ертісті бұрайық,  
деген талай қаулылар  
жазылса оған кім айып?!

...Президентке жазайық,  
Ұзын канал қазайық,  
Әйтпегенде Аралдың-  
Су жатыр азайып...  
Міне осылай қырық жыл  
Талайлар қоғам құрып жүр.  
Ешқандай іс тынбады...

\*\*\*

Нәтижесін де көреміз-  
Кемелерді құмдағы...

## **ҚОЛЫМА БӘРІ ТАЛАСТЫ**

Партиялар көбейіп,  
бәрі жүр бүгін ұрандалап.  
бағдарынан қаламыз  
Әр сарынды сыр аңдалап:  
«Отан» деген партия,  
Тек жарнасын жыйнап жүр  
Өзгеріс аз қоғамда,  
Осы жағы қинап жүр.  
«Аграрлық» партия,  
Осы деп өмір талабы.  
Арамшөппен шайқасып,  
Гүлге орамақ даланы.  
«Ауыл» жатыр қол жиып

Қағып шүғыл дабылды.  
Не тындырарын кім білсін.  
-«Көтерем» дейді ауылды.  
Кейбір таныс жігіттер  
Насихаттан «Алашты».

\*\*\*

Небары екі қолыма  
Көп партия таласты.

## МАЛ ҚАЛМАДЫ БАҒЫМДА

Тапшилық қысқан шағында  
Малды айырбаstadtы сабынға.  
Келесі жылы тағы ұнға...  
Ушінші жолы – сағымға...  
Осылай «бартерлеп» ақыры  
Мал қалмады бағымда.

## МАМАНДАР МЕН ШАМАНДАРҒА

Малдың бас мамандары!  
Дәрігер шамандары!  
мал басы құрып кетті-ay,  
Батады маған бәрі.  
Біртіндеп сауықтырдың.  
Мол сүтті сауып тұрдың.  
Қонды мал етке өткізіп,  
Көп пайда тауып тұрдың.  
Қай құдай ұрып кетті?  
Төл алу құрып кетті.  
Бүгін аз сауылған сүт  
Ол да ашып, іріп кетті.  
шындықты жаба алмайсың.  
Аз малды баға алмайсың  
кінәлі бір кісіні  
Іздесен таба алмайсың.

## **ЕҢБЕКАҚЫ БЕРУ**

Шықты дағы бір есті,  
Ішкіштермен күресті.  
Зан шығарып,  
Өте қатал талаппен.  
Екіншісі жоқ қып ақшаны,  
Ақшасыз халық қақсады.  
Еңбекақының құнын  
беріп жатыр арақпен.

## **КӨҢІЛ БӨЛСЕ ФОЙ ХАЛҚЫНА**

Парламенттегі депутаттарымыздың  
іштері пысты ма екен:  
Элде ойларына  
қызы-келіншек түсті ме екен?  
Көрнеу көзге «бүлінді»:  
Содан күн тәртібіне  
«Көп әйел алу мәселесі» ілінді.  
Жас тоқалдан дәмесі барлар  
Ұсынысты қолдап жұлдынды.  
Айтар болсам шынымды.  
Қалаулыларымыздың іс-әрекеттері  
Қоздырады менің жынымды.  
Теледидардан көрсетіп  
Жария етіп жалпыға,  
Мәселені көтеріп  
Салып жатты талқыға.

\*\*\*

Одан да тұрмысы тозған  
Көңіл бөлсейші халқына.

## **КІТАП ДУКЕНІНДЕГІ ОЙ**

Дүкен ішін арапал  
Қарап жүріп сөресін

Мұқабасы әдемі  
Кітаптарды көресің.  
Ішін ашып қарасаң  
Ылғи соғыс құтырған,  
Атыс, шабыс, өлтіру  
Оқиғалар шытырман.  
Тонап, зорлап жатқаны  
Кездескенді бауыздап.  
Тәрбиелік мәні жоқ  
Айтатұғын ауызға ап.  
Бірі үксас біріне  
Іші толған жын ойнақ,  
Міне осындаі кітапты  
Жазып жатыр күн, айлап.  
Қарақшыны батыр деп  
тіреп тұрган аспанын  
тасы өрге домалап  
жатыр кейбір баспаның.

## КӨБЕЙТІП ОТЫР ШЫҒЫНДЫ

...Сонғы уақытта біздің өуеажайымызда ұшақтар  
мен тікүшақтардың құлауы жиілеп кетті  
(Деректерден).

Кейбірде куып құнұзак  
Құлата алмаймыз шыбынды.  
Ұшақтар жерге «жалп» етіп,  
Көбейтіп отыр шығынды:  
Биіктеп бірі аспанға  
Қағады дабыл: «Кирады!»

Екіншісінің қонарда,  
Қалады шықпай «сирағы».  
Ұшқыштың жаны қысылар  
Істейтін амал таба алмай.  
Бортында жүздеп жолаушы  
Тоқсан мың кило жанаармай.  
Жолаущы болар ойымен  
Білмейді қайтсін елеңдеп,  
Жүргесін биік аспанда

Ойлайды «ұшып келем» деп.  
Зар илеп қызыл машина  
Ішінен алғып бар демін,  
Аэропорттың басында  
Бәрі де жедел жәрдемнің.

\*\*\*

Осындай тосын жағдайлар,  
Кеткен рас көбейіп.  
Болған соң дерек сынаймыз,  
Бекер неге сөгейік.

## «ҚАЙТА ҚҰРУ»

Білекті түріп,  
Белсеніп жүріп,  
Жоқ қылдық бәрін  
Тамырын қырып.  
Бір-екі жылда  
Бітті ғой құрып...

...Қате іске кештеу  
Мойныңды бұрып,  
Қазығын қағып  
Нығыздап ұрып,  
Жатырмыз енді  
Қайтадан құрып.

## КЕТУТЕ ЖАҚЫНБЫЗ ТҮЙЕ БОП

Ыбыраевта судың құбыры  
Оңбай қойды ғұмыры.  
Қысы-жазы жерді қазумен  
Шығатын болды «сіңірі».  
Тағы ақау тауыпты  
Судың жолын жауыпты.  
Тұрғындар үшін бұл шара

мәселе болды қауіпті.  
қақаған сары аязда  
Бұл елге не «жай» ықты  
Құбырды жөндең жатқалы  
ай ортасы ауытты:  
Халық ыдыс сүйретіп  
Көшे аралап өріп кетті.  
Осы жайды ауданнан кеп  
Су бастығы көріп кетті.  
жерді тесетін  
Мәселені шешетін  
Техникамыз қирап жатыр.  
бізді де  
Өз проблемамыз қинап жатыр,  
Білгіштеріміз бас қосып  
жер тескірді жинап жатыр,

Келесі жұманың басында  
Қараталдың қасында  
Құбырдың тесігін тығындеймыйз.  
Ол үшін  
біраз қаржы шығындеймыйз  
Осыны неге үғынбаймыйз?  
-Деп өзімізді сөгіп кетті.  
Судай сылдыр  
Уәдесін төгіп кетті...

\*\*\*

Айттар болсам айғақ,  
Сусыз отырмыз айлап.  
Бір шелек суға  
Екі мекеме ие бол  
Кетуге жақынбыз түйе бол.

## ИНВЕСТОРЛАР АЛДАП ЖҮР

Аяқ басқан жылымыз  
«Ауыл жылы» деп жатыр  
Елордадан осындай

жақсы хабар кеп жатыр  
Бұл хабардың артында  
Өзгерістен леп жатыр.  
Ал өзірге ауылды  
Инвестор алып жеп жатыр  
Ақиқаты керек-ті  
Келтіреін деректі:  
«Синегорье» - инвестор  
Болды ісі өнбес бір.  
Бір-ақ жылдың ішінде  
Сылтау айтып он бес түр.  
Астықты жинап алғасын  
қамбасына салғасын  
қашты ізін қалдырмай  
Банкрот соғып балғасын.  
Несіне оның күлейін  
Жүрттың алды үрейін  
Отырганда бас қатып  
«Қалай өмір сүрейін?»  
Аш бәрідей жаландап,  
Келді «Голдан грейн»  
Оның қандай екенін  
Қай ісінен білейін  
қадамына көз салып,  
Сезіне құлақ түрейін.  
-Келтіреміш орізді  
жарылқаймын берінді  
танымастай қыламын  
Тойдырамын қарынды.  
Жанашыр бол кеп тұрмын  
Естіген соң зарынды.  
«Әні» болды алғашқы,  
Міне осы сарынды.  
Тұсірді де торына  
Апарып жықты орына  
Еңбекақы тапқанның  
Тиген емес қолына.  
Биліктегі басшылар

Жұмсап оңы – солына.  
Екі миллион жоғалды  
Зейнетакы қоры да.  
Құмға сіңіп кеткендей  
Білінбейді жолы да.  
Алып жатқан өнімнің  
Жартысын жүр жасырып,  
Түн ішінде «КамАЗбен»  
Жібереді қашырып.  
Қайыр сұрап көшеде  
Жүрмесек те ашығып,  
Жеріміздің үлесі  
Желге үшты шашылып.  
Жегіштерге осындай  
Заңының тісі батпайды,  
«Крышасы» сенімді  
Тұрмеде де жатпайды.  
«Қарға шүқып қарғаны»  
Бірін-бірі сатпайды

\*\*\*

Міне осылай ауылда  
«жердің заңын» талдап жүр  
Ауылдарды әлі де  
Инвесторлар алдап жүр.

### **Манап ҮІСҚАҚОВА**

Манап Қабдөшқызы 1931 жылы туған. Мұғалім. «Қазақ ССР-нің оқу ағарту ісінің үздік қызметкері» құрметті атағының иегері. Жергілікті баспадан екі өлеңдер жинағы жарық көрген.

## ІНДРДЕ

Іңір түсіп, шам жағып  
Үршығын әжем қолға алып,  
Шертеді нелер ертегі  
Тыңдаймын үйіп, таңданып.  
Екі басты самұрық  
Қанатын қақса жел тұрып,  
Көлеңкелеп құн көзін,  
Жем іздейді жан үрып.  
тау кеміріп, жерді улап  
Ордалы жылан ысқырып,  
Ағаштар құлап, құс шулап,  
демін есіп ызғырық.  
Құс қонбас құзды мекендең,  
Таусоғар тауда тұрады.  
Қара тасты нанша илеп  
Тауды тауға үрады.  
жарысып жемен желаяқ  
Қолына үстап жестаяқ  
Құйын боп соғып, құм шашад -  
Алатын өші бардай-ак.  
Бәрінен өткен ақылды  
Кер құла атты Кендебай  
Игерген алыс, жақынды  
Адамдардың күштісі-ай.  
тапжылмай тыңдал әжемді,  
Ертегісін шын көрем  
Шарлаймын мен де әлемді  
Көңілде мініп көк дөнен.

## ҚАЗАҚ КІМ

Қазақ, қазақ болғалы өмірінде  
Ерке өскен сахараның дәл төрінде  
Мал бақсан кең пейілді дархан халық  
Қараған қарындастың көңіліне.

«Тамыр тартқан тарықпас» – деген қазақ  
Сондықтан мал бағуды демей азап,

Шаруаның қамы үшін көшіп қонып  
Еңбегімен күн еткен қысы жазы-ақ.

Көшуге де мал керек елмен еріп  
Малдыға малсыз қазак болып серік.  
Көштен қалып, аштықтан өлмесін деп  
Қамқор болған қолының үшін беріп.

Ойлаған ертегі кеш малдың қамын,  
Малдан тапқан бір үзім жейтін нанын,  
Өмір көзі тіршілік мала болып,  
Малым-жаным-жерім деп атты таңың.

Шебі шүйгін жер іздең көшіп қонған  
Ауыл маңы жарасып малға толған.  
Мал-жаны аман болса, «тәубе» деген  
Келсе де қажып-шаршап үзак жолдан.

Төрт аяғын түгенденеп амандықтың  
Бетін аулақ қылсын деп жамандықтың  
Аман ба малың-жаның ел – Отаның  
Деп қауқылдап қазақ қой қалатұғын.

Ертеден бұл амандық ата-салты.  
Мал мен жан боп келетін сөздің алды  
Өнерін егіншілік игермеген  
Мал мен жанмен күн көрген қазақ халқы.

Жылы тон, түлкі тымақ, саптама етік,  
Тері илеуге аналар болған жетік,  
Сырмақ сырыйп, ши тоқып, киіз басып  
Тұрмысын көшіп-қонға лайық етіп.

Сайрандаң кен далада қайтқан қазандай  
Мал соңында тынымсыз ала жаздай  
Шалғынды, айдын көлді, кек орайға  
Үй тігіп, көрші қонған жұбын жазбай

Келін түссе құратын масахана  
Жас келін жұз көрсетпей ата-анаға  
Әдел сақтап, төрге озбай инабатпен  
Иіліп сәлем беріп босагаға.

Талдан иіп сәбиге жасап бесік,  
Жөргек тігіп, жіліктен шүмек тесіп,  
Бебегіне жып-жылы ұя жасап  
Тоңбасын деп жүргенде ұдай көшіп...

Мал бағып көшіп-қонған қалың елім,  
Арқаның серік қылып самал желін  
Бұлт жамылып, бел шешпей, ай жастанып  
Төсек қып сахараның жасыл белін.

Адамдарды кең пейіл, жеріне сай  
Жомарт жүрек қайырымды, мінезге бай  
Сұрай-сұрай шығатын қарын бөле  
Ақ көніл, аңқылдаған қазағым-ай....

## ҚЫМЫЗ

Тәңірідей табынған жас кәріміз,  
Ұлтының мактанышы – сары қымыз.  
«Қымыз» демей «ас» деген қазақ оны  
Қасиетті киелі - ақ дәміміз.  
Дертке дауа, шөлдесең сусын болған,  
Оны аңсал бүрүлатын қазақ жолдан.  
Бие байлап, ашытып, күтіп баптап,  
Әйел ана жасаған өзі қолдан.

Ас ауыз ти, аттан тұс, мейман десе,  
Құрметіне қалмай ма көңілің есе.  
Ыстық исі бүркырап сары қымыз  
Ішінде кәрлен кесе мәлдіресе.

Қымыз көптің асы, - деп бабаларым  
«Бисмилла» деп ұстаған аналарым.  
«Алыңыз» деп ұсыну жолдасына.  
Қазақтың ата салты балаларым!

## ДӘМ

Кім жасайды құрт, майды, бал қаймақты  
Сары ірімшік, қоспаны балдан тәтті?  
Қайнатқан қаймағы бар тіл үйірген,  
Тек қазақ жасай білер бұл тамақты.

Қабартпа, жуқа нан мен сары бауырсақ,  
Қой сойып, басын салып тартып табақ.  
Күйеуге тес, жастарға жілік, шұжық,  
Мүшелей тарта алады біздің қазак.

Жал-жая, жамбас, жауырын, қазы-қарта,  
Жететін жылқы етіне тағам бар ма?  
Сен кімсің – деп жатпай-ақ ас қамдайтын  
Мырзалық бар тек қана қазақтарда.

Аналар көнек ұстап бие сауған,  
Сары қымыз аштып саумалынан.  
Тұтін сап, торсық, саба, күбі ыстаған,  
Өнер бар ма артылған қазақтардан.

Жақсы асын сақтайтуғын қонақтарға  
(қашан келер, кім келер, – болжам бар-ма?)  
Ақ дәмін, ақ ниетпен жайып салған  
Уа, шіркін, кім жетеді қазақтарға!

Мінекей сондай жомарт сенің халқың,  
Ешқашан ұмытпаған ата салтын.  
Жас үрпак, ойлап өзің біл тарихты  
Казақ бол қал, қадірле қазақ халқын.

## ДАСТАРХАН

Жайылған ақ ниетпен ақ дастархан,  
Кір шалмаған өтсе де нелер заман,  
Ақ дәмін даяр еткен мейманына,  
Қазағым қонақ жайлы, көңлі дархан.

Салтанатпен жайылған дастарханы.  
Үстінде майға піскен сары наны.  
Сары май, құрт пен қоспа, сары ірімшік  
Келтірер көңіл сәнін адал дәмі.

Досына, қасына да жайып салған,  
Қонақты құшақ жая қабыл алған.  
Ата-баба ақ жолың жалғастырған,  
Мол болсын, жыйылмасын ақ дастархан.

## МАЗМУНЫ

Алғысөз .....	4
Амантай Арықбаев .....	5-24
Әскер Әбілқайыров .....	25-31
Қабдір-Рәшид Әбішұлы .....	32-42
Зейнолла Әкімжанов .....	43-52
Асыл Әкімжанова .....	53-55
Кемилә Әлібаева .....	56-60
Нұрлан Әлібаев .....	61-63
Гүлсім Әубекірова .....	64-72
Куаныш Бабағұлов .....	73-80
Дәстен Баймұқанов .....	81-84
Сергей Баймұхамедов .....	85-101
Степан Бақтыбаев .....	102-104
Ниязбек Бекмурзин .....	105-106
Қабай Бердібек .....	107-109
Әмір Есқали .....	110-113
Индира Жылқайдарова .....	114-115
Тоқтар Зікірин .....	116-123
Гүлдәурен Киізбаева .....	124-125
Мұталап Қанғожин .....	126-133
Ожан Қали .....	134-141
Теміргали Қажымұратов .....	142-149
Болат Қожахметов .....	150-167
Бауыржан Қарағызыұлы .....	168-171

КР Таттың Академияның мемориалы  
Нағылдаудың мемориалдық библиотека РК

210030159003

Шашубай Малдыбаев .....	172-176
Мәлік Мұқанов .....	177-193
Мұрат Нұрмұқанов .....	194-197
Құрмет Нұрдыбек .....	198-199
Қосыл Омаров .....	200-201
Марал Оспанова .....	202-206
Жанар Рамазанова .....	207-215
Құрман Рамазанов .....	216-225
Сағадат Рахатов .....	226-233
Болат Сағындықов .....	234-238
Асқат Сағындықов .....	239-242
Жақсыбай Самрат .....	243-253
Зарқын Тайшыбай .....	254-259
Сапура қажы Тәшен келіні .....	260-262
Нұрикамал Уәлиева .....	263-264
Жоламан Шаханов .....	265-277
Қойшыбай Шәниев .....	278-286
Манап Ысқақова .....	287-291

# **Кызылжардан ескен леп**

*(Солтүстік Қазақстан облысы  
қаламгерлерінің жинағы)*

**Бас редактор - Болат Қожахметов**

**Редакторы - Жақсыбай Самрат**

**Терушілер: Амантай Арықбаев, Бибігүл Құлымова**

Теруге 1.06.2003 ж. жіберілді. Басуға 18.06.2003 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 4/16, қағазы оффсет. Қаріп түрі "Таймс".

"RISO" аппаратында басылған. Шартты баспа табағы 8,6.

Таралымы 500 дана.

**Бағасы келісілген.**

Петропавл қаласы, Мир қөшесі 69 үй.



Дизайн обложки и переплет  
ТОО "Дизайн ПРЕСС"  
г.Петропавловск  
ул.Ж.Жабаева, 1  
т.ел.: (3152) 34 41 87  
факс: (3152) 34 44 30